



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ**

**ВЕРХОВНЫЙ СУД  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ОБСЕ**

**ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ  
АСТАНАДАҒЫ ОРТАЛЫҒЫ**

**ОРГАНИЗАЦИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ  
И СОТРУДНИЧЕСТВУ В ЕВРОПЕ  
ЦЕНТР ОБСЕ В АСТАНЕ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТТАРЫНЫҢ  
ОРХУС КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУЫ  
ЖӨНІНДЕГІ ОҚУ-ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**УЧЕБНО-ПРАКТИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ  
ПО ПРИМЕНЕНИЮ СУДАМИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПОЛОЖЕНИЙ ОРХУССКОЙ КОНВЕНЦИИ**

**АСТАНА  
2008**

**Авторлық ұжым:**

**Борисов В.М.,**

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы  
(1.3, 2.2, 3.2, 4.3, 4.6-бөлімдерінің,  
8-қосымшаның авторы)

**Ни В.П.,**

ЕҚЫҰ Орталығының сарапшысы  
(кіріспенің, 1-тараудың, 2.1, 3.1, 4.1,  
4.2, 4.4-бөлімдерінің, 1, 2, 4, 5-  
қосымшалардың авторы)

**Сүлейменова Ұ.А.,**

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы, з.ғ.к.  
(4.4-бөліміне кіріспенің, 4.5-бөлімінің,  
7-қосымшаның авторы)

**Рецензент:**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, з.ғ.д. **Қ.Ә.Мәми**

**Қазақстан Республикасының соттары Орхус Конвенциясының ережелерін қолдануы жөніндегі оқу-практикалық құралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Сот төрелігі институтының Ғылыми Кеңесінің 2008 жылғы 15 қыркүйектегі № 1 хаттамасымен судьялар мен сот қызметкерлеріне арналған оқу-практикалық құрал ретінде ұсынылған.

Бұл оқу-практикалық құрал заңнамаларға талдау жасау, сот тәжірибесін жинақтау, ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және Орхус Конвенциясы ережелерінің шегінде қоршаған ортаға, зиянды өтеуге қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу құқықтарының бұзылуына байланысты істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының қызметіне жүргізілген мониторингтің негізінде әзірленді.

Оқу құралында пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін Орхус Конвенциясының әрбір жекелеген элементтеріне, талаптардың мазмұны бойынша ерекшеленетін сот істерінің түрлеріне арнайы тарау арналған. Мұнда материалдық және іс жүргізу құқықтарының нормалары, тиісті істерді қарау тәртібінің ерекшеліктері келтірілген.

Аталған құрал жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтарын негізге алып, экологиялық құқық мәселелері бойынша біліктілікті арттыру тәртібімен судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлерін оқытуға арналған.

Оқу құралындағы материалдар азаматтардың денсаулығы мен өмірі үшін қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке белсенді субъектілердің кең ауқымы қызығушылығын тудыруы мүмкін.

# МАЗМҰНЫ

<b>МАЗМҰНЫ</b> .....	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>10</b>
<b>1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b> .....	<b>13</b>
<b>1.1. Жұртшылықтың экологиялық құқықтары</b> .....	<b>13</b>
1.1.1 Өмірге және денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқық.....	13
1.1.2 Жұртшылықтың экологиялық рәсімдік (іс жүргізу) құқықтары.....	15
1.1.3 Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экологиялық құқықтың субъектілері.....	17
1 Кесте: Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экологиялық құқық субъектілері.....	17
<b>1.2. Жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуі жөніндегі Орхус Конвенциясының талаптары</b> .....	<b>18</b>
2 кесте: Орхус Конвенциясының 9-бабының талаптары.....	19
1.2.1 Ақпаратқа қол жеткізілмегендігі туралы жұртшылықтың арыздарын (шағымдарын) қарауға қойылатын талаптар.....	19
1.2.2 Жұртшылықтың қатысуы жөніндегі талаптардың орындалмауы жөніндегі арыздарды (шағымдарды) қарауға байланысты Орхус Конвенциясының талаптары.....	20
1.2.3 Экологиялық заңнамаларды бұзатын мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану туралы арыздарды қарауға қойылатын талаптар.....	21
1.2.4 Құқықтық қорғалу құралдарына, қарау рәсімдеріне және олардың қаралу нәтижелері бойынша шығарылған шешімдерге қойылатын талаптар.....	22
1.2.5 Жұртшылықты сот төрелігіне қол жеткізуі жөнінде хабардар ету туралы және көмек көрсетудің тиісті тетіктерін жасау жөніндегі талаптар.....	22
<b>1.3. Жұртшылықтың экологиялық құқықтарын сот тәртібімен іске асыру</b> .....	<b>23</b>
<b>II. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫ</b> .....	<b>27</b>
<b>2.1. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын реттейтін негізгі материалдық-құқықтық нормалар</b> .....	<b>27</b>
2.1.1 Экологиялық ақпарат ұғымы.....	27
2.1.2 Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығының субъектілері.....	28
2.1.3 Экологиялық ақпаратты беруге міндетті субъектілер.....	28
2.1.4 Ақпараттық сауалды ресімдеуге қойылатын заңнама талаптары.....	29
2.1.5 Экологиялық ақпаратқа сауалдарды қарау мерзімдері.....	30
2.1.6 Ақпараттық сауалға жауапты ресімдеуге қойылатын талаптар.....	30
2.1.7 Экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту негіздері мен мерзімдері.....	31
2.1.8 Бас тартуды ресімдеуге қойылатын талаптар.....	31
2.1.9 Экологиялық ақпаратқа төлемақы.....	32
<b>2.2. Жұртшылыққа экологиялық ақпараттың берілуіне байланысты шағым жасаудың іс жүргізу аспектілері мен сот практикасы</b> .....	<b>32</b>

**III. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОБАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҚТАРЫ ..... 44**

<b>3.1. Шешімдер қабылдаған кезде жұртшылықтың қатысуын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар және оның тәртібі.....</b>	<b>44</b>
3.1.1. Экологиялық аспектілер бойынша қоғамдық пікірді міндетті түрде есепке алуды көздейтін шешімдерді қабылдау рәсімдері.....	44
3.1.2. Шешімдер қабылдауға қатысу құқығының субъектілері.....	46
3.1.3. Қоғамдық пікірді есепке алуды жүзеге асыруға міндетті субъектілер.....	47
3.1.4. Қоғамдық пікірді есепке алуды талап ететін жоспарланып отырған объектілер түрлері.....	48
3.1.5. Қоғамдық қатысу жөніндегі талаптар жүйесі.....	48
3.1.6. Қоғамдық пікірді есепке алудың ұйымдастырушылық нысандары.....	49
3.1.7. Қоғамдық қатысудың мерзімдері.....	50
<b>3.2. Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтер бойынша шешімдердің қабылдануына жұртшылықтың қатысу құқықтарының бұзылуына байланысты іс жүргізу аспектілері мен сот практикасы.....</b>	<b>51</b>

**IV. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ, ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ..... 54**

<b>4.1. Кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің күшін жоюды талап ету құқығы.....</b>	<b>54</b>
4.1.1. Объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру жөніндегі шешімдерге жұртшылық өкілдерінің шағым келтіруі.....	55
4.1.2. Кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдерге шағымдану құқығының мемлекеттік емес субъектілері.....	57
4.1.3. Объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру жөніндегі шешімдерді қабылдау тәртібі және оның субъектілері.....	57
<b>4.2. Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу мен тоқтатуды талап ету құқығы.....</b>	<b>59</b>
4.2.1. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру немесе тоқтатуды талап ету құқығы берілген мемлекеттік емес субъектілер.....	59
4.2.2. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі талап ету құқығын іске асыру тәсілдері.....	60
4.2.3. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздер.....	61
4.2.4. Шаруашылық және өзге де қызметті тоқтата тұру мерзімдері.....	62
<b>4.3. Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі азаматтар мен қоғамдық экологиялық бірлестіктердің талап арыздары бойынша іс жүргізу аспектілері мен сот тәжірибесі.....</b>	<b>63</b>
<b>4.4. Экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы жеке тұлғалардың сотқа талап-арыз беру құқығы.....</b>	<b>66</b>
4.4.1. Жұртшылық өкілдері экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның өтелуі туралы арызды беруді көздейтін заңдар.....	67

4.4.2. Жұртшылық өкілдерінің экологиялық зиянды өтету жөніндегі талаптарының нысанасы .....	69
4.4.3. Экологиялық зиянды өтету құқығының мемлекеттік емес субъектілері.....	69
4.4.4. Экологиялық зиянды өтетуге жауапты субъектілер.....	70
<b>4.5. Зиянды өтету жөніндегі істерді қараудың кейбір іс жүргізу аспектілері.....</b>	<b>70</b>
4.5.1. Талап қою, азаматтық істі қозғау.....	75
4.5.2. Істі сотта қарауға әзірлеу.....	78
<b>4.6. Экологиялық заңнамалардың бұзылуы салдарынан денсаулыққа, мүлікке келтірілген зиянды және моральдық зиянды өтеу туралы талаптар бойынша сот практикасы .....</b>	<b>79</b>

**V. САҚТАЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ХАБАРЛАМАЛАРЫН ҚАРАУЫ .....** **83**

5.1. Қарауға жол берілетіндігін алдын ала шешу сатысы.....	84
5.2. Хабарламаны тараптардың қатысуымен қарау сатысы.....	85
5.3. Конвенцияның сақталмауы мәселелері бойынша шешімдер қабылдау және оларды жою жөніндегі шаралар қабылдау.....	85

**ҚОСЫМША .....** **88**

<b>1-Қосымша. Экологиялық ақпарат көздері .....</b>	<b>88</b>
1-кесте: Экологиялық ақпарат көздерінің түрлері және оларға мысалдар.....	88
2-кесте: Мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдар арасында экологиялық ақпаратты бөлу .....	91
3-кесте: Халыққа жариялы қызмет көрсететін және мемлекеттік органдардың функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың мысалдары.....	95
<b>2-Қосымша. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратты алуға арналған сауалдары.....</b>	<b>96</b>
4-кесте: Экологиялық ақпаратқа арналған сауалдардың қаралу мерзімдері.....	96
5-кесте: Экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту үшін негіздер .....	97
<b>3-Қосымша. Жұртшылыққа шешімдер қабылдауға қатысу құқығын беретін шаруашылық қызметтің түрлері.....</b>	<b>99</b>
<b>4-Қосымша. Өндірістік объектілерді жобалау және орналастыру .....</b>	<b>104</b>
6-кесте: Қорғалу, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарына мысалдар.....	104
7-кесте: Өндірістік объектілерді жобалау жөніндегі нормативтік құжаттар.....	105
<b>5-Қосымша. Экологиялық рұқсаттар мен арнайы табиғат пайдалануға арналған рұқсаттарды шектеу, тоқтата тұру және тоқтату.....</b>	<b>106</b>
8-кесте: Рұқсаттардың қолданылуын шектеу, тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздер .....	106
<b>6-Қосымша. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлері.....</b>	<b>109</b>
<b>7-Қосымша. Дербес жұмысқа немесе семинарлар өткізуге арналған практикалық тапсырмалар.....</b>	<b>112</b>
<b>8-Қосымша. Экологиялық, азаматтық іс жүргізу заңнамалары және қоғамдық бірлестіктері туралы заңнама бойынша сұрақтар мен жауаптар.....</b>	<b>120</b>

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....** **156**

<b>ВВЕДЕНИЕ .....</b>	<b>160</b>
<b>I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ .....</b>	<b>162</b>
<b>1.1 Экологические права общественности.....</b>	<b>162</b>
1.1.1. Право на благоприятную для жизни и здоровья окружающую среду .....	162
1.1.2. Экологические процедурные (процессуальные) права общественности .....	164
1.1.3. Субъекты экологических прав в соответствии с законами Республики Казахстан .....	166
<b>1.2. Требования Орхусской Конвенции по доступу общественности к правосудию.....</b>	<b>167</b>
1.2.1. Требования в отношении рассмотрения заявлений (жалоб) общественности о непредоставлении доступа к информации.....	168
1.2.2. Требования Орхусской Конвенции в отношении рассмотрения заявлений (жалоб), касающихся невыполнения требований по общественному участию.....	169
1.2.3. Требования в отношении рассмотрения заявлений об обжаловании действий или бездействия государственных органов и частных лиц, нарушающих экологическое законодательство .....	170
1.2.4. Требования к средствам правовой защиты, процедурам рассмотрения и решениям, выносимым по их результатам .....	170
<b>1.3. Реализация экологических прав общественности в судебном порядке .....</b>	<b>172</b>
<b>II. ПРАВО ОБЩЕСТВЕННОСТИ НА ДОСТУП К ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ ...</b>	<b>176</b>
<b>2.1. Основные материально-правовые нормы, регулирующие право общественности на доступ к экологической информации .....</b>	<b>176</b>
2.1.1. Понятие экологической информации.....	176
2.1.2. Субъекты права на доступ к экологической информации.....	177
2.1.3. Субъекты, обязанные предоставлять доступ к экологической информации .....	177
2.1.4. Требования законодательства к оформлению информационного запроса.....	178
2.1.5. Сроки рассмотрения запросов на экологическую информацию .....	179
2.1.6. Требования к оформлению ответа на информационный запрос.....	179
2.1.7. Основания и срок для отказа в предоставлении экологической информации.....	180
2.1.8. Требования к оформлению отказа .....	180
2.1.9. Плата за экологическую информацию .....	181
<b>2.2. Процессуальные аспекты и судебная практика обжалования непредоставления общественности доступа к экологической информации .....</b>	<b>181</b>
<b>III. ПРАВА ОБЩЕСТВЕННОСТИ НА УЧАСТИЕ В ПРИНЯТИИ РЕШЕНИЙ ПО ПРОЕКТАМ ХОЗЯЙСТВЕННОЙ И ИНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С ВОЗДЕЙСТВИЕМ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ.....</b>	<b>192</b>
<b>3.1. Порядок и основные требования к организации общественного участия при принятии решений .....</b>	<b>192</b>
3.1.1. Процедуры принятия решений, предусматривающие обязательный учет общественного мнения по экологическим аспектам.....	192
3.1.2. Субъекты права на участие в принятии решений.....	194
3.1.3. Субъекты, обязанные осуществлять учет общественного мнения.....	195

3.1.4. Виды планируемых объектов, по которым требуется проводить учет общественного мнения .....	195
3.1.5. Система требований по общественному участию.....	196
3.1.6. Организационные формы учета общественного мнения.....	197
3.1.7. Сроки общественного участия .....	197
<b>3.2. Процессуальные аспекты и судебная практика, связанная с нарушениями прав общественности на участие в принятии решений по планируемой хозяйственной и иной деятельности.....</b>	<b>198</b>

***IV. ПРАВА ОБЩЕСТВЕННОСТИ НА ТРЕБОВАНИЯ ОБ ОГРАНИЧЕНИИ, ПРИОСТАНОВЛЕНИИ И ПРЕКРАЩЕНИИ ХОЗЯЙСТВЕННОЙ И ИНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФИЗИЧЕСКИХ И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ, ОКАЗЫВАЮЩЕЙ ОТРИЦАТЕЛЬНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ И ЗДОРОВЬЕ ЧЕЛОВЕКА .....*** **201**

<b>4.1. Право требовать отмены решений о размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию предприятий, сооружений и иных экологически опасных объектов .....</b>	<b>201</b>
4.1.1. Объекты, решения о размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию которых могут быть обжалованы представителями общественности .....	202
4.1.2. Негосударственные субъекты права на обжалование решений о размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию предприятий и сооружений .....	203
4.1.3. Субъекты и порядок принятия решений о размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию объектов .....	204
<b>4.2. Право требовать ограничения, прекращения хозяйственной и иной деятельности физических и юридических лиц, оказывающих отрицательное воздействие на окружающую среду и здоровье человека</b>	<b>205</b>
4.2.1. Негосударственные субъекты, наделенные правом требовать ограничения, приостановления или прекращения хозяйственной и иной деятельности .....	205
4.2.2. Способы реализации права требования по ограничению, приостановлению и прекращению хозяйственной и иной деятельности .....	206
4.2.3. Основания для ограничения, приостановления и прекращения хозяйственной и иной деятельности .....	207
4.2.4. Сроки приостановления хозяйственной и иной деятельности.....	208
<b>4.3. Процессуальные аспекты и судебная практика по искам граждан и общественных экологических объединений об ограничении, приостановлении и прекращении хозяйственной и иной деятельности физических и юридических лиц, оказывающей отрицательное воздействие на окружающую среду .....</b>	<b>209</b>
<b>4.4. Право физических лиц предъявлять в суд иски о возмещении вреда, причиненного их здоровью и имуществу вследствие нарушения экологического законодательства .....</b>	<b>212</b>
4.4.1. Законы, предусматривающие право представителей общественности предъявлять иски о возмещении вреда, причиненного вследствие нарушения экологического законодательства .....	213
4.4.2. Предмет исковых требований представителей общественности по возмещению вреда.....	214
4.4.3. Негосударственные субъекты права на возмещение экологического вреда .....	215
4.4.4. Субъекты, ответственные за возмещение экологического вреда .....	215
<b>4.5. Некоторые процессуальные аспекты рассмотрения дел по возмещению вреда.....</b>	<b>216</b>
4.5.1. Предъявление иска, возбуждение гражданского дела .....	219
4.5.2. Подготовка дела к судебному разбирательству.....	222
<b>4.6. Судебная практика по искам о возмещении вреда, причиненного здоровью, имуществу и морального вреда вследствие нарушения экологического законодательства .....</b>	<b>223</b>



<b>V. РАССМОТРЕНИЕ СООБЩЕНИЙ ОБЩЕСТВЕННОСТИ О НЕСОБЛЮДЕНИИ КОМИТЕТОМ ПО СОБЛЮДЕНИЮ .....</b>	<b>227</b>
5.1. Стадия предварительного решения о допустимости к рассмотрению.....	228
5.2. Стадия рассмотрения сообщения с участием сторон.....	229
5.3. Принятие решений по вопросам несоблюдения Конвенции и применение мер по их устранению.....	229
<b>ПРИЛОЖЕНИЯ .....</b>	<b>231</b>
<b>Приложение 1. Источники экологической информации.....</b>	<b>231</b>
<i>Таблица 1.</i> Виды и примеры источников экологической информации.....	231
Таблица 2. Распределение экологической информации между государственными органами и подведомственными им организациями.....	234
<i>Таблица 3.</i> Примеры организаций, осуществляющих функции государственных органов и предоставляющих публичные услуги населению .....	238
<b>Приложение 2. Запросы общественности на получение экологической информации.....</b>	<b>239</b>
<i>Таблица 4.</i> Сроки рассмотрения запросов на экологическую информацию .....	239
<i>Таблица 5.</i> Основания для отказов в предоставлении экологической информации .....	240
<b>Приложение 3. Виды хозяйственной деятельности, предусматривающие право общественности на участие в     принятии решений.....</b>	<b>242</b>
<b>Приложение 4. Размещение и проектирование производственных объектов.....</b>	<b>248</b>
<i>Таблица 6.</i> Примеры охранных, санитарно-защитных и иные защитных зон .....	248
<i>Таблица 7.</i> Нормативные документы по проектированию производственных объектов .....	248
<b>Приложение 5. Ограничение, приостановление и прекращение действия экологических разрешений и     разрешений на специальное природопользование.....</b>	<b>250</b>
<i>Таблица 8.</i> Основания для ограничения, приостановления и прекращения действия разрешений.....	250
<b>Приложение 6. Экологические опасные виды хозяйственной и иной деятельности.....</b>	<b>254</b>
<b>Приложение 7. Практические задачи для самостоятельной работы либо проведения семинаров.....</b>	<b>257</b>
<b>Приложение 8. Вопросы и ответы по экологическому, гражданскому процессуальному законодательству и     законодательству об общественных объединениях.....</b>	<b>264</b>
<b>ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА .....</b>	<b>294</b>

## ***КІРІСПЕ***

2000 жылы 23 қазанда Қазақстан Республикасы Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны (бұдан әрі – Орхус Конвенциясы немесе Конвенция)<sup>1</sup> ратификациялады. Жұртшылықтың қоршаған орта мәселелері бойынша сот әділдігіне қол жеткізу мәселесі - Конвенцияның негізгі үш элементінің бірі, яғни Орхус Конвенциясы мен ұлттық экологиялық заңнама ережелерін бұзу орын алғанда жеке тұлғалардың, қоғамдық және өзге де мемлекеттік органдардың сот тәртібімен немесе басқа да жолмен шағымдану мүмкіндігіне қол жеткізуі. Аталған элемент азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етумен қатар қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық құқық пен ұлттық заңнаманың сақталуына бақылау жасаудың қазіргі жүйесін дамытуға негіз болады. Мұны жүзеге асыруда уәкілеттік мемлекеттік органдармен қатар, жұртшылық та белсенді түрде қатысады.

Орхус Конвенциясына, Экологиялық кодекс және Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес, жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуі:

- экологиялық ақпаратқа қоғамдық қол жеткізу құқықтарының бұзылуына;
- шаруашылық қызмет жобаларының экологиялық аспектілері бойынша шешімдер қабылдағанда, жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етудің белгіленген тәртібін сақтамауға;
- кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы заңсыз қабылданған шешімнің бұзылуына;
- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдануға;
- экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды сот тәртібімен өтетуге;
- заңды және жеке тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс ықпал жасайтын шаруашылық және өзге де қызметті шектеуге және тоқтатуға байланысты арыздар мен талап арыздар бойынша істерді қамтиды.

Осы сыныптауды пайдаланудың негізінде, ЕҚЫҰ Орталығының қолдауымен 2007 жылғы маусымда Жоғарғы Соттың жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы Орхус Конвенциясын ратификациялаған сәттен бастап, Жоғарғы Сот, облыстық және мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар қараған тиісті сот істерін жинақтауды жүргізді. Жылдың соңында жұмыс тобы Судьяларға арналған оқу-практикалық құралының жобасын (бұдан әрі - құрал) әзірледі. Құрал кейіннен талқылау үшін барлық облыстық соттарға, Алматы және Астана қалаларының соттарына жіберілді, сондай-ақ кеңінен танысып, талқылау үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының веб сайтында орналастырылды. Талқылау үшін ұсынылған материал қазақстандық және шетелдік судьялардың айтарлықтай қызығушылықтарын тудырды. Ол бойынша бірқатар жазбаша комментарийлер мен ұсыныстар алынды, олар кейіннен құралдың түпкілікті нұсқасын әзірлеу кезінде ескерілді.

---

<sup>1</sup> Бұл конвенция 1998 жылы 25 маусымда Данияның Орхус қаласында қабылданған, 2008 жылғы 1 мамыр жағдайына оны 40 ел, оның ішінде Еуропалық Одақ ратификациялады.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот, жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуі жөніндегі Орхус конвенциясы ережелерінің сақталуы бойынша соттардың жұмысына мониторинг ұйымдастырды.

Осы құралды шығару - жоғарыда аталған арнайы жұмыс тобы қызметінің түпкілікті нәтижесі болды. Құрал экологиялық құқық мәселелері бойынша судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін оқыту үшін, кейіннен жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтарына байланысты тақырыптарды, оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бағдарламаларына енгізудің негізі ретінде қаралады. Құралға жұртшылықтың экологиялық құқықтарына арналған жалпы ережелер енгізіліп, Орхус Конвенциясының сот және өзге де рәсімдермен жұртшылықтың құқықтарын қорғауға жүгінуіне мүмкіндік беретін жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуі жөніндегі негізгі талаптары түсіндіріледі. Құралдың II-IV-тарауларында Конвенцияның 9-бабының талаптарына жататын, жұртшылықтың экологиялық заңнамалардың бұзылуына шағымдануы жөніндегі істердің негізгі үш сыныбы қарастырылады. Ең алдымен, оларға қатысты материалдық құқық нормалары, содан кейін сот тәжірибесінен алынған мысалдарды пайдалана отырып, тиісті істерді қараудың іс жүргізу тәртібінің талаптары мен ерекшеліктері баяндалған. Сөйтіп, V-тарауда Орхус Конвенциясының сақталуын қараудың халықаралық тетігі туралы ақпараттар келтірілген.

Бүгінгі күні Қазақстан үшін бұл Конвенция - ратификацияланған халықаралық конвенцияның<sup>2</sup> біреуі ғана. Ол бойынша азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар оны сақтамау фактілері жөніндегі арыздармен халықаралық сатыларға жүгінуге құқылы. Мұндай жүгінулерді 2002 жылғы қазанда құрылған Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет<sup>3</sup> қарайды. Осы мүмкіндікті қазақстандық азаматтар мен экологиялық ұйымдар белсенді түрде пайдалануда, Комитетке келіп түскен Орхус Конвенциясын сақтамау туралы жұртшылықтың 10 хабарламасының төртеуі Қазақстаннан келіп түскен. Сақтау жөніндегі Комитет сот органы болмағанымен, Конвенцияның талаптарын сақтамауға қатысты оның қорытындылары мен ұсынымдары уәкілетті мемлекеттік органға<sup>4</sup> жіберіліп, оны Конвенцияны сақтамаған елдің үкіметі және өзге де құзыретті мемлекеттік органдары қарауға тиіс. Тұтастай алғанда, оқу құралына енгізілген халықаралық экологиялық құқықты сақтау рәсімдері мен тетіктері туралы ақпарат, жұртшылықтың экологиялық құқықтарын сотта қорғау мәселелері бойынша судьяларды даярлау және олардың біліктілігін арттыруға арналған құнды оқу материалын қамтиды.

Бұл құрал экологиялық құқық бойынша бұрын шығарылған отандық басылымдарға қарағанда, қазақстандық соттар қараған нақты сот істерін мысал ретінде пайдаланғанымен ерекшеленеді. Бұл мысалдар жұртшылықтың экологиялық құқықтарына және оларды сот тәртібімен қорғауға қатысты тақырыптарды неғұрлым терең зерделеу үшін көмекші материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, қазақстандық заңнаманың және Орхус Конвенциясының материалдық-құқықтық нормалары практикада туындайтын нақты жағдайларда қолдануды айқын әрі мысалдар келтіре отырып көрсетуге мүмкіндік беретін түсіндірме кестелер мен схемаларды пайдалана отырып баяндалған.

---

<sup>2</sup> 2001 жылғы 4 шілдеде ратификацияланған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы Қазақстан үшін осындай екінші халықаралық-құқықтық құжат болып табылады.

<sup>3</sup> Орхус Конвенциясын сақтау жөніндегі Комитет туралы толық ақпарат осы құралдың 5-бөлімінде ұсынылған.

<sup>4</sup> Әдетте бұл функцияларды қоршаған ортаны қорғау (экология) министрлігі атқарады.

Бұл құрал ең алдымен судьяларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында әзірленгеніне қарамастан, онда келтірілген материалдар азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке белсенді субъектілердің кең ауқымының қызығушылығын тудырады. Бұл жарияланым судьялармен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, табиғатты қорғау прокурорларына, адвокаттарға, бейімді жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне маманданып жүрген заңгерлерге және қоғамдық экологиялық ұйымдардың мүшелеріне арналған.

## ***1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР***

### **1.1. Жұртшылықтың экологиялық құқықтары**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Осы Конституциялық норманы іске асыру, бір жағынан, азаматтардың өмір сүруі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі функциялар мен міндеттерді мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің орындауын көздейді. Екінші жағынан, уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері, әрекеттері азаматтардың және олардың бірлестіктерінің аталған құқықты іске асыру жөніндегі қызметтеріне көмектесуі тиіс.

Бүгінгі күні қазақстандық заңдардың бірқатарында азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де заңды тұлғалардың экологиялық құқықтары айқындалған. Осы заңдардың ішінде Экологиялық, Су және Орман кодекстерін, Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы, Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы, Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы, Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды атап өткен жөн. Сонымен қатар, Орхус Конвенциясы жұртшылықтың экологиялық құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметтерін ұйымдастыруға қатысты халықаралық-құқықтық негіздерді белгілейді. Ол Конвенцияның негізгі үш элементтеріне (жұртшылықтың шешуші экологиялық құқықтарына) қатысты:

- жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі (4 және 5-баптар);
- көзделетін шаруашылық қызметпен байланысты экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауға қатысуы (6-бап), мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға байланысты стратегиялардың, бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуі (7 және 8-баптар);
- жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізуі (9-бап) жөніндегі олардың міндеттері мен міндеттемелерін айқындайды.

Сонымен, жұртшылықтың экологиялық құқықтарын тиімді іске асыру көбінесе уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың (мемлекеттік қызметшілердің) шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) байланысты болып табылады. Экологиялық құқықтардың бұзылғандығы туралы даулардың субъектілері болып көбінесе бірінші тарап - жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер, ал екінші тарап - мемлекеттік билік органдары немесе лауазымды тұлғалар (мемлекеттік қызметшілер) болуы қазіргі кезде заңдылыққа айналып отыр.

#### **1.1.1 Өмірге және денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқық**

Қазіргі әлемде өмір мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқық адам мен азаматтың іргелі субъективті құқықтарының бірі ретінде танылды. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығы үшін олардың қолайлы қоршаған ортаға құқығын айқындап, «қолайлы қоршаған орта» ұғымының анықтамасын қамтиды.

*Қолайлы қоршаған орта - жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта. Экологиялық кодекстің 1-тармағының 23) тармақшасы*

Жоғарыда келтірілген анықтама шын мәнінде, Қазақстан халықтарының денсаулығын қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қоршаған ортаның жай-күйімен байланыстырады. Ол ластану деңгейімен және құрамының сипаттамаларымен ғана шектелмей, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалану сияқты аспектілерді де қамтиды. Бұл өмір мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқықты мемлекет қоршаған ортаның нормативтерімен белгіленген сапасын сақтау және ластану заттары эмиссияларының нормативтері арқылы ғана қамтамасыз етпейтінін білдіреді. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін сақтауға бақылау жүргізу жөніндегі мемлекет қабылдайтын шараларды, қайта жаңартылмайтын ресурстарды тұтынуды азайту жөніндегі белгіленген талаптарды және экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де іс-шараларды қамтиды.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамалар қолайлы тіршілік ету ортасына құқықты анықтайды, алайда кейбір аспектілерде экологиялық заңнамаға қарағанда ол біржақты айқындалады. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Заңның 18-бабының 1-тармағы адамның және оның келешек ұрпағының денсаулық жағдайына теріс әсер етпейтін факторлары бар қолайлы тіршілік ету ортасына жеке тұлғалардың құқығын айқындайды. Осы Заңға сәйкес мемлекеттің атынан уәкілетті органдардың қызметі адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін («адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар», «адамға зиянды әсер», «тіршілік ету ортасының факторлары» ұғымдарына анықтаманы қараңыз) тіршілік ету ортасының белгілі бір факторларын (биологиялық, химиялық, физикалық, әлеуметтік және өзге де) болдырмауға бағытталуы тиіс.

Шаруашылық қызметтің жоспарланатын және жұмыс істейтін объектілері тарапынан қоршаған ортаның сапасын, оған әсер ететін түрлі факторларды реттеу айтарлықтай санитарлық ережелер мен нормаларды (САНЕМН), сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚНМЕ) қолданудың негізінде жүзеге асырылады. Санитарлық нормалар мен ережелер адамның тіршілік ету ортасына әсер етудің көптеген факторлары бойынша нақты сандық нормативтерді, мысалы, санитарлық-қорғау аймақтарының мөлшерін, вибрацияның, шудың, инфрадыбыстың жол берілетін шекті деңгейін және т.б. белгілейді. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заң жеке тұлғалардың қолайлы тіршілік ету ортасына құқығын олардың денсаулығына белгілі бір факторлардың тікелей зиянды ықпал етуімен байланыстырады. Сондықтан санитарлық-эпидемиологиялық нормативтердің бұзылуына шағымдануға негіздер әдетте, санитарлық-қорғау аумағының белгіленген өлшемдері мен шу деңгейін сақтамау адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін айтарлықтай аз ортада туындайды. Бір жағынан, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңның болашақ ұрпаққа әсеріне, мысалы, осындай әсер етудің кейінге қалдырылған сипатына не ұрпақты болу мүмкіндіктері үшін теріс әсер етуіне байланысты бұзушылықтарға шағым жасау үшін жұртшылыққа белгілі бір мүмкіндіктер береді.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңның 7-бабында жеке тұлғалардың елді мекеннің (қоныстың) аумағы шегінде осы мекенге қатысты мекендеу мен тіршілік етуге қолайлы ортаға құқығы айқындалған. Аталған Заңда мекендеу мен тіршілік етуге қолайлы ортаны қамтамасыз ету - мемлекеттік қала құрылысы саясатының өндіргіш күштерді қоныстандыру мен орналастыру бөлігімен, аумақтарды аймақтарға бөлуге қойылатын қала құрылысы талаптарымен, экологиялық және санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік нормаларымен және аталған жергілікті жердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейімен байланыстырылған. Адамдардың мекендеу мен тіршілік етуге қолайлы ортаға құқығы мұндай жағдайда аумақ бойынша шектеледі, яғни адамның тұратын елді

мекенінің шегімен шектеледі, ал нақты құрылыс нормалары мен ережелерін сақтауға катысты олардың нақты тұратын орны бойынша шектеледі.

Семей ядролық полигонында және республиканың аумағында орналасқан басқа да полигондарда ядролық жарылыстардан зардап шеккен адамдар үшін ауыр салдарлар Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың радиациялық қауіпсіздікке құқығын заңнамалық тұрғыдан тану үшін алғышарт болды. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы Заңның 19-бабы бұл құқық иондаушы сәулелендірудің адам организміне белгіленген нормалардан жоғарғы радиациялық әсер етуіне жол бермеу жөніндегі шаралар кешенін жүргізу, сондай-ақ иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын азаматтардың және ұйымдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындауы арқылы қамтамасыз етілетінін көздейді.

Жжоғарыда аталған Қазақстан Республикасының басқа заңдарында<sup>5</sup> жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқықтары жөнінде айтылмаса да, жеке тұлғалар мен қоғамдық ұйымдардың белгілі бір құқықтары көзделеді, сол құқықтар арқылы жұртшылықтың қолайлы қоршаған ортаға құқықтары (экологиялық рәсімдік (іс жүргізу) құқықтары) іске асырылады.

### **1.1.2. Жұртшылықтың экологиялық рәсімдік (іс жүргізу) құқықтары**

Азаматтар мен олардың бірлестіктерінің экологиялық құқықтары егемендік<sup>6</sup> алғанға дейін Қазақстанда заңнамалық тұрғыдан бекітілгенімен, отандық жарияланымдарда Орхус Конвенциясымен байланыстырылып қарастырылады. Ол жұртшылықтың маңызды үш экологиялық құқығының немесе Конвенцияның негізгі элементтерінің (жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі, экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауға қатысуы, қоршаған ортаға қатысты шешімдерге шағымдануы) алға басуы үшін халықаралық-құқықтық негізді айқындайды. Сонымен бірге, азаматтар, олардың бірлестіктері мен ұйымдары өмір мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқықты экологиялық рәсімдік құқықтардың көмегімен іске асыру көлемі Орхус Конвенциясының негізгі үш элементімен шектелмейді.

Жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де заңды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау<sup>7</sup>, табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану<sup>8</sup>, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы<sup>9</sup> және халықтың радиациялық қауіпсіздігі<sup>10</sup>, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі<sup>11</sup> саласындағы құқықтары жөніндегі ережелерді қамтитын қазақстандық заңдарға талдау жасау мынадай санаттар бойынша:

---

<sup>5</sup> Су және Орман кодекстері Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы, Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдар.

<sup>6</sup> Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы табиғи қоршаған ортаға құқығы «Табиғи қоршаған ортаны қорғау туралы» 1991 жылғы 18 маусымдағы ҚАЗКСРО Заңымен танылған.

<sup>7</sup> Экологиялық кодекстің 13 және 14-баптары, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның 12 және 13-баптары.

<sup>8</sup> Су кодексінің 62 және 63-баптары, Орман кодексінің 66-бабы.

<sup>9</sup> «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Заңның 18 және 19-баптары.

<sup>10</sup> «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңның 19-21-баптары.

<sup>11</sup> «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 13-бабы.

- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға жүгіну құқығы, оның ішінде жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де заңды тұлғалардың экологиялық құқықтарды сақтауға қатысты құқықтары;<sup>12</sup>
- экологиялық акпаратқа қол жеткізу құқығы;<sup>13</sup>
- мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін объектілердің құрылысы мен оны реконструкциялау жөніндегі шешімдерді қабылдауға қатысу құқығы;
- экологиялық қауіп төндіретін кәсіпорынды, құрылысты және өзге де объектілерді орналастыру, олардың құрылысы, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдерді әкімшілік<sup>14</sup> немесе сот тәртібімен бұзуды талап ету құқығы;
- әкімшілік<sup>15</sup> немесе сот тәртібімен қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық қызметті және өзге де қызметті шектеуді немесе тоқтатуды талап ету құқығы;
- денсаулыққа және мүлікке экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянды өтету құқығы;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға, мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу процесіне қатысу құқығы;
- қоғамдық бақылауды жүзеге асыру және жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы мәселені қою құқығы;
- қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді ұсыну немесе оған бастамашылық жасау, оны жүргізу және оған қатысу құқығы;
- қоршаған ортаны қорғау және экологиялық құқықтарды қорғау жөніндегі қызметті, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерді, қорларды құру жолымен жүзеге асыру мақсатында бірлесу құқығы;
- жаппай іс-шараларға (жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге, демонстрацияларға, референдумға) қатысу арқылы экологиялық құқықтар мен мүдделерді жүзеге асыру құқығы бойынша рәсімдік экологиялық құқықтарға жіктемелеу жүргізуге мүмкіндік береді<sup>16</sup>.

Орхус Конвенциясының 9-бабының 1-3-тармақтарының талаптарына сәйкес, жұртшылық сауалдар бойынша экологиялық акпаратқа қол жеткізуге рұқсат берілмеуіне, қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтің жобалары бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуына, мемлекеттік органдардың ұлттық экологиялық заңнамалардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) байланысты бұзушылықтарға қатысты сот төрелігіне қол жеткізу құқығына ие. Экологиялық кодекс жеке және заңды тұлғалар үшін азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген экологиялық зиянды өтетуге, қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті шектеуге немесе тоқтатуға, кәсіпорынды, құрылысты және өзге де экологиялық қауіпті объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдерді бұзуға қатысты сот рәсімдеріне жүгіну құқығын белгілейді. Бұдан басқа, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 279-бабына сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару

<sup>12</sup> Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы.

<sup>13</sup> Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы және 14-бабының 7) тармақшасы

<sup>14</sup> «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес жоғары тұрған органдарға тиісті арыздармен жүгінуді осындай шешімдерді бұзуды талап ету құқығын әкімшілік тәртіппен жүзеге асыру деп түсіну керек.

<sup>15</sup> 14-сілтемеде келтірілген түсінікті қараңыз.

<sup>16</sup> Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы.



органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік қызметшінің алқалы және жеке-дара қабылдаған шешімдері, әрекеттері (әрекетсіздіктері) нәтижесінде:

- 1) азаматтың және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылса;
- 2) азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасалса;
- 3) азаматқа немесе заңды тұлғаға әлдебір міндет заңсыз жүктелген немесе олар заңсыз жауапқа тартылса, олар ерекше іс жүргізу тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

### **1.1.3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экологиялық құқықтың субъектілері**

Орхус Конвенциясы жұртшылықты, яғни кез келген жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ қазақстандық заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған олардың бірлестіктері экологиялық ақпаратқа қол жеткізу және экологиялық маңызды шешімдерді мемлекеттік органдар қабылдаған кезде қатысу құқығына қатысты осы құқықтардың субъектілері ретінде белгілейді<sup>17</sup>. Қазақстан Республикасының заңдарында жеке тұлғалар өмір сүру мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға (қолайлы тіршілік ету ортасына) құқығының субъектісі ретінде танылады. Құқық субъектісі ретінде жеке тұлғаларды атап көрсету Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар тиісті құқықтарды тең дәрежеде пайдаланатынын білдіреді. Рәсімдік экологиялық құқықтарға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында олардың субъектілері анықтамасына түрлі көзқарастар қолданылады.

#### ***1 Кесте: Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экологиялық құқық субъектілері***

<b>Заң</b>	<b>Заңның баптары</b>	<b>Экологиялық құқық субъектілері</b>
<b>ҚР Заңдары</b>		
Экологиялық кодекс	13 және 14-баптар	Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер
Су кодексі	62 және 63-баптар	Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер
Орман кодексі	68-бап	Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заң	12 және 13-баптар	Жеке және заңды тұлғалар
Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заң	57-бап	Қоғамдық бірлестіктер
Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң	7, 13-баптар	Азаматтар, жеке және заңды тұлғалар

<sup>17</sup> Конвенцияның 2-бабының 4-тармағындағы «жұртшылық» ұғымының анықтамасын қараңыз.

Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы	19-21-баптар	Азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар
Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заң	18-19-баптар	Жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар
Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы заң	7-9-баптар	Азаматтар Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар <sup>18</sup>

1 кестеде келтірілген Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарында экологиялық құқықтардың ұжымдық субъектілері ретінде қоғамдық бірлестіктерді көрсетеді. Бұл заңды тұлғаның аталған ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны жеке тұлғалардың өмір сүру мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқығын қоса алғанда, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығын беру үшін неғұрлым кең мүмкіндіктер береді. Бұл ретте, Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 7-бабына сәйкес қызметтің аумақтық саласы бойынша қоғамдық бірлестіктер республикалық, өңірлік және жергілікті болып бөлінеді. Біріншісі Қазақстан бойынша, екіншісі екі немесе бірнеше облыстың аумағында, үшіншісі бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың аумағында әрекет етеді. Қызметтің аумақтық шектелуі нақты қоғамдық бірлестіктің экологиялық құқықтарының көлеміне айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, аталған шектеулерге сәйкес Алматы облысында тіркелген жергілікті қоғамдық бірлестіктер Атырау облысында қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуге құқығы жоқ, себебі оның қызметі тек қана бір облыстың аумағына таратылады. Алайда, Орхус Конвенциясының 3-бабының 9-тармағы заңды тұлғаны «оның тіркелген жері немесе іс жүзіндегі қызмет орталығы белгілері бойынша» кемсітуге тыйым салуды белгілейді. Тиісінше экологиялық ақпаратқа қол жеткізу, қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін жоспарланатын шаруашылық және өзге де қызметтің жобаларын, мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға байланысты нормативтік құқықтық актілер, жоспарлар, бағдарламалар жобаларын<sup>19</sup> талқылаған кезде жазбаша ұсыныстар мен ескертпелерді қарау үшін беруге қатысты тиісті құқықтар кез келген аумақтық мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ кез келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғаларға тиесілі.

## **1.2. Жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуі жөніндегі Орхус Конвенциясының талаптары**

Орхус Конвенциясының 9-бабы жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізу талаптарын белгілейді. Олар жинақталған түрде 2 кестеде көрсетілген.

<sup>18</sup> Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарымен пайдаланады.

<sup>19</sup> Конвенцияның 2-бабының 4-тармағындағы «жұртшылық» ұғымымен үйлесімділігінде Орхус Конвенциясының 4-бабының 1-тармағын, 6-баптың 7-тармағын, 7 және 8-баптарын қараңыз.

**2 кесте: Орхус Конвенциясының 9-бабының талаптары**

<b>Ереже</b>	<b>Міндеттеме</b>	<b>Жүзеге асыру элементтері</b>
9-бап, 1-тармақ	4-баптың негізінде экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге көпшілік органдарға арналған сауалдарға қатысты шағымдарды қарау рәсімдерін көздейді	Сот органы немесе өзге де тәуелсіз және бейтарап органның қарауы  Қайта қараудың немесе қараудың жедел және арзан қосымша рәсімі  Жұртшылық өкілдерінің іс жүргізуге құқықтық қабілетіне қатысты талаптар  Түпкілікті шешім міндетті түрде және жазбаша нысанда жазылуы тиіс
9-бап, 2-тармақ	6-бабына және Конвенцияның басқа да тиісті ережелеріне сәйкес жұртшылықтың шешімдер қабылдауға қатысуына байланысты шағымдарды қарау рәсімдерін көздейді	Қайта қараудың немесе қараудың жедел және арзан қосымша рәсімі  Әкімшілік органда алдын ала қарау рәсімінің мүмкіндігі  Жұртшылық өкілдерінің іс жүргізуге құқықтық қабілетіне қатысты талаптар
9-бап, 3-тармақ	Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың бұзылуына байланысты жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне жұртшылықтың шағымдану рәсімдерін көздейді	Соттан тыс тәртіппен шағымдану рәсімдері  Сотқа шағымдану рәсімдері
9-бап, 4-тармақ	Сот төрелігіне, шешімдерге және құқықтық жағынан қорғалу құралына қол жеткізу рәсімдеріне қолданылатын ең төменгі нормаларды белгілейді	Соттың тыйым салуымен қатар, құқықтық жағынан қорғалудың бара-бар және тиімді құралдары  Әділдік  Бей тараптылық  Уақтылы болуы  Қол жетпейтін артық шығындарға жол бермеу  Шешімдерді жазбаша түрде хаттамалау  Шешімдер мәтінінің жалпыға бірдей қолжетімділігі
9-бап, 5-тармақ	Тараптарды жұртшылықтың сот төрелігіне тиімді қол жеткізуіне көмектесулерін міндеттейді	Істерді соттан тыс және сотта қарау рәсімдеріне қол жеткізу туралы ақпарат  Жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуі үшін шығындар мен өзге де кедергілерді азайту мақсатында көмектесудің тиісті тетіктері

**1.2.1. Ақпаратқа қол жеткізілмегендігі туралы жұртшылықтың арыздарын (шағымдарын) қарауға қойылатын талаптар**

Орхус Конвенциясының 9-бабы 1-тармағының ережелері жұртшылық өкілдерінің экологиялық ақпарат алуға берілген сауалдарын қараған кезде кез келген қатысушы

мемлекеттер тәрізді Қазақстаннан да Конвенцияның 4-бабы талаптарының сақталмағанына шағымдану үшін оларға мүмкіндіктер беруді талап етеді. Осы ережеге сәйкес экологиялық ақпаратқа қоғамдық қол жеткізу құқықтарының бұзылуына шағымдану Орхус Конвенциясының ережелеріне қайшы келетін ақпарат беруден заңсыз бас тартудан, сұралып отырған ақпаратты бермеуден немесе толық бермеуден, қол жеткізуге шектеулер белгілеуден және тағы сол сияқтылардың тұруы мүмкін. Сотта немесе өзге де органда тиісті бұзушылықты қарауды талап ету құқығы жеке тұлғалар болса, азаматтығына, заңды тұлғалар болса, оның орналасқан орны мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, іс жүргізуге құқықтық қабілеті бар жұртшылықтың өкіліне тиесілі. Яғни бұл жағдайда, экологиялық ақпарат алу сауалы заңсыз бас тартылған, сауалдары қаралмаған, толық емес не бара-бар қанағаттандырылмаған кез келген жеке және заңды тұлға іс жүргізудің құқықтық қабілеттілігіне ие.

Орхус Конвенциясының 9-бабының 1-тармағына сәйкес мұндай істерді қарау сотта немесе «заңға сәйкес құрылған тәуелсіз немесе бейтарап орган» мысалы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жүзеге асыруы тиіс. Сөйтіп, ең болмағанда жұртшылықтың сауалы бойынша талап етілген экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты көпшілік органдарының заңсыз әрекеттеріне шағымдану үшін осындай мүмкіндіктердің бірі қамтамасыз етілуі тиіс. Егер экологиялық ақпаратқа қол жеткізілмеуі туралы арыз сотта қаралса, онда сотта талап арызды қарау рәсіміне қарағанда, Орхус Конвенциясына сәйкес жұртшылық үшін қараудың неғұрлым жедел және неғұрлым арзан рәсіміне қол жеткізуі қамтамасыз етілуі тиіс. Конвенцияның бұл талабы экологиялық ақпарат алу көбінесе сот сатысына шағымдануға саятын жұртшылықтың уақытын босқа немесе артық материалдық шығындандырмауға байланысты көзделген. Осы проблеманы шешу мақсатында ақпаратты алғаш рет бермеген мемлекеттік органның сауалды қайта қарау рәсімін, тиісті істерді қарайтын жоғары тұрған лауазымды тұлғаға, прокуратураға не әкімшілік органға шағымдану мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін.

Орхус Конвенциясы мемлекеттік органдардың экологиялық ақпараттарды бермеуіне байланысты жұртшылықтың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдеріне қатысты бірқатар талаптарды белгілейді. Біріншіден, белгіленген рәсімдерге қарамастан, түпкілікті шешім ақпаратқа қол жеткізілмеуіне байланысты әрекеттері шағымдалып отырған мемлекеттік органдар үшін міндетті болуға тиіс. Екіншіден, шағымды (арызды) қараудан бас тартқан жағдайда бас тарту себептері жазбаша түрде жазылуы тиіс.

### **1.2.2. Жұртшылықтың қатысуы жөніндегі талаптардың орындалмауы жөніндегі арыздарды (шағымдарды) қарауға байланысты Орхус Конвенциясының талаптары**

Орхус Конвенциясының 9-бабы 2-тармағының ережелері тараптардан, оның ішінде Қазақстаннан Конвенцияның 6-бабын жұртшылықтың қатысуы бойынша талаптардың бұзылуына шағымдануға мүмкіндіктер беруді талап етеді. Біздің еліміздегі жағдайға қатысты бұл ең алдымен қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсімдерін және Орхус Конвенциясының 6-бабында қарастырылған шаруашылық және өзге де қызметтердің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге байланысты бұзушылықтарды білдіреді. Ұлттық заңнамада көзделмесе, қоршаған орта саласындағы жоспарлардың, бағдарламалар мен саясаттың жобалары бойынша шешімдер қабылдаған кезде жұртшылықтың қатысуы жөніндегі талаптарды (Конвенцияның 7-бабы) және нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамаған жағдайда Орхус Конвенциясының 9-бабы 2-тармағының талаптары қолданылмайды.

Қаралып отырған шешімге жеткілікті түрде мүдделілікті білдіретін немесе қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтің жоспарланатын жобасы бойынша қабылданған шешімге байланысты оның қандай да бір құқықтары бұзылды деп

есептейтін жұртшылықтың (жеке және заңды тұлғалардың) өкілдері Орхус Конвенциясы 6-бабының ережелері сақталмағанын қарау рәсімдеріне жүгінуге құқылы. Бірінші жағдайда, мүдделілік таныту, мысалы, жоспарланатын қызмет, жобаның әсер ету аумағында тұратын халықтың құқықтары мен мүдделерін қозғауы немесе қозғауы мүмкін, үкіметтік емес ұйымдардың жарғылық мақсаттары қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитындығы секілді белгіленген өлшемдердің сәйкес келуімен байланыстырылады. Екінші жағдайда, Орхус Конвенциясының 6-бабының талаптарын сақтамауына шағымдану жөніндегі жұртшылық өкілдерінің іс жүргізуге құқықтық қабілеттілігі қоршаған ортаға әсерді және мемлекеттік экологиялық сараптаманы бағалау объектісі бойынша қабылданған шешімге байланысты олардың құқықтарының бұзылуымен байланыстырылады. Жеткілікті мүдделіліктің болуы және қандай да болсын құқықтар бұзылған жағдайда мүдделі жұртшылықтың сот төрелігіне барынша қол жеткізу мақсатын ескере отырып, ұлттық заңнама ережелерінің негізінде айқындалады. Орхус Конвенциясы 9-бабының 2-тармағына сәйкес үкіметтік емес ұйымдардың мүдделілігі жоспарланатын қызметпен нақты заңды тұлғаның немесе оның мүшелерінің экологиялық құқықтары мен мүдделерінің қозғалуы негізінде емес, олардың жарғылық мақсаттарын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің жүзеге асырылуы ескеріле отырып айқындалады. Бұған қоса, мемлекеттік орган қабылдаған шешім бойынша (аталған жағдайда, бұл ең алдымен мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы) олардың экологиялық құқықтарының бұзылуы негізінде де Орхус Конвенциясы 6-бабының бұзылғандығына шағым келтіре алады.

4-баптың ережелері бұзылған жағдайдағы секілді, істерді Орхус Конвенциясының 9-бабының 2-тармағы бойынша қарау сотта және/немесе «заңға сәйкес құрылған тәуелсіз немесе бейтарап орган» мысалы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жүзеге асыруы тиіс. Бұл ретте Конвенция, қатысушы мемлекеттерге 6-баптың бұзылуын әкімшілік тәртіппен қарау мүмкіндігін белгілеуге мүмкіндік береді.

### **1.2.3. Экологиялық заңнамаларды бұзатын мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану туралы арыздарды қарауға қойлатын талаптар**

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес субъектілердің әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне шағымдану негіздерінің неғұрлым кең ауқымын Орхус Конвенциясы 9-бабының 3-тармағы белгілейді. Осы ережеге сәйкес жұртшылық қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңнама ережелерінің бұзылуы туралы істерді қарауда бастамашылық жасауға құқылы. Бұл жерде, ұлттық экологиялық заңнамалардың нормалары мен ережелерін сақтауға қоғамдық экологиялық бақылау жасау жөнінде сөз болып отыр.

Орхус Конвенциясы 9-бабының 3-тармағына сәйкес іс жүргізуге құқықтық қабілеттілік берілген субъектілер шеңбері ұлттық заңнаманың өлшемдеріне сәйкес айқындалады. Алдыңғы бөлімдерде бірқатар осындай талаптар қарастырылған болатын, ол талаптарға сәйкес жұртшылық сотқа немесе жоғары тұрған органдарға жүгіне алады. Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасында мұндай құқықтар жеке тұлғаларға және қоғамдық бірлестіктерге қатысты айқын көрсетілген. Алайда, Азаматтық іс жүргізу кодексі тиісті шешімдер, әрекеттер (әрекетсіздіктер) арқылы құқықтары мен мүдделері қозғалатын кез келген жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың және лауазымды тұлғаның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін ерекше іс жүргізу рәсімін көздейтінін атап өту қажет.

Жұртшылықтың жекелеген өкілдері бастамашылық жасаған және мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың экологиялық заңнамаларды бұзуына қатысты істер Орхус Конвенциясына сәйкес сот тәртібімен және соттан тыс қаралуы мүмкін. Бұл ретте, АІЖК 27-тарауына сәйкес жоғары тұрған органдар мен ұйымдарға, лауазымды адамға

алдын ала жүгіну сотқа арыз беруге және соттың оны мәні бойынша қарауға қабылдауына және шешуіне міндетті шарт болып табылмайды.

#### **1.2.4. Құқықтық қорғалу құралдарына, қарау рәсімдеріне және олардың қаралу нәтижелері бойынша шығарылған шешімдерге қойылатын талаптар**

Орхус Конвенциясы 9-бабының 4-тармағы жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі, олардың қатысуы жөніндегі және ұлттық экологиялық заңнамалардың талаптарын бұзатын әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) дау айту жөніндегі ережелердің бұзылуын қарау рәсімдері соттың тыйым салуымен қатар, құқықтық қорғалудың бара-бар әрі тиімді құралының қамтамасыз етілуін талап етеді. Келтірілген залалдың толық өтелуі және оны келешекте болдырмау құқықтық қорғалудың бара-бар құралы деп түсіндіріледі, ал оларды тиімді орындау мүмкіндігі құқықтық қорғалудың тиімділігін білдіреді.

Құқықтық қорғалу құралдарына мыналарды нақты мысал ретінде келтіруге болады:

- денсаулыққа және мүлікке келтірілген залалды, сондай-ақ моральдық зиянды өтеу;
- жұртшылықтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттеу, мәселен, сұралып отырған экологиялық ақпаратты беру немесе оған жұртшылықтың қол жеткізуіне тыйым салуды алып тастау, жоспарланып отырған қызмет бойынша қоғамдық тыңдау өткізу және әсер етуді бағалау материалдарына қол жеткізуге рұқсат беру, кәсіпорынның қызметіне қоғамдық экологиялық бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- қызметті шектеу, мәселен, құрылыс жұмыстарын жүзеге асырған кездегі шу деңгейін шектеу;
- белгілі бір табиғат қорғау іс-шараларын өткізуге міндеттеу, мәселен, тазарту құрылыстары немесе жас көшеттер отырғызуды жүзеге асыру;
- адамның денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін қызметті тоқтата тұру немесе тоқтату.

Бұл ретте Орхус Конвенциясында соттың тыйым салуы секілді құқықтық қорғалу құралы ерекше аталып өтеді. Соттың тыйым салуы сол немесе өзге тұлғаның басқа тұлғаға белгілі бір әрекетті жүзеге асыруды белгілейтін өкімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін, оның ішінде қызметті тоқтата тұру немесе тоқтатуға байланысты соттың тыйым салуын қамтиды.

Құқықтық қорғалу құралдарын қамтамасыз етумен қатар, Орхус Конвенциясы 9-бабының 4-тармағы жұртшылық өкілдерінің қатысуымен қараудың осы баптың 1-3-тармақтарында көзделген рәсімдеріне қатысты бірқатар басқа да талаптарды белгілеп, олардың:

- әділ, бейтарап, уақытылы болуы және артық шығындар келтіруге байланысты болмауға;
- жазбаша түрдегі шешімдермен ресімделіп, жұртшылық ол шешімдерге қол жеткізе алуы тиіс.

#### **1.2.5. Жұртшылықты сот төрелігіне қол жеткізуі жөнінде хабардар ету туралы және көмек көрсетудің тиісті тетіктерін жасау жөніндегі талаптар**

Орхус Конвенциясы 9-бабының 5-тармағы қатысушы мемлекеттерді жұртшылыққа шешімдер қараудың соттан тыс және сот рәсімдеріне қол жеткізуі туралы ақпараттарды беруге міндеттейді. Бұл экологиялық ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда шағымдану мүмкіндігі туралы ақпаратты беру секілді міндеттерді, ал неғұрлым кең мағынада – өз құзыреттеріне сәйкес мемлекеттік органдардың жұртшылыққа бағдарланған, қоршаған орта

саласында сот төрелігіне қол жеткізу мәселелері бойынша ақпараттық, әдістемелік және өзге де материалдарды әзірлеу мен жариялау міндетін қамтиды.

Жоғарыда аталғандармен қатар, мемлекеттік органдар сот төрелігіне қол жеткізу кедергілерін болдырмау мақсатында жұртшылыққа көмек көрсету тетіктерін жасап, оны дамытуы тиіс. Мұндай тетіктер Орхус Конвенциясының 9-бабына жататын істерді сот тәртібімен немесе соттан тыс тәртіппен қарау практикасын зерделеу мен талдау жасау, тиісті кедергілерді анықтау негізінде әзірленіп іске асырылады. Практикада жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуде мынадай кедергілерге:

- қаржылық кедергілерге;
- іс жүргізуге құқықтық қабілеттілігін шектеуге;
- заң консультацияларын алудың қиындығына;
- нақты регламенттелмеген қарау рәсімдеріне;
- паракорлыққа;
- мемлекеттік қызметшілердің шағымдарды қараудың белгіленген рәсімдері жөнінде хабардар болмауына;
- шығарылған шешімдерді орындауға байланысты проблемаларға;
- рұқсаттарда көрсетілген шығарындылардың нақты белгіленген экологиялық стандарттарының, нормативтерінің, эмиссияларға үнемі бақылау жасаудың жоқтығынан және тиісті есептерге қол жеткізе алмайтындықтан экологиялық заңнамалардың бұзылғанын дәлелдеудің қиындығына баса назар аударылады<sup>20</sup>.

### **1.3. Жұртшылықтың экологиялық құқықтарын сот тәртібімен іске асыру**

*Орхус Конвенциясының 9-бабына сәйкес азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңнаманың ережелерін бұзатын жеке тұлғалардың не мемлекеттік органдардың әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін даулау үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.*

Мысалы, «Зеленое спасение»<sup>21</sup> Экологиялық қоғамдық бірлестік (бұдан әрі – «Зеленое спасение» ЭБ) сотқа «А» қаласының әкімдігіне, қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасына табиғи қоршаған ортаға теріс әсер еткен заңды тұлғалардың әрекетсіздіктері туралы талап арызбен жүгініп, өз талабын былайша уәждейді: туристердің 2006 жылғы шілдеде түсірген фотосуреттеріне сәйкес «Медеу» саябағының аумағында санкция берілмеген құрылыс және тұрмыстық қоқыстардың орны анықталған. Талапкердің өкілдері аталған жерге барған кезде «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортынан шамамен 1 шаршы метрден жоғары жерде биік таулы аумақта орналасқан «Ворота Тунок Су» отелінің жолында бетон-қоспа тораптары, құрылыс және тұрмыстық қоқыстардың тасталғаны анықталған.

«Л» Комитетке жүгінгеннен кейін, одан 2006 жылғы 24 тамызда бетон-қоспа тораптары аспалы жолдың құрылысына байланысты орнатылғаны, қысқа мерзім ішінде оны қайта бөлшектеп, жаңа құрылыстың орнына шығарылатыны туралы жауап келіп түскен. Сондай-ақ «Ш» ЖШС-не 2006 жылғы 19 тамызға дейін аумақты қоқыстардан тазарту туралы нұсқаманың жіберілгені туралы хабарланған.

---

<sup>20</sup> БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы әзірлеген және жариялаған Орхус Конвенциясын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық.

<sup>21</sup> «Зеленое спасение» Экологиялық қоғамдық бірлестіктің басшылығы жолданған сауалға оқу-практикалық құралда сот тәжірибесіне шолу жасаған кезде аталған заңды тұлғаның атауын өзгертпеуге ниет білдірді.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жолданған арызға 2006 жылғы 11 тамызда аталған факті бойынша тексерудің жүргізілгені, фактілердің расталғаны, азамат «Ла-ға» қоқысты жою және аумақты табиғат қорғау заңнамаларына сәйкес келтіру жөніндегі нұсқаманың жіберілгені туралы жауап келіп түскен. Қазіргі уақытта аумақты тазалау жұмыстары және металдарды шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аталған мәселе бақылауға алынған. Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы 2006 жылғы 11 тамызда азамат «Ла-ға» 500 метр радиусында «өз аумағын және іргелес жатқан аумақтарды» бір апталық мерзімде тазарту туралы нұсқама берген. Сондай-ақ, нұсқаманы орындамаған жағдайда жүгіну құқық қорғау органдарына жіберілетіндігі нұсқамада көрсетілген.

2007 жылғы мамырда қоқыстың бір бөлігі бұрынғы жерде жатқанына, қоқыстың басқа бөлігі жолдың жағасына тасталғанына талапкер өкілдерінің көздері жеткен

Санкция берілмеген қоқысты жою аяқталмағанын, қоқыс қоршаған ортаға залал келтіріп жатқанын және «Медеу» табиғат саябағының экологиялық ахуалын нашарлататынын ескеріп, талапкер мынадай талапты баяндады:

- «Ш» ЖШС санкция берілмеген қоқысты құрған деп тану, «Ш» ЖШС-ті қоқысты жою жөніндегі шаралар қабылдауға және сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап он күндік мерзімде аумақты табиғат қорғау заңнамаларының талаптарына сәйкес келтіруге міндеттеу;
- Мемлекеттік органдардың «Ш» ЖШС санкция берілмеген қоқысты жоятын кезде бақылауды жүзеге асырмаған, соның нәтижесінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтың экологиялық жүйесіне залал келтіріліп, заңның талаптары бұзылған немесе әрекетсіздік деп тану;
- санкция берілмеген қоқыс орналасқан аумақты рекультивациялау арқылы «Ш» ЖШС құрылыс қалдықтарын орналастыру салдарынан қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың орнын толтыруға міндеттеу;
- қала әкімдігін және қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасын «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының ауданындағы санкция берілмеген қоқысты жоюға бақылауды жүзеге асыруға міндеттеу;
- АЖК 253-бабына сәйкес жоғары лауазымды тұлғаларға және «Л» Комитетіне қатысты аумақтық бөлімшелердің әрекетсіздіктері туралы жеке ұйғарым шығару;
- сот шығындарын өндіру.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен «Зеленое спасение» ЭБ талап арызы қанағаттандырылған. Қала әкімдігін соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап он күндік мерзімде аумақты табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес келтіруге міндеттеу жөніндегі шешім шығарылған.

Қала әкімдігі және қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасы «Ш» ЖШС санкция берілмеген қоқысты жоятын кезде бақылауды жүзеге асырмағандықтан, соның салдарынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтың экологиялық жүйесіне залал келтірілгендіктен, заңның талаптары бұзылған және олардың әрекетсіздіктері деп тану.

Қала әкімдігін «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының ауданында санкция берілмеген қоқысты жоюға бақылауды жүзеге асыруға міндеттеу.

Қала әкімдігінен талапкердің пайдасына мемлекеттік баж салығын қайтару тәртібімен 5460 теңгені өндіру.

Талап арызды қанағаттандыра отырып, мемлекеттік органдардың тексеру нәтижесінде фактілердің анықталғаны, тұлғаларға нұсқаманың берілгені, бетон-қоспа

тораптары қысқа мерзімде бөлшектенуі тиіс, сондай-ақ жолында «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортынан жоғарғы жағындағы және Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи



паркiнiң оңтүстiгiне қарай «Ворота Туяк Су» отелiнiң жолындағы жер учаскелерi қалалық жер қорына жататындығы туралы хаттарды сот назарға алған.

Сондай-ақ, жергiлiктi атқарушы органдар «Л» Комитетiнiң 2006 жылғы 24 тамыздағы және Қоршаған ортаны қорғау министрлiгiнiң 2006 жылғы 1 тамыздағы жазбаша тапсырмалары мен нұсқамаларын iске асыру нәтижелерi бойынша дәлелдемелердi табыс етпегенiн сот ескерген.

2007 жылғы 10 қыркүйекте сот қала әкiмiнiң атына қалалық қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасына қатысты шара қабылдау туралы жеке ұйғарым шығарған.

Шешiм апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттарда қаралмай, занды күшiне енген.

Iстi зерделеген кезде, талап арыз келiп түскенде iстi сот талқылауына дайындау мәселелерiн реттейтiн АІЖК 16-тарауының талаптарын судья дұрыс орындағанын көрсетедi. АІЖК 166-бабына сәйкес:

- 1) iстi дұрыс шешу үшiн маңызы бар мән-жайларды айқындау;
- 2) тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиiстi заңды анықтау;
- 3) iске қатысатын адамдардың құрамы мен процестiң басқа да қатысушылары туралы мәселенi шешу;
- 4) әрбiр тарап өз пайымдауларын негiздеу үшiн ұсынуға тиiс дәлелдемелердi анықтау iстi сотта қарауға әзiрлеудiң мiндеттерi болып табылады.

«Зеленое спасение» ЭБ бастапқы талаптарында құқық бұзушы «Шымбұлақ» ЖШС келтiрiлген зиянды өтеуi туралы мәселенi қойса да кiмнiң пайдасына және қандай сомада өтеуi көрсетiлмеген.

Экологиялық кодекстiң 14-бабы 1-тармағының 11) тармағына сәйкес қоғамдық бiрлестiктердiң қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметiн жүзеге асыру кезiнде экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкiне келтiрiлген зиянның өтелуi туралы сотқа талап-арыз беруге құқылы. Экологиялық кодекстiң 117-бабына сәйкес мемлекетке келтiрiлген зиянды өтеу туралы нұсқаманы шығару және сотқа тиiстi талап қою құқығы мемлекеттiк экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға тиесiлi. Бұдан басқа, прокурор мемлекеттiң мүдесiн қорғап осындай талап арыздарды бере алады.

Егер «Зеленое спасение» ЭБ зиянды өтеу туралы талап бере отырып, құқық бұзушы қоршаған ортаға келтiрген зиянның орнын толтыруы тиiс деп есептеп, мұндай талаптар талап арызда – «Ш» ЖШС қоқысты жою жөнiндегi шараларды қабылдауға және аумақты табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес келтiруге мiндеттеу; санкция берiлмеген қоқыстың орналасқан аумағына рекультивациялауды жүргiзуге мiндеттеу деп жазылуы тиiс.

Бұдан басқа, «Зеленое спасение» ЖШС сотта жоғары лауазымды тұлғалардың атына және «Л» Комитетiнiң атына аумақтық бөлiмшенiң әрекетсiздiгi туралы жеке ұйғарым шығару жөнiнде талап қойған. АІЖК 253-бабына сәйкес, сот отырысында заңдылықтың бұзылған жағдайлары анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны тиiстi ұйымдарға, басқару қызметiн атқаратын лауазымды немесе өзге де адамдарға жiберуге құқылы. Бұл мәселе соттың құзыретiнде. Сондықтан iс бойынша тарап осы бөлiкте жеке талап бермей, сотта лауазымды тұлғаның атына жеке ұйғарым шығару туралы өтiнiш жасай алады.

Сот 2007 жылғы 25 маусымда әкiмдiктiң заң бөлiмiнiң қызметкерлерiне тәртiптiк сипаттағы шара қолдану үшiн, сондай-ақ «Медеу» саябағының тиесiлiлiгi туралы құжаттамамен әкiм өкiлiнiң сотқа келуiн қамтамасыз ету үшiн қала әкiмiнiң атына жеке ұйғарым шығарған.

Аталған іс жүргізу әрекеттерін сот істі сот талқылауына дайындаған кезеңде және судья істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарғанға дейін (2007 жылғы 9 шілде) жүргізген.

АІЖК 253-бабына сәйкес сот талқылауына дейін емес, сот отырысында заңдылықтың бұзылған жағдайлары анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға құқылы. Сондықтан судья сотқа келуден көрінеу жалтарған тұлғаға (тарапқа) қатысты басқа іс жүргізу әрекеттерімен әсер етуі қажет еді.

Бұдан басқа, судья 2007 жылғы 9 шілдеде істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарған кезде АІЖК 173-бабын бұзып, іс сот талқылауына дайын болды деп танығанын көрсетпеген.

***Талап арыздарды шешу бойынша хронология:***

- «Зеленое спасение» ЭБ талап арызы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2007 жылғы 16 мамырда келіп түсіп, компьютермен автоматты режимде бөлінген;
- Судья 2007 жылғы 21 мамырда іс бойынша іс жүргізуді қозғау және істі сот талқылауына дайындау әрекеттерін жүргізу жөнінде ұйғарым шығарған;
- судья 2007 жылғы 28 мамырда істі сот отырысына дайындау мерзімін 2007 жылғы 9 шілдеге дейін ұзарту туралы ұйғарым шығарған;
- сот 2007 жылғы 25 маусымда әкімдіктің заң бөлімінің қызметкерлеріне тәртіптік сипаттағы шара қолдану үшін, сондай-ақ «Медеу» паркінің тиесілілігі туралы құжаттамамен әкім өкілінің сотқа келуді қамтамасыз ету үшін қала әкімінің атына жеке ұйғарым шығарған;
- «Зеленое спасение» ЭБ талап арызына іс бойынша Қоршаған ортаны қорғау министрілігі мен «Л» Комитетін қосымша жауапкер ретінде тарту туралы күні көрсетілмеген қосымша арыз келіп түскен;
- судья 2007 жылғы 9 шілдеде істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарған;
- сот 2007 жылғы 18 шілдеде МФӨК өтініші бойынша жер учаскесін сәйкестендіру үшін сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарылып, сараптама жүргізілу уақытында іс өндіріспен тоқтатылған;
- соттың 2007 жылғы 2 қыркүйектегі ұйғарымымен іс жүргізу қайта басталып, тыңдауға тағайындалған;
- 2007 жылғы 5 қыркүйекте «Зеленое спасение» ЭБ-тен қала әкімі мен қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасынан басқа барлық тұлғаларды жауапкер қатарынан алып тастау туралы арыз келіп түскен;
- сот 2007 жылғы 5 қыркүйекте іс бойынша қала әкімі мен қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасына қойылған талаптарды қоспағанда, жауапкерлерге қойылған талаптарға қатысты іс жүргізуді қысқарту туралы ұйғарым шығарған;
- Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 10 қыркүйектегі талап арызды қанағаттандыру туралы шешімі шығарылған;
- сот 2007 жылғы 10 қыркүйекте қала әкімінің атына қоршаған ортаны қорғаудың қалалық аумақтық басқармасына қатысты шара қолдану үшін жеке ұйғарым шығарған;
- 2007 жылғы 9 қазанда әкімнің өкілінен шағымдану мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішпен бірге 2007 жылғы 10 қыркүйектегі жеке ұйғарымға жеке шағым келіп түскен;
- сот 2007 жылғы 19 қазанда жеке шағым келтіру мерзімін қалпына келтіру туралы ұйғарым шығарған;
- 2007 жылғы 24 қазанда әкімнің өкілінен шағымдану мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішпен бірге соттың 2007 жылғы 10 қыркүйектегі шешіміне апелляциялық шағым келіп түскен;
- 2007 жылғы 1 қарашада әкім өкілінің арызымен жеке шағым мен апелляциялық шағым қайтарылып алынған;
- сот 2007 жылғы 1 қарашада жеке ұйғарымға жеке шағымды және соттың шешіміне апелляциялық шағымды әкімге қайтару туралы қаулы шығарған;
- Алматы қалалық сотының қадағалау алқасы судьяларының 2007 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен «Зеленое спасение» ЭБ соттың 2007 жылғы 10 қыркүйектегі шешіміне келтірген қадағалау шағымы АІЖК 391-бабының талаптарына сәйкес келмейтіндігіне байланысты қайтарылған;

*Сөйтіп, аталған сот дауы арыз сотқа келіп түскен сәттен бастап алты ай он екі күнде шешілген.*

## **II. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫ**

### **2.1. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын реттейтін негізгі материалдық-құқықтық нормалар**

Қолданыстағы заңнамада жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуін реттейтін арнайы материалдық-құқықтық нормалар Экологиялық кодекстің 21-тарауында белгіленген. Осы кодекстің тиісті нормалары Орхус Конвенциясының 2 және 4-баптарында көзделген жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі жөніндегі ережелердің негізінде әзірленді. Бұл ретте жұртшылық өкілдерінің сауалдары бойынша ақпаратты берудің жалпы ережелері «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» және «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңдармен регламенттеледі. Жоғарыда аталған заңдармен қатар, Азаматтық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық кодекстерінің, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің, «Жедел-іздістіру қызметі туралы», «Мемлекеттік статистика туралы» заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жеке ережелері мен нормалары қызығушылық тудырады.

#### **2.1.1. Экологиялық ақпарат ұғымы**

Экологиялық кодекстің 159-бабында экологиялық ақпарат ұғымына анықтама берілген. Экологиялық ақпарат:

- 1) қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі;
- 2) қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы туралы;
- 3) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар;
- 4) экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;
- 5) қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар және оларды қаржыландыру;
- 6) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын қызмет, ол бойынша шешім қабылдау процесі және инспекторлық экологиялық тексерулер нәтижелері, оның ішінде, бұл ретте қоршаған ортаға қатысты қаралған есептер, талдаулар мен өзге де мәліметтер;
- 7) қоршаған ортаның жай-күйінің халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және тіршілік жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға әсер етуі туралы мәліметтер мен деректер тізбесі арқылы айқындалады.

Құралға 1 қосымшада 1 кесте келтірілген, онда осы тізбенің әрбір тармақтары бойынша экологиялық ақпараттар көздеріне мысалдар келтірілген.

Экологиялық кодекстің (159-баптың 2-тармағы) мазмұнымен қатар, экологиялық ақпараттардың түрлі нысандарын, соның ішінде жазбаша, электрондық, дыбыс бейнелі және өзге де нысандарын айқындайды. Сөйтіп, экологиялық ақпараттардың көздері түрлі ақпараттық-коммуникациялық желілерде орналастырылғандарды, дыбыс және бейнежазбаларды, фотосуреттерді қоса алғанда, қағаз жеткізгіштеріндегі, компьютерлік файлдардағы және техникалық прогресі дамыған қазіргі әлемде өтініш алынған өзге де нысандарындағы құжаттарды, деректер мен мәліметтерді қамтиды.

## **2.1.2 Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығының субъектілері**

Экологиялық кодекстің 164-бабы, барлық жеке және заңды тұлғалар Орхус Конвенциясының «жұртшылық» (2-бабының 4-тармағы) терминімен біріктірілген жағдайда, сауал бойынша олардың экологиялық ақпаратты алуға құқықтарын белгілейді. Бұл барлық жеке және заңды тұлғалардың ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат беруге міндетті мемлекеттік органдардан және өзге де субъектілерден экологиялық ақпаратты сұратуға құқылы екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы азаматтығының бар-жоғына немесе оның аумағында тұратындығына қарамастан, жеке тұлғалар жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты сұратуға құқылы (Экологиялық кодекстің 164-бабының 1-тармағын қараңыз). Мұндай көзқарастың негізінде, қазіргі әлемдегі көптеген экологиялық проблемалар өзінің салдары бойынша жергілікті болып табылмайды және қоршаған ортаға көбінесе трансшекаралық немесе жаһандық әсер етеді деген түсінік жатыр екендігін атап өту қажет. Осыған қатысты атмосфераға парниктік газдарды шығаруды және озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну сипаттамалық тұрғыдағы мысал болып табылады. Осы тұжырымды ескере отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының экологиялық ақпаратты алу құқығы олардың тұратын жеріне байланыстырмай-ақ танылады.

Заңды тұлғаларға келсек, олардың қызмет ету түріне (коммерциялық немесе коммерциялық емес), ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына (қоғамдық бірлестік, қорлар, АҚ, ЖШС және т.б.) немесе тіркелген орнына қарамастан экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығы танылады (Экологиялық кодекстің 164-бабының 1-тармағын қараңыз). Атап айтқанда, ол тиісті сауалдар коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардан келуі мүмкін және жергілікті мәртебесі бар ұйым мысалы, жергілікті қоғамдық бірлестік биліктің орталық органдарынан, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдардан және Қазақстанның басқа облыстарының орталық мемлекеттік органдарының аумақтық құрылымдарынан экологиялық ақпараттарды сұратуға құқылы.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 1-бабының 4) тармақшасы өтініштердің жеке және ұжымдық болуы мүмкін екендігін көздейді. Тиісінше, экологиялық ақпаратты алуға сауал бір тұлғадан әрі екі және одан да көп тұлғалардан да түсуі мүмкін.

## **2.1.3. Экологиялық ақпаратты беруге міндетті субъектілер**

Экологиялық кодекстің және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының (бұдан әрі - Өтініштерді қарау тәртібі туралы заң) жаңа редакциясының қабылдануымен жұртшылықтың сауалдары бойынша экологиялық ақпаратты беру міндеттілігі жүктелетін субъектілер ауқымы айтарлықтай кеңейтілген. Осы құралға 1 қосымшаның 2 кестесінде қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы құзыретке ие болатын мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдардың арасында экологиялық ақпараттың бөлінуі көрсетілген. Экологиялық кодексте мемлекеттік органдар мен мемлекеттік функцияларды орындайтын лауазымды тұлғалар әрі жария шарттың негізінде халыққа қоршаған ортаға қатысы бар қызметтерді көрсететін тұлғалар жеке және заңды тұлғалардың сауалдары бойынша экологиялық ақпаратты ашық беру міндеті белгіленген (164-баптың 2-тармағын қараңыз). Осыған қосымша ретінде, Өтініштерді қарау тәртібі туралы Заң (1-бабының 5) тармақшасын қараңыз) өздерінің құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және ол бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттің қатысуы жүз процентті құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және (немесе) мемлекеттік сатып

алу шарттарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынатын заңды тұлғаларға жұртшылықтың сауалдары бойынша ақпараттарды ұсыну міндетін көздейді.

Экологиялық ақпаратты беруге міндетті субъектілердің ауқымын кеңейту мемлекеттік органдардың функцияларын оларға бағынысты мекемелер мен ұйымдар жүзеге асыратынына байланысты. Екінші жағынан, жекелеген елді мекендер деңгейінде халыққа көрсетілетін және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тікелей байланысты жария қызмет көрсету саласында жекешелендіру жүріп жатыр. Заңнамалардың жаңа талаптарына сәйкес, мемлекеттік органдармен қатар, мемлекеттік органдардың бақылауымен қызметтерін жүзеге асырып отырған осы ұйымдарға жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты жұртшылыққа беру міндеті жүктелген. Осы құралға 1 қосымшаның 3 кестесінде мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын және халыққа қоршаған ортаға қатысы бар жария қызметтерді көрсететін және осыған байланысты экологиялық ақпараттың белгілі бір түрін иеленген ұйымдардың мысалдары келтірілген. Алайда бұл тізбенің толық еместігін есте тұту керек.

Экологиялық кодекстің 164-бабының 3-тармағына сәйкес, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар азаматтардың өмірі мен денсаулығына әсер етуге қатысты экологиялық ақпаратты адамдардың сауалдары бойынша беруге міндетті. Бұл талап тиісті жобалар бойынша қоршаған ортаға әсер етуді бағалау мен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу рәсімдері кезеңінде ықтимал елеулі экологиялық салдарлары бар шаруашылық және өзге де қызметтің мемлекеттік емес субъектілеріне қатысты. Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-б бұйрығымен қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсіміне қатысты экологиялық ақпараттың мазмұнын және оған қол жеткізу тәртібін айқындайтын Ереже бекітілген.

#### **2.1.4. Ақпараттық сауалды рәсімдеуге қойылатын заңнама талаптары**

Өтініштерді қарау тәртібі туралы Заңның 1-бабында сауал өтініштің бір түрі ретінде анықталады. Сауалда тұлғаның жеке немесе қоғамдық сипаттағы мүдделі мәселелер бойынша ақпаратты ұсыну туралы өтініші болады. Ол ауызша немесе жазбаша түрде не электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған электронды құжат түрінде жолдануы мүмкін (Жоғарыда аталған Заңның 1-бабының 4) тармақшасын қараңыз).

Сауал сұралып отырған ақпарат құзыретіне жататын субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жолданады (осы құралға 1-қосымшаның 2 кестесін қараңыз, онда түрлі субъектілер арасында экологиялық ақпаратты бөлу көрсетілген). Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңның 7-бабының 6-тармағына сәйкес, ақпараттық сауал тиісті мәселелер құзыретіне кірмейтін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға келіп түссе, онда өтініш үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы арыз берушіге хабарлана отырып, тиісті субъектілерге жіберіледі.

Себебі иесі жасырын сауалдар қаралмайды, жеке тұлғаның жазбаша сауалында оның аты-жөні, және оның қалауы бойынша әкесінің аты, сондай-ақ пошталық мекен жайы, ал заңды тұлғаның жазбаша сауалында ұйымның атауы, пошталық мекен-жайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетілуі тиіс (Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңның 5-бабының 1-тармағы). Жазбаша сауалға арыз беруші қол қояды. Сауалдың мазмұны бойынша қарау үшін сұралып отырған ақпараттың мәнін жазу талап етіледі. Президенттің 1995 жылғы 19 маусымдағы №2340 «Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» бұрын қолданыста болған заң күші бар Жарлығымен салыстырғанда, жаңа Заң өтініш жасау себептерін сауалда көрсетуді, яғни тұлғаның сұрап отырған ақпаратқа мүдделілігін тұжырымдауды талап етпейді. Осылайша қазақстандық заңнама арыз беруші талап ететін ақпаратқа өз мүдделілігін тұжырымдауға міндетті еместігін көздейтін Орхус Конвенциясы 4-бабының 1а-тармағына сәйкес келтірілді.

Бұл жағдайда «тұлғалардың мүдделі ауқымына емес, кез келген тұлғаға ақпарат ұсыну» принципі қолданылады және сауалда экологиялық ақпараттың сұралып отырған себептерін көрсетудің қажеті жоқ.

### **2.1.5. Экологиялық ақпаратқа сауалдарды қарау мерзімдері**

Экологиялық ақпаратты ұсыну мерзімдері мемлекеттік органдар бойынша әкімшілік рәсімдер туралы және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамалардың талаптарына сәйкес айқындалады. Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңның 8-бабы мемлекеттік органдар үшін жұртшылықтың сауалдары бойынша экологиялық ақпаратты ұсынудың мынадай мерзімдерін көздейді:

- егер өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмесе - күнтізбелік он бес күн ішінде;
- егер өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілсе - күнтізбелік отыз күн ішінде;
- егер қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болса, сауалды қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың материалдарына сауалдарға қатысты заңнамада уәкілетті орган күнтізбелік 15 күннің ішінде мемлекеттік экологиялық сараптама материалдарымен танысуға болатын жер мен уақыты көрсетіліп, жазбаша жауап беретіндігі белгіленген. Осы талап мемлекеттік экологиялық сараптама материалдарының көлемділігін ескере отырып, Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-б бұйрығының 6-тармағында белгіленген.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет деген себеппен экологиялық ақпаратты беру мерзімі ұзартылған жағдайларда мынадай талаптар орындалуы тиіс:

- ақпараттық сауалды қарау мерзімін ұзарту туралы шешімді сұралып отырған субъектінің басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды;
- ақпаратты сұратып отырған тұлға қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның ұзартылғаны жөнінде хабардар етілуі тиіс.

Экологиялық кодекстің 164-бабының 2-тармағына сәйкес өзге де жеке және заңды тұлғалар жұртшылықтың сауалдары бойынша экологиялық ақпаратты бір айдан кешіктірмей ұсынады. Осы құралдың 2 қосымшасына 4-ші кесте енгізілген. Ол экологиялық ақпаратқа сауалдарды қараудың жоғарыда көрсетілген мерзімдерін қолданудың жекелеген мысалдарын түсіндіреді.

### **2.1.6. Ақпараттық сауалға жауапты рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Жауап сұралып отырған экологиялық ақпаратты немесе оны ұсынудан дәлелді бас тартуды қамтуы тиіс және ол мемлекеттік немесе өтініш берген тілде рәсімделеді (Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңның 10-бабының 1-тармағы).

Экологиялық кодекстің 164-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды атқаратын лауазымды адамдар немесе жария шарттың негізінде халыққа қоршаған ортаға қатысы бар қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпаратты, егер оны басқа нысанда ұсынудың негіздері болмаса, сұралып отырған нысанда ұсынады (жазбаша, электрондық, дыбыс және бейнежазба және т.б.). Практикада ақпараттың сұратылып отырған нысанының болмауы, бұрын арыз берушіге ақпаратты сұратылған нысанда ұсыну фактісі ақпаратты сұратып отырған нысаннан басқа нысанда ұсыну үшін негіздер ретінде қарастырылады.

### 2.1.7. Экологиялық ақпаратты ұсынадан бас тарту негіздері мен мерзімдері

Экологиялық кодекстің 167-бабының 1-тармағы экологиялық ақпаратты ұсынадан бас тарту негіздерінің мынадай толық тізбесін белгілейді:

- сауал жалпылама түрде тұжырымдалған және өтініш беруші сұратқан мәліметтер мен деректерді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса;
- сұратылатын ақпарат жоқ болса;
- сауал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қол жеткізілуі шектелген мәліметтер мен деректерге жататын болса.

Жоғарыда көрсетілген негіздердің ішінде біріншісінің негізділігі экологиялық ақпаратты алуға сауалдың мәтінін зерделеу негізінде белгіленеді. Екінші негіз мемлекеттік органда, сондай-ақ оған бағынысты құрылымдарда, жоғары тұрған органда, оған бағынысты ұйымдарда сұралып отырған деректерлер немесе мәліметтер болмаған жағдайларда негізді болып табылады. Бұдан басқа, аталған негіз экологиялық ақпаратқа сауал жасалған кезде жоқ сауалдарға автоматты түрде қолданыла алмайды, ол ақпаратты жинауды Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес аталған мемлекеттік орган жүзеге асыруға міндетті. Атап айтқанда, бұл жергілікті жерлерге бару, заңнамалардың, жұртшылықтың экологиялық құқықтарының сақталуына тексеру жүргізу арқылы алынуы мүмкін мәліметтерге қатысты (Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңның 8-бабын қараңыз).

Экологиялық кодекстің 163-бабының 1-тармағына сәйкес, экологиялық ақпаратты қолжетімділігі шектелген ақпаратқа жатқызу Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Қолданыстағы заңдар экологиялық ақпаратқа қолданылатын қол жетімділіктің мынадай шектеулерін:

- қызметтік және коммерциялық құпияны<sup>22</sup>;
- зияткерлік меншік құқығын<sup>23</sup>;
- жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен алдын ала тергеудің құпиясын<sup>24</sup>;
- жеке бастың құпиясын<sup>25</sup>;
- бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын<sup>26</sup> анықтауға мүмкіндік береді.

Осы құралға 2-қосымшасының 5-ші кестесінде түрлі заңдармен көзделген экологиялық ақпаратты ұсынадан бас тартудың негіздері мысалдар ретінде қарастырылады.

Экология туралы мәліметтер құпияландыруға жатпайтын мәліметтер екенін атап өту қажет, бұл талап «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңның 17-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген.

### 2.1.8. Бас тартуды ресімдеуге қойылатын талаптар

Экологиялық кодекстің 167-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес экологиялық ақпаратты беруден бас тарту жазбаша түрде, бас тартудың себептері мен негіздері, оған өтініш

---

<sup>22</sup> Азаматтық кодекстің 126-бабы.

<sup>23</sup> Азаматтық кодекстің 125-бабы.

<sup>24</sup> Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 53-бабы, Жедел-ізвестіру қызметі туралы заң.

<sup>25</sup> Азаматтық кодекстің 144-бабы.

<sup>26</sup> Мемлекеттік статистика туралы заңның 11-13-баптары.

берушінің шағым жасау мүмкіндіктері көрсетіле отырып беріледі. Мемлекеттік органдар жағдайында - басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын экологиялық ақпаратты ұсынадан бас тартуға алынған сауалдың құзыретті мемлекеттік органға жіберілгені туралы хабарлама қоса беріледі. Бұл ретте барлық субъектілер үшін экологиялық ақпаратты ұсынадан бас тартудың жалпы мерзімі сауалды алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзім белгіленген (Экологиялық кодекстің 167-бабы 2-тармағы).

### **2.1.9. Экологиялық ақпаратқа төлемақы**

Экологиялық ақпарат үшін төлемақыға қатысты жалпы талаптар Экологиялық кодекстің 166-бабында белгіленген. Экологиялық ақпарат бергені үшін алынатын төлемақы ақпаратты көшіруге, іздестіруге және дайындауға жұмсалған нақты шығыннан аспайтындай мөлшерде алынуы мүмкін. Экологиялық ақпаратты жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік электронды тіркелім мен экологиялық ақпарат кадастры арқылы берген жағдайда заңға сәйкес оларға өтеусіз негізде қол жеткізуді ұсыну талап етіледі.

Егер Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 3 ақпандағы №25-ОД бұйрығымен бекітілген мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызмет көрсетулердің Мемлекеттік тіркеліміне тиісті қызмет көрсетулер енгізілмесе, экологиялық ақпаратты ұсынады тікелей мемлекеттік органдар әдетте ақысыз негізде жүзеге асырады. Қазіргі уақытта осындай ақылы қызмет көрсетулер қатарына жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жатқызылған, оны Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетулеріне бағаны қалыптастыру Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі №185-ОД бұйрығымен бекітілген арнайы ережелермен регламенттеледі. Бұл жағдайда, бағаларды жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес мемлекеттік мекемелер дербес қалыптастырып, оны уәкілетті мемлекеттік органдар бекітеді.

### **2.2. Жұртшылыққа экологиялық ақпараттың берілмеуіне байланысты шағым жасаудың іс жүргізу аспектілері мен сот практикасы**

*Орхус Конвенциясының 4-бабына сәйкес мемлекеттік органдар сауал түскен кезде жұртшылыққа экологиялық ақпарат ұсынуға міндетті.*

Жұртшылыққа экологиялық ақпаратты беруден бас тартқан мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағым жасауға байланысты істер бойынша сот практикасы тұрақсыз екендігін атап өту қажет.

*Жеке тұлғаның мүддесін қорғап, экологиялық ақпарат сауалына мысал.*

«Зеленое спасение» ЭБ азамат «Г-ның» мүддесін қорғап, сотқа жауапкер ЖШС директоры азаматтардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруға кедергі жасайтын лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі туралы талап арыз берген. талап арызда «Зеленое спасение» ЭБ-не азаматша «Г» практикалық көмек көрсету туралы арызбен жүгінгенін, азаматша «Г-ның» тұрғын үйінің тұсында көмір қабылдау, сақтау, өткізу, тауарлы бетондар мен керамзитбетондарын өндіретін кәсіпорынның орналасқанын, сол кәсіпорынның қасындағы үйде 1996 жылдан бері отбасы мүшелерімен тұратынын, олардың



үйінің жанындағы учаске цементпен үнемі шаң басып тұратынын атап көрсеткен. Цемент жер қыртысына еніп, бау-бақша өнімдерінің жойылуына әкеледі. Кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуінің нәтижесінде «Г-ның» отбасы және ауданның барлық тұрғындары КСМК-ның кінәсінен өмір мен демалыс үшін қолайлы жағдайлары жоқ. Сотқа аталған мәселе бойынша «Г» отбасы және басқа да азаматтардың жүгінуіне қарамастан, Алматы қаласы бойынша тұтастай қолайсыз экологиялық жағдай және құрылыс үшін бүкіл қаланы бетонмен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорынды жабу мүмкін емес деген себеппен олардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан. ЖШС директоры кәсіпорынның қызметін тәртіпке келтірместен, жұмыстың көлемін ұлғайтып, өндірісті кеңейте бастаған, бұл өз кезегінде атмосфераға зиянды заттардың қосымша бөлінуіне әкелген. Сол себепті азаматша «Г» 2007 жылғы 14 тамызда кәсіпорынның басшысына ағымдағы жылғы бірінші тоқсан ішіндегі өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерді, атап айтқанда қоршаған ортаға эмиссияға мониторингінің және әсер ету мониторингінің деректерін табыс етуі жөніндегі өтінішпен жүгінген. Алайда ЖШС сауалға жауап қайтармаған.

Сондықтан талапкер ЖШС-нің әрекетсіздігі жұртшылықтан ақпаратты жасыру болып табылып, азаматтардың қолайлы өмір сүру ортасына құқықтарына қысым жасалған деп есептейді. Соттан ЖШС директорының әрекетін азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын заңсыз әрекет, яғни әрекетсіздік деп тануды сұраған. ЖШС директорынан ағымдағы жылғы бірінші тоқсан ішіндегі өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерді, ЖШС қоршаған ортаға эмиссияға мониторингінің және әсер ету мониторингінің деректерін табыс етуін міндеттеуді сұраған.

Алматы қаласы Жетісу аудандық сотының 2007 жылғы 10 желтоқсандағы сырттай шешімімен талап арыз қанағаттандырылып, азаматша «Г-ға» сұратылған ақпаратты табыс етпеген ЖШС директорының әрекетсіздігі заңсыз деп танылып, ЖШС директорын азаматша «Г-ға» ағымдағы жылғы бірінші-екінші тоқсан ішіндегі өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерді, ЖШС қоршаған ортаға эмиссияға мониторингінің және әсер ету мониторингінің деректерін табыс етуін міндеттеген.

Сот шешімде Экологиялық кодекстің 167-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мынадай негіздер бойынша:

- 1) сауал жалпылама түрде тұжырымдалған және өтініш беруші сұратқан мәліметтер мен деректерді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса;
- 2) сұратылатын ақпарат жоқ болса;
- 3) сауал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қол жеткізілуі шектелген мәліметтер мен деректерге жататын болса, экологиялық ақпарат беруден бас тартылуы мүмкін деп тұжырымдаған.

Экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту арызданушыға ол қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Бас тарту жазбаша түрде бас тартудың себептері мен негіздері, арызданушы оған шағымдану мүмкіндігін көрсете отырып беріледі, сондай-ақ Экологиялық кодекстің 165-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда бас тартылған сауалдың құзыретті мемлекеттік органға жіберілгені туралы хабарламаны қамтиды.

Экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту, ұсынбау, толық емес немесе дұрыс емес экологиялық ақпарат ұсыну, сондай-ақ жалпыға бірдей қол жетімді экологиялық ақпаратты қол жеткізуі шектелген ақпаратқа заңсыз жатқызу жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды тұлғаға немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

Сот ЖШС директорының әрекетсіздігінің арқасында азаматша «Г-ның» экологиялық ақпаратқа, атап айтқанда өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларына және өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерлерге қол жеткізу құқығы бұзылған.

Аталған шешімге тараптар шағым жасамағандықтан, сондай-ақ прокурор наразылық келтірмегендіктен, шешім заңды күшіне енген.

Аталған іс бойынша сот актілеріне талдау жасау:

Арызды сот сырттай іс жүргізу тәртібімен қараған. Сырттай іс жүргізу тек бірінші сатыдағы сотта ғана жүргізілетінін және азаматтық процестің кейінгі сатыларына қатысы жоқ атап өту қажет. Істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау ерекшеліктері АІЖК 260 және 261-бабтарында қарастырылған. Сонымен, отырыстың өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланған, келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған және істі өзі жоқта қарауды сұрамаған жауапкер сот отырысына келмей қалған жағдайда, егер талап қоюшы бұған қарсы болмаса, іс сырттай іс жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін. Егер сот отырысына келген талап қоюшы жауапкер жоқта істі сырттай жүргізу тәртібімен қарауға келіспесе, сот істің қаралуын кейінге қалдырады және жауапкерге жаңа сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді. Тиісті түрде хабарланған жауапкер тағы да келмей қалған жағдайда сот істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарайды. Сот істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау туралы ұйғарым шығарады. Талап қоюшы істің нысанасын немесе талаптың негіздемесін өзгерткен жағдайда сот істі соттың сол отырысында сырттай іс жүргізу тәртібімен қарауға құқылы еместігін көрсетеді.

### ***Қоғамдық бірлестіктердің экологиялық ақпаратқа сауалына мысал.***

«Зеленое спасение» ЭБ сотқа қалалық әкімдікке заңды тұлғаның әрекетсіздігі және сұратылған ақпаратты беруге міндеттеу туралы талап арызбен жүгініп, өз талабында «Зеленое спасение» ЭБ «К» курорттық тау шаңғысы базасының құрылысы қай жерде жоспарланатынын хабарлау, аталған жобаны әзірлеу басталған-басталмағаны, жоба туралы толық ақпаратты қайдан алуға болатындығы жөніндегі өтінішпен әкімдікке бірнеше рет жүгінгенін, алайда олардың сауалдары ескерілмегенін және ақпарат берілмегенін көрсеткен.

Осыған байланысты талапкер:

- «Зеленое спасение» ЭБ-ке әкімдіктің «К» курорттық тау шаңғысы базасының құрылысы қай жерде жоспарланғаны, осы жобаның әзірлену мерзімдері, сондай-ақ құрылыс туралы толық ақпаратты алуға болатын ведомство туралы мәліметтерді табыс етпеуін әрекетсіздік деп тану;
- әкімдікті жоғарыда көрсетілген ақпаратты табыс етуге міндеттеу, әкімдіктен сот шығындарын өндіру жөніндегі талаптар қойған.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 14 қарашадағы сырттай шешімімен талап қанағаттандырылған. Әкімдіктің сұратылған ақпаратты табыс етпеуі әрекетсіздік деп танылып, әкімдікті сұратылған ақпаратты табыс етуге міндеттеп, әкімдіктен талапкердің пайдасына мемлекеттік бажды қайтару тәртібімен 5460 теңге өндірілген.

Сот талапкердің талабын қанағаттандырып, әкімдік Экологиялық кодекстің 164-бабының 1 және 2-тармақтарын, Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Орхус Конвенциясының 4-бабын, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 8-бабының 1-тармағын және 9-бабын бұзып, «Зеленое спасение» ЭБ-не арызданушының арызы құзыреттеріне сәйкес Сәулет және қала құрылысы департаментіне жіберілгені және әкімнің 2007 жылғы 27 наурыздағы өкімінің негізінде жұмыс тобының құрылғаны туралы хабардар етпеген.

Аталған шешімге тараптар шағым жасамағандықтан, сондай-ақ прокурор наразылық келтірмегендіктен, шешім заңды күшіне енген.

Сот актілерінің мазмұнына талдау жасағанда, жұртшылықтың жоғарыда көрсетілген арыздарын шешу кезінде сот мынадай іс жүргізу қателіктеріне жол бергені анықталған:

- 1) Істер талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен қаралған. Мұнымен қоса, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) арызды сот ерекше талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен қарайды (АІЖК 27-тарауы), оның өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, сотқа арызбен жүгінудің қысқартылған мерзімдері (арызданушы өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде), сотта арызды қараудың қысқартылған мерзімі (бір айлық мерзімде), сот актісін орындаудың қысқартылған мерзімі (соттың шешімін алған күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей) және басқалар. АІЖК 27-тарауында талап қою бойынша іс жүргізуге қатысты талапкер, жауапкер, талап арыз, талап қою не басқа да терминдер қолданылмайды. Ерекше талап қою бойынша жүргізілетін істер бойынша талап арыз емес, арыз беріледі, себебі Азаматтық іс жүргізу кодексі мұндай істерді қозғаудың ерекше құралын белгілейді. Құқық туралы даудың субъектілері талапкерлер мен жауапкерлер деп аталмайды. Алайда, арыз беруші және сот осы іс бойынша ерекше талап қою бойынша іс жүргізуге тән емес терминдерді қолданған.
- 2) Талаптар (арыздар) қала әкімдігіне қойылған. Мұнымен қоса, әкімдік заңды тұлға болып табылмайды. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26, 29, 30, 33-баптарына сәйкес әкім азаматтармен, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарда тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің мүдделерін білдіреді. Сондықтан мұндай істер бойынша тарап әкімдік немесе әкім аппаратының басшысы емес, тиісті аумақтық бөліністің әкімі немесе оның өкілі болуы тиіс. Бұл ретте, сотта істі жүргізуге берілген өкілеттіктер шегінде, әкім берген сенімхаттың негізінде әкімнің аппараты заңды тұлға ретінде (әкім аппаратының басшысы) іс бойынша әкімнің өкілі ретінде өкілдік ете алады.

Орхус Конвенциясының 4-бабының 4-тармағы экологиялық ақпаратты беру туралы өтініштен бас тартудың бірқатар негіздерін қамтиды. Егер:

- a) *өтініш жіберілген мемлекеттік органда сұрау салынған экологиялық ақпарат болмаса;*
- b) *өтініш анық негізсіз болып табылса немесе тым жалпылама түрде тұжырымдалса; немесе*
- c) *өтініш әзірлеудің ақырғы кезеңінде, немесе мемлекеттік органдардың ішкі хат жазысуларында және олардың арасында тұрған, ұлттық заңдарда немесе қалыптасқан практикада мұндай жағдай көзделген материалдарға қатысты болса, экологиялық ақпарат беру туралы өтініштен бас тартылуы мүмкін, бұл орайда жұртшылықтың мұндай ақпарат алуға мүдделілігі ескеріледі.*

**Мысал.** «Зеленое спасение» Экологиялық қоғам сотқа Статистика басқармасының бастығы «К-ға» заңды тұлға өз құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасаған лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі жөнінде арыз беріп, өз талабында 2007 жылғы 21 ақпанда экологиялық қоғам Экологиялық кодекстің нормаларын басшылыққа алып, Статистика басқармасының бастығына мемлекеттік 1998-2006 жылдар ішінде «М» АҚ атмосфераға ластағыш заттардың шығарындылары туралы статистикалық есептіліктің 2-ТП (ауа) нысанындағы жыл сайынғы деректерді, 1998-2006 жылдар ішінде «М» АҚ суды пайдалану жөніндегі 2-ТП (су шаруашылығы) нысанындағы жыл сайынғы мемлекеттік статистикалық есептілікті, 1998-2006 жылдар ішінде «М» АҚ қалдықтардың

түзілуі, пайдаланылуы және орналастырылу жөніндегі 2-ТП (қалдықтар) нысанындағы жыл сайынғы мемлекеттік статистикалық есептілікті беру жөніндегі өтінішпен жүгінгенін, алайда, Статистика басқармасының бастығы 2007 жылғы 7 наурыздағы хатпен «аталған ақпарат құпия ақпарат болып табылады және ол аталған кәсіпорынның келісімімен немесе ІІМ органдарының қозғалған қылмыстық істер бойынша жүгінуіне байланысты таратылады» деп хабарлағанын, осыған байланысты «Зеленое спасение» ЭҚ лауазымды тұлғаның әрекеттерін заңды тұлғаның құқықтары мен мүддесін бұзатын әрекеттер деп танып, лауазымды тұлғаны сұратылған ақпаратты беруге міндеттеуді сұраған.

Қарағанды қаласының Қазыбекби аудандық сотының 2007 жылғы 23 шілдедегі шешімімен «Зеленое спасение» ЭҚ арызы қанағаттандырылмаған.

Қарағанды облыстық сотының 2007 жылғы 15 қазандағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімін қайта қарау жөнінде қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тартылған.

Жоғарғы Соттың қадағалау алқасының судьясы қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша 2007 жылғы 6 желтоқсанда бірінші сатыдағы соттың шағымдалып отырған шешімін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарған.

Қарағанды қаласының Қазыбекби аудандық сотының 2007 жылғы 23 шілдедегі шешімін қайта қараудан бас тарта отырып, Жоғарғы Соттың судьялары бірінші сатыдағы сот сұратылып отырған ақпараттың құпия ақпарат болып табылатындығы жөніндегі тұжырымы негізделген деген қорытындыға келген. Бұл ретте, «Мемлекеттік статистика туралы» Заңның 11-бабына сілтеме жасаған. Оған сәйкес, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде Республиканың заңдарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі негізінде мемлекеттік және коммерциялық құпияны, бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

Бірінші сатыдағы сот арызды қанағаттандырудан бас тарта отырып, Статистика басқармасы бастығының 2007 жылғы 7 наурыздағы «Зеленое спасение» ЭҚ жолданған хатына сәйкес мемлекеттік статистика органдарында сауалда тізбектеліп көрсетілген статистикалық есептіліктің нысандары ішінде тек қана атмосфералық ауаны қорғау туралы 2-ТП (ауа) нысаны бойынша есеп әзірленетінін көрсеткен. Мұнымен қоса, «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес бастапқы статистикалық ақпарат құпия ақпарат болып табылады және ол аталған кәсіпорынның келісімімен немесе ІІМ органдарының қозғалған қылмыстық істер бойынша жүгінуіне байланысты таратылады. Солай бола тұрса да, Статистика басқармасы атмосфералық ауаны қорғау туралы және облыстың қалалары мен аудандары бойынша уытты қалдықтардың түзілуі мен жойылуы, экономикалық қызмет түрлері мен ластағыш заттардың түрлері бойынша жиынтық ақпаратты беруге мүмкіндігі болды.

Есептіліктің аталған нысаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2006 жылғы 23 шілдедегі №12-г бұйрығымен бекітілген. Бұл ретте, бұйрықта ақпаратты алушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді деп нақты атап көрсетілген.

Бұдан басқа, сот «М» АҚ суды пайдалану жөніндегі есептіліктің 2-ТП (су шаруашылығы) нысанын және қалдықтардың түзілуі, пайдаланылуы және орналастырылу жөніндегі есептіліктің 2-ТП (қалдықтар) нысанын Статистика басқармасы әзірлемейтінін анықтаған. Сонымен қатар, статистика органдарында атмосфералық ауаны қорғау туралы және облыстың қалалары мен аудандары бойынша уытты қалдықтардың жойылуы туралы жиынтық ақпарат бар.

Сонымен, Жоғарғы Соттың судьялары қадағалау шағымын алдын ала қарау барысында бірінші сатыдағы соттың қорытындыларымен келіскен.

***Талап арызды шешу бойынша хронология:***

- *«Зеленое спасение» ЭҚ 2007 жылғы 29 мамырдағы арызы Қарағанды қаласының Қазыбекби аудандық сотына 2007 жылғы 4 маусымда түскен;*
- *2007 жылғы 8 маусымдағы ұйғарыммен іс жүргізу қозғалған;*
- *судьяның 2007 жылғы 13 маусымдағы ұйғарымымен істі сот талқылауына дайындау жұмыстарын жүргізу ұйғарылды;*
- *судьяның 2007 жылғы 14 маусымдағы ұйғарымымен істі сот талқылауына дайындау мерзімі ұзартылды;*
- *судьяның 2007 жылғы 2 шілдедегі ұйғарымымен іс 2007 жылғы 6 шілдеге тағайындалған.;*
- *2007 жылғы 23 шілдеде Қарағанды қаласының Қазыбекби аудандық сотының арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі шығарылған;*
- *Қарағанды облыстық сотының 2007 жылғы 15 қазандағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шағымдалып отырған шешімін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тартылған ;*
- *Жоғарғы Соттың қадағалау алқасының судьялары қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша 2007 жылғы 6 желтоқсанда бірінші сатыдағы соттың шағымдалып отырған шешімін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарған.*

Осы іс бойынша сот актілерінің заңдылығы туралы мәселені талқыламастан, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес бастапқы статистикалық ақпаратты тарату ақпаратты берген жеке және заңды тұлғалардың келісімімен ғана немесе аты-жөні көрсетілмей жүргізілуі мүмкін. Статистика органы бастапқы ақпаратқа сауалды алған кезде оған жауапты бермес бұрын ақпаратты берген тұлғалардың пікірін алдын ала анықтауы тиіс, яғни олардың бастапқы статистикалық ақпаратты таратуға келісетіндігі немесе келіспейтіндігін анықтауы тиіс.

Экологиялық ақпаратты беру жөніндегі мәселелер Экологиялық кодекспен, сондай-ақ Орхус Конвенциясының ережелерімен реттеледі. Өкінішке орай, жоғарыда көрсетілген сот актілерінде осы халықаралық шартқа және Экологиялық кодекске сілтеме жоқ.

Осыған ұқсас азаматтық іс бойынша экологиялық ақпаратқа сауалға мысал. «Зеленое спасение» ЭБ сотқа Статистика басқармасының бастығы «З-ға» заңды тұлға өз құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасаған лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі жөнінде арыз түсіріп, өз талабы бойынша төмендегілерді көрсетеді. 2006 жылғы мамырда «Зеленое спасение» ЭБ-не азаматша «А» қолайсыз қоршаған ортаға байланысты көмек көрсетуді сұрап жүгінген. Аталған фактіні толық тексеру үшін «Зеленое спасение» ЭБ Статистика басқармасының бастығы «З-дан» «КПО» кәсіпорынның атмосфераға ластағыш заттардың шығарындылары туралы ақпарат беруді сұраған. Алайда Статистика басқармасының бастығы «З» ақпараттың құпия екенін көрсете отырып, аталған ақпаратты беруден бас тартқан.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 7 мамырдағы шешімімен «Зеленое спасение» ЭБ арызы қанағаттандырудан бас тартылған. Бұл шешім Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2007 жылғы 12 маусымдағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған.

Жоғарғы Соттың қадағалау алқасының 2008 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен осы іс бойынша сот актілері бұзылып, «Зеленое спасение» ЭБ арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданған. Сондай-ақ Статистика басқармасының бастығын «З» «Зеленое спасение» ЭБ-не сұратылған экологиялық ақпаратты беруді міндеттеген.

Алқа іс бойынша шығарылған сот актілерін «Зеленое спасение» ЭБ қадағалау шағымы бойынша бұзып, іс бойынша материалдық құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуына жол берілгенін, атап айтқанда заңның нормаларына дұрыс түсіндірме берілмегенін көрсеткен.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде Республиканың заңдарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі негізінде мемлекеттік және коммерциялық құпияны, бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

Іс материалдары бойынша жауапкердің 2007 жылғы 24 қаңтардағы №7.1-45/127 хатымен арызданушының жоғарыда көрсетілген Заңның нормалары негізінде сұратылған ақпаратты беруден бас тартқан. Ол бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығына сілтеме жасаған.

Арызданушы сұратылған ақпарат мемлекеттік және коммерциялық құпия емес деп есептейді. Бұдан басқа, «Зеленое спасение» ЭБ «КПО» заңды тұлға туралы бастапқы ақпаратты емес кәсіпорының атмосфераны ластауының жай-күйі туралы ақпаратты сұратқан.

Алқа қадағалау шағымының аталған уәждерін негізді деп таныған.

Сот «Зеленое спасение» ЭБ арызын қанағаттандырудан бас тарта отырып, арызданушының «Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп» «ауа» 2-ТП нысаны бойынша сұраған ақпарат бастапқы статистикалық ақпарат, яғни ол құпия ақпарат болып табылады.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес, бастапқы статистикалық ақпарат - статистикалық байқау жүргізілген кезде мемлекеттік статистика органдарына статистикалық мақсаттарда пайдалану үшін табыс етілген нақты жеке тұлға, заңды тұлға және оның құрылымдық бөлімшесі туралы деректер.

Іс материалдары бойынша «Зеленое спасение» ЭБ «КПО» кәсіпорынның қызметкерлерінің саны, олардың жалақы мөлшері, қызметінің бейімі, құрылымдық бөлімшелері туралы мәліметтерді сұратпаған, сондықтан соттың атмосфераға шығарындылар туралы сұратылып отырған ақпаратты бастапқы статистикалық ақпарат, яғни құпия ақпарат болып табылады деген қорытындысымен келісуге болмайды.

Орхус Конвенциясы қоршаған ортаның ластануына байланысты ақпараттың ашықтығына ерекше назар аударады. Біріншіден, бұл ақпараттар коммерциялық құпия деп танылмайды, ал екіншіден, бұл құпия ақпараттың ашылуы туралы шешім қабылдау үшін қосымша негіз бола алады. Алқа құпия мәліметтері бар құжаттарға қоғамдық сауал алған жағдайда, мемлекеттік орган құжаттағы жабық ақпаратты алып тастап, құжаттың қалған бөлігіндегі ақпаратты беруі тиіс деген қорытындыға келген.

Орхус Конвенциясының ережелерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуы - экологиялық қауіпсіздіктің негізгі принциптерінің бірі ретінде айқындалған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Баяндалғанды ескере отырып, Жоғарғы Соттың қадағалау алқасы осы істі қараған кезде Орхус Конвенциясының 4-бабын қолданған.

Осы баптың ережелеріне сәйкес, егер мұндай ақпаратты жария ету:

а) мұндай құпиялық ұлттық заңдарда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар жұмысының құпиялылығына;

д) заңды экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында мұндай құпиялылық заңмен қорғалатын жағдайларда коммерциялық және өнеркәсіптік ақпараттың құпиялылығына теріс ықпал ететін болса, экологиялық ақпарат беру туралы өтініштен бас тартылуы мүмкін. Бұл ретте қоршаған ортаны қорғауға қатысты шығарылып тасталған қалдықтар туралы ақпарат ашып көрсетілуге тиіс.

Жұртшылықтың ақпаратты ашуға мүдделілігін ескеріп және сұратылған ақпараттың қоршаған ортаға шығарындыларға жататындығын немесе жатпайтындығын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген бас тарту үшін негіздер қысқаша түсіндіріледі. Ұлттық заңнаманың, сондай-ақ халықаралық шарттың аталған нормаларына талдау сұратылатын экологиялық ақпарат жабық болмайды, мұндай ақпаратты беру мемлекеттік органның, яғни статистика органы қызметінің құпиялылығына теріс әсерін тигізбейді және оның үстіне қоршаған ортаны қорғауға жататын шығарындылар туралы ақпарат ашып көрсетілуі тиіс екенін айғақтайды.

Аталған мән-жайларды назарға алып, алқа статистика органдарының атмосфераға шығарындылар туралы ақпаратты беруден бас тартуы халықаралық шарттың нормаларына қайшы келетіндіктен іс бойынша шығарылған сот актілері күшін жойып, арызданушының талаптарын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығару туралы қорытындыға келген.

**Арызды шешу бойынша хронология:**

- «Зеленое спасение» ЭБ арызы Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2007 жылғы 16 наурызда түскен.;
- судьяның 2007 жылғы 20 наурыздағы ұйғарымымен арыз АІЖК 155-бабының тәртібімен қозғалыссыз қолдырылып, «Зеленое спасение» ЭБ-не кемшіліктерді жою үшін 2007 жылғы 25 наурызға дейін мерзім берілген;
- судьяның 2007 жылғы 26 наурыздағы ұйғарымымен іс бойынша іс жүргізу қозғалып, істі сот талқылауына дайындау жұмыстарын жүргізу ұйғарылған;
- судьяның 2007 жылғы 30 наурыздағы ұйғарымымен істі сот талқылауына дайындау мерзімі ұзартылған;
- судьяның 2007 жылғы 16 сәуірдегі ұйғарымымен іс сот талқылауына 2007 жылғы 26 сәуірге тағайындалған;
- соттың 2007 жылғы 26 сәуірдегі ұйғарымымен «Батыс Қазақстан облысы Статистика басқармасы» ММ тиісті емес уәкілетті органды «Батыс Қазақстан облысы Статистика басқармасы» ММ бастығы – тиісті лауазымды тұлғаға - «Х»;
- 2007 жылғы 7 мамырда Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі шығарылған;
- 2007 жылғы 21 мамырда «Зеленое спасение» ЭБ апелляциялық шағымы түскен.;
- 2007 жылғы 12 маусымда Батыс Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сатысының қаулысы шығарылған;
- Облыстық соттың қадағалау алқасына күні көрсетілмеген қадағалау шағымы берілген;
- 2007 жылғы 24 тамызда Батыс Қазақстан облыстық сотының қадағалау алқасы судьяларының қадағалау іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған;
- 2008 жылғы 16 қаңтарда Жоғарғы Соттың қадағалау алқасына қадағалау шағымы берілген;
- 2008 жылғы 6 наурызда Жоғарғы Соттың қадағалау алқасы судьяларының қадағалау іс жүргізуді қозғау туралы қаулысы шығарылған;
- 2008 жылғы 26 наурызда Жоғарғы Соттың қадағалау алқасының сот актілерін қайта қарау туралы, іс бойынша сот актілерін бұзып, «Зеленое спасение» ЭБ арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдау туралы қаулысы шығарылған .
- Осы сот дауы істі Қазақстанның барлық сот сатыларында қарап, арыз келіп түскен сәттен бастап түпкілікті сот шешімін қабылдағанға дейін бір жыл он күнде шешілген.

Азаматтық істі зерделеген кезде, «Зеленое спасение» ЭБ арызы Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2007 жылғы 16 наурызда түскен, ал бірінші сатыдағы соттың шешімі 2007 жылғы 7 мамырда шығарылған, яғни бір ай жиырма күннен кейін шығарылған. Мұнымен қоса, арызды ерекше іс жүргізу тәртібімен қарау мерзімі АІЖК 281-бабына сәйкес бір айды құрайды.

Бұдан басқа, осы істі және осыған ұқсас істерді зерттеу барысында «Зеленое спасение» ЭБ азаматтардың мүддесін қорғап экологиялық ақпаратты беру туралы арызбен (талаппен) жалпы юрисдикциядағы сотқа, сондай-ақ мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа жүгінгені анықталған.

Сонымен қатар, АІЖК 56-бабының 2-бөлігіне сәйкес бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған (арыз берген) адамдар, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының (арыз берушінің) барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Осы норманың мағынасы бойынша қоғамдық бірлестіктің талап қоюдан (арыздан) бас тартуы мүдделеріне сай іс қозғалған адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Егер мүдделеріне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса, үшінші тұлғалардың құқықтарына қысым жасалмаса, сот талап қоюды (арызды) қараусыз қалдырады.

Айтылғандардың негізінде даулы құқықтық қатынастар заңды тұлғалардың арасында емес, экологиялық қоғамдық бірлестік сотта мүддесін қорғайтын азамат (азаматтар) және экологиялық ақпаратты беруден бас тартқан заңды тұлға арасында орын алады деген қорытынды туындайды. Демек, мұндай дауларды заңды тұлғаның – аумақтық мемлекеттік органның орналасқан жері бойынша жалпы юрисдикциядағы соттар шешуі тиіс.

#### ***Табиғат пайдаланушылар туралы мәліметтердің барлығы дерлік экологиялық ақпаратқа жатпайтынын атап өту қажет.***

**Мысал.** «Зеленое спасение» ЭБ сотқа «К» ДГП-ның директорына ақпаратты бермеуіне байланысты лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі туралы және «А» қаласы әкімінің атына уәкілетті органның заңдарды сақтамауы үшін жеке ұйғарым шығару туралы арызбен жүгінген. Өз талабында Горный Гигант шағын ауданының тұрғыны «Б-ның» арызына сәйкес «Есентай» өзенінің жағасындағы учаскеге топырақтар мен құрылыс қоқыстары тасталып, алаңды құрылыс жұмыстарына дайындау жүргізіліп жатқанын, аталған қызметті учаскенің меншік иесі Жер кодексінің талаптарын бұзып жүзеге асыратынын көрсетіп, әкім орынбасарының тапсырмасы бойынша құрылыс орнына барған комиссия алаңы 0,1977 га жер учаскесі азамат «Б-ға» тиесілі екенін, оған жер учаскесі әкімнің 2005 жылғы 23 қарашадағы қаулысының негізінде тұрғын үй құрылысы үшін берілгенін анықтаған.

Осы учаскеде топырақ пен құрылыс қоқыстары табылған, бұл «Есентай» өзенінің су қорғау белдеулерінің ластануын айғақтайды. Бұдан басқа, ҚР 3.01-01.2002 ҚНМЕ (Құрылыс нормалары мен ережелерін) бұзып, аталған жер учаскесі су қорғау белдеуінде орналасқан. Көрсетілген мән-жайларға байланысты талапкер 2007 жылғы 4 сәуірде Алматы қалалық аумақтық жер ресурстары басқармасына азамат «Б-ға» жер учаскесіне жеке меншік құқығына мемлекеттік актінің берілген-берілмегені, бұл құқықтың белгіленген тәртіппен мемлекеттік органда тіркелгені-тіркелмегенін хабарлау жөніндегі өтінішпен жүгінген. Аталған өтініш 2007 жылғы 6 маусымда тиістілігі бойынша ДГП-ға қайта жіберілген, алайда сауалға жауап берілмеген.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2007 жылғы 23 қарашадағы сырттай шешімімен «Зеленое спасение» ЭБ талабы қанағаттандырусыз қалған.

Талапты қанағаттандырусыз қалдыра отырып, сот мынадай мән-жайларды атап көрсеткен:



Арыз беруші АІЖК 65-бабының талаптарын бұза отырып, ДГП директоры – лауазымды тұлғаның жер учаскесіне жеке меншік құқығына мемлекеттік актіні беруден бас тарту фактісін растайтын дәлелдемелерді, оның тіркелуі туралы ақпаратты табыс етпеген.

Сонымен қатар, арыз берушіге шешім шығарылғанға дейін ДГП-ның 2007 жылғы 8 қарашадағы хатымен сұратылған ақпарат беріліп, жеке меншік құқығына актіні арыз берушінің өкілі 2007 жылғы 14 қарашада алған.

АІЖК 235-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес жеке ұйғарым шығару соттың міндеті емес құқығы болып табылатындықтан ДГП директоры заңдарды сақтамағаны үшін Алматы қаласы әкімінің атына жеке ұйғарым шығару туралы талапты сот қанағаттандырусыз қалдыру қажет деп есептеген.

Аталған шешімге экологиялық қоғамдық бірлестік қадағалау тәртібімен шағымданған.

Алматы қалалық сотының қадағалау алқасының 2008 жылғы 1 сәуірдегі қаулысымен сырттай шешімнің ДГП директоры арыз берушіге азамат «Б-ға» бөлінген жер учаскесіне меншік құқығының мемлекеттік актісін табыс етпеуін әрекетсіздік деп танудан бас тарту бөлігі бұзылып, бұл бөлікте ДГП директоры азамат «Б-ға» бөлінген жер учаскесіне меншік құқығының мемлекеттік актісін «Зеленое спасение» ЭБ-не бермегенін әрекетсіздік деп тану туралы жаңа шешім қабылданған. Шешімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Сот актілерінен экологиялық қоғамдық бірлестік азамат «Б-ға» жер учаскесіне жеке меншік құқығына мемлекеттік актінің берілген-берілмегені, бұл құқықтың белгіленген тәртіппен мемлекеттік органда тіркелгені-тіркелмегені жөніндегі ақпаратты беру туралы талап қойғаны белгілі болған.

Экологиялық кодекстің 159-бабына сәйкес экологиялық ақпарат:

- 1) қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі;
- 2) қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы туралы;
- 3) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар;
- 4) экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;
- 5) қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар және оларды қаржыландыру;
- 6) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын қызмет, ол бойынша шешім қабылдау процесі және инспекторлық экологиялық тексерулер нәтижелері, оның ішінде бұл ретте қаралған қоршаған ортаға қатысты есептер, талдаулар мен өзге де мәліметтер;
- 7) қоршаған орта жай-күйінің халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және тіршілік жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға әсер етуі туралы мәліметтер мен деректерді қамтитыны белгілі.

Бұл мысалдан сот тәртібімен сұратылған ақпарат экологиялық ақпаратқа жатпайтындығы туралы қорытынды жасалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйекте №958 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережелерінде мемлекеттік жер кадастры мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды жер және жекелеген жер учаскелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетіндігі көзделген. Кадастрдың құрамына жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар туралы ақпарат кіреді. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен жеке және заңды тұлғалар Кадастр мәліметтерін пайдаланушылар болып табылады. Кадастрдың мемлекеттік құпияларды және өзге де

шектеулерді қамтымайтын мәліметтері жалпыға қол жетімді болып табылады және мүдделі жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде беріледі.

Сөйтіп, нормативтік құқықтық актілер жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жөніндегі ақпаратты талап етуге жол береді. Сондықтан жер учаскесіне меншік құқығының актісін емес, ақпаратты бермегенін облыстық соттың қадағалау алқасы уәкілетті орган басшысының әрекетсіздігі деп тануына әкелген.

Алматы қалалық сотының қадағалау алқасы бірінші сатыдағы соттың сырттай шешімінің аталған жер учаскесіне құқықты мемлекеттік тіркеу туралы ақпаратты беруден бас тарту бөлігін заңды түрде өзгеріссіз қалдырған, себебі ДПП мұндай ақпарат жоқ.

Әділет органдары жүргізетін құқықтық кадастр жылжымайтын мүлік объектісінің құқықтық иеленушісі туралы ақпаратты алудағы ресми ақпарат алу көзі болып табылады.

Бұрын құқықтық кадастрдағы деректерге қол жеткізу «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 21-бабымен реттелетін. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310-III Заңының қабылдануына байланысты бұл Жарлықтың күші жойылған.

Қолданыстағы «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Құқық иесінің сәйкестендіру деректерін (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің аты мен туған күнін, заңды тұлғаның атауы мен тіркеу нөмірін) қоспағанда, азаматтар және басқа да құқық иелері туралы ақпаратты ашатын мәліметтер (дербес деректер) берілмейді. Яғни мүдделі тұлға заңда белгіленген тәртіппен мәліметтерді, атап айтқанда құқық иеленушінің тегі, аты және әкесінің аты туралы мәліметтерді алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы №239 бұйрығымен бекітілген құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қорғалатын мемлекеттік құпияларға, коммерциялық құпияларға және өзге де құпияларға қатысты мәліметтерден басқа, Құқықтық кадастрдың мәліметтері осы Ереженің 12-тармағында көзделген жағдайлардан басқа ретте, жалпы қол жетімді болып табылады (Ереженің 12-тармағы: Құқықтық кадастрдың тіркеу ісінде тұрған құжаттардың көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген олардың құзыретіне сәйкес сот, құқық қорғау органдарының және басқа мемлекеттік органдардың дәлелді сауалдары бойынша ұсынылады. Өзге адамдарға көрсетілген ақпарат құқық иесінің келісімі бойынша беріледі).

Сонымен жылжымайтын объектінің құқық иеленушісі туралы ақпаратты ұсыну туралы талапты құқықтық кадастрды жүргізетін әділет органдарына беруге болады.

Бұл ретте, құқық бұзушы жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы болып табылатындығына немесе ондай болып табылмайтындығына қарамастан, экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікте болады.

Сотқа талаппен (арызбен) жүгіну үшін экологиялық заңнаманы бұзушының деректемелері болуы қажет. Жұртшылықтың экологиялық заңнамаларды бұзатын тұлғалардың атауын анықтау бойынша қиындық туғызатын фактілердің жиі орын алатынын мойындау қажет. Экологиялық заңнаманы бұзушы туралы толық ақпараттың болуы тиісті жауапкерге (тұлғаға) талап (арыз) беру үшін қажет екені белгілі. Бұл АІЖК 150-бабына сәйкес талап арыздың мазмұнында жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, егер талапкерге оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені, жұмыс орны және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (егер арызда сот бұйрығын шығару туралы көрсетілсе) туралы мәліметтер белгілі болса немесе егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері не

талапкерге бірыңғай Мемлекеттік тіркелімнен мәліметтер белгілі болса салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банк реквизиттері және тағы басқалар көрсетілуі тиіс.

Егер экологиялық қоғамдық бірлестік экологиялық заңнаманы бұзатын тиісті жауапкерді анықтауға мүмкіндігі болмаса, қоршаған ортаның ластануына әсер етудің соттан тыс басқа да тәсілдері бар.

Реквизиттері белгілі емес тұлғаларға қатысты қоршаған ортаның ластануына әсер етудің соттан тыс тәсілдерінің бірі тиісті уәкілетті органның атына қоршаған ортаның ластануы туралы ақпаратты ұсыну болу мүмкін. Бұл құқық жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар және өзге де уәкілетті органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асыруды ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді реттейтін Жер кодексінің 145-бабының ережелерінен туындайды. Атап айтқанда жер заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жоспардан тыс тексерулер арқылы жүргізіледі, олар жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерде және өзге де ақпаратта жазылған фактілер бойынша жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға төнген қауіп-қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға, Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында тағайындалатын) болып бөлінеді. Уәкілетті органның қоршаған ортаға қатерді жою жөніндегі шараларды қабылдамауы, сотқа уәкілетті органның лауазымды тұлғасының әрекетіне арыз беру үшін негіз болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген сот актілерін талдау жасай отырып, экологиялық қоғамдық бірлестік сотқа әкімнің атына уәкілетті органның заңдарды сақтамағаны үшін жеке ұйғарым шығару туралы талабы заңсыз қойылғандығын көрсетуге болады. Жоғарыда көрсетілгендей, арыз беруші ол жөнінде талап емес өтініш бере алады. Жеке ұйғарым соттың міндеті емес, құқығы болып табылады (АДЖК 253-бабы), сондықтан сот аталған талаптарды дұрыс қанағаттандырусыз қалдырған.

Сонымен қатар, судья істі сот талқылауына дайындау барысында АДЖК 170-бабының тәртібімен арыз берушіден қойылған талаптың мәнін сұрап, одан уәкілетті органның тарапынан мүмкін болатын қарсылықты анықтаған кезде, егер қажет болса қосымша дәлелдемелерді табыс етуге, арыз берушіге оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндірген кезде қойылған талаптың осындай қайшылықтарын жоюы керек еді.

### **III. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОБАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

#### **3.1. Шешімдер қабылдаған кезде жұртшылықтың қатысуын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар және оның тәртібі**

Қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін, жоспарланатын шаруашылық және өзге де қызметтер жөніндегі шешімдерді қабылдағанда жұртшылықтың қатысу тәртібі мен оларға қойылатын талаптар Орхус Конвенциясының 6-бабында, қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімдерін қолдануға қатысты Экологиялық кодекстің арнайы 6 және 7-тарауларының ережелерімен белгіленген. Заңға тәуелді актілер деңгейінде жұртшылықтың пікірін есепке алу мәселелері Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-п бұйрығымен бекітілген жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 8-тарауымен (бұдан әрі – ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулық) неғұрлым егжей-тегжейлі регламенттелген. Бұдан басқа Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жұртшылықтың шешімдер қабылдауға қатысудың жекелеген аспектілері жөнінде, атап айтқанда қоғамдық тыңдауларға қатысу жөнінде<sup>27</sup>, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтер бойынша шешімдер қабылдау процесіне<sup>28</sup>, қоғамдық экологиялық сараптамаға<sup>29</sup> қатысты арнайы ережелерді бекітті.

#### **3.1.1. Экологиялық аспектілер бойынша қоғамдық пікірді міндетті түрде есепке алуды көздейтін шешімдерді қабылдау рәсімдері**

Қазақстанда шаруашылық қызметтер жобаларының экологиялық аспектілері жөніндегі шешімдерді қабылдаған жағдайда қоғамдық пікірді міндетті түрде есепке алу *қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) және мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімдері шеңберінде* көзделеді. Мұндай жағдайларда қоғамдық қатысу жөніндегі талаптарды қолдану үшін заңнамалық негіз Экологиялық кодекстің тиісінше 41-бабында (1-тармағының 14) тармақшасында) және 57-бабында айқындалған.

#### ***Қоршаған ортаға әсерді бағалау***

<sup>27</sup> «Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 135-ө Бұйрығы.

<sup>28</sup> «Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 238-ө Бұйрығы. «Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 29 мамырдағы N 149-ө бұйрығы.


*Қоршаған ортаға әсерді бағалау - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал салдарлары бағаланатын, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып, қолайсыз зардаптарды (табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, жұтандауын, бүлінуін және сарқылуын) болдырмау, қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар әзірленетін рәсім – Экологиялық кодекстің 35-бабы*

*Қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге лицензия алған жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады, ал қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыруды жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісі (бастамашысы) қамтамасыз етеді - Экологиялық кодекстің 38-бабының 1 және 2-*

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қоғамдық қатысуды көздейтін жоспарланып отырған шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімдерінің сатысы төменде келтірілген схемада көрсетілген.

*1-схема.*

**Жұртшылықтың қатысуымен ҚОӘБ рәсімдерінің сатысы**



Жоғарыда көрсетілген схема қоршаған ортаға әсерді бағалау толық көлемде жүргізілетін объектілер үшін қоғамдық қатысу сатысын сипаттайды. Қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейтін объектілер үшін ҚОӘБ рәсімі неғұрлым оңайлатылған сипатта және сатылардың ең төмен санынан<sup>30</sup> тұруы мүмкін. Мысалы, елу бірліктен аспайтын автокөлік саны бар автотұрақтар, санитарлық-қорғау аймақтарының құрылғыларын талап етпейтін, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау көздері, төгінді суларды тазалайтын құрылыстар және тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары жоқ, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан, мемлекеттік орманшылық қорынан, суды қорғау аймақтарынан, жасыл желек екпе ағаштарды бұзуымен байланысты емес рекреациялық аймақтардан тыс орналасқан өндірістік объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау бір сатыда жүргізіледі (ҚОӘБ туралы Нұсқаулыққа 5-қосымшаны қараңыз).

### **Мемлекеттік экологиялық сараптама**

*Экологиялық сараптама - көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ осы қызметтің қоршаған ортаға тигізуі мүмкін қолайсыз әсерлерінің және солармен байланысты әлеуметтік зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске қосуға жол берілуін айқындау – ҚР Экологиялық кодексі 1-бабының 1-тармағы.*

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері, облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері (басқармалары) жүргізеді.

Экологиялық кодекстің 47-бабының 1-тармағына сәйкес, жоспарланып отырған қызметтің экологиялық аспектілерін жұртшылықтың талқылау нәтижелерімен бірге қоса берілетін жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуі тиіс. Мұнымен қатар, Экологиялық кодекстің 57-бабында белгіленген мемлекеттік экологиялық сараптаманың жариялылық режимі жұртшылықтың өкілдері үшін мемлекеттік экологиялық сараптама органына тікелей жазбаша ескертпелер мен ұсыныстар беру арқылы өз пікірлерін айту мүмкіндігін көздейді.

### **3.1.2. Шешімдер қабылдауға қатысу құқығының субъектілері**

Экологиялық кодекстің 13 және 14-баптарында жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу құқықтары белгіленген. Алайда Орхус Конвенциясы мен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы жұртшылықты осы құқықтың субъектілері ретінде таниды, яғни бұл

<sup>30</sup> ҚОӘБ туралы нұсқаулықтың «Шағын бизнес объектілері үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімдерін жүргізудің ерекшеліктері» деп аталатын 6-тарауын қараңыз.

кез келген жеке немесе заңды тұлғалар жоспарланып отырған шаруашылық қызметтің кез келген жобасы бойынша өз пікірлерін айтуға құқылы екендігін білдіреді. Орхус Конвенциясы 6-бабының 7-тармағына сәйкес, жұртшылықтың кез келген өкілі талқыланып отырған шешім бойынша жазбаша ескертпелер мен ұсыныстар түрінде не тыңдаулар барысында өз пікірлерін білдіруге құқылы.

Экологиялық кодекстің экологиялық сараптама жөніндегі тарауындағы, ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулықтағы, Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ережелердегі «мүдделі азаматтар», «мүдделі тұлғалар», «мүдделі жұртшылық» - қоғамдық қатысу құқықтарының субъектілері ретінде көрсетілген. Бұл жағдайда, қабылданатын шешімді іске асыруда мысалы, тұруына байланысты, жылжымайтын мүлікті иеленуге байланысты, жоспарланып отырған қызмет жобасының ықтимал әсер ету аймағында табиғат пайдалану құқықтарын жүзеге асыруына байланысты белгілі бір тұлғаға әсеріне мүдделілік білдіреді. Бұл объектіні іске асырған жағдайда, атап айтқанда, қоғамдық қатысу мүмкіндіктері туралы хабарламаларды ұйымдастырған, қоғамдық тыңдауларға шақырған кезде мүдделері мен құқықтары тікелей қозғалатын жұртшылықтың нақты нысаналы топтарын шешімдер қабылдау процесіне тарту жөніндегі экологиялық заңнаманың талаптарын білдіреді.

### **3.1.3. Қоғамдық пікірді есепке алуды жүзеге асыруға міндетті субъектілер**

Шаруашылық және өзге де қызмет жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсімдері кезеңінде қоғамдық пікірді есепке алу жөніндегі негізгі міндет қазақстандық заңнамамен көзделіп отырған қызметтің тапсырысшысына (бастамашысына) жүктелген (ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулықтың 51-тармағын қараңыз). Мұнымен қатар, Экологиялық кодекстің 57-бабының 2-тармағына сәйкес жұртшылықтың өкілдері мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілген кезде мемлекеттік экологиялық сараптама органына тиісті ұсыныстар мен ескертпелерді жолдау арқылы өз пікірлерін білдіруге құқылы.

Экологиялық кодекстің 48-бабының 2-тармағына сәйкес жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі құзырет мемлекеттік органдар арасында мынадай болып бөлінеді. Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орталық аппараты қауіптіліктің 1 және 2 сыныбындағы жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет объектілеріне, осы министрліктің аумақтық бөлімшелері қауіптіліктің 3 және 4 сыныбындағы объектілерге, жергілікті атқарушы органдардың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері (басқармалары) қауіптіліктің 5 сыныбындағы объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді жүзеге асырады. Мұндай жағдайда, жоспарланып отырған объектінің қауіптілік сыныптары Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 8 шілдедегі №334 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың I-қосымшасына сәйкес олардың сыныпталуы негізінде айқындалады.

Экологиялық кодекстің 20-бабының 4) тармақшасына сәйкес, объектінің қауіптілік сыныбына қарамастан, тыңдаулар өткізу арқылы қоғамдық пікірді есепке алған жағдайда, мемлекеттік органдардың тарапынан облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары оларды ұйымдастыруы тиіс. Тікелей осы мәселелермен әкімдіктердің құрылымдарындағы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері (басқармалары) айналысады.

### **3.1.4. Қоғамдық пікірді есепке алуды талап ететін жоспарланып отырған объектілер түрлері**

Қоршаған ортаға әсерді бағалау мен мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері болып табылатын көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің түрлеріне қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдерді қабылдаған кезде қоғамдық пікірлерді есепке алу жөніндегі талаптар қолданылады. Санитарлық сыныптауға сәйкес, оларға қауіптіліктің I-V сыныптарындағы өндірістік объектілері жатады, олардың тізбесі Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 8 шілдедегі №334 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларында келтірілген.

Шаруашылық қызметтің белгілі бір түрлері бойынша қоғамдық қатысу жөніндегі талаптарды қолдану Орхус Конвенциясы шеңберінде Қазақстан Республикасының қабылдаған халықаралық міндеттемелерімен тікелей көзделеді. Осы Конвенцияның 6-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес:

1) Орхус Конвенциясының 1-қосымшасының тізбесіне жататын (осы құралға 3-қосымшаны қараңыз);

2) Үкіметтің 2007 жылғы 27 маусымдағы №543 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес қызметтің экологиялық қауіпті түрлері ретінде қаралатын қызмет түрлерін жоспарлаған кезде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтау міндетті болып табылады (осы құралға 6-қосымшаны қараңыз).

Бұл тізбелер әсер етудің белгілі бір факторларының бар-жоғына, көлемдердің, мөлшерлердің, қуаттылықтың белгіленген шегінен асып кетуіне байланысты елеулі экологиялық әсер етуді сипаттайтын объектілерді біріктіреді. Оларға Орхус Конвенциясының 6-бабында, ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулықта, Қоғамдық тыңдауларды өткізу жөніндегі ережелерде, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет жөніндегі шешімдер қабылдау процесіне қатысты Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережелерінде көзделген қоғамдық қатысу жөніндегі талаптары автоматты түрде және толық көлемде қолданылады.

### **3.1.5. Қоғамдық қатысу жөніндегі талаптар жүйесі**

Шаруашылық және өзге де қызмет жобалары жөніндегі шешімдерді қабылдаған кезде қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету мен ұйымдастыру жөніндегі талаптар жүйесі Орхус Конвенциясының 6-бабына, Экологиялық кодекстің 6 және 7-тарауларына, ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулықтың арнайы 8-тарауына, Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-о және 2007 жылғы 25 шілдедегі № 233-п бұйрықтарына сәйкес айқындалады. Орхус Конвенциясында олар қатысушы-мемлекеттердің құзыретті мемлекеттік органдарының міндеті ретінде айқындалған. Қазақстандық заңнама Конвенцияның 6-бабынан туындайтын қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету жөніндегі белгілі бір талаптардың орындалуын көзделіп отырған қызметтің тапсырысшысына (бастамашысына) жүктейді.



**3-кесте: Орхус Конвенциясының 6-бабына сәйкес қоғамдық қатысу жөніндегі негізгі талаптар**

<b>Құзыретті мемлекеттік органның міндеті</b>	<b>Орындалу нысаны</b>	<b>Конвенцияның ережесі</b>
Мүдделі жұртшылықты хабардар ете отырып, елеулі экологиялық әсер етуі мүмкін қызмет немесе объект бойынша шешімдер қабылдаудың ең бастапқы кезеңінде қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету	Конвенцияда елгіленген мәліметтерді міндетті түрде енгізе отырып, жұртшылыққа алдын ала жариялау немесе оларды дербес хабардар ету	Орхус Конвенциясы 6-бабының 2-тармағы
Шешімдер қабылдау процесіне жатанын ақпаратқа қоғамдық қол жеткізуді ұсыну	Конвенцияда көрсетілген мәліметтерді қоса алғанда, жұртшылықтың сауалдары бойынша ақпаратқа қол жеткізу	6-бабының 6-тармағы
Көзделіп отырған қызмет бойынша қоғамдық пікірді білдіру үшін мүмкіндіктерін ұйымдастыру	Жазбаша ұсыныстар мен ескертпелер жинау немесе қоғамдық тыңдаулар өткізу	6-бабының 7-тармағы
Шаруашылық қызметтің бастамашысы мен мемлекеттік органдар шешімдерді қабылдаған кезде қоғамдық талқылаудың нәтижелерін тиісті дәрежеде ескеру	Мемлекеттік орган шешімдерді қабылдаған кезде жұртшылықтың пікірлерін қарау	6-бабының 8-тармағы
Шешімнің негізіне алынған себептер мен ой-түйіндерді көрсете отырып, жұртшылықты түпкілікті шешім жөнінде хабардар ету	Қабылданған шешім туралы жұртшылықты дереу хабардар ету және шешімнің дәлелді мәтініне қоғамдық қол жеткізуді ұсыну	6-бабының 9-тармағы

**3.1.6. Қоғамдық пікірді есепке алудың ұйымдастырушылық нысандары**

ҚОӘБ жөніндегі нұсқаулықта қоғамдық пікірді есепке алудың үш ұйымдастырушылық нысандарының айырмашылықтары көрсетілген:

- қоғамдық тыңдаулар;
- жазбаша ұсыныстар мен ескертпелер жинау;
- қызмет ауданындағы халықтан сауалнама-сұрақ жүргізу арқылы жазбаша ұсыныстар мен ескертпелер жинау.

Қоғамдық пікірді есепке алудың белгілі бір нысанын таңдау мен қолдану қоршаған ортаны қорғау органымен келісу арқылы айқындалады<sup>31</sup>.

<sup>31</sup> ҚОӘБ туралы нұсқаулықтың 52 және 53-баптарын қараңыз.

ҚОӘБ туралы нұсқаулықтың 54-тармағы қоршаған ортаға және адамның денсаулығына елеулі әсері бар көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобаларына қатысты қоғамдық тыңдаулар нысандарын пайдалануды көздейді, олар әсер етудің мөлшерін, кезеңі мен қарқындылығын ескере отырып бағаланады. Олар әдетте, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің соңғы сатысында, тиісінше көзделіп отырған шаруашылық қызметтің жобалау алдындағы және жобалау материалдарының ҚОӘБ нәтижелері дайын болған кезде жүргізіледі. Қоғамдық қатысу рәсімдерінің барлық сатыларында (оның ішінде, сауалнама әдісі арқылы), соның ішінде қоғамдық тыңдаулар жүргізілген кезде жазбаша ұсыныстар мен ескертпелерді жинау жүзеге асырылады. Қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейтін, көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобаларына қатысты жазбаша ұсыныстар мен ескертпелерді жинау дербес ұйымдастырушылық нысан ретінде, яғни қоғамдық тыңдаулар нысаны пайдаланылмастан қолданылады.

ҚОӘБ құжаттамаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу сатысында Экологиялық кодекстің 57-бабының ережелеріне сәйкес қоғамдық пікірді есепке алудың екі нысаны – жазбаша ұсыныстар мен ескертпелер жинау және қоғамдық тыңдаулар пайдаланылуы мүмкін.

### **3.1.7. Қоғамдық қатысудың мерзімдері**

Орхус Конвенциясы шаруашылық және өзге де қызмет жобалары жөніндегі шешімдерді қабылдауға қоғамдық қатысуға қатысты белгілі бір мерзімдерді көрсетпейді. Конвенцияның 6-бабының 2 және 4-тармақтарында жұртшылықты «түрлі нұсқаларды қарау үшін барлық мүмкіндіктер ашық болатын және жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болатын ең бастапқы кезеңде» шешімнің қабылдануы туралы хабардар етіп, оларға шешім қабылдауға қатысу мүмкіндіктерін беру жөніндегі талаптар белгіленген. Бұл мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы берілгенге дейін және құрылыс басталғанға дейін, сондай-ақ құрылыстың көптеген объектілері үшін – объектілерді орналастыру жері туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін жоғарыда аталған талаптарды орындау қажеттілігін білдіреді.

Қазақстандық заңнаманың шеңберінде:

- 1) қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын талқылау мақсатында ұйымдастырушы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды жариялауға;
- 2) жұртшылықтың көзделіп отырған шаруашылық қызмет жөніндегі жобалық (жобалау алдындағы) құжаттамалардың мемлекеттік экологиялық сараптамасының материалдарына қол жеткізуді ұсыну туралы сауалдарына уәкілетті мемлекеттік органның жауаптарына;
- 3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың жоғарыда көрсетілген материалдарына қатысты жұртшылықтың жазбаша ескертпелері мен ұсыныстарына уәкілетті мемлекеттік органның жауаптарына қатысты мерзімдер белгіленген.

Бірінші жағдайда, Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы №135-п бұйрығының 9-тармағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 20 күннен кешіктірілмейтін мерзім белгіленген. Екінші жағдайда, Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-п бұйрығының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама органы күнтізбелік 15 күннің ішінде сұралып отырған материалдармен танысуға болатын жер мен уақыты көрсетіліп, жазбаша жауап беруге міндетті. ҚОҚМ-нің жоғарыда көрсетілген бұйрығының 9-тармағы, көзделіп отырған шаруашылық қызметтің мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары жөніндегі жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертпелеріне жауап беру үшін сол мерзімді белгілейді.

### **3.2. Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтер бойынша шешімдердің қабылдануына жұртшылықтың қатысу құқықтарының бұзылуына байланысты іс жүргізу аспектілері мен сот практикасы**

Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағы 4) тармақшасының және 14-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының негізінде жұртшылық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға құқылы.

Қазақстанның сот тәжірибесінде жоспарланып отырған шаруашылық және өзге қызметтер бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысу құқықтарының бұзылуына байланысты арыздар өте сирек келіп түсетінін атап өту қажет.

*Азаматтардың сотқа жүгінуі бойынша мысалдар.* Азаматтар «Т» және «К» қала әкіміне, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына, Қоршаған ортаны қорғау басқармасына, №2 мамандандырылған жасаққа, Сәулет-құрылыстық инспекциялау және лицензиялау басқармасына, Сәулет және қала құрылысына бөліміне, ЖШС қала әкімінің 1998 жылғы 10 маусымдағы №410 «М-ға» «Б» көшесіндегі тұрғын үйді бұзу және АЗС контейнерінің құрылысына рұқсат беру туралы», 2001 жылғы 24 тамыздағы №603 «М-ға» КАЗС қайта жөндеуге рұқсат беру туралы» шешімдерінің күшін жою туралы арызбен сотқа жүгінген.

Өз талабында «С» көшесіндегі тұрғын үйді бұзғаннан кейін оның қасында орналасқан үйлердің тұрғындарына уәкілетті ведомстволардың және әкімдіктің өкілдері тұрғын үйдің орнына кіші базар немесе дүкен салынатынын түсіндіргенін, арыз берушілер жүргізілетін құрылыс жұмыстарына қарсылық білдірмегенін, алайда оның орнына АЗС контейнері салынғанын, аталған АЗС контейнерінің құрылысы басталған кезде жергілікті атқарушы орган өкілдерінің ешқайсысы бұл мәселені бұқаралық ақпарат құралдары арқылы талқыламағанын, оның қасында орналасқан үйлердегі тұрғындардың пікірлерін ескермегенін, жоғарыда көрсетілген АЗС контейнері қызметінің нәтижесінде аумақтың санитарлық-қорғау аймағы бұзылғанын, бақшаларда бензиннің иісі сіңіп қалғанын, бақтар жойылғанын, суда және арықтардан мұнай өнімдерінің қалдықтары табылғанын, осылайша қоршаған ортаға зиян келтірілгенін, олар және көрші тұрғындар бензин буымен күнделікті дем алуға мәжбүр екенін, бензин буы олардың денсаулығына көп зиян келтіретінін, соның нәтижесінде науқас адамдардың саны көбейіп, түрлі аллергиялық аурулардың күшеюіне алып келгенін, аталған фактілерді талапкерлер әкімнің шешіміне сәйкес салынған АЗС контейнерінің қызметіне байланыстыратынын, тұрғын үйлер мен ауладағы қора-қопсылар АЗС контейнерінің қасында орналасқандықтан өртену қауіпі бар екенін көрсетіп, жоғарыда аталғандарға және АЗС контейнері қызметінің басқа да теріс себептеріне байланысты тұрғындар ауданның экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы жай-күйіне алаңдап, әкім актілерінің күшін жоюды талап етеді.

Талдықорған қалалық сотының 2005 жылғы 10 қаңтардағы шешімімен азаматтар «Т» және «К-ның» арыздары қанағаттандырылған. Қала әкімінің 1998 жылғы 10 маусымдағы №410 «М-ға» «Б» көшесіндегі тұрғын үйді бұзу және АЗС контейнерінің құрылысына рұқсат беру туралы», 2001 жылғы 24 тамыздағы №603 «М-ға» КАЗС қайта жөндеуге рұқсат беру туралы» шешімдері заңсыз деп танылып, күштері жойылған.

Сот әкім және тиісті бақылау-қадағалау қызметінің лауазымды тұлғаларын жіберілген азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзылуын жоюды және заңда көзделген тәртіппен «С» көшесі мен «Б» көшесінің қиылысындағы контейнерлі АЗС-ті орналастыру туралы мәселені шешуге міндеттеген. Сот қала әкіміне және жоғарыда көрсетілген лауазымды тұлғаларға шешімнің орындалғаны туралы оны алған күннен бастап бір айдын

ішінде сотқа және арыз берушілерге хабарлау міндетін жүктеп, соттың шешімін орындамаған жағдайда заңда көзделген жауаптылыққа тартылатындары туралы көрсеткен.

Қала әкімінің өкілі және уәкілетті органдардың өкілдері азаматтардың талабын толық мойындағаны, қала әкімінің шешімімен арыз берушілердің және АЗС-тың қасында тұратын көрші тұрғындардың пікірлері ескерілмегендіктен, АЗС-тың қасында тұратын басқа да азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны сот шешімінде көрсетілген. АЗС сәулет, өрт, санитарлық және экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік нормативтерін бұза отырып жұмыс істейді. Бұдан басқа, «М» контейнерлі АЗС-тің бұрынғы меншік иесі және оның қазіргі иесі ЖШС шешімде көрсетілген нұсқамаларды, атап айтқанда құрылысты бастағанға дейін АЗС жобасын әзірлеу, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясынан рұқсат алу, құрылысты қатаң жоспарға сәйкес салу жөніндегі нұсқамаларды орындамаған.

Сот жергілікті өзін-өзі басқару органдары экологиялық заңнамаларда көзделген мәселелерді шешуде халықтың қатысуын қамтамасыз етуге міндетті деген қорытындыға келген.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2005 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен Талдықорған қалалық сотының шешімі өзгеріссіз қалдырылып, прокурордың апелляциялық наразылығы мен үшінші тұлғаның ЖШС-тің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Осындай арыздар бойынша қозғалған істер ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралатынын атап өту қажет.

Бұл жоспарланып отырған шаруашылық және өзге қызметтер бойынша шешімдерді уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың қабылдауына байланысты. Тиісінше уәкілетті органдар тарапы жұртшылықтың аталған құқықтарының бұзылуы, атап айтқанда мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерімен, әрекеттерімен (немесе әрекетсіздігімен) бұзылуына АІЖК 27-тарауының тәртібімен тікелей сотта даулай алады.

Бұл ретте, жоғары тұрған органдар мен ұйымдарға, лауазымды адамға алдын ала жүгіну сотқа арыз беруге және соттың оны мәні бойынша қарауға қабылдауына және шешуіне міндетті шарт болып табылмайды (АІЖК 278-бабы).

Органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың сотта дау айтылатын шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) нәтижесінде:

- азаматтың және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған;
- азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасалған;
- азаматқа немесе заңды тұлғаға әлдебір міндет заңсыз жүктелген немесе олар заңсыз жауапқа тартылған алқалық және жеке-дара шешімдер мен әрекеттер (әрекетсіздік) жатады.

Азамат және заңды тұлға өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы. Арыз беріп жүгінуге арналған үш айлық мерзімді өткізіп алу соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды. Мерзімнің өткізіліп алу себептері сот отырысында арызды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және арыздың қанағаттандырылуынан бас тарту негіздемелерінің бірі болуы мүмкін (АІЖК 280-бабы). Арызды сот бір ай мерзім ішінде азаматтың, заңды тұлға өкілінің шешімдері мен әрекеттеріне дау айтылып отырған мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, қоғамдық бірлестік, ұйым басшысының, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің қатысуымен қарайды. Сот отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы тиісті түрде

хабарланған жоғарыда аталған адамдардың қайсыбірінің сот отырысына келмей қалуы арыздың қаралуына кедергі болмайды. Алайда сот аталған адамдардың сот отырысына келуін міндетті деп табуы мүмкін (АІЖК 281-бабы).

Егер сот дау айтылған шешімдер мен әрекеттердің заңдарға сәйкес жасалып, шығарылғанын және азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылмағанын анықтаса, арызды қанағаттандырудан бас тартады.

Сот арызды орынды деп танып, азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жол берілген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюға тиісті тұлғаның міндеттілігі туралы шешім шығарады.

Соттың шешімі жол берілген заң бұзушылықтарды жою үшін шешімдері мен әрекеттеріне дау айтылған мемлекеттік органның, ұйымның басшысына, лауазымды тұлғасына, не бағыныштылығы бойынша жоғары тұрған органға, ұйымға немесе лауазымды адамға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш күн ішінде жіберіледі. Шешімнің орындалғаны туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімі алынған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Сот шешімінің орындалмағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар заңда көзделген жауаптылықта болады (АІЖК 282-бабы).

#### ***IV. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ, ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ***

Орхус Конвенциясының 9-бабының 1 және 2-тармақтарында тікелей көзделген және осы құралдың II және III-тарауларында қаралған, жұртшылықтың талап қоюға құқықтық қабілеттілігі құқықтарына қосымша ретінде Экологиялық кодекс жеке тұлғалардың<sup>32</sup> және қоғамдық бірлестіктердің<sup>33</sup>:

- кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдердің күшін әкімшілік немесе сот тәртібімен жоюды талап ету;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беру құқықтарын көздейді.

Орхус Конвенциясының 9-бабының 3-тармағына сәйкес, жеке және қоғамдық бірлестіктердің жоғарыда көрсетілген құқықтары Конвенцияның жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуі жөніндегі талаптарына сәйкес келеді. Бұл жағдайда талап қоюға құқықтық қабілетті жұртшылық өкілдері қазақстандық заңнамаларда белгіленген өлшемдерге сәйкес айқындалады. Мұнымен қоса, Конвенцияның, атап айтқанда 9-бабының 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес, тиісті тұлғалардың сот төрелігіне қол жеткізуі қамтамасыз етілуі тиіс. Оларға Орхус Конвенциясының арнайы ережелерін қолдану қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңнамалардың ережелерін бұзатын мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне дау айту мүмкіндігін беретіндігіне байланысты. Тиісті құқықтарды іске асыра отырып, жұртшылықтың өкілдері бір мезгілде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамалардың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Сондықтан бұл жағдайда, оларға сот шығындары деңгейін төмендетуге, жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізуі үшін қаржылық немесе өзге де кедергілерді болдырмау немесе азайту үшін көмек көрсету тетіктерін ұсынуға қатысты арнайы құқықтар қолданылады. Мұнымен қатар, I-тарауда қарастырылғандай, Орхус Конвенциясы 9-бабының 4 және 5-тармақтары қарау рәсімдерінің әділдігіне, бейтараптылығына және уақтылығына қатысты, құқықтық қорғалудың бара-бар әрі тиімді құралдарын қамтамасыз етуге, жұртшылық өкілдерінің тиісті арыздарын қарау нәтижелері бойынша соттың немесе өзге де органның қабылдаған шешімдерінің жазбаша нысанына және оның мәтініне қол жетімділігіне қатысты талаптардың неғұрлым жалпы сипатын қамтиды.

#### **4.1. Кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің күшін жоюды талап ету құқығы**

Жұртшылық өкілдерінің әкімшілік немесе сот тәртібімен кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және

<sup>32</sup> 13-бабы 1-тармағының 11) және 12) тармақшалары.

<sup>33</sup> 14-бабы 1-тармағының 11) және 12) тармақшалары.

пайдалануға беру туралы шешімдерге шағымдану құқығы Экологиялық кодекс<sup>34</sup>, Су кодексімен<sup>35</sup> қатар Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңмен<sup>36</sup> көзделген. Осы құралдың III-тарауымен салыстырғанда, жұртшылық өкілдерінің осы құқығы, экологиялық елеулі шешімдерге (мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына, эмиссияға және табиғат пайдалануға рұқсат беруге, кешенді экологиялық рұқсат беруге, табиғат пайдалануға рұқсат (лицензия)) беруге емес, бірінші кезекте, түрлі объектілердің құрылысы, оларды реконструкциялау мен пайдалануға беру үшін учаскені таңдауға рұқсаттар беруге тікелей қатысты. Екінші жағынан, бұл жағдайда жұртшылықтың шешімдерді қабылдауға қатысуы жөніндегі талаптардың бұзылуы негізінде емес, тиісті шешімдердің күшін сақтауы қоршаған ортаға және халықтың денсаулығы үшін қауіпті салдары бар, соның ішінде белгіленген заңнамалық талаптары мен мемлекеттік нормативтері бұзылған жобаларды іске асыруға әкеп соғуы негізінде шешімдерге дау айтылады.

Жұртшылық өкілдерінің талабы бойынша шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тоқтату мәселелеріне арналған осы құралдың 4.2-бөлімінің бұл тараудан айырмашылығы, осы тарауда жобаланған объектілер мен құрылысы аяқталмаған, яғни пайдалануға беру үшін белгіленген тәртіппен тапсырысшы қабылдамаған және мақсаты бойынша пайдаланылмайтын (тұру, қызметтер көрсету, өнімдер шығару, пайда алу және пайдаланудың басқа да түрлері) объектілер жөніндегі шешімдерге шағымдану мәселелері қарастырылады. Осындай шешімдерді қабылдауға қатысты материалдық-құқықтық нормалар Экологиялық, Азаматтық және табиғи ресурстар кодекстерімен, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдармен және басқа да заңдармен, тиісті заңға тәуелді актілермен және санитарлық-эпидемиологиялық ережелерімен және нормаларымен, сондай-ақ объектілерді жобалау, оларды салу мен пайдалануға беру тәртібін және оларға қойылатын талаптарды айқындайтын нормативтік-техникалық құжаттармен реттеледі.

#### **4.1.1. Объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру жөніндегі шешімдерге жұртшылық өкілдерінің шағым келтіруі**

Экологиялық кодексте жеке тұлғалар және қоғамдық бірлестіктердің салу, реконструкциялау мен пайдалануға беру үшін жерді таңдауға байланысты шешімдердің күшін жоюды талап ету құқығы «кәсіпорындарға, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерге» қатысты айқындалған<sup>37</sup>.

*Кәсіпорын - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешен – Азаматтық кодекстің 119-бабының 1-тармағы.*

<sup>34</sup> 13-бабы 1-тармағының 11) тармақшасы және 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы.

<sup>35</sup> 62-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы.

<sup>36</sup> 13-бабы 6-тармағының 1) тармақшасы.

<sup>37</sup> Тиісінше 13-бабы 1-тармағының 11) тармақшасы және 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасын қараңыз.

*Ғимарат* - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты) - *Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 1-бабының 7) тармақшасы.*

*Экологиялық қауіпті объект* - салынуы және қызметі адамдар денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін шаруашылық объектісі және өзге де объект – *Экологиялық кодекстің 1-бабы 1-тармағының 58) тармақшасы.*

Бұл жерде, ең алдымен жұртшылықтың қарастырылып отырған құқығы шаруашылық қызмет объектілеріне немесе өндірістік объектілерге қатысты айқындалған. Қолданыстағы заңнамамен экологиялық жағынан қауіпті объектілердің қандайда бір тізбесі айқындалмағанын атап өту қажет. Мұнымен қоса, Үкіметтің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 543 қаулысымен экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінің тізбесі бекітілген. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген анықтамаға сәйкес, шаруашылық және өзге де қызметтің белгілі бір объектісінің экологиялық жағынан қауіптілігі құрылыспен әрі одан кейінгі қызметпен байланысты болуы мүмкін, ал оның зиянды әсері іс жүзінде және ықтимал болуы мүмкін. Қоршаған ортаның авариялық ластануы не осындай ластанудың қауіпті экологиялық қауіптілік құбылысының бірі болып табылады<sup>38</sup>.

Тұрғын үйді және қоғамдық ғимараттарды, офистерді салу, жобалау және пайдалануға беруге арналған жерді таңдау қоршаған ортаға белгілі бір әсер етумен байланысты болуы мүмкін. Осындай объектілер үшін залалданған учаскелерді таңдауды, осындай объектілердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, не су аймағында және белдеулерінде орналастыру, салу, оларды салу үшін радиоактивті және уытты материалдарды пайдалануды мысалдар ретінде келтіруге болады.

Жұртшылық өкілдерінің осындай объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға (реконструкциялауға) және пайдалануға беруге байланысты шешімдерге шағымдану мүмкіндіктері Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңда белгіленген. Осы заңның шеңберінде жұртшылық өкілдерінің әкімшілік немесе сот тәртібімен объектілерді орналастыру, жобалау, салу (реконструкциялау) немесе пайдалануға беру туралы шешімдерді бұзуға құқығы заңнаманы немесе мемлекеттік нормативтерді бұза отырып жүзеге асырылатын объектілерге қатысты белгіленген. Бұл жағдайда әзірленуіне сәулетшінің қатысуы қажет болатын, сәулет немесе қала құрылысы жобаларының негізінде салынған үй, ғимарат, монумент, үйлер мен ғимараттар кешені, олардың экстерьерлері және (немесе) интерьерлері, абаттандыру, ландшафт немесе бақ-саябақ өнерінің элементтері – объектілер<sup>39</sup> деп ұғынылады.

Су кодексінде жұртшылықтың жоғарыда көрсетілген құқығы су қорын қорғау мен пайдалану саласындағы талаптарға жауап бермейтін кәсіпорындарға және басқа да ғимараттарға қатысты белгіленген. Су заңнамасының арнайы талаптары қолданылатын құрылыстар қатарына су шаруашылығы құрылыстары жатады, су шаруашылығы құрылыстары - су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу, халықты және

<sup>38</sup> Экологиялық кодекстің 1-бабы 1-тармағының 51) тармақшасын қараңыз.

<sup>39</sup> Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 1-бабының 54) тармақшасын қараңыз.



экономика салаларын сумен қамтамасыз ету, ағынды суларды бұру және судың зиянды әсерін жою мақсатымен су объектілерінде жасанды құрылған гидротехникалық құрылыстар мен қондырғылар болып табылады<sup>40</sup>. Алайда су қорын қорғау мен пайдалану саласындағы талаптарға тұтастай алғанда, тек қана су шаруашылығы ғана емес, сонымен қатар судың жай-күйіне әсер ететін өзге де құрылыстар жатады. Су объектілеріне осындай құрылыстардың зиянды әсерін жоюға бағытталған талаптар тікелей Су кодексімен, сондай-ақ оны іске асыру мақсатында қабылданған заңға тәуелді актілермен белгіленеді. Атап айтқанда, Үкіметтің 2004 жылғы 3 ақпандағы №130 қаулысымен Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесі бекітілген.

#### **4.1.2. Кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдерге шағымдану құқығының мемлекеттік емес субъектілері**

Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында осы құқықтың субъектілері ретінде жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктер көрсетілген, объектіні орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешім бойынша олардың іс жүргізуге құқықтық қабілеттіліктеріне қатысты қандай да бір қосымша өлшемдер айқындалмаған. Алайда жоғарыда көрсетілгендей, аталған құқық бәрінен бұрын экологиялық жағынан қауіпті объектілермен шектеледі. Су кодексінің 62-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда, әкімшілік немесе сот тәртібімен осындай шешімдердің бұзылуын талап ету құқығын жеке тұлғалар іске асыруы мүмкін.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңда белгілі бір объектілерді орналастыру, жобалау, салу (реконструкциялау) немесе пайдалануға беру туралы шешімдердің бұзылуын талап ету құқығы азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен заңды тұлғалар үшін көзделген. Алайда, мұндай жағдайда, заңда тиісті қызмет олардың мүдделерін қозғауы тиіс деп көрсетілген, яғни мәні бойынша шағымдалып отырған шешіммен олардың тікелей мүдделілігінің бар болуы өлшемі көзделеді. Бұдан басқа, аталған құқық заңнаманың немесе мемлекеттік нормативтердің бұзылуымен жүзеге асырылатын шешімдерге шағымданумен байланыстырылады.

#### **4.1.3. Объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру жөніндегі шешімдерді қабылдау тәртібі және оның субъектілері**

Жаңа объектілерді салуға және салынып қойылған объектілерді өзгертуге қатысты шешімдерді қабылдау тәртібі Жер кодексіне, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңға, Үкіметтің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы №1313 қаулысымен бекітілген Жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережелеріне, жергілікті атқарушы органдардың деңгейінде бекітілген елді мекендерде (аумақтарда) құрылыс салу ережелеріне, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалған. Объектілерді салу процесінің негізгі сатысы және олардың нәтижелері бойынша қабылданатын рұқсат беру (құқық белгілейтін) құжаттар төмендегі схемада келтірілген.

---

<sup>40</sup> Су кодексінің 1-бабының 25) тармақшасы.

## Рұқсат беру рәсімдерінің сатылары



Объектіні салу үшін жер учаскесін таңдау және оны беру туралы шешімді не тапсырыс берушінің меншік құқығындағы немесе жер пайдалану құқығындағы учаскені салу үшін пайдалануға рұқсатты осы мақсатта құрылатын комиссияның қорытындысы негізінде ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы қабылдайды. Жер учаскелерін құрылыс салу үшін беру тәртібінің жалпы ережелері Жер кодексінің 44-бабында белгіленген.

Республикалық маңызы бар объектілер бойынша Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті, жергілікті маңызы бар объектілер бойынша сәулет-құрылыс бақылаудың мемлекеттік органдары құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсатты береді. Құрылыс салуға рұқсатты ресімдеу және беру тәртібі Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 68-бабымен, Үкіметтің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы №1313 қаулысымен бекітілген Жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережелерімен және Құрылыс істері жөніндегі комитет төрағасының 2003 жылғы 30 маусымдағы «Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №255 бұйрығымен реттеледі.

Қоршаған ортаға және адамдарға ықтимал қаупі бар, өндірістік процеспен байланысты объектілерді пайдалануға беру үшін қабылдау туралы актіні мемлекеттік қабылдау комиссиясы береді. Тиісті объектілерді пайдалануға беру тәртібін айқындайтын ережелер Азаматтық кодекстің 663-бабында, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 11-тарауында, Үкіметтің 2001 жылғы 15 қазандағы №1328 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында салынған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау және жұмыс комиссияларының өкілеттіктерін, міндеттерін, сондай-ақ міндетті құрамын белгілеу ережелерінде белгіленген.

## **4.2. Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу мен тоқтатуды талап ету құқығы**

Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі талаптар талап қоюдың бір түрі болып табылады, бұл талаппен жұртшылық өкілдері қазақстандық заңнамаға сәйкес сотқа жүгіне алады. Аталған құқық тек қана Экологиялық кодексте<sup>41</sup> ғана емес, сонымен қатар Су кодексінде<sup>42</sup>, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңда<sup>43</sup> көзделген. Орхус Конвенциясына сәйкес талап қоюдың осы түрінің елеулі ерекшелігі ол жұртшылықтың бұзылған экологиялық құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғау құралы ретінде қолданылады. Осыған байланысты осы тарауда қарастырылып отырған мәселелер үшін Орхус Конвенциясының 9-бабы 4-тармағының талаптары тікелей қызығушылықты тудырады, оған сәйкес экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге, шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуына және әрекеттерге шағымдануға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) дау айтуға байланысты бұзушылықтарға жұртшылық өкілдерінің шағымдану рәсімдері «қажет болған жағдайда соттың тыйым салуы түріндегі құқықтық қорғалу құралын қоса алғанда, құқықтық жағынан қорғалудың бара-бар және тиімді құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс».

Жұртшылық өкілдерінің қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру немесе тоқтату үшін сот және соттан тыс мүмкіндіктерге жүгіну құқығы пайдалануға берілген объектілерге әрі салынып жатқан объектілерге де қатысты қолданылады.

### **4.2.1. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру немесе тоқтатуды талап ету құқығы берілген мемлекеттік емес субъектілер**

Экологиялық кодексте (13 және 14-баптарын қараңыз) жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметіне қатысты қызметті шектеу немесе тоқтатуды талап ету құқығы тиісінше жеке және қоғамдық бірлестіктерге берілген. Су кодексінде (62-бапты қараңыз) аталған құқық, жеке және заңды тұлғалардың су объектілеріне теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметіне қатысты жеке тұлғалар үшін белгіленген. Осы құқыққа ие мемлекеттік емес субъектілердің көбі Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі туралы заңда (13-бапты қараңыз) айқындалып, ол жеке тұлғаларды, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де заңды тұлғаларды қамтиды. Алайда бұл жағдайда Экологиялық және Су кодекстерімен салыстырғанда, мұнда қоршаған ортаға теріс әсер ету көзі болып табылатын объектінің қызметін шектеуді, тоқтата тұруды, тоқтатуды талап ете алатын негіздер неғұрлым тар айқындалған.

АДЖК 8-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтар және заңды тұлғалар заңда көзделген жағдайларда, басқа адамдардың немесе адамдардың белгісіз бір тобының құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Осы тұрғыда, Экологиялық және Су кодекстерінің ережелері жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу мен тоқтату жөніндегі талаптарын

<sup>41</sup> 13-бабы 1-тармағының 11) тармақшасы және 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы.

<sup>42</sup> 62-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы.

<sup>43</sup> 13-бабы 6-тармағының 1) тармақшасы.

олардың іс жүргізуге құқықтық қабілеттілігіне қатысты қандай да бір қосымша шарттармен шектемейді. Осылармен салыстырғанда Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 13-бабының 6-тармағында шағымдалып отырған қызметпен азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен заңды тұлғалардың мүдделері қозғалған жағдайларда ғана, олардың қызметке әкімшілік немесе сот тәртібімен шектеу енгізуді, тоқтата тұруды немесе тоқтатуды талап ету құқығы көрсетілген.

#### **4.2.2. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі талап ету құқығын іске асыру тәсілдері**

Қолданыстағы заңнама жұртшылық өкілдерінің арыздары бойынша қолданылатын, қоршаған ортаға әсерді болдырмау немесе оны азайту мақсатында мүмкін болатын шектеулердің нақты тәсілдерін айқындамайды. Мұнымен қоса, экологиялық заңнамаларының ережелеріне және азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық талаптары жөніндегі сот практикасына талдау жасау мыналарға қатысты қолданылуы мүмкін шектеулердің кейбір мысалдарын келтіруге мүмкіндік береді:

- табиғаттың белгілі бір учаскесінде қызметтің кейбір түрлерін жүзеге асыру (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, төтенше экологиялық жағдай аймағы және экологиялық зілзала аймағы, су қорғау және су белдеуі аймағы, мемлекеттік орман қоры учаскелері және т.б.);
- қоршаған ортаға эмиссиялар (ластағыш заттардың көлемдері мен түрлері, соның ішінде адам өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған заттар);
- физикалық әсердің белгілі бір түрлерінің деңгейлері (шу, вибрация, жылулық әсер, электромагниттік және радиациялық сәуле және т.б.);
- экологиялық жағынан қауіпті өнімдерді, материалдарды, химиялық заттарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды, құрылыстарды қолдану және айналымға жіберу;
- белгілі бір табиғи ресурстарды пайдалану (ол үшін қолданылатын құралдар мен тәсілдердің көлемдері, мерзімдері және т.б.);
- қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін технологияларды, жұмыс өндірісінің тәсілдерін қолдану;
- табиғат ортасының белгілі бір осал учаскесінде кемелердің жүзуін қоса алғанда, көлік құралдарының қозғалысы және т.б.

Шаруашылық және өзге де қызметке шектеуді енгізу жөніндегі талаптар сот тәртібімен оларды шектеу бойынша берілетін талаптар түрінде (жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны нақты экологиялық әсерді жоюға, азайтуға бағытталған белгілі бір әрекеттерді орындауға міндеттеу) не экологиялық қауіпсіздік талаптарының орындалуын ескере отырып, экологиялық рұқсаттарды, табиғи ресурстарды пайдалануға берілген рұқсаттарды қайта қарау жөніндегі талаптар түрінде болуы мүмкін.

Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс әсер ететін қызметтеріне арнайы рұқсатты (лицензияны) алу талап етілетіндігі мен талап етілмейтінігіне байланысты, оны тоқтата тұрудың не тоқтатудың екі тәсілі:

- жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне сот тәртібімен жүргізілетін тоқтата тұру немесе тыйым салу;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензиялар мен рұқсаттарды әкімшілік әрі сот тәртібімен жүзеге асырылатын тоқтата тұру, жою тәсілдері болуы мүмкін.

Практикада шаруашылық және өзге де қызметті шектеудің, тоқтата тұру мен тоқтатудың көп мүмкіндіктері арнайы табиғат пайдалануға рұқсат беру құжаттарын тоқтата

тұрады, бұзады (экологиялық рұқсаттардың, табиғи ресурстардың белгілі бір түрлерін пайдалануға рұқсаттардың (лицензиялардың) қолданылуын тоқтата тұрады және бұзады).

#### **4.2.3. Шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздер**

Экологиялық кодекстің 13 және 14-баптарында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында олардың талаптары бойынша шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырудың нәтижесінде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келтірілетін теріс әсер сол қызметті шектеу мен тоқтату үшін негіз ретінде көрсетілген. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы, инспекциялық тексерулердің, экологиялық аудиттің, қоғамдық экологиялық сапартаманың актілері, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жұртшылық өкілдерінің сотқа осындай талаппен жүгіну үшін маңызды негіз болып табылады.

Белгілі бір шарттар мен жағдайларға қатысты экологиялық заңнамада жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін шектеу мен тоқтату мүмкіндігі көзделеді. Мысалы, Экологиялық кодекстің 176-бабына сәйкес төтенше экологиялық жағдай аймағында және экологиялық зілзала аймағында қызметке тыйым салу және шектеу жөніндегі шаралар қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауына себепші болған объектілерге, сондай-ақ адамдарға, өсімдіктерге, жануарлар дүниесіне және басқа табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп төндіретін объектілерге қолданылады. Басқа мысал, Экологиялық кодекстің 293-бабында, процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеудің қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған кезде, оларды шектеу немесе оған тыйым салу мүмкіндігі көрсетілген. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексте (246-бабының екінші бөлігін қараңыз) қоршаған ортаны қорғау, шығарылған қалдықтарда ластаушы заттардың болуы нормативтерден асып кететін көлік және басқа да жылжымалы құралдарды шығаруға қатысты табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру мен оған тыйым салуды әкімшілік жаза ретінде қолдану көзделеді. Алдыңғы екі жағдайда адам денсаулығы үшін қауіп төндіруіне байланысты жеке тұлғалар мен олардың бірлестіктері сот тәртібімен тиісті шектеулерді қолдануды талап етуі мүмкін. Соңғы жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қатысты, осындай талаппен сотқа жүгіну құқығы тек уәкілетті мемлекеттік органға ғана тиесілі екені көзделген.

Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 53-бабына сәйкес, жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізіледі. Талаптары көрсетілген талап арыздар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде<sup>44</sup> белгіленген тәртіпте және негіздерде сотқа жіберіледі. Мұндай арыздарды сот он күндік мерзімде қарайды.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №18 нормативтік қаулысының 3-тармағында жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу негізгі, сондай-ақ қосымша әкімшілік жаза шарасы ретінде (ӘҚБТК-нің 46-бабының екінші бөлігі) қолданылуы мүмкін.

<sup>44</sup> «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы», «Өсімдіктері қорғау туралы», «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары

ӘҚБтК-нің ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясы осындай жазалау шарасын көздеген жағдайда іс әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Егер соттың белгілеген мерзімінде қажетті әрекеттерді (шараларды) жүзеге асыру - қызметті тоқтата тұру арқылы құқық бұзушылық жойылса немесе құқық бұзушылық белгіленген мерзімде жойылмаса не қызметіне тыйым салу түрінде оны жою мүмкін болмаса, көрсетілген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға болады.

Егер ӘҚБтК-нің ерекше бөлім баптарының санкциясы көрсетілген жазалау шарасын көздемесе жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы мәселе соттың істі талап қою өндірісінің тәртібімен қарауына жатады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) тиісті талап арызын сот барлық мүдделі адамдардың қатысуымен он күндік мерзім ішінде қарайды (ӘҚБтК-нің 53-бабының екінші бөлігі). Осы орайда тиісті орган (лауазымды адам) талап арызға кінәлі адамға қатысты жазылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, соттың шешуіне жататын қызметті тоқтата тұру не оған тыйым салу мәселесі туралы немесе әкімшілік жауапқа тарту жағдайындағы қаулыны талап арызға қоса тіркеуге міндетті.

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға, сот шешімінсіз ерекше жағдайларда, талап қою өтінішін сотқа белгіленген мерзімде міндетті түрде табыс ету арқылы үш күннен аспайтын мерзімге жол беріледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру актісі сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады (ӘҚБтК-тің 53-бабы).

Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсер ететін шаруашылық қызметінің жекелеген түрлерін және өзге де қызметтерін шектеуге, тоқтата тұруға және тоқтатуға мүмкіндіктер экологиялық рұқсаттар мен арнайы табиғат пайдалануға рұқсаттарға (лицензияға) қатысты заңнамалық ережелер шегінде көзделген. Бүгінгі күні олардың тоқтатыла тұруы мен жойылуы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтың арнайы құрамында әкімшілік жазалау шаралары ретінде көрсетілуіне қарамастан жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Экологиялық<sup>45</sup>, Су<sup>46</sup>, Орман<sup>47</sup> кодекстерінде, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңда<sup>48</sup>, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңда<sup>49</sup> экологиялық рұқсаттар мен арнайы табиғат пайдалануға рұқсаттарды (келісім-шарттарды) тоқтата тұру мен жою үшін негіздер қарастырылған. Экологиялық рұқсаттар мен арнайы табиғат пайдалануға рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұру, тоқтату үшін заңдарда көзделген негіздері туралы толық ақпарат осы құралға 5-қосымшаның 8-кестесінде келтірілген.

#### **4.2.4. Шаруашылық және өзге де қызметті тоқтата тұру мерзімдері**

Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсер ететін қызметін және қызметтерінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру мерзімдерін белгілеу соттардың құзыретіне жатқызылған. Соттар ол мерзімдерді тиісті себептерді жою жөніндегі әрекеттерді (іс-шараларды) орындау үшін қажетті уақытты ескере отырып белгілейді.

---

<sup>45</sup> 77-бабы.

<sup>46</sup> 75-бабы.

<sup>47</sup> 39 және 40-баптары.

<sup>48</sup> 45 және 45-2-баптары.

<sup>49</sup> 30-бабы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 53-бабына сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін нақты бір мерзімге тоқтата тұруын көрсету міндетті болып табылады.

Ерекше жағдайларда тиісті құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік орган қызметті үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы, олар аталған мерзімде сотқа талап арызды міндетті түрде беруі тиіс<sup>50</sup>.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензиялар мен арнайы рұқсаттарға қатысты, олардың қолданысы жалпы жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады (Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 52-бабын қараңыз). Мұнымен қоса, Экологиялық кодекстің 77-бабының 2-тармағына сәйкес рұқсаттарды берген органның шешімі бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұрудың неғұрлым қысқа мерзімі көзделген, ол мынадай жағдайларда:

1) табиғат пайдаланушылардың дұрыс емес деректерді табыс ету фактілері, оның ішінде қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін есептеуге байланысты қателіктер анықталғанда;

2) табиғат пайдаланушылар рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды бұзғанда, рұқсаттың қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

### **4.3. Жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі азаматтар мен қоғамдық экологиялық бірлестіктердің талап арыздары бойынша іс жүргізу аспектілері мен сот тәжірибесі**

Экологиялық кодекстің 13-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес жеке тұлғалар жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерін шектеу және тоқтату жөніндегі талап арыз беруге құқылы.

Экологиялық кодекстің 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметін жүзеге асырған кезде жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату жөніндегі талап арыздар беруге құқығы бар.

Сөйтіп, заң шығарушы жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін қызметтерін тоқтата тұру туралы талап арызды беру тек қана қоғамдық ұйымдарға тиесілі, ал жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін қызметтерін шектеу мен тоқтату туралы талап арызды беру жеке тұлғалар мен экологиялық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі деп шешкен.

АК 8-бабында азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды сақтауға тиіс екендігі көзделген. Мысалы, құрылыс салушы трансформаторлы кіші станциясының қасында тұрғын үй салған кезде құрылыс нормаларын бұзуы арыз берушінің трансформаторлы кіші

---

<sup>50</sup> Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 53-бабының 4-тармағы.

станциясының жұмысын тоқтату туралы талабын қанағаттандыру үшін негіз болып табылмайды.

***Экологиялық қоғамдық бірлестіктің сотқа арызбен жүгінуіне мысал.***

Азаматша «Б-ның» мүддесін қорғап, «Зеленое спасение» ЭБ-нің ЖАҚ-на №7596 трансформаторлы кіші станциясының қызметін тоқтату туралы талап арызы бойынша іс (Жоғары Соттың 2007 жылғы 17 мамырдағы 4г-1282-07 қаулысы).

«Зеленое спасение» ЭБ аталған арызбен сотқа жүгініп, өз талабында 3.01-01.2002 ҚНМЕ талаптарын бұзылып, аталған трансформаторлы кіші станция (бұдан әрі - ТКС) «А» көшесіндегі «Б-ға» тиесілі №20 «а» тұрғын үйінен төрт шақырымдай жерде орналасқанын, бұл станция оның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ оның отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін көрсетеді.

Алматы қаласының Медеу аудандық сотының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен «Зеленое спасение» ЭБ-нің «Б-ның» мүддесін қорғаған талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылған. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысымен шешім өзгеріссіз қалдырылған.

«Зеленое спасение» ЭБ Жоғарғы Сотқа «Б-ның» мүддесін қорғап, №7596 ТКС қызметін тоқтату туралы қадағалау шағымын беріп, сот №7596 кіші станциясының құрылысына рұқсатты қалай алғанын анықтамағанын, «Б-ның» үйінің қасында екі трансформаторлы кіші станциясының бар екеніне, оның біреуі тұрғын үйге жапсарлас салынған үй-жайдың терезесінен төрт шақырымдай жерде орналасқанына назар аудармағанын, бұдан басқа, сот жапсарлас тұрғын үйдің құрылысына рұқсат 1985 жылы берілгеніне назарға алмағанын атап көрсетеді.

Жоғарғы Соттың қадағалау алқасы судьяларының 2007 жылғы 17 мамырдағы қаулысымен қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тартылған, қадағалау шағымында көрсетілген уәждер істегі материалдарға құқықтық баға берумен байланысты болғандықтан сот материалдық не іс жүргізу құқығының елеулі түрде бұзылуына жол бермеген.

Іс материалдары бойынша №7596 трансформаторлы кіші станциясы 1994 жылы салынып, пайдалануға берілген.

2.07.01-89 ҚНМЕ және 3.01.-02 ҚНМЕ сәйкес трансформаторлы кіші станцияны пайдалануға берген кезде «Б-ға» тиесілі тұрғын үй көлемі 12,8 шаршы метрді құрайтын бір бөлмелі үй болатын және ол №7596 ТКС-дан 10 шаршы метр қашықтықта орналасқаны ҚНМЕ-де белгіленген деректерге сай келеді.

Техникалық паспортқа сәйкес азаматша «Б» 2004 жылы үлкен үйге жаспарлас үй салған, соның нәтижесінде ТКС дейінгі қашықтық 4 шаршы метрге дейін қысқарған. Сөйтіп, жапсарлас салынған тұрғын үйді пайдалануға қабылдау және оны заңдастыру 10 жыл өткеннен кейін, яғни барлық ТКС, оның ішінде дау айтылып отырған станциясы бар болған кезде жасалған. Осындай мән-жайларға байланысты аудан әкімінің 1996 жылғы 27 ақпандағы жапсарлас тұрғын үй салуға рұқсат берген шешімін алқаның назарға алмауы заңды. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде сот сатылары дау айтылып отырған ТКС пен тұрғын үй арасындағы қашықтықтық қысқаруы «Б-ның» кінәсінен болған, яғни ЖАҚ тарапынан оның қолайлы қоршаған ортаға құқығын бұзбаған деген дұрыс қорытындыны жасаған.

Экологиялық кодекстің 14-бабы 1-тармағының 11) және 12) тармақшаларына сәйкес, қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде: 11) жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге; кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді



орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап етуге құқығы бар.

Сонымен қатар, экологиялық бірлестік сотта азаматтың өкілі ретінде өкілдік етсе, онда оның өкілеттігі заңға сәйкес берілген және ресімделген сенімхатта көрсетілуі тиіс (АДЖК 62-бабы).

АДЖК 61-бабына сәйкес, сотта іс жүргізуге арналған өкілеттік өкілге, талап арызға қол қоюды, істі аралық сотқа беруді, талап қою талаптары мен талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартуды, талап қоюды тануды, талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгертуді, бітімгершілік келісім жасауды, өкілеттіктерді басқа адамға беруді (сенімді басқа біреуге аудару), соттың қаулысына шағым беруді, соттың қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуді, берілген мүлікті немесе ақшаны алуды қоспағанда, өкілдік берушінің атынан барлық іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқық береді.

Өкілдің осы баптың бірінші бөлігінде аталған іс-әрекеттердің әрқайсысын жасауға өкілеттігі өкілдік беруші берген сенімхатта арнайы көзделуі тиіс. Бұл ретте, АДЖК 62-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ұйымдардың уәкілеттік берілген адамдары сотқа осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға арналған тапсырманы куәландыратын құжаттарды беруі тиіс (АДЖК 59-бабының 3), 4) және 5) тармақшалары).

***АДЖК 65-бабына сәйкес, әр тарап өз талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.***

Азаматтардың сотқа жүгінуі бойынша мысал. Талапкерлер «Д», «Б» және «З» ЖШС-не кәсіпорынның қызметін тоқтата тұру және әрбір талапкерге 1000000 теңге моральдық залалды өндіру туралы талап арызбен сотқа жүгініп, өз талаптарында олардың «А» шағын ауданының тұрғындары екенін, онда алкогольсіз өнімдерді шығару және пластикалық бөтелкелерді шығару жөніндегі ЖШС орналасқанын, цехтағы күні-түні жұмыстан өндірістік шу, ауаға уксус қышқылының иісі бөлініп, талапкерлердің пәтерлерінде үнемі тербеліс болып, соның салдарынан талапкерлер және олардың отбасы мүшелері стресс алып, денсаулықтары күрт нашарлағандықтан мұндай кәсіпорынның қызметі тоқтатылуы тиіс деп көрсетеді.

Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының 2005 жылғы 13 қазандағы шешімімен талап арыз толығымен қанағаттандырусыз қалдырылған.

Соттың аталған шешіммен келіспеген талапкерлер Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасына бірінші сатыдағы соттың шешімін бұзып, іс бойынша талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығару жөніндегі апелляциялық шағыммен жүгінген. Өз талаптарында соттың іс бойынша барлық мән-жайларды анықтамағанын, талапкерлердің іс бойынша табыс еткен дәлелдемелерін назарға алмағанын, атап айтқанда, 2005 жылғы сәуірде уәкілетті орган зертханалық-құрал-саймандық өлшемдері жүргізілгенін, соның нәтижесінде «А» шағын ауданындағы үйлердің пәтерлерінде шу деңгейінің артуы белгіленгенін, ал ауаны зерттеу нәтижелері бойынша ауа көміртегі тотығымен ластанғанын сот назарға алмағанын, соттың назарына ЖШС өндірістік шуы жазылған бейнекассета ұсынылғанын, алайда сот оны іс бойынша дәлелдемелер ретінде қабылдамағанын атап көрсеткен.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2005 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен соттың шешімі өзгеріссіз, ал талапкерлердің шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылған.

Алқа қабылданған шешімді негіздеу үшін бірінші сатыдағы соттың 2005 жылғы 19 тамыздағы ұйғарымымен ЖШС өндірістік қызметімен қоршаған ортаға зиянның бар-жоғын, зиянның деңгейін, оның сипаты мен көлемін анықтау үшін сот-экологиялық сараптама тағайындағанын көрсеткен. Қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес жұмыс орындары мен қоныстану аумағында шамадан тыс шоғырлану байқалмаған.

Бұдан басқа, Санитарлық-эпидемиологиялық орталық ЖШС қасындағы үйлердің пәтерлерінде шу мен тербелісті өлшеген (атап айтқанда «А» шағын ауданы №21 үй, 2 пәтер және 13 үй, 6 пәтер). 2005 жылғы 16 мамырдағы №16 хаттамаға сәйкес, санитарлық нормада көзделген шудың жол берілген шекті деңгейінен аспайды.

Талапкерлердің ЖШС өндірістік қызметінің нәтижесінде ауада көміртегі тотығы бар және шудың нормалармен жол берілген деңгейі арттырылды деген тұжырымдары расталмағандықтан бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы дұрыс қорытындыға келген.

АІЖК 65-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Алайда талапкерлер бірінші сатыдағы сотқа және апелляциялық сатыдағы сотқа өз талаптарын негіздеу үшін расталған дәлелдемелерді табыс етпеген. Атап айтқанда, шуды өлшеген кезде жауапкер алдын ала компрессорларды өшіргендіктен шудың деңгейі нормадағы шектен аспайды, ал тексерушілер кеткеннен кейін жауапкер компрессорларды барлық қуатымен қосатындықтан шу деңгейі артады деген тұжырымдары расталмаған.

Іске қатысушы адамдар - дәлелдемелерді жинау мақсатында, сондай-ақ сот оларды зерттеу және бағалау мақсатында ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға құқылы екенін атап өту қажет. Бұл ретте дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен істі сот талқылауына дайындаған кезде, сондай-ақ шешім шығарғанға дейін сотта қарау барысында сараптама тағайындалып, жүргізіледі (АІЖК 90-бабы). Атап айтқанда, сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталуы мүмкін жағдайда сараптама тағайындалады. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушы өзге адамдардың мұндай білімінің болуы сотты тиісті жағдайларда сараптама тағайындау қажеттігінен босатпайды. Сараптама жүргізу іске қатысушылар ұсынған тұлғалардың біріне тапсырылуы мүмкін. Соттың сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақырту талабы аталған адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті. Іске қатысушы әрбір адам сарапшының алдына қойылуы тиіс мәселелерді сотқа қоюға құқылы. Сарапшы қорытынды беруге тиіс мәселелердің түпкілікті шеңберін сот айқындайды. Ұсынылған мәселелерді қабылдамауды сот дәлелдеуге міндетті. Соттың сараптама тағайындау туралы ұйғарымына шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін (АІЖК 91-бабы).

#### **4.4. Экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы жеке тұлғалардың сотқа талап-арыз беру құқығы**

АК 8-бабының ережелеріне сәйкес, Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады. Азаматтық құқықтық қатынасқа қатысушылардың адалдық, парасаттылық пен әділеттілік әрекеттері құпталады.

Әдетте азаматтық құқықтық қатынасқа қатысушылар аталған ережелерді сақтайды, алайда азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттері басқа тұлғаға зиян келтіруге,

заңнамаларды бұзып құқықты жүзеге асыруға бағытталған кезде құқықты асыра пайдалану әрекеттері орын алады.

АК 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік сот немесе аралық сот: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ заң құжаттарында көзделген өзге де әдістермен жүзеге асырады.

Сотқа талап арыз беру арқылы іске асырылатын сот арқылы қорғалу жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жиі қолданылатын іс жүргізу нысаны болып табылады. Баяндалғанның негізінде, сот арқылы қорғау жүгінуші субъектілерінің артықшылығы және олардың сеніміне ие деген қорытынды жасауға болады.

#### **4.4.1. Жұртшылық өкілдері экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның өтелуі туралы арызды беруді көздейтін заңдар**

Орхус Конвенциясының 9-бабының 3-тармағы жеке адамдар мен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңдардың ережелерін бұзатын әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне дау айту үшін әкімшілік немесе сот рәсімдеріне жұртшылықтың қол жеткізу мәселелерін реттейді. Осы Конвенцияның аталған ережесінің негізінде жеке және заңды тұлғалардың зиянды өтеу мәселелерін реттеу емес, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың сақталу режимін қамтамасыз ету үшін жұртшылық әлеуетін пайдалану идеясы жатыр. Осы құралдың мәтінінде, Экологиялық кодекске<sup>51</sup>, сондай-ақ «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы»<sup>52</sup> және «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы»<sup>53</sup> заңдарға сәйкес, жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің талап ету құқықтық қабілеттілігі негізгі қызығушылық туғызады.

Экологиялық кодекстің 13 және 14-баптарына сәйкес жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктерге Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беру құқығы берілген. «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» заңда (21-бабының 1-тармағында) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың иондаушы сәулелендірудің белгіленген шегінен тыс немесе радиациялық авария салдарынан сәуле алуға байланысты өз өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның орны толтырылуына және мүліктік залалдардың орны толтырылу құқығы көзделген. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы заңның 7-бабында жеке тұлғалардың төтенше жағдайлар салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтетуді талап ету құқығы айқындалған. Өз кезегінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар техногендік себептерден (өнеркәсіп, көлік аварияларынан және басқа да авариялардан, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын

<sup>51</sup> 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы.

<sup>52</sup> 21-бабы.

<sup>53</sup> 7-бабы.

(тарату қаупі бар) авариялардан, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауынан, бөгендердің бұзылуына, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авариялардан)<sup>54</sup> туындауы мүмкін және экологиялық талаптардың бұзылу салдарлары болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының бірқатар заңдары жұртшылық өкілдерінің экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянды өтету құқығын көздейді. Олардың қатарына Еңбек кодексі<sup>55</sup>, «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы»<sup>56</sup>, «Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы»<sup>57</sup>, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы»<sup>58</sup> және басқа да заңдар жатады.

Алайда жоғарыда тізбектеліп көрсетілген барлық заңдарда жеке және заңды тұлғалардың талап қоюға құқықтық қабілеттілігі көбінесе қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысы жоқ заңнамалар мен нормативтердің талаптарын бұзумен байланыстырылады.

Баяндалғандарды негізге ала отырып, құралдың осы бөлімінде «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы №93-III Заңына, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы № 1468-XII Заңына және «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-XII Заңына сәйкес зиянды өтету мәселелері қарастырылмайды. Бірінші жағдайда, заң бірінші кезекте, міндетті экологиялық сақтандыру шарттарынан туындайтын денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянның өтелуі мәселелерін реттейді. Арал өңіріндегі экологиялық қасіреттен және ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға қатысты ондаған жыл бұрын орын алған қызметтің экологиялық салдары үшін мемлекеттің өтемақы төлеуі жөнінде сөз болып отыр және тарихи мән-жайларға байланысты зиянды өтеу туралы тиісті сот істерін Орхус Конвенциясына жататын істердің санаттарына жатқызуға болмайды. Олар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының бұзылуы және оның сақталуын қамтамасыз етуде жұртшылықтың қатысуымен тікелей байланысты емес.

Осы құралда қарастырылған істер санаттарын қараған кезде сотта өкілдік етуге жол беру туралы мәселені талқылаған кезде, АІЖК 6-тарауының ережелерін қолдану қажет. Бұл тарауда өкілдер арқылы істерді жүргізу туралы ережелер; қоғамдық өкілдік ету жатқызылған тапсырма бойынша өкілдік етудің жекелеген түрлері; сотта өкілдер бола алмайтын тұлғалар тізбесі; өкілдің өкілеттіктерін ресімдеу қарастырылған (автордың жеке түсіндірмесі, 4-қосымшаны қараңыз).

---

<sup>54</sup> Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы заңның 1-бабында келтірілген «техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар» ұғымының анықтамасын қараңыз.

<sup>55</sup> 22-бабының 1-тармағының 11) тармақшасын қараңыз.

<sup>56</sup> 18-бабының 1-тармағының 5) тармақшасын қараңыз.

<sup>57</sup> 6-бабын қараңыз.

<sup>58</sup> 13-бабының 6-тармағының 4) тармақшасын қараңыз.

#### **4.4.2. Жұртшылық өкілдерінің экологиялық зиянды өтету жөніндегі талаптарының нысанасы**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасында «экологиялық зиян» немесе «экологиялық залал» ұғымдарына анықтамалар берілмеген, олар қоршаған ортаға залал мен онымен байланысты денсаулық пен мүлікке келтірілетін зиянды біріктіретін еді. Экологиялық кодекс (1-бабы 1-тармағының 25) тармақшасы) «қоршаған ортаға келтірілетін залал» ұғымына «табиғи ресурстардың жұтандауы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатып немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу» ретінде анықтама береді. Аталған заң бәрінен бұрын, қоршаған ортаға келтірілген залалды өтетуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп, онымен байланысты жеке тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне және заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянмен байланысты қатынастарды реттемейді.

Мұнымен қоса, Экологиялық кодекстің 321-бабының 2-тармағына сәйкес экологиялық заңнама бұзылған жағдайда өтелуге жататын залал қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды қамтиды. Бұл ретте Экологиялық кодекске (321-бабының 3-тармағы) сәйкес жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындар, аурудың күтіміне байланысты шығындар, өзге де шығыстар мен жоғалтулар ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс.

Экологиялық кодекске сәйкес жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің талап етуінің құқықтық қабілеттілігі жеке тұлғалардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне келтірілген зиянмен ғана емес, сонымен қатар онымен байланысты моральдық зиянмен шектеледі<sup>59</sup>. Заңда жұртшылық өкілдерінің сотқа қоршаған ортаға не мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалдың өтелуі жөніндегі талап беру мүмкіндіктері көзделмеген, ол мүмкіндіктер тек уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне берілген.

Зиянды өтету жөніндегі сот тәжірибесін және іс жүргізу аспектілерін 4.3.5-бөлімінде қараңыз.

#### **4.4.3. Экологиялық зиянды өтету құқығының мемлекеттік емес субъектілері**

Экологиялық кодекстің 13 және 14-баптары экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянды өтету құқығының субъектілері ретінде - жеке тұлғаларды белгілейді. Тиісті құқықтарды Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар пайдаланады. Өздері зардап шеккен жеке тұлғалар, олардың мүдделерін білдіретін қоғамдық бірлестіктер сотқа экологиялық зиянның осы түрін өтету туралы талапты бере алады. Алайда қоғамдық бірлестіктер шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың емес, Қазақстан Республикасы азаматының ғана денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянға қатысты осы құқықты иеленеді (Экологиялық кодекстің 14-бабы 1-тармағының 11) тармақшасын қараңыз).

---

<sup>59</sup> 13-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы мен 14-бабы 1-тармағының 11) тармақшасын 321-бабының 3 және 6-тармақтарымен үйлесуін қараңыз.

Қоғамдық бірлестіктерді қоса алғанда, заңды тұлғалар экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан олардың мүлкіне келтірілген зиянды өтетү туралы талапты сотқа беру құқығын иеленеді<sup>60</sup>.

#### **4.4.4. Экологиялық зиянды өтетуге жауапты субъектілер**

Экологиялық кодекс (321-бабының 1-тармағы) экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген залалды өтетү жөніндегі міндетті белгілейді, экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянды өтетү туралы талап берілетін субъектілер шеңберін айқындамайды. «Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын қолдануы тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 16 қаулысына сәйкес, зиян келтірушіні анықтау мүмкін болмаған жағдайларда соттар табиғи ресурстардың меншік иесіне немесе қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оны қорғау міндеті жүктелген өзге де заңды иеленушіге жауапкершілік жүктеуге тиіс.

Жалпы жағдайда, экологиялық заңнаманың бұзылуы және жеке тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіргені үшін кінәнің болуы жоғарыда көрсетілген зиянды келтіргені үшін жауапкершілікке тарту үшін қажетті негіздер болып табылады. АҚ 931-бабының 1-тармағында белгіленген жалпы ережеге сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті екені көзделеді. Экологиялық кодекстің 321-бабының 5-тармағымен зиян келтіргені үшін жауапкершілік жөніндегі осыған ұқсас ереже қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғаларға қатысты белгіленген. Қызметтің қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты немесе байланысты емес екенін анықтау қазіргі уақытта Үкіметтің 2007 жылғы 27 маусымдағы №543 қаулысымен бекітілген шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі негізінде жүзеге асырылады (осы құралға 6-қосымшаны қараңыз). Мұнда осындай қызмет түрін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар үшін қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиянды өтеуі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болып табылатынын атап өту керек. Осындай міндет Міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңмен белгіленіп, реттеледі. Тиісінше осы Заң бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде, экологиялық авариялардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне залалды өтеу үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы шартты жасаған сақтандырушыға (сақтандыру компаниясына) жәбірленуші тұлғалардың зиянды өтетү туралы талаптары жіберілуі мүмкін.

#### **4.5. Зиянды өтетү жөніндегі істерді қараудың кейбір іс жүргізу аспектілері**

Сот практикасына талдау түрлі заң бұзушылықтар, құқыққа қарсы әрекеттің (әрекетсіздіктің) салдарынан зиян келтіру азаматтар мен заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін бұзуда неғұрлым кең тараған жағдай екенін көрсетеді.

Зиянды өтетү азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің деликттік түріне жатады, яғни ол шарттардан және міндеттемелік құқықтан туындамайды. АҚ жеке 47-тарауында келтірілген

---

<sup>60</sup> Экологиялық кодекстің 321-бабының 3 және 4-тармақтарын қараңыз.

зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелерді реттейтін нормалар берілген. Олар міндеттемелік құқық бөліміне енгізілмеген. Сонымен қатар, талапты деликтіден және шарттың бар болған кезде беру мүмкіндігі заң әдебиетінде дұрыс көрсетілген. Шарттық және деликттік жауаптылық арасындағы айырмашылық шарт және келтірілген зияннан міндеттемелер туындайтын заңды фактілерге негізделген.

Шарттық жауаптылық борышкер мен кредит берушілер арасындағы арақатысты құқықтық қатынасқа сүйенеді, не мәміледен туындайтын міндеттің бұзылуы үшін белгіленеді. Алайда бұл әрдайым міндеттемелік құқықтық қатынастың заңды қатысушысының алдындағы жауаптылық. Деликттік жауаптылықта керісінше, нақты тұлғаның қандай да болсын міндеті туындамайды. Ол абсолюттік құқыққа: азаматтардың меншік құқығына, өміріне, денсаулығына қол сұғатын рұқсат берілмейтін әрекеттің жасалу фактісіне негізделеді<sup>61</sup>.

В.Т.Смирновтың, А.А.Собчактың деликтілер туралы нормалары жөніндегі пікірлері бойынша шарт болған кезде қылмыспен келтірілген зиян өтелуі тиіс. Қылмыстық құқық нормаларымен белгіленген қоғамдық қауіпті әрекет жасауға тыйым салынған қылмысты жасаған тұлға ең алдымен заң тыйым салған әрекеттерді жасамау міндетін бұзады. Осының салдарынан жәбірленушінің субъективті құқықтарын бұзу және оған зиян келтіру шарттық емес деликттік жауаптылыққа<sup>62</sup> әкеп соғады.

Қолданыстағы заң бойынша зиян келтірілген тұлға өзінің бұзылған құқықтарын түрлі құқықтық тәсілдермен қалпына келтіре алады. Мысалы, кінәлі тарапқа шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындау және шығындардың орнын толтыру талаптарымен, еңбек құқықтық қатынастары салдарынан зиянның орнын толтыруды талап етуге және тағы басқа да тәсілдермен қалпына келтіре алады. Алайда мұндай негіздердің туындауы үшін келтірілген зиянның өтелуіне әкеп соғатын міндеттемелер басталғанға дейін шарт жасасуы қажет және келтірілген шығындардың шарттық міндеттемелердің тиісті түрде орындалмауына байланысты болғанын дәлелдеуі қажет. Мысалы, еңбек құқығының нормаларын қолдану үшін жұмыс берушімен алдын ала белгілі бір еңбек қатынастарын жасау қажет. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалардың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянды өтеу үшін сот зиянның нақты табиғат пайдалану процесінде келтірілгенін және тағы басқа жағдайларын анықтауы қажет.

Деликттік міндеттеме жәбірленушінің құқықтарын барлық жағдайларда, зиян қандай да болсын құқықтық қатынастан тыс келтірілген кезде (шарттық немесе өзге де міндеттемелік), сондай-ақ зиян толық өтелмеген кезде де қорғайды деген С.Е.Донцов пен В.В.Глянцевтің қорытындылары дұрыс деп есептеледі<sup>63</sup>.

Зиян келтірген адамның мінез-құлқы нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне қайшы келетін мұндай мінез-құлқы құқыққа қарсы деп тануға негіз болып табылады. Бұл ретте зиян құқықтың қандай нормалары бойынша: азаматтық құқықтың, экологиялық немесе басқа да құқықтың жалпы ережелері бойынша өтелуі тиіс екеніне байланысты болатындықтан құқық қолданушы үшін зиян келтірушінің бұзатын ережелері құқықтың қай саласына жататындығы маңызды болып табылады.

Заң әдебиетінде құқық бұзушылық құрамын құрайтын заңды фактілердің жиынтығы келтірілген зияннан (деликттік міндеттемелерден) міндеттемелердің туындау негізі болып

---

<sup>61</sup> Смирнов В.Т. Обязательства, возникающие из причинения вреда. – Л.1973. – 14 бет.

<sup>62</sup> Смирнов В.Т., Собчак А.А. Общее учение о деликтных обязательствах в советском гражданском праве. - Л.,1983. – 117 бет.

<sup>63</sup> С.Е.Донцов, В.В. Глянецв Возмещение вреда по советскому законодательству. – М., «Юридическая литература», 1990- 270 бет.

табылатыны дұрыс танылған. Құқық бұзушылық құрамы серпінді және заңға сәйкес өзгеруі мүмкін, келтірілген зиян<sup>64</sup> үшін азаматтық жауаптылықтың нақты түрі үшін қажетті жаңа (арнайы) элементтермен толықтырылуы мүмкін.

Жеке тұлғаға зиян келтіргені үшін жауаптылықтың негіздерін қарастырайық. Теоретиктер жеке тұлғаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелердің басталуы үшін құқық бұзушылықтың классикалық заңдық құрамын, яғни жауаптылықтың шарттарын анықтау қажеттігін дұрыс атап көрсетеді:

- зиянның бар-жоғы, себебі ол болған жағдайда ғана жәбірленушіде зиянның өтелуі үшін негіз туындауы мүмкін;
- құқық нормаларын, мінез-құлықтың объективті ережелеріне қайшы келетін тұлғаның мінез-құлқының (заңда белгіленген жағдайларда) құқыққа қарсылығы, соның нәтижесінде жәбірленушінің субъективті мүдделерін қорғау қажеттілігі туындайды. АҚ ерекше тәртіппен аса қажетті жағдайда зиян келтірілгені үшін мүліктік жауаптылықты белгілейді. Мұнымен қоса, АҚ 920-бабының ережелері сот оны өтеу міндетін зиян келтіруші мүддесіне іс-әрекет жасаған үшінші бір тұлғаға немесе үлестік тәртіппен осы үшінші тұлға мен зиян келтірушіге жүктеуі, сондай-ақ осы үшінші тұлғаны да, зиян келтірушіні де зиянды өтеуден толық немесе ішінара босату мүмкіндігін көздейді.
- кінәсі (заңда белгіленген жағдайларда), себебі зиян келтіруші өзінің құқыққа қарсы мінез-құлық үшін жауап береді. Мұнымен қоса, заң актілерінде зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелу, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгілену мүмкін. Зиян келтіруші, АҚ көзделген жағдайларды қоспағанда, егер зиян өзінің кінәсінен келтірілмегендігін дәлелдесе, оны өтеуден босатылады. Заңды іс-әрекеттермен келтірілген зиян осы Кодексте және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда өтелуін көздейтін АҚ 917-бабының ережелерін ескеру қажет.

Бұдан басқа, азаматтық заңнама үшінші тұлғалардың<sup>65</sup> тұлғаға зиян келтіргені үшін жауаптылықты көздейді, демек кінә осы жауаптылыққа тартылатын зиян келтірушінің мінез-құлқы ғана емес, сонымен қатар заңмен белгіленген басқа да адамдар тобының мінез-құлғын қамтуы мүмкін. Бұл ретте, жәбірленуші кінәсінің дәрежесі ескеріліп, ортақ, үлестік жауапкершілік кезінде кінәнің дәрежесі салыстырылады. Талаптардың нақты санаттары бойынша сот тәжірибесінде зиян келтірушінің кінәсінің нысаны ғана емес, сонымен қатар кейде құқыққа қарсы әрекеттердің, мінез-құлықтардың мақсаттары ескеріледі. Заң мысалы, актіні шығарған органдар мен лауазымды тұлғалардың кінәсіне қарамастан, мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілерді шығару нәтижесінде зиян келтіргені үшін жазықсыз жауапкершілікті де көздейді<sup>66</sup>.

Зиян мен құқыққа қарсы әрекеттердің (әрекетсіздіктің) нәтижесінде пайда болған зиян салдар арасындағы себепті байланыс келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің болуы нәтижесінде құқық бұзушылық құрамының қажетті элементі болып табылады.

Соттардың зиян келтіруге септігін тигізген жағдайларды анықтауға немқұрайлы қарамайтындары дұрыс. Кейде сот практикасында үлестік тәртіппен жауапкершілікке зиян келтірушілермен қатар әрекеттері зиян келтіруге септігін тигізген тұлғалар да тартылады. Заң әдебиетінде мынадай мысал келтіріледі: бағдаршамның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етпеген, оған автомобиль инспекциясы бағынысты органды жауапқа тарту мәселесі

<sup>64</sup> С.Е.Донцов, В.В. Глянцев Возмещение вреда по советскому законодательству. – М., «Юридическая литература», 1990- 270 с.

<sup>65</sup> Садиков О.Н. Ответственность за действия третьих лиц в гражданском праве, №8. - Сов.государство и право, 1982. - сс. 16, 23.

<sup>66</sup> Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.



туындаған. Бағдаршамның дұрыс жұмыс істемеуінің нәтижесінде жол-көлік оқиғасы бірнеше адамның өліміне алып келген. Іс бойынша қауіпсіздік техникасы<sup>67</sup> бойынша шаралар қабылдамаған лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылған.

Заңды тұлғаның өз қызметкері келтірген зиян үшін немесе азамат келтірген зиян үшін жауапкершілікті тұлғаға зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің арнайы негіздеріне жатқызуға болады.

ҚР АҚ зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің жалпы негіздері ғана емес, сонымен қатар зиян келтіру қаупін тудыратын әрекеттерге тыйым салу туралы, зиян келтіргені үшін жауапкершіліктен босату туралы талап арыздармен сотқа жүгіну мүмкіндіктері көзделіп, аса қажетті жағдайда зиян келтіру және жауапкершілік шектері қарастырылған.

АҚ 47-тарауында түрлі субъектілердің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерінің түрлері қарастырылған: заңды тұлғаның өз қызметкері келтірген зиян үшін; мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының нәтижесінде, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының зиян келтіргені үшін; Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен зиян келтірілгені үшін; өзінің жауаптылығын сақтандырған тұлғаның зиянды өтеуі; ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі; әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп деп танылған азаматтың зиян келтіргені үшін жауапкершілігі; жоғары қауіптілік көздері арқылы зиян келтіргені үшін жауапкершілік; бірлесіп келтірілген зиян үшін жауапкершілік; зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы; зиянды өтеу әдістері қарастырылған. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі; тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу; моральдық зиянды өтеу жөніндегі жауапкершіліктер жеке қарастырылған.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделері бұзылған жағдайда оларды сот арқылы қорғаудың неғұрлым тиімді құралы - келтірілген залалды өтеу болып табылатындығын мойындау қажет.

Бірақ мүліктік құқықтар мен мүдделерге байланысты жеке мүліктік емес құқықтар мен мүдделер бұзылған кезде мұндай қорғалу моральдық зиянды өтеу арқылы қамтамасыз етіледі.

АҚ-те моральдық зиянды өтеу құқығының белгіленуі сот арқылы қорғалуды нақты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін неғұрлым озық норма болып табылады. АҚ 951-бабы моральдық зиян - жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.) регламенттелген.

АҚ 951-бабына сәйкес моральдық зиян зиян келтірушінің кінәсі болған кезде ғана емес, сонымен қатар зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда, егер:

- 1) зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;
- 2) зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе

---

<sup>67</sup> Садиқов О.Н. Ответственность за действия третьих лиц в гражданском праве, №8. - Сов.государство и право, 1982. - сс. 16, 23.

ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

- 3) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;
- 4) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өтеледі.

Заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүлкітік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды.

Алайда, жекелеген жағдайларда АҚ 951-бабы 2-тармағының 4) тармақшасының моральдық зиянды өтеудің өзге де жағдайлары жөніндегі ережелерін судьялар жан-жақты түсіндіреді, сотқа жүгінген субъектілер Жоғарғы Соттың аталған мәселе бойынша нормативтік қаулысының ережелерін ескермейді, соның нәтижесінде моральдық зиянды өтеу туралы талап арыздар беріліп, оларды соттар кейіннен заңда көзделген негіздер бойынша қанағаттандырады. Негізінде мұнда тек мүлкітік құқықтың бұзылуы ғана орын алған.

Талаптың негіздерін көрсетіп, зиянды өтеу туралы даулар бойынша арнайы статистика жоқ, бұл негіздер бойынша осындай даулардың үрдісіне талдау жасауға мүмкіндік бермейді.

Берілетін талап арыздар көбінесе негізделген, яғни жауапкерлер тарапынан құқықты жөнсіз пайдалану, теріс пиғылдылық пен әділетсіздік көптеген жағдайларда орын алады.

Қарастырылып отырған істер санаттары бойынша сот практикасын біркелкі қолдануды қалыптастыруда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының маңызы зор. Олар Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес қолданылатын құқық құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті және қабылданған күннен бастап күшіне енеді. Зиянды өтеу мәселесі бойынша Жоғарғы Сот сот практикасына жүргізілген жинақтаудың нәтижелері бойынша бірқатар нормативтік қаулыларды қабылдаған. Оларды дұрыс қолдану, сондай-ақ құқық нормаларын дәлме-дәл түсіндіру құқық қолдану қызметінде қателіктерді болдырмауға мүмкіндік беретін болады деп есептейміз.

Соңғы бірнеше жылдар ішінде Жоғарғы Сот қаралып отырған тақырып бойынша мынадай нормативтік қаулыларды:

- «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 қаулысын;
- «Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын қолдануы тәжірибесі туралы» 2000 жылғы 22 желтоқсандағы №16 қаулысын;
- «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы №3 қаулысын қабылдаған.

Авторлар негізінен бұл құралды болашақ судьялар (студенттер, магистранттар, аспиранттар) не жаңадан тағайындалған судьялар үшін пайдалы деп есептейді, олар үшін осындай санаттағы істерді қарау белгілі бір қиындықты тудыруы мүмкін. Осыған байланысты, құралда судьяның АІЖК регламенттелген іс жүргізу әрекеттері, атап айтқанда талап арызды қабылдау, «Сот ісі жүргізілетін тіл жөнінде заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» Жоғарғы Соттың 1989 жылғы 22 желтоқсандағы №12, «Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №21, «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2003 жылғы 20 наурыздағы №2, «Сот шешімі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының ережелерін ескеріп, зиянды өтеу туралы мәселелер бойынша іс бойынша іс жүргізуді қозғау және істі сот талқылауына дайындау әрекеттері қарастырылған. Бұл қаулыларды судьялар зиянды өтеуге қатысты азаматтық істерді қараған кезде басшылыққа алу ұсынылады.

#### 4.5.1. Талап қою, азаматтық істі қозғау

Бірінші сатыдағы сотты азаматтық істі қозғау бірінші сатыдағы сотта іс жүргізудің міндетті бастапқы сатысы болып табылады. Судья арызды қабылдаған кезде сотта нақты азаматтық істі қарау және оны мәні бойынша шешу жөнінде іс жүргізудің туындауы үшін заңда көзделген негіздердің бар-жоғын шешеді. Мұндай негіздердің бар болуы және сотқа жүгірудің заңда белгіленген тәртібін сақтау судьяны белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыруға, яғни азаматтық істі қозғау туралы ұйғарым шығаруға міндеттейді. Іс бойынша іс жүргізуді қозғамаса, жүгіну субъектілерінің бұзылған немесе дау айтылған құқықтары мен мүдделерін сот арқылы қорғау мүмкін емес.

Алайда, азаматтық процестің туындауы бірінші сатыдағы сотта іс бойынша іс жүргізуді қозғауға байланысты емес, судья талап арызды қабылдаудан бас тартуы мүмкін, бұл апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттарда одан әрі тексеру нысанасы бола алады.

Заңсыз әрекеттерді және кейіннен істерді қарау мерзімдерінің бұзылуын болдырмау үшін әуел бастан дұрыс шешім қабылдауға тырысу қажет. Ол үшін судья талап арызды қабылдаған кезде сот арқылы қорғалуға жүгіну үшін сілтеменің бар-жоғын және сотқа жүгіну тәртібінің сақталғанын егжей-тегжейлі тексеруі тиіс. Талап арызды қабылдаудан бас тартуға әкеп соғатын АІЖК 153-бабында көзделген құқықтық тыйым салудың, талап арызды қайтару үшін АІЖК 154-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын анықтау қажет.

Аталған әрекеттерді жасағаннан кейін судья талап арызды қозғалыссыз қалдыру үшін негіздердің бар-жоғын, яғни талап арыздың АІЖК 150-бабының ережелеріне және АІЖК 151-бабының 1)-3) тармақшаларына сәйкес келетіндігін тексеруге міндетті. Іс жүргізу мақсатына қол жеткізу үшін көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру қажет, ол мақсаттарға процестің субъектілері сол кезеңде қол жеткізуге тырысады. Іс жүргізу міндеттерін орындай отырып, талап арызда кемшіліктер болса судья арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығарып, ол жөнінде талап арызды берген тұлғаға хабарлайды және оған кемшіліктерді түзету үшін уақыт береді. Бұл ретте, судьяның әрекеттері әрине АІЖК белгіленген шекте жүргізілуі тиіс.

Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талап арызды берген кезде құжаттарды ресімдеу тәртібін қарап, мыналарға назар аудару қажет деп есептейміз.

Жоғарғы Соттың «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 (2004 жылғы 18 маусымдағы №12 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) нормативтік қаулысына сәйкес, жұмысшыға келтірілген зиянды өтеу туралы талап арыз оның өз талабы бойынша немесе қайтыс болған жұмысшының отбасы мүшесінің талабы бойынша ұйым әкімшілігінің шешімі шығып, оған зардап шегуші немесе қайтыс болған адамның отбасы мүшесі келіспеген жағдайда немесе әкімшілік сол талаптарды бекітілген он күндік мерзім ішінде қарамаған жағдайда сот өндірісіне қабылданады.

Әкімшілік зардап шегушінің арызы бойынша уақытылы шешім қабылдамаған жағдайда, соңғысы тікелей сотқа шағымдануға құқылы.

Зардап шегушінің әкімшіліктің зиянды өтеу туралы шешіміне келтірген шағымын қараған кезде, сот талап арызды даулы ақша сомасына қатысты ғана емес толық көлемде қарауға міндетті.

Қойылған талаптардың сипатына қарай талап арызға мынадай дәлелдемелер: ұйым әкімшілігінің еңбек жарақатын алған қызметкерге келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі (бұйрығы, өкімі); жазатайым жағдай немесе қызметкердің еңбек қызметіне байланысты денсаулығына келтірілген өзге де зақым туралы акт (Н-1 нысанындағы акт); жазатайым жағдайды арнайы тексеру туралы акт; Мемлекеттік еңбек инспекторының жазатайым

жағдайдың себептері туралы қорытындысы; дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының (ДӘСК) еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жарақат алған немесе денсаулығына өзгедей зиян келтірілген қызметкердің кәсіптік еңбек қабілетін жоғалту дәрежесін (пайызбен алғанда) анықтау туралы қорытындысы; сот-медицина сараптама комиссиясының денсаулыққа басқадай зақым келген жағдайда берген қорытындысы; жәбірленушінің басқа адамның күтімін және басқа қосымша шығындардың түрлерін қажетсінетіні туралы қорытынды; Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АҚ) 938-бабына сәйкес есептелетін орташа айлық есептік көрсеткіштің (табыстың) мөлшері туралы мәліметтер, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

Нормативтік қаулының жоғарыда көрсетілген ережелерін барлық жағдайларда осындай сипаттағы талап арыздарды қабылдаған кезде сақтау қажет.

Талап арызда баяндалғандарды мазмұндап, құқықтар мен заңды мүдделері бұзылуының мәнін, талапкер өз талабы мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайларды, сол мән-жайларды растайтын жайларды зерттеп, талапкер:

- еңбек шартының (келісім-шарт) негізінде қай уақыттан бері ұйымда (кәсіпорында), қандай қызметте жұмыс істегенін және оның қызметтік міндетіне қандай міндеттердің жататындығын;
- оның қызметтік міндеттерін атқарған кезде еңбек жарақаттарын қай уақытта және қандай жағдайларда алғанын;
- онымен болған қайғылы жағдайда жауапкердің кінәсі немен расталады, қайғылы жағдай себептері туралы қорытындыны және өндірісте болған қайғылы жағдай туралы актінің қорытындыларын, оның жасалған күнін және заң талаптарына сәйкес келетінін көрсетіп, жазуы керек;
- талапкер ДЕСК (дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының) (ВТЭК) жүргізген сараптаманың нәтижесінде мүгедек деп, ДЕСК қорытындысы негізінде өндірісте қайғылы оқиғаның нәтижесінде кәсіби еңбек қабілеттілігінен айырылу процентімен қандай топтағы мүгедек деп танылған-танылмағаны, қайта куәландыру қай кезге тағайындалғанын;
- болған қайғылы оқиғадан кейін талапкер жұмыс істейтінін және кім болып жұмыс істейтінін, сол кәсіпорында не басқа жұмысқа ауыстырылғанын, жұмыс берішінің ол туралы бұйрығының күнін және нөмірін көрсетіп, босатылғанын;
- талапкердің қайғылы оқиғаға дейінгі және одан кейінгі орташа айлық жалақысының мөлшерін не жұмыс істемеуіне байланысты табысы жоқ екенін көрсетуі тиіс деп есептейміз.

Бұдан басқа, егер жәбірленуші көмек пен күтімнің осындай түрлеріне мұқтаж деп таныса және оларды тегін ала алмаса талаптың сомасын негіздеп, есепті ұсынып, талапкер нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасай отырып, айырылған табысының негізделген есебін ұсынуы тиіс (мертігуге дейінгі айлық жалақысына еңбек қабілеттілігінен айырылу проценті, денсаулықтың зардап шегуінен емделуге, арнайы қосымша тағамға, дәрі-дәрмектер сатып алуға, протез салғызуға, бөгде адамның бағып-күтуіне, санаторий-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға, басқа мамандыққа даярлауға және т.б. жұмсалған қосымша шығындардың бар-жоғын көрсетуі тиіс).

Талап арызда құқық нормаларына сілтеме жасалуы тиіс, оған сәйкес талапкер мертігуге дейін онда болған, жоғалтқан орташа табысын, сондай-ақ қайғылы оқиғаның нәтижесінде жұмсалған қосымша шығындарды өтеу қажет деп есептейді. Егер, талапкер жауапкермен дауды соттан тыс шешуді ұсынса, ол жөнінде талап арызда көрсете алады. Талап арыздың өтініш жасау бөлігінде талапкер жауапкердің кесірінен денсаулығының зақымдануы нәтижесінде табысынан айырылуына байланысты жауапкерге қойылатын талаптың нақты сомасын, сондай-ақ денсаулығының зақымдануы нәтижесінде талапкердің жұмсаған қосымша шығындарын көрсетуі тиіс.

Талап арызға қосымша тіркелетін құжаттар тізбесі:

- еңбек шарты (келісім-шарт);
- жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі (үзіндісі);
- қайғылы оқиға туралы немесе еңбек қызметіне байланысты қызметкер денсаулығының өзгедей зақымдануы туралы акті (Н-1 нысанындағы акті);
- мемлекеттік инспектордың қайғылы оқиғаның себептері туралы қорытындысы;
- арызбен жүгінген кездегі орташа айлық табысы туралы анықтама;
- егер талапкер жұмыс істемесе, онда мүгедектік бойынша зейнетақы алатындығы туралы анықтама және т.б.;
- қызметінен босату, басқа жұмысқа ауыстыру туралы бұйрықтың көшірмесі (үзіндісі) және т.б.;
- ұйым әкімшілігінің жәбірленуші қызметкерге еңбекте мертігуіне байланысты залалды өтегені туралы шешім (бұйрық, өкім);
- қайғылы оқиғаны арнайы тергеу актісі;
- дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының (ДӘСК) қызметкердің еңбек міндеттерін орындауға байланысты мертігуінен немесе денсаулығының өзгедей зақымдануынан оның кәсібі еңбегіне қабілеттілігінен айырылу (процентпен) дәрежесін белгілеу туралы қорытындысы;
- сот-медициналық сараптама комиссиясының денсаулықтың зақымдануының басқа да жағдайларына қорытынды;
- АҚ 938-бабына сәйкес есептелген орташа айлық жалақы (табыс) мөлшері туралы мәлімет;
- айырылған табыс есебі;
- қосымша шығындар есебі;
- қосымша шығындарды растайтын дәлелдеме және оның қажеттілігі, жәбірленішінің бөгде адамның бағып-күтуіне мұқтаждығы туралы қорытынды және қосымша шығындардың басқа да түрлерін;
- талапкер өз уәждерін растайтын басқа да қатысты және жол берілген дәлелдемелерді;
- талап арыздың көшірмесін тіркеуі қажет.

Егер, моральдық зиянды өтеу туралы талап қойылса, АІЖК 150-бабында көрсетілген негізгі ережелерден басқа, талап арызда:

- жәбірленушінің жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы;
- талап арызда баяндалғандар қандай дәлелдемелермен расталатыны;
- талапкер өзіне моральдық зиян қандай сомада келтірілгенін анықтап, есепті негіздеп көрсетуі тиіс.

Барлық мән-жайлар АІЖК 83-бабының талаптарына сәйкес жазбаша дәлелдемелермен расталып, талап арызға қоса тіркелуі тиіс. Оларды беру мүмкін болмаған жағдайда АІЖК 82-бабына сәйкес судья оларды сұратып алдыртуға көмектесе алады. Бұл ретте, соттар «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусым №3 нормативтік қаулысының ережелерін басшылыққа алуы тиіс.

Құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылу мәні, талапкер өз талаптары мен дәлелдерін негіздейтін мән-жайлардың мәні, зиянды өтеу туралы талап арыздың мән-жайларын растайтын басқа да негіздер, мысалы қоршаған ортаға, жеке тұлғаларға және тағы басқаларға зиян келтірген әкімшілік органның заңсыз актіні шығару негіздері қысқаша баяндалуы тиіс.

Егер, талап арызды қабылдауға құқықтық тыйым салулар болмаған жағдайда судья ол келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде АІЖК 152-бабының талаптарына сәйкес талап арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешіп, азаматтық іс жүргізуді қозғау туралы және сотта іс жүргізу тілін анықтау туралы ұйғарым шығарады.

#### 4.5.2. Істі сотта қарауға әзірлеу

Азаматтық істі қозғау жөніндегі іс жүргізу әрекеттерін жасағаннан кейін судья АІЖК 16-тарауының талаптарына сәйкес істі сотта қарауға әзірлеуі қажет. Істі сотта қарауға дұрыс әзірлеудің мақсаты оның уақытылы және дұрыс шешілуін қамтамасыз ету осы іс бойынша негізделген шешім шығарудың кепілі екендігін ескеруі тиіс. Істі сотта қарауға әзірлеген кезде оны сотта одан әрі қарау үшін ешнәрсе кедергі тудырмайтындай етіп жүргізу қажет.

АІЖК 166-бабының 2-тармағына сәйкес істі сотта қарауға әзірлеудің әрбір іс бойынша міндеттері:

1. істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау;
2. тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;
3. іске қатысатын адамдардың құрамы мен процестің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;
4. әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау болып табылады.

Қойылған міндеттерді орындай отырып, судья талаптың нысанасы мен негіздерін, жауапкердің пікірін, мүмкін болатын қарсылықтарды, сондай-ақ зиянды өтеу туралы дауды дұрыс шешу үшін маңызды басқа да мән-жайларды нақтылауы тиіс.

Соттың қандай заңдарды басшылыққа алатындығын анықтай отырып, судья келтірілген зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелерді регламенттейтін АҚ ережелерімен ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар құқықтарының бұзылуына байланысты зиянның өтелуін көздейтін бірқатар арнайы заңдарды, қоршаған ортаны қорғау туралы, еңбекті қорғау туралы және басқа да заңнамаларды, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын, Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқадай зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі ережесін, Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесін басшылыққа алуы тиіс.

АІЖК 65-бабына сәйкес әр тарап өз талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Сондықтан істі сотта қарауға әзірлеген кезде судья тараптарға іс бойынша заңның көрсетілген талаптарын орындауды ұсынуы қажет.

АІЖК 16-тарауына және Жоғарғы Соттың жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулыларына сәйкес істі сотта қарауға әзірлеудің міндеттерін орындағаннан кейін судья істі дайын болды деп тани отырып, оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және процестің басқа да қатысушыларына істі қараудың орны мен уақыты туралы хабарлайды.

Іс үшін маңызды мән-жайлардың шеңберін ұсынамыз, оларды зиянды өтеу туралы істі сотта қарауға әзірлеген кезде анықтау қажет, содан кейін сот талқылауы барысында әрбір дәлелдеменің қатыстылығы, жол берілгендігі, растығы, ал іс бойынша барлық дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті екендігі тұрғысынан бағалануға жататындығын белгілейтін АІЖК 177-бабына сәйкес оларға баға беру қажет.

Соттың заңда көзделген кез келген негіздер бойынша зиянды өтеу туралы даулар бойынша міндетті түрде анықтауға және дәлелдеуге жататын мән-жайлар:

- зиян келтіру фактісі;
- зиян келтіруші мен келтірілген зиянның арасындағы себепті байланыс;
- заңда көзделген жағдайларда кінәнің бар-жоғы;
- заңда көзделген жағдайларда зиян келтірушінің заңға қайшы әрекеттері;

- зиянның мөлшері.

Дәлелденуі тиіс көрсетілген мән-жайлар шеңбері зиянды өтеу туралы істердің түрлі санаттары бойынша толық емес және талаптың нысаны мен негізіне, сондай-ақ жауапкерлердің қарсылықтарындағы қарсы талаптардың негіздері мен нысандарына байланысты.

АДЖК 67-68-баптарының талаптарына сәйкес, судья барлық жағдайларда олардың іске қатыстылығын және дәлелдеме ретінде жол берілгендігін ескеріп, бағалауы тиіс.

Судья жоғарыда көрсетілген іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде оның әрекеттері азаматтық іс жүргізу заңының талаптарына сай келіп, Жоғарғы Соттың іс жүргізу құқықтары мәселелерін регламенттейтін нормативтік қаулыларын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Ал дауды мәні бойынша шешкен кезде және шешім шығарған кезде құқық нормаларымен, соның ішінде Жоғарғы Соттың зиянды өтеу және шешім шығару мәселелеріне қатысты нормативтік қаулыларының ережелерін басшылыққа алуы қажет.

#### **4.6. Экологиялық заңнамалардың бұзылуы салдарынан денсаулыққа, мүлікке келтірілген зиянды және моральдық зиянды өтеу туралы талаптар бойынша сот пратикасы**

*Экологиялық бірлестіктің сотқа жүгіну жағдайлары.* Белгісіз тұлғаның магистральдық мұнай құбырына өздігінен (санкциясыз) қосылып пайдаланғандықтан мұнай өнімдері бірталай қашықтыққа ағып, өртенген. Соның нәтижесінде экологиялық қоғамдық бірлестіктің екі өкілі өнімнің өртенуінен уланып, күйіп қалған, фотоаппарат, бейнекамера өртеніп, киімдері бүлінген. Зақымданған адамдардың денсаулықтары мен мүліктеріне келтірілген зиянды өтеу туралы өтініштерінен мұнай құбырының иесі бас тартып, өзінің бас тартуын мұнай өнімдерінің жануы белгісіз тұлғаның мұнай өнімдерін ұрлаған кезде болғанын, оны құқық қорғау органдары іздестіруде және ол зақымданған адамдардың денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге жауапты болуы тиіс деп көрсетеді.

Денсаулыққа келтірілген зиян және моральдық зиян фактілері бойынша қажетті медициналық құжаттарды және басқа да дәлелдемелерді жинап, азаматтар өздерінің экологиялық қоғамдық бірлестігіне олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы өтініш берген.

Экологиялық қоғамдық бірлестік өз мүшелерінің мүдделерін қорғап, сотқа мұнай құбырының иесіне экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан қауіптілігі жоғары көздерден азаматтардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап арыз, сондай-ақ зардап шеккен адамдарға келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап берген. Экологиялық ұйым талапта «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 5-бабына сәйкес ол қоршаған ортаны қорғау мақсатында әрекет ететіні, ал осы Заңның 19-бабы бойынша ол жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін соттар мен басқа да мемлекеттік органдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіріп, қорғауға құқылы екендігін, бұдан басқа, Экологиялық кодекстің 14-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қоғамдық бірлестік өзінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін жүзеге асырған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге құқығы бар екенін көрсеткен. Сондай-ақ мұнай құбыры қауіптіліктің жоғары көздері болып табылатындығы талаптың негізгі мән-жайы ретінде көрсетілген. Экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан мұнай өнімдері төгіліп, өртенген, соның нәтижесінде екі азаматтың – қоғамдық бірлестік мүшелерінің денсаулығы мен мүліктеріне зиян келтірілген, сонымен қатар моральдық зиян келтірілген.

Тараптардың түсініктерін тыңдап, тараптар табыс еткен дәлелдемелерді зерттеп, сот талапты толық көлемде қанағаттандырып, жауапкерден талапкерлердің пайдасына сот шығындарын өндіру туралы қорытындыға келген. Бұл ретте, сот материалдық құқықтың мынадай нормаларын қолданған.

АК 931-бабына және Экологиялық кодекстің 321-бабына сәйкес, қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күштің немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті. Бұл орайда, зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға жүктеледі (АК 931-бабы).

«Мұнай туралы» Заңның 43-бабының мазмұнына сәйкес, магистральдық құбырдың иесі оны техникалық пайдалану, қауіпсіздік және қорғау ережелерін сақтауға жауапты болады. Магистральдық құбырдың күзетілетін аймағында оның иесімен келіспей жұмыс пен іс-қимылдың кез келген түрін атқаруына тыйым салынады.

Экологиялық кодекстің 321-бабына сәйкес, экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды заңнамалық актілерге сәйкес өтеуге міндетті. Бұл ретте, сот егер қоршаған ортаның ластануына, мұнай өнімдерінің өрттенуіне, жәбірленушілердің денсаулығы мен мүліктеріне зиян келтіруне әкеп соққан магистральдық мұнай құбырына өздігінен (санкциясыз) қосылған тұлға анықталса, онда жауапкер АК 933-бабына сәйкес, басқа адамның – құқық бұзушының келтірген зиянның өтеуші ретінде егер заң актілерінде өзгеше мөлшер белгіленбесе, төленген төлем мөлшерінде осы құқық бұзушыға кері талап қоюға (регресс) құқығы бар.

Моральдық зиян келтіргені үшін өтемақы өндіру туралы талаптарды қараған кезде АК Экологиялық кодекстің нормаларын ғана емес, сонымен қатар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының ережелерін де басшылыққа алу керек.

«Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы №3 нормативтік қаулысы азаматтарға тумасынан немесе заң бойынша тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғаудың және азаматтарға келтірілген моральдық зиянды толық өтеудің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудың тиімді тәсілі екеніне соттардың назарын аударады.

Нормативтік қаулы Азаматтық кодекспен көзделген жағдайларда ғана мүліктік емес өзіндік құқықтарды осы құқықтарды бұзған адамдардың кінәсіне қарамастан соттың қорғайтындығына соттардың назарын аударады.

Азаматтардың жоғары қауіптілік көздері келтірген моральдық зиянды ақшалай нысанда өтеу туралы талаптарын қараған кезде соттар, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің қасақана ниетінің салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде оның ырқынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзі иесінің моральдық зиян үшін ақша нысанында өтеуге тиіс екенін назарда ұстаулары қажет. Соттар жәбірленушінің жоғары қауіптілік көзімен қауіпсіз жұмыс істеу ережесін біле тұра қасақана бұзуын (иттер мен басқа да үй жануарларын айтақтау; зоопарктерде және олар қамауда ұсталатын басқа да жерлерде жабайы жануарларды айтақтау; өрт қауіп бар, жарылғыш, ионданушы және адам денсаулығына қауіпті басқа да нәрселер мен заттарды пайдалану тәртібін бұзу) дәлелдейтін, оның жәбірленушіге моральдық зиян келтіруіне жәрдемдесетін әрекеттерін жәбірленушінің қасақана ниеті деп түсіну қажет.

Басқа жағдайларда зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде моральдық зиян өтеледі.

Талапкер талап арызында оның нақтылы мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуын растайтын дәлелдемелерді және осы құқықтарды қорғау тәсілдерін көрсетуге міндетті.



Мүліктік емес зиян үшін ақшалай өтеу туралы талабын білдірген жағдайда талапкер оған келтірілген мүліктік емес зиянның өтелуін қамтамасыз ететін өтем сомасын көрсетуі қажет.

Бұзылуы, айырылуы немесе кемсітілуі азаматқа моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын мүліктік емес өзіндік құқықтар деп азаматқа тумасынан немесе заңға сәйкес тиесілі және оның жеке басына тікелей байланысты құқықтар мен игіліктерді түсіну қажет.

Адамға тумасынан тиесілі игіліктерге өмір сүру, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке басына қол сұқпаушылықты, ал құқықтарға - тұрғын үйіне немесе меншігіне қол сұқпаушылық құқығын, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясын, телефон, телеграф хабарларының құпиясы мен хат алысу құпиясы құқығын; атын пайдалану құқығын; өз бейнесіне құқығын; интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне құқығын қорғау туралы заңнамаға сәйкес авторлық құқықты және мүліктік емес өзіндік құқықтарды; емін-еркін жүріп-тұру және тұратын жерін таңдау, нанымды ақпарат алу құқығын және республиканың заңнамалық актілерімен көзделген басқа да құқықтарды жатқызуға болады.

Моральдық зиян деп азаматтың құқық бұзушылық, оған тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың кемітілуінен немесе олардан айырудан туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

Азаматтың жан азабы деп адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа және т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер денсаулығына зиян келуінің нәтижесінде, оның ішінде бет әлпетіне адам танымастай болып жарақат пен сызаттың түсуіне және т.б. байланысты болуы мүмкін.

Тән азабы деп құқыққа қайшы күш қолдануға немесе денсаулығына зақым келтірілуіне байланысты сезінетін тәнінің ауыруын түсіну қажет.

*Азаматтардың сотқа жүзінуі бойынша мысал.* Азаматтар «Х», «А», «О», «Ж», «Б» және басқалар сотқа Компаниядан әрқайсысына 70000 теңгеден материалдық шығынды өндіру және 20000 теңге моральдық зиянды өтеу туралы талап арыз берген. Соттың ұйғарымымен талап арыздар іс бойынша бір өндіріске біріктірілген. Әрбір талапкердің берген сенімхаты арқылы берілген өкілеттіктерге сәйкес талапкер «Б» талапкерлердің атынан өкілдік еткен.

Талапкерлер талап арыздарында 1998 жылы саяжай учаскесінің қасынан асфальтбетонды зауытты салған жауапкердің қызметінің нәтижесінде 2000 жылы саяжай учаскесінде жеміс-көкөніс дақылдары жойылғанын, 2001 жылғы көктемде «В» және «Ви» бағбандық серіктестіктің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдағанын көрсеткен.

Қарағанды облыстық сотының 2004 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылған.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасының 2004 жылғы 13 шілдедегі № За-153-04 қаулысымен талапкерлердің апелляциялық шағымын қарау нәтижелері бойынша Қарағанды облыстық сотының 2004 жылғы 29 сәуірдегі шешімі мынадай негіздер бойынша өзгеріссіз, ал апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот 1998 жылы жауапкер «В» және «Ви» бағбандық серіктестіктің қасынан асфальтбетонды зауыт салғанын, ол 2000 жылдың сәуір айына дейін тазарту сүзгілері қолданылмай пайдалануға берілгенін, атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары басқа факторлардың жиынтығымен 2000 жылы бағбандық учаскесінде жеміс-көкөніс дақылдарының жойылуына әкеп соққанын анықтаған.

Бағбандық серіктестік мүшелерінің бір бөлігі (47 адам, олардың атынан «С» өкілдік еткен) 2001 жылы Қарағанды облыстық сотына талап арыз беріп, оның 2003 жылғы 15

қазандағы шешімімен жауапкерден әрбір талапкерлердің пайдасына 70000 теңгеден өндірілген.

Жауапкер талапкерлердің мүліктеріне (жеміс-көкөніс дақылдарының жойылуы) зиян келтіргенін сот анықтаған. Алайда, сот отырысында жауапкер мүліктік зиянды өтеу туралы талапқа талап арыз қою мерзімін қолдану туралы өтініш жасаған.

Сот аталған өтінішті жан-жақты зерттеп, талапкерлер АҚ 178-бабында белгіленген талап арыз қою мерзімін өткізіп алған және осы мерзімді өткізіп алудың дәлелді себептерін талапкерлер дәлелдей алмады деген қорытындыға келген.

Бұл ретте, сот талап қою мерзімі адам құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен есептелетенін ескерген. Бағбандық учаскедегі жеміс-көкөніс дақылдарының жойылуы нәтижесінде мүліктік құқықтың бұзылуы жөнінде талапкерлерге 2000 жылдың сәуір айына дейін жұмыс істеген асфальтбетонды зауытты пайдалануға берген кезден бастап белгілі болған. Осындай мән-жайлардың негізінде сот саяжай учаскесіндегі жеміс-көкөніс дақылдарының бұзылуы (жойылуы) жөнінде талапкерлерге 2000 жылдың қыркүйек айында нақты белгілі болған деп негізделген қорытындыға келген. Осы күннен бастап сот талап қою мерзімін есептеген. Талапкерлер жойылған жеміс-көкөніс дақылдарының құнын өндіру туралы талап арызды сотқа 2004 жылдың 3 наурызында, яғни оларға мүліктік зиян келтірілгені туралы белгілі болған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін берген.

Талапкерлер талап қою мерзімін дәлелді себептермен өкізіп алғанын дәлелдей алмаған және оны қалпына келтіру үшін негіздер бар екені туралы дәлелдемелерді табыс етпеген.

АҚ 179-бабының 3-тармағына сәйкес, талап қойғанға дейін талап қою мерзімінің өтіп кетуі соттың талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім шығаруына негіз болады.

Істі қараған кезде сот моральдық зиянды ақшалай нысанда өндіру туралы талап арыз жеміс-көкөніс дақылдарының жойылуына негізделгенін, талапкерлер мен олардың отбасы мүшелері жаңадан шыққан жемістер мен көкөністерден айырылғанын анықтаған. Сот моральдық зиянды ақшалай нысанда өндіру туралы талап арыз талапкерлердің мүліктің құқықтарының бұзылуына негізделген деген қорытындыға келген. АҚ 951-бабының 4-тармағына сәйкес, азаматтардың мүліктік құқықтарының бұзылуы моральдық зиянды ақшалай нысанда өндіру үшін негіз болмайды.

## ***V. САҚТАЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТИҢ САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ХАБАРЛАМАЛАРЫН ҚАРАУЫ***

Орхус Конвенциясы бойынша міндеттемелердің орындалу мәселелерін қарау үшін қатысушы мемлекеттер 2002 жылғы қазанда сақтаудың халықаралық тетігін құрды. 2003 жылғы 23 қазаннан бастап жұртшылық өкілдері (жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде Қазақстанның жеке және заңды тұлғалары) Орхус Конвенциясының сақталуы жөніндегі Комитетке (бұдан әрі - Комитет) жүгінуі арқылы тиісті рәсімдерге бастамашылық жасай алады. Қазіргі уақытта аталған Комитет Батыс, Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ Орталық Азия елдерінен 9 тәуелсіз халықаралық сарапшылардан тұрады. Оның құрамы Конвенцияға қол қойған елдердің және Еуропалық Экофорумның ұсынған кандидаттарынан Конвенция Тараптары Жиналысының шешімі бойынша қалыптастырылған<sup>68</sup>.

Аталған органның отырысы қазіргі уақытта әдетте Женевада (Швецария) БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының ғимаратында өтеді<sup>69</sup>. Қазіргі уақытта Комитеттің жылына 4 үшкүндік отырысы өткізіледі, онда жұртшылықтың хабарламалары жөніндегі жұмыс неғұрлым көп уақытты алады. Отырыстар арасындағы кезеңде жекелеген шұғыл мәселелер бойынша жедел талқылаулар мен шешімдер қабылдау электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады. Мүшелері Конвенцияның сақталуы немесе сақталмауы жөніндегі мәселенің шешімін тікелей қабылдау және қажеттілік болған жағдайда аталған іс бойынша талқылау мен ұсынымдар қабылдау бөліктерін қоспағанда, Комитеттің отырыстары жұртшылық үшін ашық болып табылады,

Хабарламаны қараған кезде Комитет Конвенцияның 15-бабын және Тараптар Жиналысының 1/7 Шешімін басшылыққа алады. Бұрынғы табиғат қорғау конвенциясының тетіктерімен салыстырғанда Орхус Конвенциясының тетіктері Конвенция нормаларының сақталмағанын бекітетін жағдайларға қатысты жұртшылыққа хабарлама беру мүмкіндігімен елеулі түрде ерекшеленеді. Мұнымен қатар, сақталуды қарау рәсімі бір қатысушы-мемлекеттің екіншіге қарсы ұсынысы және Хатшылықтың ұсыныстары негізінде Комитетте қозғалуы мүмкін. Алайда, жұртшылықтың хабарламалары Комитет үшін негізгі болып табылады. Сақталуы жөніндегі Комитеттің 4 жыл ішінде атқарған жұмысында жұртшылықтың 20-дан астам хабарламалары, аталған кезең ішінде мемлекеттің басқа мемлекетке қатысты бір ұсынысы келіп түсті.

Сақталмауы жөніндегі хабарламаны Орхус Конвенциясын ратификациялаған елдердің жеке және заңды тұлғалары жазбаша нысанда, соның ішінде электрондық пошта арқылы жолдауы мүмкін. Ол хабарламалар қатысушы-мемлекеттің Конвенцияны орындау үшін қажетті заңнамалық, реттейтін және басқа да шараларды қабылдауға жалпы қабілетсіздігіне; қабылданған шаралардың белгілі бір кемшіліктеріне; не Конвенция бойынша қандай да бір тұлғаның құқықтарының бұзылуына нақты мысалдарға қатысты; не жоғарыда тізбектелгендердің барлығы болуы мүмкін. Әдетте, мұндай хабарламалар қосымша құжаттармен (мемлекеттік органдармен хат-хабарлар жазысудың, сот шешімдерінің, нормативтік құқықтық актілердің, газеттерден алынған жарияландардың көшірмелері және т.б.) бірге беріледі. Конвенцияның ресми тілдерінің бірінде, яғни ағылшын, орыс немесе француз тілдерінде берілген хабарламалар, құжаттар және өзге де материалдар қарауға

---

<sup>68</sup> Аталған құрылым БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы өңірінің үкіметтік емес ұйымдарын біріктіреді және халықаралық және ұлттық деңгейде Орхус Конвенциясын іске асыру бойынша белсенді түрде жұмыс жасайды.

<sup>69</sup> Көшпелі отырыс Тараптардың кезекті Жиналысы болатын кезеңде және өткізілетін орында өтеді, атап айтқанда осындай бір отырыс Алматы қаласында 2005 жылғы мамырда болып өтті, ал екінші отырыс Ригада 2008 жылғы маусымда өткізіледі.

қабылданады. Хабарлама келіп түскеннен кейін олардың әрқайсысы бойынша Комитет мүшелерінің арасынан куратор тағайындалады, ол іс бойынша материалдарды іздеу мен зерделеу, арыз берушіге және Конвенцияның Тарапына сауалдар әзірлеу, отырыстарда істің тұсаукесері және қажет болған жағдайда көзделіп отырған сақталмау туралы хабарламаны қарау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдардың жобаларын әзірлеу үшін жауапкершіліктің негізгі ауыртпалығын көтереді.

Отырыс уақытында жұртшылықтың хабарламаларын қарау рәсімі негізгі үш сатыда өтеді:

- хабарламаны қарауға жол берілетіндігін алдын ала анықтау;
- отырысқа арыз берушінің өкілін және сақтамаған елдің үкіметтік органын шақыра отырып, жұртшылықтың хабарламаларын қарау;
- Конвенцияның сақталғаны немесе сақталмағаны туралы мәселені шешу және қажет болған жағдайда аталған іс бойынша талқылау мен ұсынымдар қабылдау.

### **5.1. Қарауға жол берілетіндігін алдын ала шешу сатысы**

Егер, Конвенцияның Хатшылығы немесе сақтау жөніндегі Комитет тарапынан отырыста талқылау барысында арыз берушіге, жауаптары қарау үшін қабылдау туралы мәселені алдын ала шешу үшін қажетті сұрақтар туындамаса, мұндай шешімдер әдетте хабарлама келіп түскеннен кейінгі бірінші отырыста қабылданады. Аталған сатыда, жұртшылықтан келіп түскен хабарламаның:

- a) бүркеншек атпен түскенін;
- b) осындай хабарламаларды (шағымдарды) беру құқығын асыра пайдаланатынын;
- c) анық негізсіз екенін;
- d) Конвенцияның сақталуын қарау туралы Конвенция Тараптары Жиналысының 1/7 Шешіміне сәйкес келмейтінін;
- e) Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын мемлекетке қатысты берілгенін;
- f) жұртшылықтың хабарламасы негізінде сақтауды қарау рәсімінен жалтару рәсімін пайдаланған Тарапқа қатысты берілгенін анықтайды.
- g) Жоғарыда көрсетілген өлшемдердің біреуіне де қатысты емес хабарлама қарау үшін қабылданады. Жоғарыда көрсетілген өлшемдердің сәйкессіздігін бағалаумен қатар, егер жағдайды түзеу үшін тиімді немесе жеткілікті құралдарды қамтамасыз етпесе немесе оларды қолдану негізсіз себептермен ұзаққа созылса, сақтау жөніндегі Комитет қолжетімді жергілікті қорғалу құралдарын назарға алады. Орхус Конвенциясының сақталу тетігі жағдайында құқықтық қорғалудың барлық ішкі құралдарын пайдалану жөнінде қатаң талап жоқ екенін атап өту қажет. Алайда, егер сақтаудың халықаралық тетіктеріне жүгінуіне байланысты бұзушылыққа шағым жасау үшін ұлттық соттан тыс немесе сот тәртібімен жүгіну арқылы арыз берушінің Орхус Конвенциясының сақталмауы проблемасын шешу мүмкіндігін пайдаланғанын және жеткілікті дәрежеде зерделеугенін анықтаса, хабарламаны қарауды жалғастырмау туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Егер, жұртшылықтан келіп түскен хабарлама қаралуға қабылданса, онда ол Конвенция бойынша сақтауды қарау рәсімі қозғалған елдің жауапты лауазымды тұлғасына<sup>70</sup> ілеспе хатпен бірге жолданады. Ілеспе хатқа Сақтау жөніндегі Комитеттің осы хабарламаның нысанасына байланысты сұрақтары енгізіледі. Оларға жауапты мемлекеттік орган істің

---

<sup>70</sup> Егер Қазақстанға қатысты болса, онда бұл функцияны Қоршаған ортаны қорғау министрлігі атқарады, ал басқа қатысушы-мемлекеттерде оны қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапты үкіметтік ұйым атқарады.

түрлі құқықтық аспектілерін және мән-жайларын анықтау мақсатында жауап беруі тиіс. Осылармен қатар істің қаралуы үшін маңызды болып табылатын заңнамалық актілердің көшірмелері, белгілі бір растайтын құжаттардың көшірмелері және т.б. сұратылуы мүмкін. Көзделіп отырған бұзушылық жасаған елдің жауапты мемлекеттік органына хабарламаны жолдау тұтастай алғанда істің мән-жайын және арыз берушінің дәлелдерін зерделеуге, ол бойынша Сақтау жөніндегі Комитет үшін түсініктемелер мен түсіндірмелер әзірлеуге шақыру болып табылады. Тараптың сақтамау жөніндегі хабарламаға жауапты ұсынуы үшін бес айдан кешіктірілмейтін мерзім белгіленген. Қарауға қабылданған хабарламалар бойынша арыз беруші аталған мерзім ішінде жазбаша нысанда қосымша түсініктемелер мен ақпараттар ұсына алады.

Егер, хабарлама қарауға қабылданбаса немесе Комитет құқықтық қорғалудың ішкі құралдарын пайдаланбау себебі бойынша қарау жалғастырылмайды деп шешсе, онда арыз берушіге жазбаша түрде ол жөнінде хабарланады.

## **5.2. Хабарламаны тараптардың қатысуымен қарау сатысы**

Көзделіп отырған бұзушылық жасаған елдің жауапты мемлекеттік органынан жұртшылықтың хабарламасы бойынша жауап алғаннан кейін немесе жауапты ұсынудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін екі тараптың қатысуымен хабарламаны қарау бойынша отырыс тағайындалады. Әдетте, егер мемлекеттік орган жауапты ұсынуды неғұрлым ұзақ кезеңге созбаса, Комитет осы сатыны органнан жауап келіп түскен кезден бастап бастауды көздейді. Хабарламаны тараптардың қатысуымен қарау жөніндегі отырыстың өткізілетін уақытын тағайындағанға дейін Комитет алдын ала арыз берушіге және сақтамаған елдің жауапты мемлекеттік органына ол жөнінде хабарлайды және қатысуға шақырады.

Тараптардың қатысуымен өтетін отырыс тиісінше ашық болып табылады және оған бақылаушы мәртебесімен кез-келген мүдделі тұлға қатыса алады. Істі қарау Комитет Төрағасының рәсімдерді, регламентті сақтау және отырысқа негізгі қатысушылардың ұсыныстарын жариялауынан басталады. Бұдан әрі Комитет мүшелерінің арасынан тағайындалған куратор қаралып отырған істің негізгі мән-жайларын ұсынады. Содан кейін, қаралып отырған хабарлама бойынша өз пікірлерін айту үшін кезек-кезекпен арыз беруші мен Конвенцияны сақтамаған мемлекеттің үкіметтік тарапына сөз беріледі. Бірінші кезекте оның қарауға жол берілетіндігі туралы мәселе нақтыланады, содан кейін, егер Комитеттің тиісті алдын ала шешіміне дау айтылмаса, онда Конвенцияның сақталмағаны туралы хабарлама бойынша екі тараптың дәлелдері қаралады. Тараптардың сөздерінен кейін Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет мүшелерінің тарапынан сұрақтар қою негізінде, ал олар қаралып болғаннан кейін бақылаушылардың сұрақтар қоюы негізінде істі талқылау үшін уақыт беріледі. Кейбір жағдайларда, Комитет мүшелерінің кейінгі жабық отырыстары мен тараптардан қандай да бір қосымша ақпаратты алу барысында туындаған белгілі бір мәселелерді нақтылау қажеттілігін ескере отырып, іс бойынша 2 немесе одан көп ашық отырыстары өткізілуі мүмкін.

## **5.3. Конвенцияның сақталмауы мәселелері бойынша шешімдер қабылдау және оларды жою жөніндегі шаралар қабылдау**

Жұртшылықтың хабарламасын, мемлекеттік органның ол бойынша берген жауаптарын (ондай жауап болған кезде), тараптар ұсынған құжаттарды зерделеу мен істің мән-жайын талқылау нәтижелері бойынша тараптардың қатысуымен өтетін отырыста аталған нақты

мемлекеттің Орхус Конвенциясын сақтау мәселесі бойынша шешім қабылданады. Қарау рәсімінің осы бөлігі Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет мүшелерінің жабық отырысы шеңберінде өтеді. Ол отырыстарда қаралып отырған іс бойынша Конвенцияның сақталмау фактілерінің бар-жоғы туралы мәселе қаралып, ал егер ол фактілер анықталған жағдайда, оның бұзылған нақты баптары мен ережелері айқындалады. Содан кейін Конвенцияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен оны ұсыну нысандары туралы мәселе шешіледі. Ол шараларды Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет немесе аталған органның ұсынымы негізінде Орхус Конвенциясы Тараптарының Жиналысы қолдана алады. Осылар ескеріле отырып, тиісті іс бойынша Комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының жобалары әзірленіп, оны Комитет мүшелері талқылап, қабылдағаннан кейін белгіленген мерзімде мүмкін болатын түсініктемелер ұсыну үшін арыз беруші мен үкіметтік тарапқа жіберіледі. Бұдан әрі келіп түскен түсініктемелер ескеріле отырып, қорытындылар мен ұсынымдардың жобаларын Комитет түпкілікті нұсқада бекітіп, екі тарапқа жолдайды.

Қандай да бір қатысушы-мемлекеттің Орхус Конвенциясының ережелерін сақтамағаны анықталған жағдайда, оған Тараптар Жиналысының 1/7 Шешіміне сәйкес мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- a) Конвенцияның жүзеге асырылуына қатысты мәселелер бойынша консультациялар беру мен көмек көрсету;
- b) тиісті Тарапқа ұсынымдар;
- c) Конвенция ережелерінің сақталуы жөніндегі әрекеттер стратегиясын іске асыру мерзімдерін және оның жүзеге асырылу барысы туралы хабардар ету жөніндегі міндеттерді қоса алғанда, Конвенцияны сақтау жөніндегі Комитетке аталған стратегияны ұсынуға сауал;
- d) жұртшылықтың хабарламасында көтерілген мәселелерді қаралуы бойынша нақты шараларға қатысты ұсынымдар;
- e) Конвенцияның сақтамау фактісі туралы арыз;
- f) ескерту;
- g) қандай да болсын шарттың қолданысын тоқтата тұруға қатысты қолданылатын халықаралық құқық нормаларына сәйкес тиісті Тараптың Конвенцияда көзделген арнайы құқықтары мен артықшылықтарынан уақытша айыру;
- h) теке-тіреспеу, соттық емес және консультациялық сипаттағы өзге де шаралар қабылдау.

Жоғарыда көрсетілген шаралардың барлық спектрін Тараптардың Жиналысы Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитеттің ұсынымы негізінде пайдалануы мүмкін. Комитет a)-d) тармақшаларында көрсетілген шараларды дербес пайдалана алады.

Қандай болсын себептермен Конвенцияны сақтамау фактісі танылмаса, бірақ Конвенцияны іске асыруға байланысты ықтимал пробелама анықталса, егер мемлекеттің өзі онымен келіссе, Комитет белгілі бір ұсынымдар беруі мүмкін екендігін атап өту қажет. Атап айтқанда, мұндай жағдай 2006 жылы бельгиялық іске байланысты туындады (рет нөмірі АССС/С/2005/11), ол бойынша арыз беруші ұсынған Конвенцияны сақтамауының барлық фактілері сот практикасына жататын, ол Белгияда Орхус Конвенциясының күшіне енуіне дейін орын алған, алайда алдағы уақытта Конвенцияның сақталуына байланысты қаралған проблемалардың туындау мүмкіндігі сақталды. Қалыптасқан жағдайда, Комитет бельгиялық тарапқа Конвенцияның сақталмау фактісін танымастан, тиісті ұсынымдар енгізді.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта Тараптар Жиналыстарының аралығындағы кезеңде Конвенцияның сақталмауын қарау рәсімі қозғалған елдің жауапты мемлекеттік органының келісімі бойынша Комитет қорытындылар мен ұсынымдар нысанында дербес шешімдер шығаратын практика қалыптасуда. Олардың қорытындылар бөлігінде Конвенцияны сақтамауының белгілі аспектілері мен Орхус Конвенциясының тиісті ережелері, ал ұсынымдар бөлігінде – кемшіліктерді жою мақсатымен Тараптың қабылдауға тиісті шаралар, қажет болған жағдайда олардың мерзімдері мен іске асыру бойынша жалпы тәсілдері

көрсетіледі. Мұндай жағдайда, Конвенцияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ғана қолданылады, оны Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет дербес қабылдауға құзыретті. Егер, Конвенцияның сақталуы жөніндегі Комитет ұсынған шараларды қабылдауға үкіметтік орган келісім бермесе, онда Конвенцияның сақталмағаны анықталған мемлекетке шаралар қолдану туралы мәселе Тараптардың Жиналысына шығарылады. Тараптардың Жиналысында Орхус Конвенцияның сақталмағаны туралы істер бойынша шешімдер және басқа да жағдайларда, мысалы, кезекті Тараптар Жиналысын өткізу мерзімі жақындаған жағдайда да шығарылуы мүмкін.

1-Қосымша. Экологиялық ақпарат көздері

1-кесте: Экологиялық ақпарат көздерінің түрлері және оларға мысалдар

Экологиялық ақпараттың түрлері	Тиісті ақпарат көздерінің мысалдары
<p><i>Қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі</i></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Экологиялық бюллетень, қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы мерзімді баяндамалар.</li> <li>2. Мемлекеттік экологиялық мониторинг деректерлері, олардың түрлері мен объектілері Экологиялық кодекстің 16-тарауында және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрында айқындалған.</li> <li>3. Экологиялық кодекстің 175-бабына және 2007 жылғы 31 шілдедегі №653 Үкіметтің арнайы қаулысына сәйкес жүзеге асырылатын аумақтың экологиялық жай-күйін бағалау деректерлері.</li> <li>4. Қоршаған ортаның жекелеген элементтерін немесе объектілерінің жай-күйіне арнайы тексеру мен зерттеудің нәтижесінде алынған ақпарат (атмосфералық ауа, су, топырақ, жер, климат, озон қабаты, ландшафт, биологиялық әртүрлілік, экологиялық жүйе (экожүйе), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және табиғи ортаның өзге де учаскелері, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің объектілері және т.б.).</li> </ol>
<p><i>Қоршаған ортаға, оның ішінде оның ластануына әсер ететін факторлар</i></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Стационарлық және стационарлық емес көздерден қоршаған ортаға эмиссиялардың көздері, құрамы және көлемі (ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру).</li> <li>2. Адам өмірі мен қоршаған ортаға физикалық әсер ету деңгейі мен көздері (шу, иіс, тербеліс, жұлу шығарындылары).</li> <li>3. Радиациялық және электромагниттік әсер етудің деңгейі мен көздері.</li> <li>4. Браконьерлікті және заңсыз пайдаланудың өзге де түрлерін қоса алғанда, табиғи ресурстар мен энергияны пайдалану.</li> <li>5. Орман өрттері, өсімдіктерді өртеу, топырақтың тұздалуы, індеттер және қоршаған ортаға зиян келтіруге және оның жекелеген объектілерін жоюға байланысты өзге де факторлар.</li> <li>6. Қоршаған ортаға генетикалық түрлендірілген организмдерді босату жөніндегі деректерлер.</li> <li>7. Табиғи ортаға бөтен текті түрлерді интродукциялау туралы ақпарат.</li> <li>8. Табиғи аумақтарда туризм.</li> <li>9. Қоршаған ортаға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсер етуі.</li> </ol>



<p><i>Қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар<sup>71</sup></i></p>	<p>1. Қоршаған ортаға ықтимал әсер етуге байланысты саясатты жоспарлауға және іске асыруға байланысты әзірленетін құжаттар және олардың бекітілуі (стратегиялар, бағдарламалар, жоспарлар, заңнама, келісімдер мен шарттар).</p> <p>2. Қоршаған ортаға ықтимал әсер етуге байланысты әкімшілік және өзге де шаралар (тыйым салулар, шектеулер, лицензиялау және рұқсат беру рәсімдері, салық салу және экологиялық төлемдер және экологиялық сипаттағы өзге де шаралар, экологиялық таңбалау, экологиялық сертификаттау және т.б.).</p> <p>3. Экологиялық кодекстің 164-бабына сәйкес жұртшылыққа ақпарат беруге міндетті мемлекеттік органдар мен өзге тұлғалардың тиісті қызметі туралы ақпарат.</p>
<p><i>Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптар</i></p>	<p>1. ЖШШ-ды (жол беруге болатын шекті шоғырлануды), ӘШҚД (әсер етудің шамалап алынған қауіпсіз деңгейді), ӘЖБД (әсер етудің жол беруге болатын деңгейін) қоса алғанда, қоршаған ортаның нормативтері мен нысаналы көрсеткіштері және Экологиялық кодекстің 23 және 24-баптарына сәйкес өзге де нормативтері мен көрсеткіштері.</p> <p>2. Табиғи ортаның жекелеген объектілері бойынша белгіленетін нормативтері мен алып қою лимиттері.</p> <p>3. Экологиялық кодекстің 25-28-баптарына сәйкес табиғат пайдаланушылар үшін белгіленген қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері.</p> <p>4. Табиғат пайдаланушылар үшін белгіленген табиғи ресурстарды пайдалану көлемдері.</p> <p>5. Экологиялық заңнамамен, рұқсат беру құжаттарымен, мемлекеттік органдардың шаруашылық қызмет субъектілерімен жасасқан келісімдерімен белгіленген экологиялық талаптар (қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар).</p> <p>5. Экологические требования (требования по охране окружающей среды), установленные законодательством, разрешительными документами, соглашениями государственных органов с субъектами хозяйственной деятельности.</p>
	<p>1. Мемлекеттік органдардың және Экологиялық кодекстің 164-бабының 2-тармағында көрсетілген тұлғалардың тиісті</p>

<sup>71</sup> Мұнда табиғат қорғау шаралары туралы туралы сөз болып отырған жоқ, қоршаған ортаға әсер етуге байланысты мемлекеттік саясатты, бағдарламаларды, жоспарларды іске асыру шеңберінде қабылданатын шаралар жөнінде сөз болып отырғанына назар аударуға болады.

<p><i>Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар және оларды қаржыландыру</i></p>	<p>бағдарламалар мен олардың ағымдағы қызметі шеңберінде табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау мен іске асыру туралы ақпарат.</p> <p>2. Табиғат қорғау іс-шараларына жоспарланған, бөлінген және пайдаланған қаражаттарының көлемдері бойынша оларды пайдалану туралы бюджеттер мен есептердің деректері.</p> <p>3. Заңнама, әсерді бағалау мен мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімдері, рұқсат беру құжаттары не мемлекеттік органдармен келісім шеңберінде белгіленген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды табиғат пайдаланушылардың орындауы туралы ақпарат.</p>
<p><i>Қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызмет, шешімдер қабылдау процесі және ол бойынша жүргізілген инспекторлық экологиялық тексерулер нәтижелері, оның ішінде қоршаған ортаға қатысты қаралған есептер, талдаулар мен өзге де мәліметтер</i></p>	<p>1. Шаруашылық және өзге де қызметпен, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің және экологиялық сараптаманың жүргізілуіне байланысты материалдар.</p> <p>2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау объектісі болып табылатын жоспарлар, бағдарламалар, жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелер мен есептердің деректері.</p> <p>3. Экологиялық рұқсатты (қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты және кешенді экологиялық рұқсатты), табиғат пайдалануға лицензияларды (рұқсаттарды), егер оларды берген кезде қоршаған ортаны қорғау мәселелері қаралса, өзге де рұқсаттарды алуға байланысты ақпараттар.</p> <p>4. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы бақылау-инспекциялық және құқық қолдану қызметінің нәтижелері бойынша есептер мен жекелеген мәліметтер.</p> <p>5. Экологиялық заңнамалардың сақталуына жүргізілген тексерулер шеңберінде алынған сынамалар талдауларының, экологиялық зиянды өтеу сомаларын есептеу, әкімшілік айыппұл мөлшерінің нәтижелері.</p>
<p><i>Халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және тұру жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға қоршаған ортаның әсері</i></p>	<p>1. Адамдардың тұратын жерлері мен еңбек қызметтерінің экологиялық жай-күйі туралы ақпарат.</p> <p>2. Қоршаған ортаның жай-күйімен және оған әсер ететін факторлармен, шаралармен, қызметтермен байланысты мәдениет, табиғат ескерткіштері объектілерінің, ғимараттардың, құрылыстардың, инфрақұрылыс объектілерінің жай-күйі туралы мәлімет.</p>

**2-кесте: Мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдар арасында экологиялық ақпаратты бөлу**

<b>Деректерлер түрлері</b>	<b>Кіші түрлері</b>	<b>Құзыретті мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдар</b>
<i>Қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпарат</i>	Жер бетіндегі сулар	“Қазгидромет” РММ, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Жер астындағы сулар	Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Атмосфералық ауа	“Қазгидромет” РММ, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Жер, топырақ	Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жер ресурстары және жер орналастыру жөніндегі орталығы, “Қазгидромет” РММ, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Радиациялық фон	“Қазгидромет” РММ, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Биологиялық әртүрлілік	Орман және аң шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті, Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жер ресурстары және жер орналастыру жөніндегі орталығы, Статистика агенттігі
	ООПТ	Республикалық - Орман және аң шаруашылығы комитеті, өңірлік - әкімдіктер
	Ландшафт және табиғи орта	Орман және аң шаруашылығы комитеті, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
	Сәулет-ландшафттық орта	Жергілікті мемлекеттік органдар (әкімдіктер, мәслихаттар)

	Климаттың өзгеруі	“Қазгидромет” РММ, Экология мен климаттың Қазақ ғылыми-зерттеу институты
<i>Қоршаған ортаға әсер ету факторлары</i>	Жер бетіндегі суларды пайдалану	Су ресурстары жөніндегі агенттігі, Статистика агенттігі
	Жер пайдалану	Жер ресурстарын басқару агенттігі, әкімдіктер, Статистика агенттігі
	Жер астындағы суларды пайдалану	Су ресурстары жөніндегі комитет, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, Статистика агенттігі
	Орман ресурстарын пайдалану	Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері, Статистика агенттігі
	Атмосфераға шығарындылар	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары), Статистика агенттігі, Ішкі істер министрлігі
	Шу, тербеліс	Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары)
	Жердің ластануы	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Статистика агенттігі
	Өнеркәсіптік қалдықтар	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Статистика агенттігі
	Тұрмыстық қалдықтар	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, әкімдіктер, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары), Тұрмыстық қалдықтарды шығару және кәдеге жараты жөніндегі кәсіпорын
	Суға ағызу	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Статистика агенттігі
Қауіпті заттарды пайдалану	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары), Төтенше жағдайлар министрлігі, Статистика агенттігі	

	Радиация көздерін пайдалану	Атом энергетикасы жөніндегі комитет, Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың департаменттері (басқармалары), Төтенше жағдайлар министрлігі
	Өнімнің сапасы мен экологиялық қауіпсіздігі	Денсаулық сақтау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Техникалық реттеу және метрология комитеті
	Озон бұзатын заттарды пайдалану	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
	Табиғи аумақтарға туризм	Туризм және спорт министрлігі, Орман және аң шаруашылығы комитеті, әкімдіктер
	Төтенше жағдайлар	Төтенше жағдайлар министрлігі, әкімдіктер
<i>Қоршаған ортаға әсер ететін шаралар</i>	Саясат, стратегиялар, бағдарламалар, жоспарлар	Президент, Үкімет, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, өзге де министірліктер, мәслихаттар, әкімдіктер
	Заңнама	Қоршаған ортаға қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге уәкілетті орталық және жергілікті мемлекеттік органдар
	Қоршаған орта саласындағы келісімдер	Осындай келісімдердің тараптары болып табылатын мемлекеттік органдар
	Тыйым салулар, шектеулер	Тиісті тыйым салулар мен шектеулерді белгілеуге уәкілетті мемлекеттік органдар
	Экологиялық төлемдер мен экономикалық ынталандыру шаралары	Үкімет, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес өзге де министірліктер
<i>Экологиялық нормативтер мен шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар</i>	ЖШШ (жол беруге болатын шекті шоғырлану), ӘШҚД (әсер етудің шамалап алынған қауіпсіз деңгейі), ӘЖБД (әсер етудің жол беруге болатын деңгейі)	Денсаулық сақтау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	Республикалық және ООПТ бойынша – Үкімет, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Өңірлік – мәслихаттар, әкімдіктер

	Табиғи ресурстарды пайдаланудың рұқсат берілген көлемдері, олардың нормативтері, лимиттері,	Үкімет, Су ресурстары жөніндегі Орман және аң шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы жөніндегі комитет, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, мәслихаттар, әкімдіктер
	Шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар	Үкімет, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, мәслихаттар, әкімдіктер
<i>Табиғатты қорғау іс-шаралары</i>	Бағдарламалармен көзделгендер	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалар әкімшілері және жауапты орындаушылар
	Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жоспарларымен көзделгендер	Тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдар
	Келісімдермен және шарттармен көзделгендер	Келісілген табиғат пайдалану іс-шараларын орындауға мониторингті жүзеге асыруға құқығы бар мемлекеттік органдар
<i>Қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет</i>	ҚОӘБ және экологиялық сараптамаға байланысты құжаттамалар	1-4 сыныптағы объектілер бойынша өндірістік объектілердің санитарлық сыныпталуына сәйкес - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, 5 сыныптағы объектілер бойынша - Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері (басқармалары)
	Қоғамдық тыңдаулар барысында ұсынылатын ҚОӘБ материалдары	Әкімдіктердің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттері (басқармалары), ҚОӘБ тиісті құжаттамалар жобаларының бастамашылары мен әзірлеушілері
	Бақылау-инспекциялық және құқық қорғау қызметтерінің нәтижелері бойынша деректерлер	Бас прокуратураның Статистика және арнайы есеп комитеті, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдар (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 3-бөлімін қараңыз), ішкі істер органдары
<i>Қоршаған ортаның әсері</i>	Адам денсаулығының және қауіпсіздігінің жай-күйі, олардың өмір сүру жағдайы	Денсаулық сақтау министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі
	Мәдениет объектілерінің, ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйі	Төтенше жағдайлар министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі, әкімдіктер

**3-кесте: Халыққа жариялы қызмет көрсететін және мемлекеттік органдардың функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың мысалдары**

<b>Мемлекеттік органдардың функцияларын жүзеге асыратын ұйымдар</b>	
<i>Мемлекеттік орган</i>	<i>Бақылау органдары</i>
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	«Қазгидромет» РМК, «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК, «Экология және климат жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институты» РМК
АШМ Орман және аң шаруашылығы комитеті	Қорықтар мен ұлттық табиғи саябақтар, « Орман шаруашылығын жобалау жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау-ізвестіру институты» РМК, «Жасыл аймақ» РМК
АШМ Су ресурстары жөніндегі комитет	Су шаруашылығы, «Қазагромелиоводхоз» Республикалық әдістемелік орталығы
Денсаулық сақтау министрлігі	«Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы» ММ
Энергетика және минералды ресурстар министрлігі	«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК, «Уранликвидрудник» РМК
Жер ресурстарын пайдалану агенттігі	Жер ресурстары және жер орналастыру жөніндегі орталық
Статистик агенттігі	«Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы» РМК
Әкімдіктер	Жергілікті табиғи саябақтар, орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері
<b>Халыққа жариялы қызмет көрсететін ұйымдар</b>	
Әкімдіктер	Тұрмыстық қалдықтарды шығарумен және кәдеге жаратуымен, елді мекендерді абаттандырумен және көгалдандырумен айналысатын, ауыз сумен қамтамасыз ету мен кәріз бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар

## 2-Қосымша. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратты алуға арналған сауалдары

### 4-кесте: Экологиялық ақпаратқа арналған сауалдардың қаралу мерзімдері

Сауалға мысал	Қаралу мерзімдері	Шағымданған жағдайда мерзімді қолдануды растау
Басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын ақпаратты сұрату	Сауал 3 жұмыс күні ішінде қайта жолданады	Ақпаратты ұсынудан жазбаша бас тарту шеңберінде сауалды қайта жолдау туралы арыз берушіні хабардар ету
Сауал жолданып отырған мемлекеттік органда бар мәліметтерді, құжаттар мен материалдардың, ақпараттық жүйелердің деректерлерін сұрату	Күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей беріледі.	Сауал жолданып отырған органда осындай ақпараттың бар екенін растау
Сауал жолданып отырған жоғары тұрған мемлекеттік органда немесе оған бағынысты ұйымда бар мәліметтерді, құжаттар мен материалдардың, ақпараттық жүйелердің деректерлерін сұрату	Күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей беріледі.	Жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе оған бағынысты ұйымға жолданған сауалдың көшірмесі
Сауал жолданып отырған мемлекеттік органның аумақтық органында немесе оған бағынысты ұйымда бар мәліметтерді, құжаттар мен материалдардың, ақпараттық жүйелердің деректерлерін сұрату	Күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей беріледі.	Аумақтық органға оған бағынысты ұйымға жолданған сауалдың көшірмесі
Басқа мемлекеттік органның немесе оған бағынысты ұйымнан нақтылауды талап ететін мәліметтерді немесе деректерлерді мемлекеттік органның сұрату	Күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей беріледі.	Басқа мемлекеттік органға оған бағынысты ұйымға жолданған сауалдың көшірмесі
Табиғат пайдаланушыдан алуға қажетті мәліметтерді немесе деректерлерді мемлекеттік органның сұрату не ол мәліметтерді ашу үшін табиғат пайдаланушылармен келісу талап етіледі	Күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей беріледі.	Табиғат пайдаланушымен хат-хабар жазысулардың көшірмелері
Оларды нақтылау үшін жергілікті жерлерге баруды қажет ететін мәліметтер мен деректерлерді сұрату, мысалы, экологиялық заңнамалардың, жұртшылықтың экологиялық құқықтарының бұзылу фактілерін анықтайтын жағдайлар	Күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей беріледі.	Жергілікті жерлерге бару нәтижелері бойынша жасалған актінің көшірмесі
Мемлекеттік орган болып табылмайтын субъектіден экологиялық ақпарат сұрату	Бір айдан кешіктірілмей беріледі	
Оларды алу үшін инспекциялық тексерулер, зерттеулер немесе сынамаларға талдаулар	Күнтізбелік 60 күннен кешікті-	Мемлекеттік орган басшысының немесе



жүргізу қажет болатын мәліметтер мен деректерлер сұрату	рілмей беріледі.	орынбасарының мерзімнің ұзартылуы туралы шешімнің көшірмесі және арыз берушіге хабарлау
---	------------------	---

**5-кесте: Экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тарту үшін негіздер**

<b>Бас тарту үшін негіздер</b>	<b>Заң нормасы</b>	<b>Мысалдар</b>
Сауал өтініш беруші сұратқан мәліметтер мен деректерді анықтауға мүмкіндік бермейді	Экологиялық кодекстің 167-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы	1. Сауал айтарлықтай жалпылама түрде тұжырымдалып, одан сұралып отырған ақпараттың нысаны анық емес. 2. Арыз берушімен сауалдың мәнін нақтылау қажет.
Сұралып отырған ақпарат жоқ	Экологиялық кодекстің 167-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы	1. Сауал сұралып отырған мемлекеттік органның немесе өзге тұлғаның құзыретіне жатады, бірақ оларда ақпарат жоқ. 2. Мемлекеттік органнан сұралып отырған ақпарат басқа мемлекеттік органның құзыретіне жатады. Бұл жағдайда сауал құзыретті мемлекеттік органға қайта жолданады. 3. Сұратылып отырған экологиялық ақпарат жоқ және объективтік жағынан оны алу өте қиын немесе орынсыз.
Қызмет бабында пайдаланылатын (ҚБП) санатқа жатқызылған ақпараттарды сұрату	Әкімшілік рәсімдер туралы заңның 13-бабының 4-тармағы	1. Ақпарат мемлекеттік орган, ұйым басшысының шешімімен құжаттардың «қызмет бабында пайдалану» санатына жатқызылуы мүмкін. Қызмет бабында пайдалану материалдарында арнайы белгі қойылады. 2. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен мүдделеріне қатысты ақпараттарды қызмет үшін пайдаланылатындардың қатарына жатқызуға тыйым салынады.
Ақпараттарды ұсыну жедел-іздістіру қызметінің, анықтаудың және алдын ала тергеудің құпиясын бұзады	Жедел-іздістіру қызметі туралы заңның 14-бабы және ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 53 және 205-баптары	Сұратылып отырған ақпарат жедел-іздістіру қызметінің, алдын ала тергеу немесе анықтау процесіне жатады. Оларға қол жеткізуге рұқсатты алдын ала тергеу немес анықтау органы береді.

Коммерциялық құпияға жатқызылған мәліметтерге қатысты сауал	ҚР АҚ 126-бабы	Қоршаған ортаға әсер ететін кәсіпорынның қызметі жөніндегі экономикалық деректерлер.
Авторлық құқық немесе зияткерлік меншік құқығы бұзылса	АҚ 964-бабы, «Ақпараттан-дыру туралы» Заңның 15, 20-22-баптары	Экологиялық ақпаратты қамтитын идеялар, құжаттар, материалдар, бірақ олар авторлық немесе патенттік құқық нысанын қамтиды.
Жеке немесе отбасылық құпияны құрайтын мәліметтерге қатысты сауал	Конституцияның 18-бабының 1,2-тармақтары «Ақпараттан-дыру туралы» Заңның 15-бабы	Жеке тұлғалардың, сұратылып отырған ұйым қызметкерлерінің жеке немесе медициналық деректерлері, жеке өмірі туралы деректерлері, жалақысы туралы ақпарат және тағы басқалар.
Бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығы	Мемлекеттік статистика туралы заңның 13-бабы	Нақты кәсіпорынның шығарындылары, төгінділері және орналастырылатын қалдықтары туралы статистикалық деректерлер

### **3-Қосымша. Жұртшылыққа шешімдер қабылдауға қатысу құқығын беретін шаруашылық қызметтің түрлері**

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Конвенцияға 1-қосымша

#### ***6-баптың 1 а)-тармағында аталған қызмет түрлерінің тізбесі<sup>72</sup>***

##### **1. Энергетика:**

- мұнай өңдеуші және газ өңдеуші зауыттар;
- газдандыруға және көмірді сұйылтуға арналған қондырғылар;
- жылу электр станциялары және жағу үшін 50 мегаватт (МВт) немесе одан да көп жылу қуаты әкелінген басқа да қондырғылар;
- кокос пештері;
- мұнай электр станцияларын немесе 1-реакторларды бөлшектеуді немесе пайдаланудан шығаруды қоса алғанда (барынша қуатты тұрақты жылу жүктемесінің 1 кВт-нан аспайтын бөлінетін және өндірілетін материалдарды өндіру мен консервациялауға арналған зерттеу қондырғыларын қоспағанда) атом электр станциялары және атомды реакторы бар басқа да қондырғылар;
- сәулеленген ядролық отынды ұқсатуға арналған қондырғылар;
- мынаған арналған қондырғылар:
  - ядролық отынды өндіру мен байытуға арналған;
  - сәулеленген ядролық отынды немесе жоғары радиоактивтік қалдықтарды өңдеуге арналған;
  - сәулеленген ядролық отынды түпкілікті ажыратуға арналған;
- өндірістік объекті аумағынан тысқары басқа орындардағы сәулеленген ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды тек сақтауға арналған (10 жылдан астам уақытқа жоспарланған).

##### **2. Металдар өндіру және өңдеу:**

- металл рудаларын (сульфитті руданы қоса алғанда) күйдіруге немесе агломерациялауға арналған қондырғылар;
- сағатына 2,5 тоннадан асатын өнімділіктегі үздіксіз ағызуды қоса алғанда, шойынды немесе болатты қайта балқытуға (бірінші немесе екінші балқыту) арналған қондырғылар;
- қара металдарды өңдеуге арналған қондырғылар:
  - а) сағатына 20 т шикі болаттан асатын қуаты бар ыстық прокаттау стандарты;
  - б) балғаға 50 кДж-ден асатын, тұтынылатын жылу қуаты 20 МВт-тан асатын ұста балғалары;
  - с) сағатына 2 тоннадан асатын шикі болатты бере отырып қорғаныш шашыратқы металл жамылғыларын жағу;
- өндірістік қуаты күніне 20 тоннадан асатын қара металдар құю;
- мыналарға арналған қондырғылар:
  - а) рудадан қышқылдандырылмаған металдарды, металлургиялық, химиялық немесе электролиттік процестер арқылы концентраттарды немесе қайталама шикізат материалдарын өндіру;

---

<sup>72</sup> Конвенцияға 1-қосымша.

б) қорғасын мен кадмий үшін күніне 4 тоннадан немесе басқа барлық металдар үшін 20 тоннадан асатын балқыту қуаты бар, легирленгенін қоса алғанда, түсті металдардың, оның ішінде рекуперирленген өнімдердің (рафинирленген, құю өндірісі және т.б.) қорытпалары;

- электролиттік немесе химиялық процестерді пайдалана отырып металдарды және пластикалық материктерді беткі өңдеуге арналған қондырғылар, бұл кезде өңдеу үшін пайдаланылатын күбілердің көлемі 30 текше м-ге артады.

### 3. Минерал шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп:

- күніне 500 т-дан асатын өндірістік қуаты бар айналмалы күйдіру пештерінде цемент клинкерін, немесе күніне 50 т-дан асатын өндірістік қуаты бар айналмалы күйдіру пештерінде, немесе күніне 50 т-дан асатын өндірістік қуаты бар басқа да пештерде әк өндіруге арналған қондырғылар;
- асбест өндіруге немесе құрамында асбест бар өнімдерді эзірлеуге арналған қондырғылар;
- әйнек талшығын қоса алғанда, күніне 20 т-дан асатын балқытқыш қуаты бар әйнек өндірісіне арналған қондырғылар;
- күніне 20 т-дан асатын балқытқыш қуаты бар, минералдық талшықтар өндірісін қоса алғанда, минералды заттар ерітуге арналған қондырғылар;
- күйдіру арқылы керамикалық өнімдерді, атап айтқанда шатыр қыштарын, кірпіш, отқа төзімді кірпіш, керамикалық плиткалар, тас керамикалар немесе фарфор бұйымдар өндіруге арналған, күйдіру пештерінің қуаты 4 текше метрден асатын және күйдіру пештеріндегі садкидің тығыздығы 300 кг/текше метрден асатын қондырғылар.

4. Химия өнеркәсібі: осы тармақта аталған қызмет санаттарының мәні шегіндегі өндіріс а) - г) тармақшаларында аталған заттарды немесе заттар топтарын химиялық өңдеу көмегімен өнеркәсіптік көлемдерде өндіруді білдіреді:

а) мынадай негізгі органикалық химиялық заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар;

- i. қарапайым көмірсутектер (линиялық немесе циклдік, қаныққан немесе қанықпаған, алифаттық немесе ароматтық);
- ii. спирттер, альдегидтер, кетондар, карбонды қышқылдар, күрделі эфирлер, ацетаттар, қарапайым эфирлер, тотықтар, эпоксидті смолалар секілді құрамында қышқыл бар көмірсутектер;
- iii. күкіртті көмірсутектер;
- iv. аминдер, амидтер, азоттың қосылысы секілді азотты көмірсутектер;
- v. құрамында фосфор бар көмірсутектер;
- vi. галогенизделген көмірсутектер;
- vii. органометалдық қосылыстар;
- viii. негізгі пластикалық материалдар (полимерлер, синтетикалық талшықтар және целлюлоза базасындағы талшықтар);
- ix. синтетикалық каучук;
- x. бояулар мен пигменттер;
- xi. беткі-активті заттар;

б) мына секілді негізгі бейорганикалық заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар:

- i. аммиак, хлор немесе хлорлы сутек, фтор немесе фторлы сутек, көміртек оксидтері, күкірт қосылыстары, азот оксидтері, сутек, күкірт диоксиді, көміртек хлорокисі секілді газдар;
- ii. хромды қышқыл, азот қышқылы, хлорлы-сутекті қышқыл, күкірт қышқылы, олеум, күкіртті қышқыл секілді қышқылдар;
- iii. аммоний гидроксиді, калий гидроксиді, натрий гидроксиді секілді сілтілер;

- iv. хлорлы аммоний, хлорлықшқыл калий, көмірқышқыл калий, көмірқышқыл натрий, перборат, азотқышқыл күміс секілді тұздар;
  - v. металл еместер, металдардың оксидтері немесе кальций карбиді, кремний, кремний карбиді секілді басқа да бейорганикалық қосылыстар;
- с) фосфор, азот немесе калий минералды тыңайтқыштарын (қарапайым немесе күрделі тыңайтқыштарды) өндіруге арналған химиялық қондырғылар;
- д) өсімдік шаруашылығы және биоцидтер үшін негізгі өнімдерді өндіруге арналған химиялық қондырғылар;
- е) негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру үшін химиялық немесе биологиялық процестер қолданылатын қондырғылар;
- ф) жарылғыш заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар;
- г) белок жем қоспаларын, ферменттер және басқа белоктық заттар өндіру үшін химиялық немесе биологиялық процестер пайдаланылатын химиялық қондырғылар.
5. Қалдықтарды өңдеу және алып тастау:
- қауіпті қалдықтарды өртеуге, рекуперациялауға, химиялық өңдеуге немесе көмуге арналған қондырғылар;
  - сағатына 3 т-дан асатын өнімділігі бар коммуналдық-тұрмыстық қалдықтарды жағуға арналған қондырғылар;
  - күніне 50 т-дан асатын өнімділігі бар қауіпті емес қалдықтарды жоюға арналған қондырғылар;
  - инерттік қалдықтарды қоспағанда, күніне 10 т-дан астам қалдықтар түсетін, немесе жалпы сыйымдылығы 25 000 т-дан асатын төгінді орындар.
6. 150 000 адам мөлшеріндегі халық санының эквивалентінен асып түсетін өнімділігі бар сарқынды суларды тазартуға арналған қондырғылар.
7. Мыналарға арналған өнеркәсіптік қондырғылар:
- a) ағаштан немесе соған ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндірісі;
  - b) күніне 20 т-дан асатын өндірістік қуаты бар қағаз және картон өндірісі.
8. a) Алысқа қатынайтын темір жол линияларын және негізгі ұшу-қону алаңының ұзындығы 2 100 м немесе одан да астам аэропорттар салу;
- b) автомагистральдар мен ұшқыр жолдар салу;
- c) төрт немесе одан да көп жүріс жолы бар жаңа жолдар салу немесе төрт немесе одан да көп жүріс жолдарын жасау мақсатында, жаңа жол немесе қайта жаңғыртылған және/немесе кеңейтілген учасок 10 км немесе одан да үздіксіз ұзақ болатындай, екі немесе одан аз жүріс жолдары бар бұрынғы жолдарды қайта жаңғырту және/немесе ұлғайту.
9. a) Ішкі кеме жүрісіне арналған, 1 350 т-дан астам су сыйымдылығы бар кемелердің өтуіне жол беретін ішкі кеме жүзісіне арналған ішкі су жолдары;
- b) 1 350 т-дан астам су сыйымдылығы бар кемелерді қабылдай алатын жағалаулық және шығыңқы порттармен байланысты (паромдық өткел айлақтарын қоспағанда) жүк тиеу мен түсіруге арналған сауда порттары, айлақтар.
10. Жер асты суларын жинау немесе жыл сайынғы жиналатын немесе толтырылатын су 10 млн. текше метрге тең болатын немесе одан асып түсетін жер асты суларын жасанды жолмен толықтыру жүйелері.
11. a) Өзен бассейндері арасындағы су ресурстарын ауыстырып отыру жөніндегі жұмыстар, мұндай жағдайда бұл ауыстыру су жетімсіздігін болдырмауға бағытталған және ауыстырылатын су мөлшері жылына 1000 млн. текше метрден асады;

Екі жағдайда да су құбырының ауыз суын ауыстырып жіберуге болмайды.

12. Коммерциялық мақсаттарда мұнай мен табиғи газ өндіру, бұл жағдайда алынатын мөлшер мұнай жағдайында күніне 5000 тоннадан және газ жағдайында 500 000 текше метрден асады.

13. Ұсталатын немесе сақталатын судың жаңа немесе қосымша мөлшері 10 млн. текше метрден асатын суды ұстауға немесе үнемі сақтауға арналған бөгендер немесе басқа да объектілер.

14. Диаметрі 8000 мм-ден астам және ұзақтығы 40 км-ден астам газды, мұнайды немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған құбыр желілері.

15. Құстарды немесе шошқаларды қарқынды өсіруге арналған:

а) құстар үшін 40 000-нан;

б) бордақы шошқалар (салмағы 30 кг-нан астам) үшін 2 000 орыннан;

с) аналық шошқалар үшін 750-ден астамға есептелген қондырғылар.

16. Қарьерлер және 25 га-дан асатын учаске бетінен пайдалы қазбаларды ашық алу немесе 150 га-дан асатын учаске бетінен торф алу.

17. Кернеуі 2220 кВ немесе ұзақтығы 15 км-ден асатын электр берілістерінің әуе желілерін салу.

18. Мұнай, мұнай-химия немесе химия өнімдерін сақтау үшін сыйымдылығы 200 000 т немесе одан да көп қондырғылар.

19. Қызметтің басқа да түрлері:

- күніне өңделетін материалдардың көлемі 10 т-дан асып түсетін алдын ала өңдеуге (жуу, ағарту, мерсеризация секілді операциялар) немесе талшықты немесе текстильді бояуға арналған қондырғылар;

- ұқсату мөлшері күніне 12 т-дан асып түсетін былғары мен терілерді илеуге арналған қондырғылар;

а) күніне 50 т-дан асатын тұтас етті ұқсату бойынша қуаты бар қасапханалар;

б) мыналардан тамақ өнімдерін өндіру мақсатында өңдеу және ұқсату:

і. күніне 75 т-дан асатын дайын өнім өндіру жөнінде қуаты бар мал шикізаты (сүттен басқа);

й) күніне 300 тоннадан асатын дайын өнім өндіретін өндірістік қуаты бар (тоқсандық негізде орташа көрсеткіш) өсімдік шикізаты;

с) сүтті өңдеу мен ұқсату, бұл кезде алынатын сүттің мөлшері күніне 200 т-дан асады (жылдық негізде орташа көрсеткіш);

- күніне 10 т-дан асатын ұқсатушы қуаты бар үй жануарларының тұтас еттерін немесе мал шаруашылығы қалдықтарын бөлуге немесе рециркуляциялауға арналған қондырғылар;

- сағатына 150 кг-нан астам немесе жылына 200 т-дан астам өндірістік қуаты бар, органикалық еріткіштерді пайдалана отырып заттарды, бұйымдарды немесе өнімдерді беткі өңдеуге арналған, атап айтқанда әрлеуге, басуға, жабуға, майсыздандыруға, гидрооқшаулауға, калибровкалауға, бояуға, тазалауға немесе дымқылдауға арналған қондырғылар;

- жағу немесе графиттендіру арқылы көміртек (табиғи кокс) немесе электрографит өндіруге арналған қондырғылар.

20. 1 - 19-тармақтарда қамтылмаған кез келген қызмет түрі жұртшылықтың қатысуы ұлттық заңдарға сәйкес қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың рәсімдері шеңберінде көзделеді.

21. Осы Конвенцияның 6-бабының 1 а) тармағының ережесі, егер тек олардың қоршаған орта мен денсаулыққа айтарлықтай зиянды ықпал жасау мүмкіндігі болмаса, айрықша немесе негізінен жаңа әдістерді немесе өнімдерді әзірлеу және тексеру мақсатында жүзеге асырылатын жоғарыда аталған жобалардың ешбіріне қолданылмайды.

22. Осы сөйлемде белгіленген өлшемдерге/ақаулы мөлшерлерге өзінше жауап беретін қызметтің кез келген өзгеруі немесе ұлғайтылуы осы Конвенцияның 6-бабының 1 а) тармағының қолданылуына ілігеді. Қызметтің кез келген өзгеруі немесе ұлғайтылуы осы Конвенцияның 6-бабының 1 б) тармағының қолданылуына ілігеді.

*Ескерту:*

1) *Атом электр станциялары және басқа да атом реакторлары барлық ядролық отын немесе басқа радиоактивті ластаушы элементтер қондырғының өнеркәсіптік алаңынан түпкілікті әкетілген кезде мұндай қондырғылар болуы тоқтатылады.*

2) *Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "аэропорт" 1944 жылғы Чикаго конвенциясының мазмұнында бар, Халықаралық азаматтық авиация ұйымын құратын (14-қосымша) анықтамаға сәйкес келетін аэропортты білдіреді.*

3) *Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "ұшқыр жол" 1975 жылғы 15 қарашада Халықаралық автомагистральдар туралы Еуропа келісімінде мазмұндалған анықтамаға сәйкес келетін жолды білдіреді.*

#### 4-Қосымша. Өндірістік объектілерді жобалау және орналастыру

**6-кесте: Қорғалу, санитарлық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарына мысалдар**

Оларды белгілеу үшін заңнамалық негізі	Аймақтар түрі
«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі №175-III Заңы	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аймақтары
Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 8 шілдедегі №334 бұйрығымен бекітілген өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар	Өндірістік объектілерінің санитарлық-қорғаныш аймақтары
Су кодексі, Үкіметтің 2004 жылғы 16 қаңтардағы №42 қаулысымен бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесі	Су қорғау аймақтары мен белдеулері
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 63 Бұйрығымен бекітілген «Су көздерінің және шаруашылық - ауыз су құбырларының санитарлық қорғау аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары	Айыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтары
Экологиялық кодекс, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы № 1468-ХІІ Заңы, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан №1787-ХІІ Заңы	Төтенше экологиялық жағдайлар мен экологиялық қасірет аймақтары



**7-кесте: Өндірістік объектілерді жобалау жөніндегі нормативтік құжаттар**

<b>Реттеу нысанасы</b>	<b>Нормативтік құжаттар</b>
<p><i>Кәсіпорынды, ғимаратты және құрылысты салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы</i></p>	<p>- «Кәсіпорынды, ғимаратты және құрылысты салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы туралы нұсқаулық» А.2.2-1-2001 ҚР ҚНМЕ</p> <p>- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-ө Бұйрығымен бекітілген Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулық</p>
<p><i>Өндірістік объектілерді және ғимараттарды, өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыстарын жобалаудың жалпы ережелері мен нормалары</i></p>	<p>- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 8 шілдедегі №334 Бұйрығымен бекітілген Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар</p> <p>- «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық аумақтарды жоспарлау және құрылысы» 3.01-01-2002 ҚР ҚНМЕ</p> <p>- «Өндірістік ғимараттар» 2.09.02-85 ҚНМЕ</p> <p>- «Өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылысы» 2.09.03-85 ҚНМЕ «Типтік жобалау құжаттамалары» 1.02-28-2004 ҚР ҚНМЕ.</p>
<p><i>Өндірістік объектілер мен құрылыстың жекелеген түрлерін жобалау ережелері мен нормалары</i></p>	<p>Жекелеген мысалдар: «Өнеркәсіптік қалдықтарды зарарсыздандыру және көму бойынша полигондарды жобалау жөніндегі ұсыным» ҚР СЕ 1.04-06-2004; «Қоқыстиейтін станциялар. Жобалау нормалары» 4.05-05-2003 ҚР СН; «Радиоактивті рудаларды жерасты сілтілендіруді өндіру полигондарын жобалау, салу, пайдалануға беру, консервациялау және жою» № 5.01.026-99 Санитарлық ережелер мен нормалар (СНП-ПВ-99)</p>

**5-Қосымша. Экологиялық рұқсаттар мен арнайы табиғат пайдалануға арналған рұқсаттарды шектеу, тоқтата тұру және тоқтату**

**8-кесте: Рұқсаттардың қолданылуын шектеу, тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздер**

<b>Рұқсат түрлері</b>	<b>Шектеу, тоқтата тұру, тоқтату</b>	<b>Заңның нормасы</b>	<b>Шектеу, тоқтата тұру, жою үшін негіздер</b>
<i>Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар</i>	Тоқтата тұру	Экологиялық кодекстің 77-бабының 2-тармағы	1. табиғат пайдаланушылардың дұрыс емес деректерді табыс ету фактілері, оның ішінде қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін есептеуге байланысты қателіктер анықталса; 2. табиғат пайдаланушылар рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын, экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды бұзса тоқтата тұруы мүмкін.
	Тоқтату	Экологиялық кодекстің 77-бабының 3-тармағы	1) табиғат пайдаланушылар рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын, экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды ұдайы (рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде 3 реттен астам) бұзса; 2) рұқсаттың қолданылуы тоқтатыла тұруға қатысты жолсыздықтар белгіленген мерзімде жойылмаса; 3) қоршаған ортаға елеулі залал келтірілсе және халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндірсе; 4) қоршаған ортаға эмиссияларға жаңа рұқсат ресімделіп, берілгеннен кейін ол тоқтатылады
<i>Жер пайдалану-ға арналған келісім-шарт</i>	<b>Бір жақты тоқтату</b>	Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңның 45-2-бабының 1-тармағы	1) мердігер барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға әкеп соққан себептерді жоюдан бас тартқан кезде, не осы себептер оларды жою үшін жеткілікті мерзімде жойылмаса; 2) жер қойнауын пайдаланушылар Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңның 70-бабында көзделген шараларды қолданбаса; 3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруға әкеп соққан себептерді жою мүмкін болмаса; 4) мердігер келісімшартта не жұмыс бағдарламасында белгіленген міндеттемелерін

			<p>елеулі түрде бұзған кезде;</p> <p>5) жер қойнауын пайдалану құқығы осы Заңға сәйкес кепіл нысанасы болып табылатын жағдайды қоспағанда, мердігер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банкрот деп танылса;</p> <p>6) Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңның 71-бабының мемлекеттің басым құқығына қатысты үшінші бөлігі орындалмаса</p>
<i>Арнайы су пайдалану-ға арналған рұқсаттар</i>	<b>Тоқтату</b>	Су кодексінің 75-бабы	<p>1) су ресурстары нысаналы мақсатында пайдаланылмаған;</p> <p>2) ауыз сумен жабдықтауға арналған су ресурстары бір жыл бойы пайдаланылмаған;</p> <p>3) су ресурстары үш жыл бойы пайдаланылмаған;</p> <p>4) су ресурстарын мемлекеттік мұқтаждар үшін пайдалану қажеттігі туындаған;</p> <p>5) су пайдаланушы су заңдарында белгіленген шарттар мен талаптарды сақтамаған;</p> <p>6) су ресурстарын пайдалануға тыйым салу үшін негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.</p>
<i>Орман пайдалану-ға арналған рұқсаттар</i>	<b>Шектеу</b>	Орман кодексінің 39-бабының 2-тармағы	<p>1) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану жүзеге асырылатын учаскелерінде орман ресурстарының жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың басталуы нәтижесінде олардың қоры азайған;</p> <p>2) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиацимиялық, авиобиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар өткізілетін жағдайларда, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болатын кезеңде шектелуі мүмкін.</p>
	<b>Тоқтата тұру</b>	Орман кодексінің 39-бабының 1-тармағы	<p>1) орман пайдаланушы Қазақстан Республикасы орман заңдарының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарының талаптарын бұзған;</p> <p>2) орман пайдаланушы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының, ағаш кесу билетінің, орман билетінің талаптарын орындамаған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.</p>
	<b>Тоқтату</b>	Орман кодексінің 40-бабының 1-тармағы	<p>орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан ерікті түрде бас тартқан;</p> <p>орман пайдалану мерзімі өткен;</p> <p>орман пайдаланушы заңды тұлға таратылған;</p>

			<p>орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған;</p> <p>мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда;</p> <p>орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған немесе орман пайдаланудың төлемақысын белгіленген мерзімнен кейінгі үш ай ішінде енгізбеген;</p> <p>мемлекеттік орман қоры жері мемлекет қажеттіктері үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады.</p>
<p><i>Жануарлар дүниесінің объектілерін пайдалану-ға арналған рұқсаттар</i></p>	Тоқтату	<p>Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңның 30-бабы</p>	<p>1) жануарлар дүниесін пайдаланудан өз еркімен бас тартқан;</p> <p>2) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімі өтіп кеткен;</p> <p>3) жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметі тоқтатылған;</p> <p>4) жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдардың талаптарын, сондай-ақ аңшылық шаруашылығын немесе балық шаруашылығын жүргізу шарттары-ның талаптарын жүйелі түрде бұзған;</p> <p>5) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) бекітіліп берілген жер учаскелерін заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу;</p> <p>6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға берілген рұқсаттар жойылған;</p> <p>7) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.</p>

## **6-Қосымша. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлері**

«Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы

27 маусымдағы №543 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін және оларды міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы №19 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., №1, 10-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 19 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі №340 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., №15, 185-құжат);

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы №19 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 мамырдағы №423 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., №18, 172-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**К.Мәсімов**

*Қазақстан Республикасы*

*Үкіметінің*

*2007 жылғы 27 маусымдағы*

*№543 қаулысымен*

*бекітілген*

### **Жерді және жер қойнауын пайдалану**

Улы, радиоактивті және тағы басқа қауіпті зиянды заттармен ластанған жерлердің техникалық рекультивациясы.

Учаске алаңы 25 гектардан артық болған кезде пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі карьерлерді әзірлеу.

Учаске алаңы 25 гектардан артық болған кезде тау-кен өнімдерін әзірлеу.

### **Су ресурстарын пайдалану**

4. Су объектілерінің ластануына және тығындалып қалуына әкеп соғатын ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар мен радиоактивті материалдарды өндірістік мақсатта пайдаланатын кәсіпорындар мен құрылыстардың су жинайтын аландарына салу және орналастыру.

5. Өнімділігі 150 мың эквивалентті тұрғындардан астам ағынды суларды тазалау станцияларының қызметі.

### **Мұнай операцияларын жүзеге асыру**

6. Қоршаған ортаға зиянды әсер ететін техногенді минералдық қосылыстарды орналастыру, сақтау және пайдалану.

7. Мұнай операцияларын, оның ішінде:

мұнай мен табиғи газды коммерциялық мақсаттарда өндіруді;

мұнай, мұнай-химиялық немесе химиялық өнімдерді сақтауды;

мұнай өңдейтін зауыттардың (шикі мұнайдан майлағыш материалдарды ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және газдандыруға арналған құрылыстардың қызметін;

газды, мұнайды немесе химикаттарды тасымалдауға арналған құбырларды пайдалануды жүзеге асыру.

8. Шойын мен болаттың бастапқы қорытылуы.

9. Металлургиялық, химиялық немесе электролиздік үдерістермен кендерден, концентраттардан немесе қайталама шикізаттан түсті металдар өндіру.

### **Атом және жылу энергиясын пайдалану**

10. Жылу электр станциялары мен жылу қуаты 300 мегаватт немесе одан да көп басқа жылу құрылыстарын пайдалану.

11. Атом электр станцияларының және басқа да ядролық реакторлардың қызметі, осындай электр станцияларын немесе реакторларды бөлшектеуді немесе оларды пайдалануды тоқтатуды қоса алғанда (ең жоғары қуаты тұрақты жылу жүктемесінің 1 киловаттан аспайтын ыдыратқыш және ұдайы өндірілетін материалдарды шығаруға және қайта құруға арналған зерттеу қондырғыларынан басқа\*).

12. Пайдаланылған ядролық отынды қайта өңдеу.

13. Мыналар:

1) уранды байыту және ядролық отын өндіру;

2) пайдаланылған ядролық отынды және радиоактивті қалдықтарды орналастыру бойынша қызмет.

### **Атмосфералық ауаға, климатқа және Жердің озон қабатына әсері**

14. Өндірістік объектілердің санитарлық жіктелуіне сәйкес қауіптілігі 1-2-сыныпты зиянды (ластағыш) заттардың атмосфераға тастандыларымен ілесетін өндірістік үдерістерді жүзеге асыру.

15. Озон қабатын бүлдіретін заттардың және олар құрамында бар өнімдердің импорты мен экспорты, озон қабатын бүлдіретін заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озон қабатын бүлдіретін заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету.

### **Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу**

16. Қауіпті қалдықтарды жою, кәдеге жарату және көму.

17. Меншік құқығындағы, шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе жедел басқару құқығындағы қауіпті қалдықтарды иелену немесе оларды қолдану.

18. Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауға байланысты қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау.

### **Шаруашылық және өзге де қызметтің басқа экологиялық қауіпті түрлері**

19. Қоршаған ортаға зиянды әсер ететін химиялық және биологиялық заттарды өндіруге, іске асыруға, қолдануға және залалсыздандыруға байланысты қызмет.

20. Аэроғарыштық қызмет, оның ішінде ғарыш аппараттары мен ғарыштық қызмет объектілерін пайдалану және пайдаланудан шығару.

21. Әскери және қорғаныс объектілерінің қызметі.

22. Генетикалық түрлендірілген организмдерді өндіру.

23. Микроорганизмдер айналымын және оларды залалсыздандыруды қоса алғанда, микробиологиялық өндіріспен байланысты қызмет.

*Ескертпе: \*Атом электр станциялары мен басқа ядролық реакторлары барлық ядролық отындар мен басқа да радиоактивті ластанған элементтер қондырғылар алаңынан біржолата жойылғанда мұндай қондырғы болуын тоқтатады.*

## 7-Қосымша. Дербес жұмысқа немесе семинарлар өткізуге арналған практикалық тапсырмалар<sup>73</sup>

### 1-тапсырма.

1. Қоғамдық бірлестік сотқа Статистика басқармасы бастығының атмосфераны ластайтын кәсіпорынның шығарындылары туралы сұратылған ақпаратты беруден бас тартуы жеке тұлға «А-ның» құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу деп тану туралы, атмосфераны ластайтын кәсіпорынның шығарындылары туралы ақпаратты беруге мәжбүрлеу туралы арыз берген. Талап арызда ақпарат құпия болып табылатындықтан оны беруден бас тартылды деп көрсетілген.

#### Сұрақтар:

2. Іс үшін маңызды қандай мән-жайларды сот анықтауы тиіс?
3. Орхус Конвенциясына сәйкес, қандай ақпарат құпия ақпарат болып табылады?
4. «Мемлекеттік статистика туралы» Заңның ережелерін ескере отырып, сұратылып отырған ақпаратты бастапқы статистикалық ақпарат деп тануға болады ма?
5. Қоғамдық бірлестік өкілінің өкілеттіктері қалай ресімделеді, ол мүдделі жұртшылық болып табылады ма?
6. Сот қандай шешім қабылдауы керек?

### 2-тапсырма.

Қоғамдық бірлестік сотқа Статистика басқармасының бастығына заңды тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасайтын лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі туралы талап арыз берген. Талап арызда ақпарат құпия болып табылатындығына байланысты атмосфераға ластайтын заттардың шығарындылары туралы, суды пайдалану туралы, қалдықтардың түзілуі, пайдаланылуы мен орналастырылуы туралы жыл сайынғы мемлекеттік статистикалық есептілікті беруден бас тартылғаны, оның тек қана акционерлік қоғамның келісіммен берілетіндігі немесе қозғалған қылмыстық істер бойынша ПМ органдарының сұратуы бойынша таратылатындығы көрсетілген.

Сот мемлекеттік статистика органдарында статистикалық есептіліктің сауалда көрсетілген нысандарының 2-ТП нысаны бойынша (ауа) атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп әзірленетінін анықтаған. Статистика басқармасы атмосфералық ауаны қорғау туралы және қалалар мен облыс аудандары бойынша уытты қалдықтардың түзілуі мен жойылуы туралы, экономикалық қызмет түрлері мен ластайтын заттар түрлері бойынша жиынтық ақпаратты беруге мүмкіндігі бар. Есептіліктің аталған нысаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2006 жылғы 23 шілдедегі №12-г бұйрығымен бекітілген. Бұл ретте, онда ақпаратты алушы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді деп нақты көрсетілген.

Статистика басқармасы суды пайдалану, қалдықтардың түзілуі, пайдаланылуы мен орналастырылуы жөніндегі есептіліктің нысанын әзірлемеген.

#### Сұрақтар:

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Заңның ережелерін ескере отырып, сұратылып отырған ақпаратты бастапқы статистикалық ақпарат деп тануға болады ма?

---

<sup>73</sup> Орхус Конвенциясының 10 жылдығына арналған Судьялардың халықаралық конференциясы үшін әзірленген (Астана қаласы, 2008 жылғы 16-17 маусым)



2. Заң бойынша сотқа арыз беру үшін және осындай санаттағы арыздарды қарау үшін қандай мерзімдер белгіленген?
3. Сот қандай шешім қабылдауы керек?

### **3-тапсырма.**

Қоғамдық бірлестік сотқа мемлекеттік органдарға қоршаған табиғи ортаға теріс әсер етуге әкеп соққан заңды тұлғалардың әрекетсіздіктері туралы талап арыз берген. Талап арызда 2006 жылғы маусымда туристер түсірген фотосуреттерге сәйкес саябақтың аумағында санкция берілмеген құрылыс пен тұрмыстық қоқыстардың орны анықталғаны көрсетілген.

Сот қоғамдық бірлестіктің қоқыс орнын қалыптастырған ЖШС-не хаттар жіберілгенін, бұзушылықтың жойылмағанын анықтаған.

### **Сұрақтар:**

1. Орхус Конвенциясына сәйкес сотқа арыз бергенге дейін қоғамдық бірлестіктің мемлекеттік органдарға алдын ала жүгінуі қажет еді ме?
2. Мүдделі тұлғалардың қоғамдық бірлестікке қоқысты жою туралы алдын ала жүгінуі қажет пе немесе қоғамдық бірлестік үшін қоршаған ортаның ластанғанын түсірген суретпен жария ақпарат жеткілікті ме?
3. Сотқа осындай талапты беруге мүдделі тұлға кім болуы мүмкін?
4. Соттың шешімі қандай болуы тиіс?

### **4-тапсырма.**

Қоғамдық бірлестік әкімдікке заңды тұлғаның әрекетсіздігі туралы, сауалға жауап берілмегендіктен тау шаңғысы базасының құрылысы қай жерде жоспарланатыны, жобаның әзірленуі басталған-басталмағаны, жоба туралы ақпаратты қайдан алуға болатындығы туралы ақпаратты беруге міндеттеу туралы талаппен сотқа жүгінген.

Талап арызда Экологиялық кодекстің, Орхус Конвенциясының, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның ережелері бұзылған деп көрсетілген.

### **Сұрақтар:**

1. Ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері қандай және мемлекеттік органдардың арыздарды қарау тәртібі мен мерзімдері қандай?

### **5-тапсырма.**

Қоғамдық бірлестік сотқа мемлекеттік кәсіпорын директорының жер учаскесіне жеке меншік құқығына мемлекеттік актіні, сондай-ақ оның тіркелгені туралы ақпаратты беруден бас тартқанын әрекетсіздік деп тану туралы, жер учаскесіне жеке меншік құқығын беруге, оның тіркелгені туралы ақпаратты беруге міндеттеу туралы арыз берген.

Талап арызда Г-ның арызына сәйкес, өзеннің жағасындағы учаскеге топырақ пен құрылыс қоқыстары әкелініп, су қорғау белдеулері ластанып, Жер кодексінің ережелерін бұза отырып, аланды құрылыс жұмыстары үшін дайындалып жатқанын көрсеткен.

Сот шешім шығарғанға дейін талапкерге сұратылған ақпарат берілді.

### **Сұрақтар:**

1. Заң бойынша мемлекеттік органдар азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздарын қарау үшін қандай мерзімдер белгіленген?
2. Сот талапты қанағаттандырудан бас тартуы, арызды қараусыз қалдыруы, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуы тиіс пе? Қандай жағдайларда арыз қайтарылуы мүмкін?

### **6-тапсырма.**

Қоғамдық бірлестік сотқа Г-ның мүддесін қорғап, ЖШС азаматтардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруға кедергі жасайтын лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі туралы талап арыз берген. Талап арызда Г-ның отбасы тұратын тұрғын үйдің қасында көмір қабылдау, сақтау, өткізу, тауарлы бетондар мен керамзитбетондарын өндіретін кәсіпорынның орналасқанын, олардың үйінің жанындағы учаске цементпен үнемі шаң басып тұратынын, цемент топыраққа еніп, бау-бақша өнімдерінің жойылуына әкеп соғатынын көрсетеді. Өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерлерді, қоршаған ортаға эмиссияның мониторингі мен әсер ету мониторингі деректерлерін беру жөніндегі өтініш берген. Жұртшылықтан ақпаратты жасыру лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі болып табылады, бұл азаматтардың қолайлы тіршілік ету ортасына құқықтарын кемсітеді.

#### **Сұрақтар:**

1. Ақпаратты беру туралы сауал қалай ресімделеді?
2. Экологиялық ақпаратты беруден бас тарту үшін қандай негіздер бар және сауалды қандай мерзімде қарайды?
3. Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

### **7-тапсырма.**

Қоғамдық бірлестік Б-ның мүддесін қорғап сотқа ЖАҚ-ға трансформаторлық кіші станциясының қызметін тоқтату туралы талап арыз берген. Талап арызда трансформаторлық кіші станция Б-ның үйінен төрт шақырым жерде орналасқанын, оның және отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін көрсеткен.

Сот трансформаторлық кіші станцияның 1994 жылы салынып, пайдалануға берілгенін анықтаған. 2.07.01-89 ҚНМЕ және 3.01.-2002 ҚНМЕ сәйкес жеке тұрған трансформаторлық кіші станция мен тұрғын үйлердің арасындағы қашықтық кемінде 10 метр болуы тиіс. Трансформаторлық кіші станциясын пайдалануға берген кезде Б-ның тұрғын үйі трансформаторлық кіші станциясынан 10 метр қашықтықта болған, бұл ҚНМЕ белгілеген деректерге сай келеді. 2004 жылы Б. үлкен тұрғын үйге жапсарлас үй-жай салғандықтан трансформаторлық кіші станциясы арасындағы қашықтық 4 метрге дейін қысқарған.

#### **Сұрақтар:**

1. Б-ның жапсарлас үй-жайды салу жөніндегі әрекеттері осы жапсарлас үй-жай белгіленген нормадан кем қашықтықта орналасуы мүмкін деп тану үшін негіз бола ала ма?
2. Сот қандай шешім қабылдауы қажет?

***Талап арыздардың басым көпшілігін қоршаған ортаны қорғау мақсатында мемлекеттік органдар беретіндігін, ал қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар олар бойынша талапкерлер бола алатындығын белгілей отырып, пайдаланушының қарауына мынадай тапсырмаларды ұсынамыз:***

### **8-тапсырма.**

Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚОҚОАБ) ЖШС-ке қызметті тоқтата тұру туралы талап арызбен сотқа жүгінген. Тексеру барысында ЖШС жұмысында табиғат қорғау заңнамаларының бұзылғаны анықталған деп талап арызды негіздейді. ЖШС экологиялық сараптаманың оң

қорытындысын, табиғат пайдалануға және жер қойнауын пайдалануға келісім жасауға рұқсаттар алмастан облыстың екі ауданында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі 9 карьерді әзірлегені анықталған.

**Сұрақтар:**

1. Сот қандай шешім қабылдауы қажет?
2. ЖШС қызметінде табиғат пайдалану заңнамасының, атап айтқанда қандай заңнаманың бұзылуы анықталған?
3. ЖШС арнайы табиғат пайдалануға арналған рұқсаттың болмауына байланысты мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті түрде жүргізу туралы заңнаманың талаптарын орындамағаны үшін, жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?
4. Қандай уәкілетті мемлекеттік орган ЖШС-ті әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығаруға құқығы бар?

**9-тапсырма.**

Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚОҚОАБ) сотқа ЖШС-не экологиялық талаптардың және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуына байланысты өндірістік базасының қызметін тоқтата тұру туралы талап арыз беріп, талапты ЖШС Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесінің Қазақстанда пайдалануға тыйым салынған улы химикаттарды, атап айтқанда, 9 темір бөшке хлорпикринді, 1 бөшке бромды этилді және 49 қапшық симазин ұнтағын ЖШС қоймасының аумағынан шығару және көму жөніндегі нұсқамасын орындамаған деп негіздейді.

**Сұрақтар:**

1. Кәсіпкерлік субъектісінің басшысы қандай мерзім ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы заңнамаларының бұзылуын жою туралы нұсқаманың орындалғандығы туралы ақпарат беруі тиіс?
2. Соттың шешімінсіз шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салуға немесе тоқтата тұруға жол беріледі ме?
3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының шешіміне шағым келтіруге болады ма, қандай тәртіппен шағым келтіруге болады?
4. Сот қандай шешім қабылдау керек?

**10-тапсырма.**

Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚОҚОАБ) сотқа ЖШС-нің металлургиялық қалдықтарды тиеуге, түсіру мен тасымалдауға байланысты қызметін тоқтата тұру туралы талап арыз беріп, талапты ЖШС Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесінің атмосфераны ластайтын заттардың шығарындыларын өндіру, түгендеу жөніндегі нұсқамасын орындамаған, жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтері әзірленбеген, атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарындыларының және олардың көздерінің есебі жоқ деп негіздейді. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың (бұдан әрі - МЭС) қорытындысына сәйкес, «Шығарындылар көздерін түгендеу және ЖШС үшін жол берілетін шекті шығарындылар жобасы» материалдары келісілмеген, яғни МЭС оң қорытындысының болмауына байланысты кәсіпорынның атмосфераға шығарылатын ластайтын заттар шығарындыларына түгендеу жүргізілмеген және жол берілетін шекті шығарындылардың

нормативтері әзірленбеген. МЭС-ның осы қорытындысына баға бере отырып, бірінші сатыдағы сот оның мазмұнына сәйкес, ЖШС металлургиялық қалдықтарды тиеген, түсірген және тасымалдаған кезде барлық ластайтын заттар мен топтар бойынша жол берілген шоғырланудың шегі асып кетпеген деп көрсеткен. Сонымен қатар, сот өзінің шешімінде мемлекеттік органның хатына сәйкес, қалдықтардың құрамында түрлі түсті металдар аз және оларда тотияйын, сурьма, кадмий сияқты зиянды заттардың болуы экологиялық қаіптілік тудырмайды деп көрсеткен. Аталған мән-жайлар ЖШС қоршаған ортаға зиянды заттарды шығаруына қатысты бұзушылық болмаған деген соттың қорытынды жасауы үшін негіз болған.

Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін бұзып, іс бойынша Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесінің талап арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығара отырып, бірінші сатыдағы соттың қорытындыларын дұрыс емес деп таныған. Алқа арыз берушінің уәждері іс бойынша алаңның өзінде металлургиялық қалдықтарды тиеу-түсіру жұмыстары барысында қоршаған ортаға ластайтын заттардың шығарылатынын, бұл орайда шығарындылардың салмағы мен құрамының түрі бойынша кәсіпорын 4-ші санаттағы қауіптілікке жататынын айғақтайтын дәлелдемелермен расталатынын көрсеткен. Бұдан басқа, Экологиялық кодекстің 288-бабының 2-тармағына сәйкес, қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және өзге де арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізіледі.

#### ***Сұрақтар:***

1. ЖШС тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу үшін құқық белгілейтін қандай құжат алуы тиіс еді?
2. Табиғат пайдалануға арналған рұқсатты қандай орган береді?
3. ЖШС табиғат пайдалануға арналған рұқсатты алу үшін Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесіне қандай құжатты табыс етуі тиіс еді?
4. Жауаптарды құқық нормаларына сілтеме жасай отырып негіздеу.

#### ***11-тапсырма.***

Ауданның Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемесі К-ға орманды заңсыз кесу салдарынан келтірілген залалды өндіру туралы талап арызбен сотқа жүгінген. Сот істі өзінің іс жүргізуіне қабылдағаннан кейін, талап арыз берілген соң жауапкер келтірілген залалды толық өтегендіктен, талапкер талап арыздан бас тартып, осы негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы өтініш берген. АДЖК 247-бабының 3) тармақшасына сәйкес сот талапкердің талап арыздан бас тартуына байланысты іс бойынша іс жүргізуді қысқартқан.

#### ***Сұрақтар:***

1. Сот іс бойынша іс жүргізуді қысқартқан кезде қандай мәселелерді шешуі тиіс еді?
2. Осындай санаттағы талап арыздарды кімдер бере алады?
3. Төленген мемлекеттік баж бойынша мәселелер қалай шешіледі?
4. Іс бойынша іс жүргізу қысқартылған кезде сот ұйғарымда мемлекеттік бажды қайтару туралы немесе оны кінәлі тараптан өндіру туралы көрсете алады ма?

#### ***12-тапсырма.***

Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі сотқа ЖШС-не мұнай мен газ өндіруді тоқтата тұру жөніндегі талаппен жүгінген. Талап арызда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алмастан ауданда

технологиялық схема бойынша мұнай кен орындарын пайдалану жүзеге асырылғандықтан Экологиялық кодекстің 11, 47, 198-баптарының талаптары бұзылғанын көрсеткен.

Берілген талапқа өзінің қарсылығын білдіре отырып, жауапкер мұнай және мұнайгаз кен орындарында көмірсутек шоғырларын сынамалы түрде пайдалану жүргізілгенін, бұл бұрғыланған барлау ұңғымаларын уақытша пайдалануды көздейтінін, мұнай өндіруге арналған лицензиясының бар екенін көрсеткен.

***Сұрақтар:***

1. Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?
2. Осы мәселе Үкіметтің 1996 жылғы 18 маусымдағы №745 қаулысымен бекітілген Мұнай және газ кен орындарын игерудің бірыңғай ережелерінде қалай регламенттелген?
3. Сынамалы түрде пайдалану үшін алдын ала мемлекеттік экологиялық сараптама қажет пе?

***13-тапсырма.***

С. жеке кәсіпкердің қоршаған ортаны ластағаны үшін 10 еселенген мөлшерде есептелген төлемдер жөніндегі салық комитетінің хабарламасын заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандыра отырып, экономикалық сот жеке кәсіпкерлер жалпы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың қатарына жататындығын көрсеткен.

Облыстық соттың қадағалау алқасы соттың талапты қанағаттандыру туралы шешімін бұзып, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыру туралы жаңа шешім шығарған. Облыстық сот салық комитетінің С. жеке кәсіпкерге қоршаған ортаны ластағаны үшін 10 еселенген мөлшерде жауапкершілік жүктеуін заңды деп таныған.

***Сұрақтар:***

1. Бірінші сатыдағы соттың шешімін бұза отырып, облыстық соттың қадағалау алқасы С. жеке кәсіпкерді арнайы табиғат пайдаланушылар қатарына жатқызған. Соттың осы қорытындысы заңды ма?
2. Қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілікті жүктеу тәртібі қандай?
3. Жалпы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын тұлғадан арнайы табиғат пайдаланушының айырмашылығы неде?

***14-тапсырма.***

Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі сотқа ААҚ-ға қоршаған ортаға келтірілген залалды өндіру туралы талап арыз берген. Талап арызды ААҚ белгіленген лимиттен тыс 30 тонна күл-қоқыс қалдықтарын өз бетінше жинап қойғанын, бұл Экологиялық кодекстің 11, 288-баптарының нормаларын бұзу болып табылады деп негіздейді.

***Сұрақтар:***

1. Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі ААҚ табиғи ортаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі есебінің негізділігін тексере отырып, сот қандай нормативтік құқықтық актілердің талаптарын негізге алған?
2. Берілген талаптың мөлшерін азайтуға бола ма және қандай жағдайларда азайтуға болады?
3. Талап арыз берген кезде мемлекеттік баждың мөлшері қандай?
4. Осындай істердің қаралу мерзімі қандай?
5. Сот қандай шешім қабылдауы қажет?

### **15-тапсырма.**

Облыстық қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесі ЖШС қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу туралы арыз берген. Талап арызда ЖШС тексерген кезде жоғары және төменгі аралықтағы аумақтан сарқынды нөсер суларды тазартпай өзенге жіберу фактісі анықталғанын, соның нәтижесінде қоршаған ортаға залал келтірілгенін көрсетеді. Аталған мән-жайлар тексеру актісімен және Облыстық қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасы Мемлекеттік мекемесінің табиғат қорғау заңнамаларының бұзылуын жою туралы нұсқамасымен расталған. Істі сотта қарау барысында талапкер сарқынды нөсер сулар өзенге құйылғанда жер бетіндегі және жер астындағы суларды ластау арқылы қоршаған ортаға зиян келтіретіні туралы дәлелдемелерді табыс етпеген. Бұдан әрі ластану фактісінің бар немесе жоқ екенін анықтау үшін тексеру барысында сынамалардың алынбағаны анықталған.

#### **Сұрақтар:**

1. Сот қандай шешім қабылдауы мүмкін?
2. Істі сотта қарауға әзірлеген кезде сот қандай әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс?
3. Қоршаған ортаға зиянды өтеу туралы мәселелер қандай нормативтік актілермен реттеледі, жоғарыда баяндалған мән-жайларда ластаудың көлемі мен залал мөлшері қалай айқындалады?

### **16-тапсырма.**

Экологиялық кодекстің 321-бабына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалардың бұзылуы салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, ұйымдардың, азаматтар мен мемлекеттің мүлкіне келтірілген зиянды заңды және жеке тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеуге міндетті.

Мемлекеттік орман-табиғи резерваты ММ-сінің С-ға талап арызы бойынша жауапкер залалды өз еркімен өтегендіктен талапкердің талап арыздан бас тартуына байланысты бірінші сатыдағы соттың ұйғарымымен іс жүргізу қысқартылған. Іс материалдары бойынша талап 199775 теңге сомасына берілген, жауапкер 19977 теңге сомасы мөлшерінде залалды өтеген.

Осыған ұқсас істерді қараған кезде соттар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын аумақтық органдардың талаптарын қанағаттандыра отырып, залал соммалары тікелей солардың пайдасына өндіреді.

#### **Сұрақтар:**

1. Соттың әрекеті дұрыс па?
2. Келтірілген залал кімнің пайдасына өндіріледі, аталған шешім қандай нормативтік актімен регламенттелген?
3. Талап арыздан бас тарту қандай құқықтық салдарға алып келеді?

### **17-тапсырма.**

Экологиялық кодекс 2007 жылғы 9 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Сот сатылары оның жекелеген нормаларын ол қабылданған күнге дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданып, оның ережелері табиғат пайдаланушылардың жауапкершілік негіздері мен шектерін жұмсартатындығына сілтеме жасайды.

#### **Сұрақтар:**

1. Соттар Экологиялық кодекстің нормаларын ол қабылданған күнге дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданғаны дұрыс па?

2. Кодекс қабылданған күнге дейін туындаған құқықтық қатыстарды сот тәртібімен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі №160 Заңын қолданып шешуге болады ма?
3. Экологиялық кодексте экологиялық заңнамада бұрын қарастырылмаған қандай новеллалар бар?
4. Заңның қабылданған күнінен бастап күші жойылғанға дейінгі уақыттағы қолданысы туралы мәселелер материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларында қалай регламенттелген?

## **8-Қосымша. Экологиялық, азаматтық іс жүргізу знамалары және қоғамдық бірлестіктері туралы заңнама бойынша сұрақтар мен жауаптар**

*(В.М.Борисовтың бұқаралық ақпараттар құралдарындағы жарияланымдары)*

### **1) Соттар экологиялық мәселелер жөніндегі дауларды қараған кезде Орхус Конвенциясын қолданады ма?**

Қазақстан Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны (Орхус, 1998 жылғы 25 маусым) 2000 жылы 23 қазанда Заңмен ратификациялады.

Конституцияның 4-бабына сәйкес, Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады. Осындай ереже АІЖК 3-бабының 3-бөлігінде бекітілген.

Аталған Конвенция Республиканың қолданыстағы құқық құрамына енетіні және тікелей әрекет ететіндігі соттардың назарына жеткізілді. Осыған байланысты аталған Конвенцияның ережелерін соттар тікелей қолдануы тиіс.

Жоғарғы Сот Конвенцияның ережелерін іске асыруға бағытталған көптеген жұмыстарды жүзеге асырылуда. Оның ішінде, жергілікті соттар судьяларының экологиялық дауларды қарау жөніндегі мамандануы енгізілді, соттарға және кең қауымға Конвенцияның нормаларын түсіндіру жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, халықаралық конференциялар мен семинарлар үнемі өткізіліп, баяндамалар мен сөйленген сөздердің жинағы басылып шығарылды. Соттардың экологиялық заңнамаларды қолдануы жөніндегі сот тәжірибесін жергілікті соттар мен Жоғарғы Сот зерттеп, бұқаралық ақпарат құралдарында экологиялық тақырыпқа арналған материалдар үнемі жарияланады, Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен өзара ақпарат алмасу қызметі ретке келтірілді.

Қоғамдық экологиялық ұйымдар өкілдерінің көмегімен Жоғарғы Сот 2007 жылы Республика соттарының Орхус Конвенциясының ережелерін сақтауы жөніндегі қызметіне мониторинг өткізді. Жоғарғы Соттың <http://www.suprcourt.kz> сайтында «Халықаралық ынтымақтастық» деп аталатын бетінде «Халықаралық құқықтың құжаттары» баяндалып, «Орхус Конвенциясын іске асыру» жөніндегі ақпарат орналастырылған. Сонымен қатар, сайтта экологиялық заңнамаларды қолдану мәселелері жөніндегі «Форум» деп аталатын беттері бар. Бұдан басқа, сайтта сот актілерінің мәтіндері, оның ішінде экологиялық даулар жөніндегі сот актілерінің мәтіндері жарияланады. Орхус Конвенциясының ережелерін іске асыру мәселелері Сот төрелігі институтының оқу жоспарына, облыстық соттардың оқу орталықтарының жоспарына, судьялардың облыстық және Жоғарғы сотта тағылымдамадан өту жоспарларына енгізілген. Жоғарғы Сот судьяларының қатысуымен Орхус Конвенциясының ережелерін Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы жөніндегі оқу-практикалық құралын жазу жөніндегі ЕҚЫҰ жобасы іске асырылуда.

### **2) Жұртшылықтың қоршаған ортаға байланысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуі нені білдіреді?**

Егер, сот төрелігіне қол жеткізілмесе, әрбір адамның конституциялық құқығының сот арқылы қорғалуы қамтамасыз етілмейтіні айдан анық.



Қазақстанда жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізу мәселелері Қазақстан Парламенті қабылдаған «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Конвенцияны бекіту туралы» заңның ережелерімен (Орхус Конвенциясы), сондай-ақ Экологиялық кодекспен, Азаматтық іс жүргізу кодексімен және басқа да заңнамалық актілермен реттеледі.

Орхус Конвенциясының 9-бабына сәйкес, әрбір тарап өзінің ұлттық заңнамасы шегінде жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету соттар жұмысының, судьялар, сот орындаушылар қызметінің барлық аспектілерін қамтиды деп есептеймін. Осыған байланысты мұндай қол жетімділіктің қамтамасыз етілуі мынадай негізгі ережелердің сақталуын білдіреді:

- ең төменгі қаржылық шығындармен (сот шығындарымен) және кепілдіктермен, қажет болған жағдайда заң көмегін көрсетіп, әрбір азаматқа немесе қоғамдық бірлестіктің өкіліне сотқа талап арызбен бөгетсіз жүгіну мүмкіндігі;
- судья істі сот талқылауына әзірлегенде ақылға қонымды іс жүргізу мерзімдері;
- сот тараптарды сот отырысының уақыты мен орны туралы уақытылы хабардар етіп, істі шешудің немесе жеке іс жүргізу әрекеттерін жасаудың ақылға қонымды іс жүргізу мерзімдерін;
- сот шешімдерінің уақытылы дайындалуы, сот шешімдеріне шағымдану құқығын түсіндіре отырып, оларды іске қатысушы тұлғаларға жіберу және беру;
- тараптарды апелляциялық (қадағалау) сатыдағы отырыстың уақыты мен орны туралы хабардар етіп, жоғары тұрған сот сатыларының апелляциялық (қадағалау) шағымдарды қараудың ақылға қонымды іс жүргізу мерзімдері;
- жоғары тұрған сот сатыларының сот актілерін уақытылы дайындауы, олардың көшірмелерін тиісті тұлғаларға жіберу және беру;
- өндірушіге сот орындаушының әрекеттеріне сот тәртібімен шағымдану туралы құқығын түсіндіріп, заңды күшіне енген сот актілерін орындау үшін уақытылы жолдау (беру);
- сот орындаушының атқарушылық іс жүргізуді қозғау, сот актісінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша ақылға қонымды мерзімдері.

### **3) Экологиялық қоғамдық бірлестіктер өзінің сот төрелігіне қол жеткізу құқығын қалай іске асырады?**

Қазақстанда жұртшылықтың сот төрелігіне қол жеткізу құқығы Конституциямен, заңнамалық актілердің нормаларымен Қазақстан Парламенті қабылдаған «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Конвенцияны бекіту туралы» (Орхус Конвенциясы) заңның ережелерімен кепілдік берілген. Конституцияның нормалары, сондай-ақ Орхус Конвенциясының ережелері тікелей қолданылады.

Іс жүргізу заңына сәйкес, әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін АІЖК белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы. Заңды тұлғалар (оның ішінде экологиялық қоғамдық бірлестіктер) немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың немесе адамдардың белгісіз бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы. Егер заңға қайшы келсе немесе әлдекімнің

құқығын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзса, сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болады (АДЖК 8-бабы).

Экологиялық қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау саласындағы өздерінің қызметін жүзеге асырған кезде талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Талап арыздардың нысаны мен мазмұны АДЖК 150-бабының талаптарына сай келуі тиіс. Талап арыз жазбаша нысанда беріледі және оған талапкер, яғни талап арызға қол қою және оны беру өкілеттігі болған кезде экологиялық қоғамдық бірлестіктің басшысы немесе оның өкілі қол қояды.

Қазақстанда экологиялық қоғамдық бірлестіктің сотқа жүгіну құқығы оның қызметінің ұзақтығымен шектелмейді. Ұйымның қызметі заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуден өткен кезден бастап жүзеге асыралатыны белгілі. Мысалы, бірқатар еуропалық елдерде мұндай құқық экологиялық коммерциялық емес ұйымдарға егер олардың қызмет стажы кемінде үш-бес жылды құраса ғана беріледі.

Талап арызда талапкердің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу мәні мен қойылатын талаптар, сондай-ақ талапкер өз талабын негіздейтін мән-жайлар және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер көрсетілуі тиіс екенін назарға алу қажет.

Талап арызға АДЖК 151-бабы талап ететін құжаттар қоса тіркелуі тиіс. Оларға: жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың санына қарай талап арыздың көшірмесі; мемлекеттік баж төлеуді растайтын құжат; өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат; талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар, егер көшірмелер оларда болмаса, жауапкерлер мен үшінші тұлғалар үшін бұл құжаттардың көшірмелері; оны дауға салған жағдайда нормативтік құқықтық актінің мәтіні; талап қоюды қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап ету туралы өтінімі және, егер олар талап арызда жазылмаған болса, басқа да құжаттар жатады.

Экологиялық қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту қажет болған жағдайда сотқа арызды ерекше іс жүргізу тәртібімен береді (АДЖК 278-бабы).

Жоғары тұрған органдарға және жоғары тұрған лауазымды тұлғаға бағыныштылық тәртібімен алдын ала жүгіну сотқа шағымды беру мен оны соттың қарауға қабылдауы үшін міндетті шарт болып табылмайтынын ескеру қажет.

АДЖК 280-бабына сәйкес, заңды тұлға өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа осындай арызбен жүгінуге құқылы. Арыз беріп жүгінуге арналған үш айлық мерзімді өткізіп алу соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды, алайда мерзімнің өткізіліп алу себептері сот отырысында арызды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және арыздың қанағаттандырылуынан бас тарту негіздемелерінің бірі болуы мүмкін екенін есте сақтау керек.

**4) Қоғамдық бірлестіктерге басқа адамдардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау бойынша сотқа жүгіну құқығы қандай жағдайларда беріледі?**

Ұйымдар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың немесе адамдардың белгісіз бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы. Бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және барлық іс жүргізу міндеттерін өз мойнына алады. Аталған органдар мен адамдардың талап қоюдан бас тартуы

мүдделеріне сай іс қозғалған адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Егер мүдделеріне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса, үшінші тұлғалардың құқықтарына қысым жасалмаса, сот талап қоюды (арызды) қараусыз қалдырады (АДЖК 8 және 56-баптары).

Мысалы, «Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы» Заңның 22-бабына сәйкес, тұтынушылар қоғамы тұтынушылар құқықтарының бұзылуын жою үшін тұтынушылардың мүддесін қорғап сот органдарына талап қоюға құқылы. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 19-бабына сәйкес, қоғамдық бірлестіктер заңда белгіленген тәртіппен соттар мен басқада мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ заңдарға қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы. Экологиялық кодекстің 14-бабына сәйкес, қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге құқығы бар.

**5) Экологиялық қоғамдық бірлестіктер сотқа қоршаған ортаны қорғауға байланысты талап қойған арыз берген жағдайда қандай талаптар қоюы мүмкін?**

Бұл экологиялық қоғамдық бірлестікке заңнамалық актілермен, соның ішінде халықаралық шарттармен қандай құқықтардың берілгеніне, экологиялық қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында қандай өкілеттіктер көрсетілгеніне және олар қандай экологиялық бұзушылықтарды анықтағанына байланысты.

Сотқа жүгінген кезде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қандай міндеттердің шешілетінін білген артық болмайды. АДЖК 5-бабына сәйкес, азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Талап арыздармен сотқа жүгіну арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметін жүзеге асырған кезде экологиялық қоғамдық бірлестіктер материалдық және іс жүргізу құқықтарының нақты нормаларына сүйену маңызды болып табылады.

Мысалы, Орхус Конвенциясының 4-бабына сәйкес, жұртшылықтың экологиялық ақпарат беру туралы өтініштері бойынша мемлекеттік органдар ұлттық заңнаманың нормаларын ескере отырып оны беруі тиіс. Экологиялық кодекстің 14-бабының негізінде экологиялық қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға құқылы, ал аталған Кодекстің 163-167-баптарымен мұндай ақпаратты алу тәртібі реттелген. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңның 17-бабына сәйкес, экологияның жай-күйі туралы мәліметтер құпияландырылмауға тиіс.

Аталған нормалардың ережелерін ескеріп, «Зеленое спасение» ЭБ Алматы қаласының әкіміне «Көкжайлау» курорттық тау шаңғысы базасының алдағы болатын құрылысына байланысты экологиялық ақпаратты беру туралы өтініш берген, алайда заңда белгіленген мерзімде одан жауап алмаған.

Экологиялық қоғамдық бірлестіктің әкімнің әрекетсіздігіне берген арызын қарау нәтижелері бойынша Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2007 жылғы 14 қарашада жоғарыда көрсетілген заң нормаларының негізінде «Зеленое спасение» ЭБ талабы қанағаттандырылып, жауапкерден қоғамдық бірлестіктің пайдасына сот шығындарын қайтару тәртібімен мемлекеттік баж өндірілген. Тараптар аталған шешімге шағымдалмаған, прокурор наразылық келтірмеген және заңды күшіне енген.

**б) Экологиялық құқық бұзушылықтардың қандай түрлері, сондай-ақ оны жасағаны үшін қандай жазалау түрлері қарастырылған?**

Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: жеке немесе заңды тұлғаларды мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын экологиялық заңнаманы бұзу; әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарын пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын экологиялық қылмыстар жатады.

Республиканың экологиялық заңнамаларын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Қылмыстық Кодекстің (бұдан әрі - ҚК) 11-тарауына сәйкес жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. ҚК аталған тарауында (ҚК 277-294-баптары) экологиялық қылмыстың құрамы қарастырылған. Атап айтқанда, адамның шаруашылық және өзге де қызметтерге қойылатын экологиялық талаптарды бұзғаны; ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру және пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны; суларды бітегені, судың сарқылуы, атмосфераны, теңіз аясын ластағаны; жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзғаны; ормандарды жойғаны немесе зақымдағаны; экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шаралар қолданбағаны және ҚК тиісті нормаларында көзделген негіздер бойынша басқа да қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Аталған қылмыстарды жасағаны үшін санкция айыппұл, бас бостандығынан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру сияқты қылмыстық жазалау түрлері көзделеді. Жоғарғы Сот «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысын қабылдағанын атап өту қажет.

Жеке адамның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс (бұдан әрі - ӘҚБтК) бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

ӘҚБтК 19-тарауында қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік (ӘҚБтК 240-306-баптары) көзделген. Атап айтқанда, аталған тарауда: өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу талаптарын бұзғаны; экологиялық ластану зардаптарын жою жөнінде шаралар жүргізуден жалтарғаны; ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру туралы хабарламағаны; қоршаған ортаға экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі не экологиялық рұқсаттың болмағаны; атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және сарқынды суларды ағызуға арналған жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, сондай-ақ жабдықтарды пайдаланбағаны; атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі заңнаманы бұзғаны; жерді пайдаланудың табиғат қорғау режимі талаптарын орындамағаны; жер қойнауын пайдалану және минералды шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелерді бұзғаны; Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелерін, сондай-ақ уақытша тоқтата тұру және бөлшектеу ережелерін бұзғаны үшін және ӘҚБтК тиісті нормаларында көзделген негіздер бойынша басқа да әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік көзделеді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі кім болып табылатындығына байланысты (жеке, лауазымды, заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер) оған: ескерту жасау; әкімшілік айыппұл салу; лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата

тұру түріндегі әкімшілік жазалаудың тиісті түрлері және ӘҚБтК көзделген басқа да жазалаулар қолданылады.

Бұдан басқа, экологиялық құқық бұзушылық жасағатан тұлға келтірілген залалды өтеуге міндетті. Табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің; табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың; қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың; қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Зиянды (залалды) өтеу ерікті түрде немесе заңнамалық актілерге сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды (Экологиялық кодекстің 322-бабы).

Экологиялық кодекстің 46-тарауына сәйкес экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіссөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешіледі, сондай-ақ заң актілерінде белгіленген тәртіппен соттар шешуі мүмкін.

**7) Бірінші сатыдағы соттарда азаматтардың, экологиялық қоғамдық бірлестіктердің лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне берген арыздары қандай мерзімде қаралады және арызды қарау тәртібі қандай?**

Азаматтар мен экологиялық қоғамдық бірлестіктер АІЖК 27-тарауының тәртібімен мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) тікелей сотта дау айтуға құқылы. Олар өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы (АІЖК 280-бабы). Мұндай арызды сот бір ай мерзім ішінде азаматтың, заңды тұлға өкілінің шешімдері мен әрекеттеріне дау айтылып отырған мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, қоғамдық бірлестік, ұйым басшысының, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің қатысуымен қарайды (АІЖК 281-бабы). Сот арызды орынды деп танып, тиісті мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жол берілген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюға міндеттілігі туралы шешім шығарады. Соттың шешімі жол берілген заң бұзушылықтарды жою үшін шешімдері мен әрекеттеріне дау айтылған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның басшысына, лауазымды адамға, мемлекеттік қызметшіге не бағыныштылығы бойынша жоғары тұрған органға, ұйымға немесе лауазымды адамға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш күн ішінде жіберіледі. Шешімнің орындалғаны туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімі алынған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Сот шешімінің орындалмағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар заңда көзделген жауаптылықта болады (АІЖК 282-бабы).

**8) Азаматтар мен экологиялық қоғамдық бірлестіктердің экологиялық құқықтық қатынастардан туындайтын арыздары бірінші сатыдағы соттарда қандай мерзімдерде қаралады?**

Экологиялық кодекске сәйкес (13 және 14-баптары) азаматтар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктерге сотқа арызбен, мысалы, экологиялық заңнамаларды бұзуы салдарынан азаматтардың мүліктеріне келтірілген зиянды өтеу туралы арызбен жүгіну құқығы берілген. Арыздың нысаны мен мазмұны АІЖК 150-бабымен реттеледі. Судья талап арыз түскен күннен бастап бес күн мерзімде оны сот ісін жүргізу үшін қабылдау туралы мәселені шешіп, азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады (АІЖК 152-бабы). Содан кейін судья істі уақытылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатымен жеті күндік мерзімде, бірақ бір айдан аспайтын уақытта оны сотта қарауға әзірлейді (АІЖК 166-167-баптары). Судья істі дайын болды деп тани отырып, оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және процестің басқа да қатысушыларына істі қараудың орны мен уақыты туралы хабарлайды (АІЖК 173-бабы). Азаматтық істер істі сот талқылауына әзірлеу аяқталған күннен сәттен бастап екі айға дейінгі мерзімде қаралып, шешіледі (АІЖК 174-бабы).

**9) Экологиялық қоғамдық бірлестіктердің бірінші сатыдағы соттың шешіміне шағымдану тәртібі қандай және жоғары сатыдағы сотта апелляциялық шағымдарды қарау мерзімдері қандай?**

Егер тараптар және іске қатысушы басқа тұлғалар бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімімен келіспеген жағдайда олар апелляциялық тәртіппен оған шағымдануға құқылы. Шешімге сондай-ақ прокурор наразылық келтіре алады. Іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот құқықтары мен міндеттері жөнінде шешім қабылдаған тұлғалар да апелляциялық шағым беруге құқылы (АІЖК 332-бабы). Шағымдар, наразылықтар шешім, қаулы шығарған сот арқылы беріледі (келтіріледі) (АІЖК 334-бабы) және аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге - облыстық және оған теңестірілген соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы; облыстық және оларға теңестірілген бірінші сатыдағы соттар шығарған шешімдерге - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасы қарайды (АІЖК 333-бабы). Іс апелляциялық сатыда ол бірінші сатыдағы соттан келіп түскен күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс (АІЖК 349-бабы). Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған адамдардың келмеуі істі талқылауға кедергі болмайды. Алайда сот бұл жағдайда да келмеу себебін дәлелді деп тани отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы (АІЖК 352-бабы). Апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары қабылданған күннен бастап заңды күшіне енеді (АІЖК 368-бабы).

**10) Қазақстан ратификациялаған Орхус Конвенциясында экологиялық талап арыздар берген кезде жұртшылық үшін жеңілдіктер туралы ереже баяндалған. Осы мәселелер Қазақстан заңнамасымен қалай реттеледі?**

Орхус Конвенциясы 9-бабының 5-тармағы Халықаралық шарттың әрбір Тараптары жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуінің қаржылық немесе өзге де кедергілерін жою немесе азайту үшін көмек көрсетудің тиісті тетіктерін құру туралы мәселені қарайтынын көздейді. Конвенцияның ережелерін іске асыру шеңберінде Үкімет жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуінің қаржылық немесе өзге де кедергілерін жою немесе азайту үшін мұндай тетіктерді жасамағанын мойындау керек.

Бұрын 2004 жылғы 13 желтоқсандағы Заңмен Азаматтық іс жүргізу және Салық кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін сот тараптардың мүліктік жағдайларын ескеріп, бір немесе екі тарапты мемлекеттің пайдасына өндірілетін мемлекеттік бажды төлеуден босатуға құқығы бар екенін көздейтін. Бұл норма қазіргі уақытта АІЖК және

Салық кодексінде жоқ, дегенмен бұл ереже жақын және алыс шетелдерде табысты жұмыс істеп келеді.

«Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы №2 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес, талапкер сотқа арыз берген кезде Салық кодексінде көзделген негіздер болған жағдайда мемлекеттік баж төлеуден босатылады. Бұл орайда, соттарда мемлекеттік баждың мөлшері, оны төлеу және қайтару тәртібі Салық кодексінің 496, 507, 508-баптарында белгіленген.

Прокуратура органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар үшінші тұлғалардың мүддесін қорғап сотқа талап арыз бергенде және сот шешімдеріне шағымданғанда мемлекеттік бажды төлеуден босатылмайды. Іс өндірісі кезінде АІЖК-нің 107-бабында қарастырылған жағдайларға сәйкес пайда болған сот шығындарын өтеуден тараптар мүлкіктік жағдайларына байланысты босатылмайды.

«Салық заңдарын қолданудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №5 нормативтік қаулысының 21-тармағына сәйкес, мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту мүмкіндігі заңдармен қарастырылмаған. Заң мемлекеттік бажды төлеуден белгілі бір жағдайларда ғана босатуға жол береді. Мысалы, Салық кодексінің 501-бабына сәйкес, соттарда талапкерлер - мертігуге немесе денсаулығына зақым келтірілуге, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша; қылмыспен келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша; Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер - барлық істер мен құжаттар бойынша; табиғат қорғау заңдарын бұзу арқылы мемлекетке келтірілген залалды өтеу қаражатын мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша; мүгедектердің қоғамдық ұйымдары - өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қоюларды берген кезінде мемлекеттік бажды төлеуден босатылады.

Бұл ретте, «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №9 нормативтік қаулысының 18-тармағына сәйкес, Салық кодексінің 501-бабында көрсетілген тұлғалар талап қоюды берген, сондай-ақ апелляциялық шағым келтірген кезде мемлекеттік бажды төлеуден босатылады.

Салық кодексінің 501-бабында соттарда мемлекеттік бажды төлеуден босатудың толық негіздері белгіленгенін есте сақтау керек.

Конвенцияның ережелерін іске асыру шеңберінде Үкімет жұртшылықтың сот әділдігіне қол жеткізуінің қаржылық немесе өзге де кедергілерін жою немесе азайту үшін көмек көрсетудің тиісті тетіктерін жасау жөніндегі шараларды қабылдайды деген үміт бар.

### ***11) Қадағалау сатысындағы соттарда экологиялық қоғамдық бірлестіктердің қадағалау шағымдарын қарау мерзімдері қандай және шағымдану тәртібі қандай?***

Аудандық, облыстық және оларға теңестірілген соттардың бірінші сатыда қаралған істер бойынша шығарған шешімдері, егер оларға шағым немесе наразылық келтірілмесе, оларға апелляциялық шағымдану, прокурордың наразылық келтіру мерзімі (15 күн) өткен соң заңды күшіне енетіні белгілі (АІЖК 235-бабы).

Заңды күшіне енген сот актілері тараптардың және іске қатысатын және апелляциялық шағым беруге құқығы бар тұлғалардың қадағалау шағымы бойынша, сондай-ақ прокурордың наразылығы бойынша облыстық соттың, Жоғарғы Соттың қадағалау алқасында АІЖК 384-400-баптарының ережелері бойынша сот қадағалау тәртібімен қаралуы мүмкін. Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Соты қадағалау алқасының қаулылары қабылданған қаулының адамдардың өміріне, денсаулығына не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігіне орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екені туралы деректердің анықталуына байланысты ерекше жағдайларда қайта қаралуы мүмкін (АІЖК 384-бабы). Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген, шағым (наразылық) берген адамның болмауы қадағалау сатысының сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Істі қарау кезінде қадағалау сатысының сотына прокурордың қатысуы міндетті (АІЖК 398-бабы).

Қадағалау сатысы шағым жасалған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы сот қаулысын алғаннан кейін тараптарға қадағалау шағымының көшірмелерін, сот отырысы өткізілетін күнді, уақытын, орнын көрсете отырып, істің қадағалау сатысында қаралатыны туралы хабарлама жібереді.

Қадағалау сатысындағы іс қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы қаулымен бірге қадағалау сатысына берілген не прокурор наразылығы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралуға тиіс (АІЖК 395-бабы).

Қадағалау сатысындағы сот қаулылары олар қабылданған кезден бастап заңды күшіне енеді (АІЖК 400-бабы).

***12) Бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттарда тараптарды сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы хабарлау және жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасау тәртібі қандай?***

Сотқа қатысушы адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар және аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады (АІЖК 129-бабы). Қажет болған жағдайда, олар тапсырыстық хатпен, телефонограмма немесе жеделхат арқылы, сондай-ақ хабарлау мен шақыруды қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарландырылуы немесе шақырылуы мүмкін. Хабарлаулар мен шақырулар тараптың немесе іске қатысатын тұлғаның көрсеткен мекенжайы бойынша хабарландырылған немесе шақырылған адамның сотқа уақтылы келуі және іске даярлануы үшін жеткілікті мерзімі болуы есептеле отырып жолдануға тиіс. Егер сотқа хабарланған мекен-жайда азамат іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орнына жолдануы мүмкін. Ұйымға жолданатын хабарлау немесе шақыру оның орналасқан жері бойынша жіберіледі.

Шақыру қағаздары хабардар етіліп, тапсырысты хатпен пошта арқылы жеткізіледі немесе мұны судья тапсырған адамдар жеткізеді. Шақыру қағазын адресатқа тапсыру уақыты шақыру қағазының сотқа қайтарылуға тиісті түбіршегінде белгіленеді.

Сот іске қатысушы адамның келісімімен оның қолына хабарланатын немесе іс бойынша шақырылатын адамға тапсыру үшін шақыру қағазын беруі мүмкін (АІЖК 131-бабы).

Аудандық және оларға теңестірілген соттарда кеңсенің тиісті тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру жөніндегі қызметін ұйымдастыру ережелері АІЖК 11-тарауында және Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет төрағасының бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Аудандық және оған теңестірілген соттарында іс жүргізу нұсқаулығында баяндалған. Тиісті талаптар АІЖК 338, 341, 348, 352, 393, 395-баптарында, Облыстық және оларға теңестірілген соттарда іс жүргізу нұсқаулығында баяндалған.

Іс жүргізу уақытында іске қатысушы тұлғалар (олардың өкілдері) өз мекен-жайының ауысқаны туралы хабарлауы болмаған жағдайда шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау,



шақыру сотқа белгілі соңғы мекен-жай бойынша жіберіледі және адресат бұл мекен-жай бойынша ендігі жерде тұрмаса да жеткізілді деп есептеледі (АІЖК 134-бабы).

***13) Талап қоюды қамтамасыз ету шараларын, сот шешімдерін қабылдау және атқарушылық құжаттарын орындау мәселелері қалай реттеледі?***

Іске қатысатын адамдардың арызы бойынша сот талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қабылдауы мүмкін. Талап қоюды қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындатса немесе оның орындалуын мүмкін етпесе, істің барлық жағдайларында да жол беріледі (АІЖК 158-бабы). Жауапкерге тиісті мүлікке тыйым салу; жауапкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу; мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды адамның дау айтылған актісінің қолданылуын тоқтата тұру және АІЖК 158-бабында көрсетілген мақсаттарға жауап беретін, талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар болуы мүмкін. Сот талап қоюды қамтамасыз етудің бірнеше шараларын қабылдауы мүмкін (АІЖК 159-бабы). Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және іске қатысатын басқа адамдарға хабарламастан ол сотқа түскен күні шешеді. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарай келіп, судья ұйғарым шығарады, оны мемлекеттік сот орындаушысы дереу орындауы тиіс (АІЖК 160-161-баптары).

Іс жүргізу заңы талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға жол береді. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екіншісімен ауыстыру туралы мәселеге іске қатысатын адамдарға арызды қараудың уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, сот рұқсат береді, алайда олардың келмей қалуы осы мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Талап қоюдың бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы судья ұйғарым шығарады (АІЖК 162-бабы). Талап қоюды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі барлық ұйғарымға жеке шағым берілуі және наразылық келтірілуі мүмкін (АІЖК 164-бабы).

Сот талап қоюды қамтамасыз етуге жол бере отырып, талап қоюшыдан жауапкер үшін мүмкін болатын залалдарды қамтамасыз етуді талап етуі мүмкін. Жауапкер талап қоюда бас тартылған шешім заңды күшіне енгеннен кейін талап қоюшыға оның өтініші бойынша қабылданған оған талап қоюды қамтамасыз ету шараларымен келтірілген залалдарды өтеу туралы талап қоюға құқылы екендігін есте сақтау керек (АІЖК 165-бабы).

Сот актісі шығарылғаннан кейін, бірақ атқару парағын атқарушылық іс жүргізу органына орындау үшін жібергенге дейін сот дереу орындауға жіберілмеген шешімді орындауды қамтамасыз ете алады (АІЖК 239-бабы).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңға сәйкес атқарушылық іс жүргізуді қозғау сатысында сот орындаушы атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде осы Заңда көзделген шараларды қабылдайды (10-бабы). Борышкердің мүлкіне немесе ақша сомаларына тыйым салу; борышкердің белгілі бір әрекеттер жасауына тыйым салу; борышкер мүлкіне сүргі салу және басқалар атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар болып табылады (Заңның 34-бабы).

***14) Сот экологиялық дау бойынша шешім шығарғаннан кейін қосымша шешім шығаруға құқылы ма?***

Іс бойынша шешімге қаулы қабылдаған сот іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамашылығымен мынадай жағдайларда: егер іске қатысушы адамдар дәлелдемелер ұсынған және түсініктемелер берген қандай да бір талап бойынша шешім

шығарылмаса; сот құқық туралы мәселені шеше отырып, алып берілген соманың, берілуге тиісті мүліктің мөлшерін немесе жауапкер жасауға тиісті әрекеттерді көрсетпесе; сот шығындары туралы мәселені сот шешпесе; сот шешімінің орындалуын қайта бұрып атқару туралы мәселені сот шешпесе, қосымша шешім шығара алады (АДЖК 231-бабы).

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысының 32-тармағына сәйкес, сот шешімді орындаудың заңмен белгіленген шегінде істі қарау кезінде анықталған нақты мән-жайлардың негізінде ғана қосымша шешімді шығаруы мүмкін. Соттың қосымша шешім шығару нысанында шешімнің мазмұнын өзгертуге не сот отырысында зерттелмеген жаңа мәселелерді шешуге құқығы жоқ.

Мәселе сот отырысында қаралғаннан кейін сот қосымша шешім шығарады және оған шағым жасалуы немесе наразылық келтірілуі мүмкін. Іске қатысушы адамдарға сот отырысының уақыты және орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі қосымша шешім шығару туралы мәселені қарауға кедергі болмайды. Қосымша шешім шығарудан бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін (АДЖК 231-бабы).

***15) Егер тараптарға, сот орындаушыға шешімде көрсетілген соттың қорытындылары түсініксіз болған жағдайда не істеу керек?***

Шешім түсініксіз болған жағдайда істі қараған сот іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша, сондай-ақ сот орындаушысының өтінімі бойынша шешімді түсіндіруге құқылы. Шешімді түсіндіруге ол әлі орындалмаған және шешім мәжбүрлі түрде орындалуына арналған мерзім өткенге дейін жол беріледі. Сот шешімді түсіндіру туралы өтінішті, өтінімді олар қабылданған күннен бастап он күн мерзімде қарауға міндетті.

Шешімді түсіндіру туралы мәселе сот отырысында шешіледі. Іске қатысушы адамдарға, сондай-ақ оны түсіндіру туралы өтінім қарау нысанасы болған жағдайларда сот орындаушысына сот отырысының уақыты мен орны хабарланады, алайда олардың келмеуі шешімді түсіндіру туралы мәселені қарауға кедергі болмайды. Шешімді түсіндіру туралы арызды (шағымды) қарау нәтижелері бойынша сот оның мазмұнын өзгертпей шешімді түсіндіретін ұйғарым шығарады. Мұндай ұйғарымға жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін (АДЖК 232-бабы).

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысының 33-тармағына сәйкес, сот шешімді түсіндіру кезінде оның мазмұнын өзгертуге, сондай-ақ сот шешімінде көрсетілмеген мәселелерді талқылауға құқығы жоқ екенін есте сақтау керек.

***16) АДЖК 27-тарауы азаматтар мен заңды тұлғаларға мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту құқығы берілген. Заңда қандай мемлекеттік органдар, бірлестіктер мен ұйымдар қарастырылған?***

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес, мемлекеттік органдар деп мемлекет атынан Конституция, заңдар, өзге де нормативтік

құқықтық актілер арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер ұғынылады. Мұндай заңды тұлғалар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және олар мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында ғана құрылуы мүмкін.

АК 34-бабына сәйкес, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Өз қызметінде табыс келтіру деген мақсаты жоқ және алынған таза табысты қатысушыларға үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады. Бұл орайда, коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғамдар, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң қажаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

АДЖК 106-бабының негізінде саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрылған басқа да бірлестіктер қоғамдық бірлестіктер деп танылады.

***17) Меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан экологиялық заңнаманы бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою қарастырылған ба? Азаматтық іс бойынша кім тарап болып өкілдік ете алады?***

Егер жер учаскесін пайдалану Жер кодексінде немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жерді ұтымды пайдалану ережелерін өрескел бұза отырып жүзеге асырылса, атап айтқанда, егер жер учаскесі мақсатына сәйкес пайдаланылмаса немесе оны пайдалану ауыл шаруашылығы жері құнарлылығының едәуір төмендеуіне не экологиялық жағдайдың едәуір нашарлауына әкеп соғатын болса, ондай жер учаскесі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін, Жер кодексінің 94-бабында көзделген тәртіппен меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылады. Бұл орайда, төтенше және ырық бермейтін ахуал кезінде туындаған жағдайларды қоспағанда, жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы мемлекетке келтірілген залалды азаматтық заңнамаға сәйкес өтеуге міндетті (Жер кодексінің 93-бабы).

«Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі №6 нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, жер учаскелерін беру және оларды алып қою жөніндегі шешімдер мен әрекеттер дауланған кезде іс бойынша тиісті аумақтық бірліктің әкімі тарап болып табылады, өйткені «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 26, 29, 30, 33-баптарына сәйкес, әкім азаматтармен, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүдделерін білдіреді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңның (бұдан әрі – жергілікті мемлекеттік басқару туралы заң) 38-бабына сәйкес, әкім мен әкімдік заңды тұлғаның құқықтарына ие емес. Әкімнің аппараты мемлекеттік мекеме нысанындағы заңды тұлға болып табылады, ол жергілікті атқарушы органның қызметін қамтамасыз етуді, сондай-ақ әкім қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Бұл орайда, әкімнің аппараты заңды тұлға ретінде (әкім аппаратының басшысы) әкім берген сенімхатқа негізделген, сотта іс бойынша істі жүргізуге берілген өкілеттік шегінде әкімнің өкілі ретінде ғана тарап болып өкілдік ете алады.

**18) Қандай құқықтық актіні жеке қолданылатын актісіне жатқызуға болады?**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, егер мемлекеттік органдардың құқықтық актісі бір рет не өзгеше шектеулі түрде қолдануға есептелсе; (немесе) заңдарда регламенттелген жағдай шеңберінде белгілі бір тұлғаға не өзге де белгілі бір тұлғалар тобына қолданылса; (немесе) белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалардың өзге шектеулі тобының құқықтары мен міндеттерін белгілесе, өзгертсе, тоқтатса немесе тоқтата тұрса жеке қолданылатын актілерге жатады.

Аталған Заңға және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылдайтын жеке қолданылатын құқықтық актілер нормативтік құқықтық актілер болып табылмайды және Қазақстан Республикасы заңнамаларының құрамына енбейді.

**19) Соттың шешімін дереу орындауды қолданудан бас тартуы туралы соттың ұйғарымына шағым беріледі ме?**

АДЖК 238-бабына сәйкес шығарылған шешімді дереу орындау туралы ұйғарымға жеке шағым, наразылық беру бұл ұйғарымдардың орындалуын тоқтата тұрады. Сонымен қатар, соттың шешімін дереу орындауды қолданудан бас тарту туралы соттың ұйғарымына соттың шешімінен бөлек шағымдануға, наразылық келтіруге болмайды.

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысының 28-тармағына сәйкес, соттың тиісті шешіміне шағымданған (наразылық келтірілген) кезде оны дереу орындаудан бас тарту жөніндегі соттың ұйғарымдарына шағымдануға (наразылық келтіруге) болады.

Егер ерекше жағдайлардың салдарынан шешімді орындаудағы кідіріс өндіріп алушыны елеулі зиянға әкеп соғуы мүмкін болса немесе шешімді орындау мүмкін болмаса, сот талап қоюшының өтінуі бойынша шешімді дереу орындауға жібере алатынын ескеру қажет. Сонымен қатар, шешім дереу орындауға жіберілген кезде сот талап қоюшыдан сот шешімінің күші жойылған жағдайда шешімнің кері орындалуын қамтамасыз етуді талап ете алады.

**20) Сот шешімінің орындалуын қайта бұрып атқару туралы мәселені шешу тәртібі қандай?**

Апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы сот бірінші сатыдағы сот шешімімен бұрын күші жойылған шешімнің орындалуын қайта бұрып атқару туралы мәселе шешілмеген істі қараған кезде, бұл мәселені істе бірінші сатыдағы соттың күші жойылған шешімінің орындалғаны туралы анық деректер болғанда ғана шешеді (АДЖК 240-3-бабы).

Егер сот күші жойылған шешім бойынша орындауды қайта бұрып атқару мәселесін шешпесе, шешімнің орындалуын қайта бұрып атқару туралы жауапкердің арызы іске қатысушы адамдарды, ал қажет болған жағдайда күші жойылған шешімді орындаған органды да хабардар ете отырып, соттың бөлек отырысында қаралады. Аталған адамдар шешімнің орындалуын қайта бұрып атқару туралы арызды қараудың орны мен уақыты туралы хабарландырылады, алайда олардың сот отырысына келмей қалуы осы мәселені шешу үшін

кедергі болмайды. Шешімнің орындалуын қайта бұрып атқару туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағым немесе наразылық келтірілуі мүмкін (АДЖК 240-2-бабының 2-бөлігі).

**21) Азаматтық процесте іс бойынша қорытынды беру үшін прокурордың қатысуы міндетті ме?**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, прокуратураның құзыреті, оның қызметін ұйымдастыру тәртібі заңда егжей-тегжейлі регламенттелген. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-тарауында (бұдан әрі Прокуратура туралы заң) сотта мемлекеттің мүддесін білдіру регламенттелген. Қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор Прокуратура туралы заңға, сондай-ақ Республиканың қылмыстық істер жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзге де заңдарына сәйкес апелляциялық және қадағалау тәртібімен өз өкілеттігін жүзеге асырады (30-бабы).

АДЖК 55-бабының негізінде прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы.

Прокурордың сот отырысына міндетті түрде қатысу негіздері «Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №21 нормативтік қаулысының 14-тармағында көрсетілген. Соттар мына істерді: азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы (АДЖК 299-бабы); баланы асырап алу туралы (АДЖК 317-4-бабы); нормативтік құқықтық актінің заңға сәйкес келмеу туралы прокурордың наразылығынан бас тарту туралы (АДЖК 287-бабы); адамды ата-аналық құқынан айыру туралы (Неке және отбасы туралы Заңының 68-бабының 2-тармағы) істерді қараған кезде прокурордың қатысуы міндетті болып табылады.

Осы нормативтік қаулыда судья мына істерді: а) басқа адамдардың мүддесін қорғау жөніндегі прокурордың арызы бойынша қозғалған іс барысында, оның ішінде азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы прокурордың талап арызы бойынша іс қозғалған жағдайда; б) тараптардың бірі немесе екеуі кәмелетке толмаған, мүгедек, әрекеттері шектеулі азаматтар болған жағдайда; в) тараптардың бірі мемлекет немесе әкімшілік болған жағдайда; г) АДЖК 25-28-баптарында көрсетілген арыздарды қараған жағдайда прокурордың сот отырысына қатысуын міндетті деп тануы мүмкін. Істі соттың қарауына әзірлеу туралы қаулыда прокурордың сот отырысына міндетті түрде қатысуы жөнінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006 жылғы 27 маусымдағы №37 бұйрығымен бекітілген «Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес, прокурор міндетті түрде заңда көзделген, сот немесе жоғары тұрған прокурорлар қажет деп тапқан, прокурордың бастамасы бойынша қозғалған, мемлекеттің мүддесіне қатысты, денесі мен ақыл-есінің кемістігінен өзінің мүддесін сот арқылы қорғау құқығын жүзеге асыра алмайтын азаматтардың, кәмелетке толмағандардың (алимент өндіру туралы істерді қоспағанда) құқықтары мен мүдделеріне қатысты, мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) арыздану, азаматты тұрғын үйден басқа үй-жай берместен шығару, жұмысқа қайта орналастыру, азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы сотта қаралатын істер бойынша іс жүргізуге қатысып, қорытынды береді. Сонымен қатар, мемлекет мүддесіне қатысты істердің санатына,

мемлекеттік кәсіпорындардың көрсеткен қызметтері үшін тұтынушылардан берешек сомаларын өндіру туралы даулар бойынша азаматтық істерді қоспағанда, тараптары мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және кәсіпорындар болып табылатын барлық істер жатады.

Іс бойынша тарап болып табылмайтын және осы Кодекстің 55-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен процеске қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды беретіндігін есте сақтау керек (АІЖК 213-бабы).

***22) Азаматтық процесте прокурор қорытындысының мазмұны қандай болуы тиіс және ол қандай нысанда беріледі?***

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006 жылғы 27 маусымдағы №37 бұйрығымен бекітілген «Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқаулықтың 5-тармағына сәйкес, азаматтық сот ісін жүргізудің барлық сатыларында, прокурорлар өз ұстанымын тек іс құжаттарына, заң талаптарына қатаң негіздеп, оны жүйелі түрде қолдап, заңдылық, азаматтардың және заңды тұлғалардың заң мен сот алдындағы теңдігі, тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы туралы принциптерді басшылыққа алады. Іс бойынша қорытынды берген кезде өз ұстанымын нормативті құқықтық актілер мен сотта зерттелген іс құжаттарына сүйеніп, анықтап дәлелдейді.

Мұнымен қоса, АІЖК және прокуратура органдарының құқықтық актілерінде де прокурордың сот процесіндегі қорытындысының мазмұны регламенттелмеген. Азаматтық іс жүргізу құқығы жөніндегі оқулықтарда прокурордың қорытынды сөзі үш бөліктен тұрады деп көрсетілген.

Бірінші бөлік мыналарды: 1) қаралып отырған істің қоғамдық тұрғыдан маңыздылығын көрсету, құқық бұзышулыққа жол бермеуді, заңдылықты сақтау қажеттілігін; 2) даулы материалдық құқықтық қатынастың құқықтық саралануын (сот қарайтын даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын белгілеу); 3) іс үшін заңдық маңызы бар фактілерді, сондай-ақ олардың құқықтық салдарларын анықтау; 4) талапкердің, жауапкердің және іске қатысушы басқа да тұлғалардың уәждерін талдауды қамтиды.

Екінші бөлік: 1) әрбір заңдық фактілерге (олардың бар-жоғы туралы, осы фактілердің жасалу сипаты мен уақытына) қорытынды бере отырып, дәлелдемелерге талдау мен баға беруді; 2) дәлелдемелерге баға беруге және, тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалардың жасаған фактілері құқықтары мен міндеттері туралы қорытындыларға қатынасын қамтуы тиіс.

Үшінші бөлік: 1) талап арыз (толық немесе ішінара) қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырусыз қалдырылуы тиіс пе; 2) сот шешімін дереу орындау қажет пе; шешімді орындау мерзімін кейінге қалдыруға және мерзімін ұзартуға және шешімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін негіздер бар ма; 3) соттың жеке ұйғарым шығару қажеттілігі бар ма деген сұрақтарды және басқа да сұрақтарды қамтуы тиіс.

Прокурордың қорытындысы іс үшін маңызды барлық мән-жайларды мұқият талдап, зерттеуге, сондай-ақ материалдық және іс жүргізу құқықтарының қолдануға болатын нормаларына негізделуі тиіс.

Азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша істі қарау ауызша жүргізілетінін (АІЖК 177-бабы) назарға ала отырып, прокурордың істің мәні бойынша қорытындысы да ауызша беріледі. Заң іс материалдарына тіркеу үшін прокурордың ауызша берген қорытындысын жазбаша нысанда беруге тыйым салмайды. Мұндай тәжірибе прокурорларды тәртіпке

келтіріп, олардың істің мәні бойынша беретін қорытындыларының сапасын арттыруға септігін тигізетін еді.

### ***23) Жұртшылық қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұйымдарды құра алады ма?***

Конституцияда Республика азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы (23-бабының 1-тармағы) және мемлекет пен қоғамдық бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі принциптері белгіленген, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді құру және олардың қызметіне тыйым салу жағдайлары айқындалған (5-бабы). Конституцияның 31-бабына сәйкес, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Яғни, азаматтар заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамдық экологиялық бірлестіктер құруға құқылы. Қоғамдық бірлестіктерді құру, оның қызметі мен таратылу мәселелері Азаматтық кодекспен, Қоғамдық бірлестіктер туралы заңмен, Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңмен және басқа да заңнамалық актілермен және халықаралық шарттармен реттеледі.

Әрбір адамдардың қауымдасу құқығы БҰҰ-ның 1966 жылғы 16 желтоқсандағы қарарымен қабылданған және Қазақстан 2005 жылғы 28 қарашада ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің нормаларында бекітілген. Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың экологиялық маңызды шешімдерді қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі сот ісін жүргізуге қол жеткізу мәселелері 1998 жылғы 25 маусымда қабылданған және Қазақстан 2000 жылғы 25 қазанда ратификациялаған Орхус Конвенциясының ережелерімен реттеледі.

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның кіріспесінде бірлесу бостандығына құқық адам мен азаматтың аса маңызды және конституциялық құқықтарының бірі болып табылады, оның іске асырылуы қоғам мүдделеріне сай келеді және мемлекеттің қорғауында болады деп көрсетілуі кездейсоқ емес.

### ***24) Қоғамдық бірлестіктерді құрған кезде қандай ерекиеліктерді білу қажет?***

Азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 2-бабы).

Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтарының жарғы қабылданып, басшы органдар қалыптастырылатын құрылтай съезін шақыратын, кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады. Қоғамдық бірлестіктердің заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі ол Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңда белгіленген тәртіп бойынша тіркелген кезінен бастап пайда болады. Азаматтардың денсаулығы мен адамгершілік негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 5 және 10-баптары).

Конституцияның 5-бабының негізінде, мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық

араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

### ***25) Қоғамдық бірлестіктің жарғысы қандай ережелерді көздеуі қажет?***

Қоғамдық бірлестіктің жарғысын оның жоғары органы қабылдайды және онда мыналар: атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары; қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу), мүшелікке ие болу және одан айрылу ережесі мен тәртібі, мүшелердің (қатысушылардың) құқықтары мен міндеттері; оның ұйымдық құрылымы, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) құқықтық жағдайы және шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ; басшы органдарды құру тәртібі, олардың құзыреті мен өкілеттік мерзімдері, қоғамдық бірлестіктің тұрақты жұмыс істейтін басшы органы орналасқан орын; қоғамдық бірлестіктің ақша қаражаты мен өзге де мүлкінің қалыптастырылу көздері, қоғамдық бірлестік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) мүлікті басқару жөніндегі құқықтары; қоғамдық бірлестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі; қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі, қоғамдық бірлестік таратылған жағдайда оның мүлкінің тағдыры және қоғамдық бірлестің заңнамаға қайшы келмейтін қызметіне қатысты өзге де ережелер көзделуі тиіс (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 12-бабы).

### ***26) Республикалық экологиялық қоғамдық бірлестіктің мәртебесін қалай растауға болады?***

Қоғамдық бірлестіктер республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер болып құрылып, жұмыс істеуі мүмкін.

Жергілікті қоғамдық бірлестіктерге Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жұмыс істейтін бірлестіктер жатады.

Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан азының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер аймақтық қоғамдық бірлестіктерге жатады.

Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер республикалық қоғамдық бірлестіктерге жатады.

Республикалық және аймақтық қоғамдық бірлестіктер өз мәртебесін растау үшін тіркелген күннен бастап бір жыл өткенге дейін осы бірлестікті тіркеген органға құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін табыс етуге міндетті (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 7-бабы).

### ***27) Қоғамдық бірлестіктердің қандай құқықтары бар?***

Қоғамдық бірлестіктер жарғыда және Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өкілеттік шегінде жұмыс істейтін басшы органдары арқылы құқықтарға ие болып, өздеріне міндеттер алады. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер



заңнамаларда белгіленген тәртіппен: өз қызметі туралы ақпарат таратуға; соттар мен басқада мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға; Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңның талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын құруға; Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы заңның талаптарына сәйкес жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге; баспа қызметін жүзеге асыруға; халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге; Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы (19-бабы).

Қоғамдық бірлестіктердің құқықтары өзге де заңнамалық актілерде бекітілуі мүмкін екенін ескеру қажет. Мысалы, Экологиялық кодекстің 14-бабында қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары көзделген.

### **28) Қоршаған ортаны қорғау саласында азаматтардың қандай құқықтары бар?**

Жаңа Экологиялық кодексте бұрынғы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңға қарағанда азаматтардың құқықтары айтарлықтай кеңейтілген.

Экологиялық кодексте жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласында: өздерінің өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға; қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғаудың қоғамдық бірлестіктері мен қорларын құруға; заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу; заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға; мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттар, шағымдар, арыздар мен ұсыныстар беруге және оларды қарауды талап ету; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алу; қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсыну; қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға; қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысу; кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу мен тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап ету; Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беру құқығы көрсетілген.

Берілген құқықтармен қатар, осы Кодексте азаматтардың: қоршаған ортаны сақтауға, табиғи ресурстарға ұқыпты қарау; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесу; өз кінәсінен экологиялық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерді болдырмау; өз қызметін экологиялық заңнамаға сәйкес жүзеге асыру міндеті көзделген.

Бұдан басқа, азаматтардың заңда белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

### **29) Заңмен қоғамдық бірлестіктерге қандай міндеттер жүктелген?**

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 19-бабының негізінде аталған коммерциялық емес ұйымдарға: Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ жарғыда көзделген

нормаларды сақтау; өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен олардың танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету; ақша қаражатының келіп түсуі мен жұмсалуды туралы өз мүшелерін хабардар ету; тұрақты жұмыс істейтін басшы орган орналасқан жердің және бірыңғай мемлекеттік тізбеге енгізілетін мәліметтер көлемінде басшылар туралы деректердің өзгергені туралы тіркеуші органға хабарлап отыру міндеттері жүктелген.

Бұл орайда, Экологиялық кодекстің 14-бабында қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттері қарастырылған.

***30) Қоғамдық бірлестіктің тіркелмеуі және тіркелмеген қоғамдық бірлестікті қаржыландыру қандай салдарға әкеп соғады?***

Заң тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тыйым салады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 5-бабы).

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 374-1-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

***31) Егер әділет органдарының тіркеу органдары қоғамдық бірлестікті мемлекеттік тіркеуден немесе оның филиалын есептік тіркеуден бас тартқан жағдайда не істеу керек?***

Ең алдымен қоғамдық бірлестікті мемлекеттік тіркеуден немесе оның филиалын есептік тіркеуден не себепті бас тартылғанын анықтап алу қажет.

Мысалы, Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңның 11-бабының негізінде әділет органдарының тіркеу органы заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың заңнамалық актілерде белгіленген тәртібін бұзуына, құрылтай құжаттарының заңнамалық актілерге сәйкес келмеуіне және басқа да жағдайларға байланысты заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган заңда көзделген мерзімде (9-бабы) оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заң актілерінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған дәлелді жазбаша бас тарту құжатын береді.

Мемлекеттік тіркеуден немесе есептік тіркеуден бас тартуға, сондай-ақ осындай тіркеуден жалтаруға, сонымен қатар заңды тұлғаның құрылтайшылары мен тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган арасындағы өзге де дауларға сотқа шағым берілуі мүмкін (11-бабы).

Сонымен қатар, Қоғамдық бірлестіктер туралы заңда қоғамдық бірлестікті, оның құрылымдық бөлімшесі филиалды, өкілдікті тіркеуден бас тартуға шағымдану тәртібі қарастырылған (16-бабы).

### **32) Қоғамдық бірлестіктердің қауымдастығын құру тәртібі қандай?**

Белгіленген тәртіппен құрылған және тіркелген қоғамдық бірлестіктер, түріне қарамастан, одақтар (қауымдастықтар) қабылдаған құрылтай шарттары мен жарғылары негізінде жаңа заңды тұлға жасай отырып, қоғамдық бірлестіктер одақтарын (қауымдастықтарын) құруға, сондай-ақ халықаралық одақтарға (қауымдастықтарға) қатысушы болуға құқылы.

Қоғамдық бірлестіктер, соның ішінде халықаралық бірлестіктер одақтарының (қауымдастықтарының) қызметі мен мемлекеттік тіркелу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 8-бабы).

АК 110-бабына сәйкес, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар өз еріктерімен осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтарына) біріге алады. Бұл ретте, қауымдастық (одақ) коммерциялық емес ұйым болып табылады, ал қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өз дербестігін, яғни заңды тұлғаның құқықтарын сақтап қалады. Қауымдастық (одақ) мүшелері оның міндеттемелері бойынша қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіпте субсидиялық жауаптылықта болады.

Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның 18-бабының негізінде қауымдастық (одақ) мүшелері, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылы аяқталған соң өзінің қалауы бойынша қауымдастықтан (одақтан) шығуға құқылы. Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілгендей қауымдастық (одақ) мүшесі өзі қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап екі жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар субсидиялық жауаптылықта болады.

Қауымдастық (одақ) мүшесі қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында белгіленген реттерде және тәртіппен қауымдастық (одақ) мүшелерінің шешімі бойынша одан шығарылуы мүмкін. Қауымдастықтың (одақтың) шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты қауымдастықтан (одақтан) шығуға жататын ереже қолданылады.

Қауымдастық (одақ) мүшелерінің келісімімен оған қауымдастықтың жаңа мүшесі кіре алады. Қауымдастыққа (одаққа) жаңа мүшенің кіруі қауымдастықтың (одақтың) ол кіргенге дейін туындаған міндеттемелері бойынша оның субсидиялық жауаптылықта байланыстырылуы мүмкін.

Қауымдастықтың (одақтың) атауында «қауымдастық» немесе «одақ» деген сөздерді қоса отырып, осы қауымдастық (одақ) мүшелері қызметінің негізгі мәні көрсетілетінін ескеру қажет.

### **33) Кім экологиялық қоғамдық бірлестіктің мүшесі бола алады және ресми құжаттарда бірлестіктің мүшесі екенін көрсету қажет пе?**

Мүшелікке ие болу және одан айрылу ережелері мен тәртібі қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен белгіленеді. Бұл орайда, жарғының мазмұны Қазақстан заңнамаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Мысалы, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 11-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) бола алады. Саяси партиялардан басқа қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен оларға шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігі (қатысуы) көзделуі мүмкін.

Аталған Заңның 6-бабының негізінде, қоғамдық бірлестіктер өз мүшелерінің (қатысушыларының) еріктілігі, тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі мен жариялылығы негізінде құрылып, жұмыс істейді.

Азаматтың қоғамдық бірлестік қызметіне қатысуы немесе қатыспауы оның құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін негіз бола алмайды. Ресми құжаттарда қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу) туралы көрсетуді талап етуге жол берілмейді (6-бабы).

**34) Қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық бірлестіктердің қандай құқықтары бар?**

Экологиялық кодекстің нормалары қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық бірлестіктердің: экологиялық бағдарламаларды әзірлеу және насихаттау, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді қызметке ерікті негізде тарту; қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындау, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметіне қатысу; заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу; экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындау, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу; қоғамдық экологиялық сараптамаға және қоғамдық тыңдаулар өткізуге бастамашылық жасау және оларды ұйымдастыру; қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға; қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша заңнамада көзделген белгілі бір жұмыстарды орындау; қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысу және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсыну; қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысу; жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қою, экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беру; кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап ету; қоршаған ортаны қорғау қорларын құру құқығын көздейді.

Сонымен қатар, Кодексте қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық бірлестіктердің: табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесу; өз қызметін заңнамаға сәйкес жүзеге асыру міндеті көзделген.

Бұдан басқа, қоғамдық бірлестіктердің заңда белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар. Мысалы, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер заңнамада белгіленген тәртіппен соттар мен басқада мемлекеттік органдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға құқығы бар екені қарастырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарды есте сақтау керек. Орхус Конвенциясы азаматтар мен экологиялық қоғамдық бірлестіктерге неғұрлым кең құқықтар береді.

**35) Экологиялық қоғамдық бірлестіктер мұнай операцияларының жүргізілуі туралы ақпаратты алуға құқығы бар ма?**

«Мұнай туралы» Заңның 4-бабының негізінде мұнай операцияларын жүргізуге және келісім-шарттың талаптарына қатысты ақпаратты беру «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға сәйкес жүргізіледі.

Мақсаты қоршаған ортаны қорғау болып табылатын барлық мүдделі қоғамдық бірлестіктердің жүргізілетін немесе жоспарланатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға әсер етуіне қатысты толық және дұрыс ақпаратты Үкімет белгілейтін тәртіппен алуға құқығы бар.

Экологиялық кодекстің 21-тарауында экологиялық ақпарат жөнінде неғұрлым толық жазылған.

**36) Экологиялық қоғамдық бірлестіктердің рәміздері болады ма?**

Экологиялық қоғамдық бірлестіктердің кез келген қоғамдық бірлестіктер сияқты Республиканың заңдарына қайшы келмейтін өз рәмізі болуы мүмкін. Қоғамдық бірлестіктердің рәміздеріне жалау, гимн, эмблема, вымпелдер, омырау белгілер және басқалар жатады. Қоғамдық бірлестік рәмізінің сипаттамасы мен эскиздері жарғыда бекітіледі.

Қоғамдық бірлестіктердің толық және қысқартылған атауы мен оның рәмізі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа байланысты таратылған қоғамдық ұйымдардың атауы мен рәмізін толық немесе олардың елеулі бөлігін қайталамауға тиіс екендігін ескеру қажет («Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 18-бабы).

**37) Экологиялық қоғамдық бірлестіктер кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады ма және мұндай ұйымда мүліктік қатынастар қалай қалыптастырылады?**

Қоғамдық бірлестіктер жарғылық мақсаттарға қол жеткізетіндей кәсіпкерлік қызметті заңнамаға сәйкес жүзеге асыра алады. Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметінен алынатын табысқа салық салынады және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) арасында қайта бөлуге болмайды және ол жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдаланылуға тиіс. Қоғамдық бірлестіктердің өз қаражатын қайрылымдылық мақсаттарға пайдалануына жол беріледі (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 20-бабы).

Қоғамдық бірлестіктің жарғысында көзделген қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер оның меншігі болып табылады, бұған заңнамамен тыйым салынған объектілер қосылмайды.

Қоғамдық бірлестіктің ақша қаражаты, егер оларды төлеу жарғыда көзделген болса, кіру жарналары мен мүшелік жарналардан; ерікті жарналар мен жиналған жырудан; жарғыға сәйкес лекциялар, көрмелер, спорттық және басқа шаралар, лотереялар өткізуден түскен түсімдерден; өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтен алынған табыстан; заң актілерінде тыйым салынбаған басқа да түсімдерден қалыптасады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 21-бабы).

Қоғамдық бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Олар өздері мүшелері

ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттері бойынша жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді (АК 106-бабы).

Қоғамдық бірлестіктердің меншігі заңдармен қорғалады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 21-бабы). Жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі оның жарғысымен көзделген мақсаттарға жұмсалады. Сот шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі заңнамалық актілерге сәйкес пайдаланылады (АК 106-бабы)

***38) Қоғамдық бірлестіктер халықаралық байланыстарды жүзеге асыра алады ма?***

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері өздерінің жарғыларына сәйкес халықаралық байланыстар орнатып, тиісті келісімдер жасасуы, діни бірлестіктерден басқа халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері жалпы жұрт таныған принциптер мен халықаралық құқық нормалары, халықаралық шарттар мен тиісті мемлекеттердің заңдары негізінде шет мемлекеттерде өздерінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құра алады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 21-бабы).

***39) Шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдарының өкілдіктері Қазақстанның аумағында қандай нысанда әрекет ете алады?***

Қазақстан Республикасы аумағында құрылымдық бөлімшелер, мысалы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері құрылып, жұмыс істей алады. Мұндай құрылымдық бөлімшелер, егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, сол бірлестіктердің жарғыларын басшылыққа алады (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 21-бабы).

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу біздің еліміздің заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесін немесе басқа да заңдастырылған құжатты қосымша ұсынуға тиіс. Филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариалды түрде куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармамен ұсынылады («Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 6-1-бабы).

Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі №112 бұйрығымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықпен танысқан кезде тіркеу тәртібі туралы неғұрлым толық танысуға болады.

***40) Экологиялық кодексте қоғамдық бірлестіктерге қоршаған ортаны қорғау қорларын құру құқығы берілген. Мұндай қорды құрған кезде қандай ерекшеліктерді білу қажет?***

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 6-бабының негізінде коммерциялық емес ұйымдар қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылуы мүмкін.

Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қор деп танылады. Оны құрған кезде құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімімен тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы - қордың атқарушы органы тағайындайтын қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жұбайлық және жақын туыстық байланысы бар адамдар қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшесі, сондай-ақ осы қордың штаттағы қызметкерлері бола алмайды. Қордың атқарушы органы қордың жоғары басқару органының және тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органының (қамқоршылық кеңестің) шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында жұмыс істейді және соларға есеп береді. Қордың атқарушы органының басшысы мен мүшелері қордың құрылтай құжаттарын, аталған заңды және басқа да заң актілерін бұза отырып өздері қабылдаған шешімдерінің салдарынан келтірілген шығынның орнын бірлесе толтыруға міндетті. Мұндай шешім қабылданған кезде қарсы дауыс берген, қалыс қалған немесе отырысқа қатыспаған адамдар шығынның орнын толтыру міндетінен босатылады. Қордың некеде тұрумен, жақын туыстықпен немесе жекжаттықпен байланыспаған басшысы мен бухгалтері болуға тиіс. Бір адамның екі қызметті қатар істеуіне болмайды. Басшы құрылтай құжаттарының, қорды басқару органының шешімдері негізінде қордың атынан мәмілелер жасауға құқылы. Қордың жарғысында өз бетінше әрекет етіп, мәмілелер жасай алатын басқа уәкілетті адамдардың қызмет аясы белгіленуі мүмкін. Қор басшысының сотта, мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда қордың атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқығы бар.

Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады. Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ және оларды міндеттемелерін орындамағаны үшін жарғыда белгіленген тәртіппен құрылтайшылардың жалпы жиналысы қордан шығаруы мүмкін.

Қор жарғыда белгіленген мерзімде қаржы қызметін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Тексеруді тексеруші немесе аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Тексерушіні сайлау тәртібі жарғыда белгіленеді аудиторлық ұйымдар «Аудиторлық қызмет туралы» Заңда белгіленген тәртіппен тартылады. Қор жыл сайын ресми басылымдарда өз мүлкін пайдалану туралы есепті жариялауға міндетті («Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 12-бабы).

Экологиялық қоғамдық бірлестіктер үшін қоғамдық қор түрінде коммерциялық емес ұйым құру неғұрлым тиімді болып табылады.

Бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке адамдардың және (немесе) заңды тұлғалардың - қоғамдық бірлестіктердің құрған қоры қоғамдық қор деп танылады. Қоғамдық қордың мүлкі заңды тұлғалардан - қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 35-бабында көзделген және қоғамдық қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады. Қоғамдық қордың мүлкі бір отбасы мүшелерінен - аталған қордың бірден бір қатысушыларынан түсетін түсімдер есебінен құрала алмайды. Қоғамдық қорлардың қызметі АҚ 107-бабымен де реттеледі.

#### ***41) Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қорының мүлкін қалыптастыру көздері қандай?***

Кез келген коммерциялық емес ұйымдар сияқты заңнамалық актілерге сәйкес: құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер; ерікті мүліктік жарналар мен қайырымалдықтар; заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан,

жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс); заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қорының мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады. Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке тең сомадан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін («Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 35-бабы).

#### ***42) Экологиялық қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдармен қандай нысанда өзара байланыс жасауына жол беріледі?***

Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдармен жол берілетін белгілі бір жұмыстарды орындауы мүмкін.

Бұдан басқа, заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді қоғамдық бірлестіктермен келісе отырып, мемлекеттік органдар шешуі мүмкін (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 4-бабы).

Мысалы, Экологиялық кодексте қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде: заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу; қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша Республиканың заңнамасында көзделген белгілі бір жұмыстарды орындау; қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсыну; қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысу; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алу және басқа да құқығы көзделген (14-бабы).

Мемлекеттік органдар экологиялық заңнаманы бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа жеке және заңды тұлғаны (тұлғаларды) ерікті негізде тартуы мүмкін. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциясы көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды (136-бабы).

#### ***43) Экологиялық қоғамдық бірлестік, қоршаған ортаны қорғау қоры аппаратының еңбек қатынастары қалай қалыптасады?***

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 4-бабына және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 39-бабына сәйкес, коммерциялық емес ұйымның еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін штаттағы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.



**44) Қоғамдық бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны үшін кім жауапты болады?**

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауап беруге әкеп соқтырады.

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзғаны үшін бұған кінәлі заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары және қоғамдық бірлестіктердің басшы органдарының құрамына кіретін адамдар жауапты болады («Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 22-бабы).

**45) Шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдар Қазақстан заңнамасы бойынша әкімшілік жазаға тартылады ма?**

ӘҚБТК 37-бабы Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болатындығы көзделген. Бұл орайда, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін заңды тұлға ретінде әкімшілік жауапқа тартылады.

**46) Шаруашылық және өзге де қызметтің қандай түрлері экологиялық қауіпті болып табылады?**

Адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін немесе әсер ететін объектінің қызметі шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне жататындығы белгілі.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі Үкіметтің 2007 жылғы 27 маусымдағы №543 қаулысымен бекітілген. Тізбе жерді және жер қойнауын пайдалану, су ресурстарын пайдаланған, мұнай операцияларын жүзеге асырған кездегі, атмосфералық ауаға, климатқа және Жердің озон қабатына әсерін, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуді, атом және жылу энергиясын пайдалануды және шаруашылық және өзге де қызметтің басқа экологиялық қауіпті түрлерін қамтиды.

Атом электр станциялары мен басқа ядролық реакторлары барлық ядролық отындар мен басқа да радиоактивті ластанған элементтер қондырғылар алаңынан біржола жойылғанда мұндай қондырғы болуын тоқтататындығын есте сақтау керек.

**47) Иесіз экологиялық қауіпті қалдықтармен не істеу керек?**

Экологиялық кодекстің 284-бабының 5-тармағына сәйкес, иесіз қауіпті қалдықтар сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен болып танылады. Мұндай қалдықтарды басқару тәртібін Үкімет айқындайды. Үкіметтің 2007 жылғы 8 қазандағы №919 қаулысымен Сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару ережесі бекітілген. Бұл Ережелер аталған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Республикалық меншікке айналдырылған иесіз қауіпті қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Тиісті сот актісінің негізінде жергілікті атқарушы орган қалдықтарды республикалық меншікке беру үшін құрамына жергілікті атқарушы органның, уәкілетті органның не оның аумақтық бөлімшесінің өкілдері, мүдделі тұлғалар кіретін комиссия құрады. Қалдықтар республикалық меншікке берілгеннен кейін алты айдан кешіктірмей уәкілетті орган қауіпті қалдықтардың паспортын әзірлеп әрі Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына енгізе отырып, қауіпті қалдықтарды есепке қою тиіс. Уәкілетті орган қалдықтардың есебін жүргізеді (түрі, саны және шығу тегі, қауіпті қасиеттері), сондай-ақ халықтың қауіпті қалдықтарға қол жетімділігін, олардың таралуын болдырмау, топырақ жамылғысына, су ресурстары мен атмосфералық ауаға кері әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

Уәкілетті орган жылына бір рет Үкіметке республикалық меншікке түскен қауіпті қалдықтардың көлемі, түрлері, орналасқан жері мен жай-күйі және оларды басқару жөніндегі қолданылатын шаралар туралы ақпарат жібереді.

#### ***48) Қоршаған ортаға эмиссияның нормативтері не үшін белгіленеді?***

Қоршаған ортаға эмиссиялар – дегеніміз ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, сондай-ақ зиянды физикалық әсер ету. Бұрынғы экологиялық заңнамада «эмиссия» деген терминнің орнына «зиянды (ластағыш) заттардың шығарындылары, төгінділері» деген терминдер қолданылған.

Экологиялық нормалаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті, экологиялық жүйелер мен биологиялық әртүрлілікті сақтауды қамтамасыз ететін қоршаған орта сапасын реттеу және оған жол беруге болатын әсерді белгілеу болып табылады (Экологиялық кодекстің 22-бабы).

Эмиссиялар нормативтерінің шамалары шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсерін азайту мақсатында экологиялық рұқсаттар беру мен қажетті техникалық іс-шаралар өткізу қажеттігі туралы шешімдер қабылдауға негіз болып табылады.

Эмиссиялар нормативтеріне: эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері; ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары мен төгінділерінің нормативтері; өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері; жол берілетін физикалық әсер (жылу мөлшерінің, шу, тербеліс, иондаушы сәуле және өзге де физикалық әсерлер деңгейінің) нормативтері жатады.

Эмиссиялар нормативтері аумақтардың және акваторияның табиғи ерекшеліктері ескеріле отырып, қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс және жол берілетін шекті шоғырлану немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде есептеледі (Экологиялық кодекстің 25-бабы).

#### ***49) Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін қандай ластағыш заттарға ақы алынады?***

Үкіметтің 2007 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен Эмиссиялар нормативтері белгіленетін және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы алынатын ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесі бекітілген. Онда атмосфералық ауаны және суды ластайтын заттар, сондай-ақ қалдықтар түрлері тізбектеліп көрсетілген, қалдықтар коммуналдық және өнеркәсіптік болып бөлінеді.

Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға міндетті. Мұндай рұқсатты табиғат пайдаланушыға оның өтініміне сәйкес Экологиялық кодексте белгіленген тәртіппен беріледі. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты алғаннан кейін табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген шарттарды орындауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін Қазақстан заңдарына сәйкес жауапты болады.

Егер қоршаған ортаға эмиссиялар ортақ табиғат пайдалану процесінде жүретін болса, бұл эмиссияларға рұқсат алу талап етілмейді (Экологиялық кодекстің 69-бабы).

***50) Табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін қандай субъектілерден төлемақы алынады?***

Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді (Экологиялық кодекстің 10-бабы). Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады.

Арнайы табиғат пайдалану – Экологиялық кодексте және өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі. Арнайы табиғат пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін экологиялық рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

Арнайы табиғат пайдалану тәртібімен Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы Салық кодексінің 83-тарауымен белгіленіп, реттеледі. Оны табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта белгіленген нормативтер шегінде жүзеге асырады және Үкіметтің 2007 жылғы 30 маусымдағы №557 қаулысымен бекітілген Эмиссиялар нормативтері белгіленетін және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы алынатын ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесіне сәйкес төлемақы алынады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. «Юрист» деректер базасында Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі №124-П бұйрығымен бекітілген Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу әдістемесі бар. Ол 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Төлемақы ставкаларын базалық ставкалардан кем болмайтындай және Үкімет бекітетін шекті ставкадан жоғары болмайтындай етіп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары жыл сайын белгілеп отырады.

Салық кодексінің 459-бабына сәйкес, экологиялық рұқсатта белгіленген тәртіппен ресімделмеген қоршаған ортаға эмиссиялар, жылжымалы көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға белгіленген эмиссиялар нормативтерінен тыс қоршаған ортаға эмиссиялар ретінде қарастырылатынын назарға алу қажет. Бұл орайда, Салық кодексінің 462-бабы қоршаған ортаға белгіленген лимиттерден тыс эмиссия үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімімен облыстардың тиісті жергілікті өкілді органдары бекіткен төлемақы ставкалары он есе ұлғайтылатынын көздейді.

Бұл ретте, Экологиялық кодекстің 101-бабына сәйкес, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемелерді атқару табиғат пайдаланушыны қоршаған ортаға келтірген залалды өтеуден босатпайды.

***51) Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде қоршаған ортаны ластағаны үшін кім жауапкершілікке тартылады?***

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды сақтық аймағының шегінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі жүргізілген операциялардың және мұндай жерқойнауын пайдаланушының кінәсі болу-болмауына қарамастан су деңгейінің көтерілуінің нәтижесінде теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға не жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін жауапкершілікте болады («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның 48-1-бабы).

Сақтық аймағының шектерінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер мұнай операцияларын жүргізудің және теңіз суының деңгейі көтерілуінің нәтижесінде теңіз Ластанған жағдайда қоршаған ортаға не басқа жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген залал үшін жауапкершілікте болады («Мұнай туралы» Заңның 30-9-бабы).

«Мұнай туралы» Заңның теңізде және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің жалпы шарттарын реттейтін 36-1-бабына сәйкес, теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер теңізде жүргізілген мұнай операцияларының нәтижесінде пайда болған теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға және жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін, мұндай тұлғаның кінәсінің болу-болмауына қарамастан, жауапкершілікте болады.

***52) Магистральдық мұнай құбырына өздігінен қосылған кезде қоршаған ортаны ластағаны үшін кім жауапкершілікке тартылады?***

АК 931-бабына және Экологиялық кодекстің 321-бабына сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар, егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Бұл орайда, зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі (АК 931-бабы).

«Мұнай туралы» Заңның 43-бабының негізінде магистральдық құбырдың иесі оны техникалық пайдалану, қауіпсіздік және қорғау ережелерін сақтауға жауапты болады. Магистральдық құбырдың күзетілетін аймағында оның иесімен келіспей жұмыс пен іс-қимылдың кез келген түрін атқаруына тыйым салынады.

Экологиялық кодекстің 321-бабының негізінде экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды заңнамалық актілерге сәйкес өтеуге міндетті.

Сондықтан, егер тұлғаның магистральдық мұнай құбырына өздігінен (санкциясыз) қосылған, соның нәтижесінде қоршаған ортаны ластағаны анықталса, онда АК 933-бабының ережелері қолданылады. Атап айтқанда, басқа адамның келтірген зиянды өтеушінің, егер заң актілерінде өзгеше мөлшер белгіленбесе, төленген төлем мөлшерінде осы адамға кері талап қоюға (регресс) құқығы бар (АК 933-бабы).

### **53) Жер қойнауын ұтымсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік көзделген бе?**

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның 49-бабында жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар белгіленген.

Үкіметтің 1999 жылғы 21 шілдедегі №1019 қаулысымен Қазақстан Республикасында Қатты пайдалы қазбалар, мұнай, газ, жер асты сулары кен орындарын эзирлеу жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережесі бекітілген.

Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан зиян келтірген тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, нақты залал мөлшерінде келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залал мөлшерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп Үкімет белгілеген тәртіппен айқындайды. Атап айтқанда, Үкіметтің 2006 жылғы 22 тамыздағы № 796 қаулысымен Жер қойнауын пайдалану, қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген зиянды есептеу ережесі бекітілген.

### **54) Қоршаған ортаны қорғау мақсатында мемлекет жер қойнауын пайдалануды шектеуге құқылы ма?**

Жер қойнауының жекелеген учаскелерін пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша елдің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін.

Елді мекендердің аумақтарында, қала маңы аймақтарында өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінде жер қойнауларын пайдалануға, егер мұндай пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға залал келтіруі мүмкін болатын жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ішінара немесе толық тыйым салынуы мүмкін («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның 11-1-бабы).

Ерекше қорғалатын аумақтардың шектеріндегі жер қойнауларын пайдалану «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңға сәйкес жүзеге асырылады. Осы заңның 10-бабына сәйкес, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары өз құзыреті шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдайды.

### **55) Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер қоршаған ортаны ластауға байланысты жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыруға міндетті ме?**

«Мұнай туралы» Заңның 55-бабының негізінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлер сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес, қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жою жөніндегі шығындарды қосқанда, қоршаған ортаның ластануына, сондай-ақ үшінші адамдар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелін сақтандыруға міндетті.

Бұл ретте, теңізде барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігерлер мүліктік тәуекел мен жауапкершілік тәуекелін теңіздің ластануы жағдайында тазалау және оқшаулау жөніндегі

шығыстары, сондай-ақ теңізде авариялық жағдайлар мен олардың зардаптарын жою бойынша мамандандырылған компанияларды тарту жөніндегі шығыстары бойынша сақтандыру өтеуін қамтамасыз ететіндей түрде сақтандыруға міндетті.

### **56) Заңнама қоғамдық экологиялық бақылауды көздейді ме?**

Экологиялық кодексте қоршаған ортаны қорғауға - қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі ретінде анықтама берілген (1-бабы).

Сондықтан Экологиялық кодекс мемлекеттік (12-тарауы), өндірістік (14-тарауы) және қоғамдық (15-тарауы) экологиялық бақылауды көздейді. Бұл ретте, қоғамдық экологиялық бақылау жұртшылықты мемлекеттің экологиялық проблемаларына тарту мақсатында жүргізіледі. Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайды.

Қоғамдық экологиялық бақылауды іске асыру үшін ақпараттық және өзге де байланыс жасауды заңнамалық деңгейде қамтамасыз ету көзделген. Оған сәйкес жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысы және оның нәтижелері туралы ақпаратқа қол жеткізуге тиіс. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жекелеген тексерулер нәтижелерінің және жылдық есептіліктің жариялануын қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциясы көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды. Мемлекеттік органдарға экологиялық заңнаманы бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа жеке және заңды тұлғаларды ерікті негізде тарту құқығы берілген (136-бабы).

Орхус Конвенциясы Республикадағы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, оның нормалары ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу жөніндегі мәселелерді реттейді.

### **57) Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қалай іске асыру керек?**

Экологиялық кодекстің 4-бабында Республиканың орнықты дамуының экологиялық негіздері тізбектеліп көрсетілген, оның ішінде әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуы атап көрсетілген.

Экологиялық кодекстің 14-бабында қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктердің құқықтары толық жазылған, атап айтқанда мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алу, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау, олармен келісімдер жасау, олар үшін шарттар бойынша заңнамада көзделген белгілі бір жұмыстарды орындау құқығы көрсетілген.

Экологиялық кодексте 9-баптан тұратын 21-тарау экологиялық ақпарат мәселелеріне арналған. Онда экологиялық ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болып табылатындығы (163-бабы) көрсетілген.

Бұл мәселені неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесіне сай жүзеге асырылады. Бұл Ереже Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі №238-п бұйрығымен бекітілген. Олар қоршаған ортаға әсерді бағалауға (бұдан әрі - ҚОӘБ жобасы) жататын көзделіп отырған шаруашылық қызмет бойынша жобалау (жобалау алдындағы) құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде ғана қолданылады. Ақпарат мемлекеттік экологиялық сараптама материалдарын қамтиды. Шаруашылық және өзге де қызметті бастамашы ҚОӘБ жобасын мемлекеттік экологиялық сараптамаға жіберу туралы ақпаратты экология саласындағы арнайы басылымдарда және Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің веб-сайтында жариялайды. Мүдделі тұлғалар уәкілетті органға жазбаша сұрау жіберіп, мемлекеттік экологиялық сараптама материалдарына қол жеткізе алады, уәкілетті орган 15 күнтізбелік күн ішінде экологиялық сараптама материалдарымен танысуға болатын жер мен уақыты көрсетіліп, жазбаша жауап береді. Шаруашылық және басқа да қызметті бастамашы мүдделі тұлғалар қол жеткізетін, құпия мәліметтері жоқ жобалау (жобалау алдындағы) құжаттамасын уәкілетті органға ұсынады. Мүдделі тұлғалар уәкілетті органға ҚОӘБ жобасына қатысты ұсыныстар мен ескертулерін жазбаша түрде ұсынуы мүмкін. Заңнамаға сәйкес уәкілетті орган 15 күнтізбелік күн ішінде жүгінуді қарап, жауап қайтаруға міндетті. Егер қосымша зерттеу қажет болған жағдайда, үш күнтізбелік күн ішінде өтінім берушіні хабардар етіп, қарау мерзімі отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Экологиялық ақпаратты беру туралы өтінішті алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей Экологиялық кодексте белгіленген негіздер бойынша оны беруден бас тартылатындығына назар аудару қажет (167-бабы). Бұл ретте, бас тарту жазбаша нысанда, бас тартудың себептері мен негіздері, оған өтініш берушінің шағым жасау мүмкіндіктері көрсетіле отырып беріледі, ал егер сұратылған экологиялық ақпарат мемлекеттік органда болмаған жағдайларда алынған сауал құзыретті мемлекеттік органға, ал арыз берушіге алынған сауалдың құзыретті мемлекеттік органға жолданғаны туралы хабарландыру жіберіледі.

Экологиялық ақпарат беруден бас тартуға, оны бермеуге, толық емес немесе дұрыс емес ақпарат беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді экологиялық ақпаратты қол жеткізілуі шектеулі ақпаратқа заңсыз жатқызуға жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды адамға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығы жөніндегі мәселелер Орхус Конвенциясының нормаларында да жазылған.

***58) Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізген кезде жұртшылықтың пікірі ескеріледі ме?***

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асырады (48-бабы).

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды (49-бабы), оның жанынан консультациялық-кеңесші органдар болып табылатын мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері құрылады. жұртшылық өкілдері мұндай сарапшылық кеңестің мүшелері бола алады (56-

бабы). Бұл орайда, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге өз пікірін білдіру мүмкіндігі беріледі (57-бабы).

Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №207-п бұйрығымен Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу ережелері бекітілген. Оған сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын материалдарда басқа құжаттармен қатар қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері болуы тиіс (ереженің 12-тармағы). Сараптамалық қорытынды мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады. Оны әзірлеген кезде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асыратын салалық сараптама қорытындысының тұжырымы негізделген материалдар ретінде және қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысының тұжырымы ұсынымдық сипатта пайдаланылады (Ереженің 27 және 28-тармағы).

